Дегенмен, бірегейлік теориясы психологияға көп әсерін тигізді. Терминнің өзін де Супер-Эго қалыптастырудығы интериоризация іс-әрекетінің механизмін түсіндіру үшін З. Фрейд енгізген. А.Ребер құрастырған «Үлкен психологиялық түсіндірме сөздікте» бірегейлік теориясы типтік бірегейлік теориясы ретінде түсіндіріледі. Ол түрлі психикалық оқиғалар мен психикалық жағдайлар физиологиялық (дәлірек физиклық) жағдайда қалыптасқан адам миының белгілі бір қүйде болуымен байланыстырады. Сонымен қатар, үлкен теория бір орында тұрмады, арық қарай дами бастады. Келесі түсіндірме төмөндегідей көрініс тапты: егер де екі адамның санасында ортақ нәрсе болса (мысалы, екеуі де судың ылғалды екенін білсе, немесе итті көз алдырана елестетсек, психологияны түсіну армандары болса), ол екі адамның белгілі бір физикалық жағдайы да бірдей болады деген қорытынды жасайды. «Осы түсіндірме сөздігін құрастырушы мен автор осы анықтамаға байланысты теория типтік бірегейлік теориясы деп аталғанғына назар аударыңыз, өйткені мұнда санадағы оқиғалардың түрі физикалық оқиғалардың түріне сәйкес келеді делінген. Үлкен ұғымның берілген кең емес, тар мағынасында біз бірегейліктің белгілік теориясымен танысамыз. Ол жоғары аталған анықтамаға қарағанда жұмсақтау айттылады. Тар мағынадағы анықтамаға сәйкес, бірегейліктің белгілік теориясында сананың белгілі бір, индивидуалды жағдайы (белгілік) бірегейліктің білдіреді» /7/.

Көптеген психолог-теоретиктер жетік дамыған бірегейліктің қалыптасуы алдында орын алған түрлі примитивті бірегейліктердің жойылуындаған жүреді деген көзқарасты ұстанады.

Тұлғаны зерттеуде бірегейлік ұғымы тұрақты Мен адам түсінігінде, индивидтің өзі туралы ойының ішкі және субъективті көзқарасы ретінде түсіндіріледі. Термин осы мағынада қолданылған жағдайда, мысалға, жыныстық-жастық немесе жыныстық-рөлдік, нәсілдік немесе топтық және т.б. бірегейліктер нақтыланып түсіндіріледі.

Тұлғаның негізгі психологиялық, әлеуметтік-тарихи және экзистенциялық сипаттамаларының жиынтығын қарастыра отырып, неопсихоаналитикалық концепцияның авторы Э. Эриксон ғылыми айналымға «психоәлеуметтік бірегейлік» ұғымын енгізді. Э.Эриксонның түсінігі бойынша, ««индивидуалды Мен түсінігінің өзіндік ұқсастығы мен біртұастығының субъективті сезімі мен бір уақыттағы объективті бақыланып отырған сапасы индивидтің әлем мен адам бейнесінің басқалардан алшақтанатын ұқсастық пен тұтастыққа деген сенімімен тығыз байланысты» болады деп тұжырымдайды. Тұлғаның өмірлік өзегі мен психоәлеуметтік тенденцияның басты индикаторы бола отырып, психоәлеуметтік бірегейлік келесінің білдіреді: а) сыртқы органды қабылдау процесіндегі субъекттің ішкі ұқсастықтары, уақыт пен кеңістіктегі өзінің Мен түсінігінің тұрақты болуы мен үздіксіз орын алуы жайлы сезімі; б) осы Мен-нің кейбір адами қауымдастыққа енүі, дүниеге деген көзқарасының жеке және қалыптасқан әлеуметтік түрінің сәйкес болуы» /8/.

Бірегейлік мәселелесінің әлеуметтік түсіндірмесі психологиялық интерпретациямен, дәлірек әлеуметтік-психологиялық түсіндірмемен өте ұқсас келгенмен, біраз айырмашылқтар орын алады. Әлеуметтік психологияның пікірі бойынша, индивидуалды өзіндік сананың аспекттілері әлеуметтік категориялар маңызды орын алатын контексттерді иеленіп, әлеуметтік бірегейліктің мазмұнын құрайтын әлеуметтік категорияларға өтуі және олармен сәйкестенуінде көрініс табады (мысалы, өмірлік жол, гендер, дін, іс-әрекет). Мұнымен жақсы немесе жаман мәртебе беретін баға өте тығыз байланысты.

Осы процестерді зерттей отырып, ғалымдар бірегейліктің әлеуметтік болашағын анықтауға, ал ол арқылы ішкі топтағы жүріс-тұрысты түсіндіруге тырысты. Осылайша, Браун (1978) жалакыдағы айырмашылықты сақтап қалуға ниеттенген кәсіби топтарды сипаттады. Джилз бен Джонсон (1981) этнолингвистік топтардың жүріс-тұрысын зерттеді. Жақындаған

осы әдіс жайлылық (топтың қысымымен бақарылатын жүріс-тұрыс), кішігірім топтардың әсері мен топтардың поляризациясы сияқты ішкі топтағы процестерді түсіндіруде сәтті қолданылды /9/.

Сонымен қатар, жайлылықтың екі түрі ажыратылады:

а) интериоризация – топтың пікірі қабылданады және оның ішкі процесі болып табылады;

б) бағыну – ішкі шамырқану орын алғанымен, сырттай көріністе ынтымақтастықтың болуы.

Әлеуметтану ғылымындағы бірегейлік – бұл «бір адамға мүмкіндігінше ұқсай ниетінде сол адамның жүріс-тұрысын өзгертуей қабылдау немесе көшіру» /10/.

Ал осыдан шығатын жайтын жәйт, әлеуметтану ғылымында «мінсіз түр мен таза түр» (ideal type or pure type) сияқты ұғымдардың болуы орынды. Олар елестетілген құбылысты абстрактілі немесе «таза» (демек, «мінсіз») формада талдау мен түсіндіру мақсатында құбылыстарды ортақ немесе жеке түсіну (идеализациялау)».

Бұл түсінікті енгізгені үшін әлеуметтану М.Веберге басын изеу қажет, дегенмен ол ғалымның қатаң сыншылары да бар. Мысалға алатын болсақ, Т.Парсонс, Уинч және т.б.

«Бірегейлік» ұғымының ортақ жалпы анықтамасын негізге алатын мәдениеттану ғылымы адамдардың бір-біріне ұқсай мен белгілі бір мәдени категориямен (тұлғалық қасиеттер, топтық нормалар, құндылықтар мен т.с.с.) сәйкестендіру ретінде, нақты мәдениет ішінде адамның өзіндік сезімі ретінде бірегейлік мәселесін бөліп көрсетеді.

Саясаттану ғылымында бірегейлік деп ерекше өзгешеліктерді түсінеді. Мысалға, басқалардан өзгешелейтін мәдени, тілдік және т.б. сипаттамалардың болуы. Сонымен қатар, осындағы ерекшеліктер топтар мүшелерінің бір-бірімен ынтымақтасуына септігін тигізеді, араларын бірікітіруші, байланыстырушы буын болып табылады.

Бірегейлік ең басты түрлері ретінде саясаттану төмөндегі түрлерін бөліп көрсетеді:

азаматтық, бұл бірегейлік азаматтың белгілі-бір мемлекетке тиісті екенін сезінуде көрініс табады;

этностиқ немесе ұлттық – бұл белгілі-бір этносқа тиісті болу сезімі, оның тілімен, дәстүрімен, мәдени ерекшеліктерімен байланыста болу («ұлттық рух» түсінігіне жақын);

діни, яғни, қандай да болсын конфессия немесе деноминацияның адептісі болу, белгілі-бір діни ілімнің жақтаушысы болу (бұл әрқашан ортақ қбылданған ұлттық-діни дәстүрлер туралы ой-пікірмен санаса бермейді, кейде тек сыртқы кейіпті ғана танытуы мүмкін);

мемлекеттік, мемлекеттің ішкі және сыртқы дамуына сәйкес болатын, мемлекеттілік үлгісін жүзеге асыру барысында мемлекеттің барлық элементтері тәуелсіздік көрсеткіштерімен сәйкес болуын көрсетеді;

ұлттық-мемлекеттік, мемлекеттің өзі өзіне немесе тәуелсіздік алу барысында субъект болып табылған мемлекетқұруышы ұлттың рухани мұддесіне сәйкес болуының көрінісі;

өркениетті – ұлттық - мемлекеттік бірегейліктің біртұтасты-ғындағы бірегейліктің жоғарғы деңгейі мен бірлігі (мысалы, «Қытай – бұл өзін мемлекет ретінде таныстыратын өркениет»), сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі өркениетті құрайтын мемлекет тобына мүше болу (мысалға, латынамерикалық, еуразиялық өркениеттер және т.б.).

«Бірегейлік» түсінігіне осындағы қысқаша ғана шолу жасау бізге келесідегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- біріншіден, бұл термин бойынша пікірлер көп болғанмен, түрлі болғанымен, бәріне ортақ, жалпы ой-пікірлер баршылық. Осы барлығына ортақ болып табылатын пікірлерді біз Қазақстан этностарының азаматтық бірегейлік аспектілерін зерттеуде негізге аламыз;

- екіншіден, мұндай шолу жасамағанда «этностиқ бірегейлік», «әлеуметтік бірегейлік», «азаматтық бірегейлік» сияқты терминдерді ажыратып, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін анықтай алмас едік.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Большой энциклопедический словарь. – М.: Науч. изд-во «Большая Российская энциклопедия» - Санкт-Петербург «Норинт», 2004. – С. 434.
2. Новая философская энциклопедия: В четырех томах. - Том 2. – М.: «Мысль», 2001. - С. 78-79.
3. Новая философская энциклопедия: В четырех томах. - Том 4. - М.: «Мысль», 2001. - С. 482-483.
4. Новая философская энциклопедия: В четырех томах. - Том 2. - С. 79.
5. Всемирная энциклопедия: Философия. – М.: АСТ, Мн.: Харвест, Современный литератор, 2001. – С. 382.
6. Большой толковый психологический словарь. – Т. 1 (А-О); Пер. с англ. / Ребер Артур. – ООО «Издательство АСТ»; «Издательство «Вече»», 2001. – С. 294.
7. Культурология. ХХ век. Энциклопедия. – Т. 1 (А-Л). – Санкт-Петербург: Университетская книга. – 1998. – С. 239.
8. Большой толковый социологический словарь (Collins. – Т. 1 (А-О): Пер. с англ. / Джерри Дэвид, Джерри Джулия. – М.: Вече, АСТ, 1999. – С. 226-227; Т. 2 (П-Я). – С. 228-230.
9. Хоруженко К.М. Культурология. Энциклопедический словарь. – Ростов-на-Дону: Изд-во «Феникс», 1997. – С. 160-161.
10. Казахская политологическая энциклопедия. - Алматы, 1998. – С. 114-115.

*Ахметова Д.Б.,  
докторант, отделения психология  
Ким А.М.  
д.психол.н., профессор  
КазНУ им. аль-Фараби*

## **ПРОБЛЕМА ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ПСИХОЛОГИИ**

В настоящее время развитие образования есть неотъемлемый элемент развития всей страны в целом. Качественное развитие образования несомненно является залогом успешности всего населения. Рассматривая человека в рамках системного подхода[1] можно утверждать, что профессиональное образование является тем этапом в жизни человека, в ходе которого происходит его полноценное развитие как субъекта деятельности.

Ранее считалось, что любой процесс обучения упирается в формирование знаний, умений и навыков (ЗУН). На сегодняшний день этого недостаточно, т.к. общество и современное экономическая ситуация в образовании диктуют свои правила.

На сегодняшний день все больше и больше требуются не узкоспециализированные работники, которые владеют некоторым набором ЗУН, а те, кто обладает определенными личностными качествами и проявляют эффективное поведение в процессе разрешения проблем профессиональной деятельности. Соответственно меняются и сами подходы в процессе обучения. Вот почему в высшей школе происходит перестройка процесса обучения, и появляется все больше и больше различные инновационные подходы и течения. [2]

Одним из наиболее популярных подходов является компетентностный подход. Компетенции – это некие способности, потенциальные возможности личности, необходимые для качественного выполнения определенной работы. Будущие специалисты, которые обучаются в высшей школе, должны освоить определенный набор многофункциональных и междисциплинарных компетенций.

Таким образом, получается, что современное процесс обучения отходит от «формирования ЗУН» к «развитию полноценного, активного, компетентного, конкурентоспособного и востребованного специалиста». Процесс обучения есть процесс, который предполагает активное взаимодействие как минимум двух людей (преподаватель и студент). Процесс обучения является основой для построения межличностного общения и совместной деятельности как между преподавателем и студентом, так и с группой студентов. Для успешного построения совместной деятельности необходимы умения, навыки и способности, которые позволяют управлять своим поведением, выстраивать партнерские отношения и повышать готовность к эффективному взаимодействию[3]. Совокупность знаний, умений, навыков, способностей, позволяющая адекватно решать задачи эмоциональной регуляции в процессе субъект-субъектного взаимодействия, определяется как эмоциональная компетентность. Основу эмоциональной компетентности составляет эмоциональный интеллект как способность человека к осознанию, принятию и регуляции эмоциональных состояний и чувств других людей и себя самого. Другими словами, эмоциональная компетентность есть некий атрибут эмоционального интеллекта, который присущ всем, но в разной мере. Согласно многим западным исследователям (К.Чернисс, Д. Гоулмэн, Р.Эммирлинг, К.Коун, М.Адлер) Эмоциональный интеллект есть способность личности осознавать, понимать, использовать свои эмоции и управлять ими в конструктивном русле. [4]

Данное умение базируется на понимании своих и чужих эмоций и управлении ими.[5]

Эмоциональный интеллект – необходимая личностная способность, которая может формироваться прижизненно и может быть развита с помощью специальных методов.[4]

В современной психологии эмоциональный интеллект есть одно из центральных понятий, вокруг которого ведутся сотни исследований. Его актуальность и широкоизвестность возникла за счет того, что эмоциональный интеллект применим практически во всех областях: в бизнесе, в спорте, в индустриях, в детско-родительских отношениях, в переговорах и т.д.

Если допустить, что процесс обучения (образования) есть аналог бизнеса, то преподаватель выступает в качестве продавца, а студенты в качестве клиента. Таким образом, по правилам бизнес стратегии, у каждого преподавателя есть свой предмет и свое направление (товар). По правилам хорошего маркетинга с целью привлечения клиентов, нужно как следует распространить товар. Так оно и будет, если товар будет не только хорошего качества, но и весьма интересным и увлекательным. Получается, чтобы превратить свой предмет в нечто очень интересное и действительно качественное, нужно как следует его преподнести. Здесь и происходит приложение эмоционального интеллекта (что мы иногда склонны называть «понимающий преподаватель») к процессу обучения. Образование в рамках постсоветского пространства, к сожалению не всегда отвечает запросам общества. Используя эмоциональный интеллект (навыки эмоционального интеллекта) в процессе обучения преподаватель имеет шанс действительно добиться большего:

- Легче создавать контакт со студентами
- Превратить процесс обучения в коллективное конструктивное взаимодействие
- Эффективная передача знаний
- Заинтересованность и позитивное отношение со стороны студентов

Согласно Дж. Сегал и М.Смит [6] базируясь на основных 4 способностях ЭИ можно вывести ключевые навыки для развития ЭИ:

1. Осознание эмоций – способность осознавать свои эмоции и последствия их влияния на наше поведение.
2. Самоуправление – способность контролировать свое состояние, умение подавлять импульсивные и неконструктивные чувства и гнев. Умение адаптироваться при изменяющихся обстоятельствах.
3. Социальное самосознание (способность понимать эмоции, состояния, нужды и убеждения других людей).

4. Умение выстраивать конструктивные отношения с другими (путем позитивного общения; вдохновлять других и влиять положительным образом на других; умение работать в команде)

Важно принимать во внимание тот факт, что есть разница между знанием этих основных навыков и умением их использования на практике в реальной жизнедеятельности.

Таким образом, по мнению авторов, основываясь на вышесказанных основных способностях, каждый может выстроить пять способов развития собственного эмоционального интеллекта.[6]

1. Умение быстро справляться со стрессом. Данный навык необходим в первую очередь, ибо в любой сложившейся сложной ситуации преподавателю важно оставаться в гармоничном, сосредоточенном и организованном состоянии. Для этого следует научиться осознавать собственные эмоциональные реакции на проблемные ситуации и найти необходимую технику для восстановления баланса (например, дыхательные упражнения).

2. Установление связи с собственными эмоциями. Эмоциональное осознание, понимание себя и других. К данному навыку относится умение определять свои эмоции или как люди привыкли говорить «быть в ладу с собой». Необходимо четко различать и идентифицировать какие конкретно эмоции испытывает человек в данный момент, т.к. это является залогом понимания эмоционального состояния других людей. Здесь в качестве рекомендации авторы говорят об ясном осознании отдельных эмоций или сильных чувств, которые также могут и заменять друг друга в течении определенного времени.

3. Невербальное общение. Умение преподавателя вести хорошую лекцию опирается не только на том материале, который он излагает, но и на том КАК он это делает. Одна из наиболее сложнейших задач для преподавателей это удержать внимание большой аудитории. Используя некоторые техники неверbalного общения преподаватель может передавать материал эффективным образом. Используя только жесты можно спросить студентов: «Вы меня слушаете?» или «Поняли ли Вы новый материал?», точно также при помощи жестов студенты могут дать ответ преподавателю.

Невербальное общение происходит за счет:

- мимики лица;
- взгляда;
- тона в голосе;
- поз и жестов;
- прикосновений;
- выдержки пауз;

Невербальная коммуникация очень важна т.к. она обеспечивает интерес, доверие, восхищение и желание со стороны слушателей, ровно как и наоборот, может вызвать страх, смущение, недоверие и равнодушие.

4. Чувство юмора и креативность. В силу своей сложности процесс обучения иногда может включать в себя проблемные ситуации, где вовремя использованный юмор, смех или творческий подход улучшают выстраивание совместной деятельности, межличностного общения да и весь процесс в целом. Юмор, смех являются своего рода симультаными расслабляющими и одновременно обеспечивающими энергией методами.

5. Позитивное решение конфликтных ситуаций. Конфликты и разногласия не самые лучшие помощники в ходе процесса обучения, но они неизбежны. Умение конструктивно решать конфликтные ситуации укрепляют доверие между людьми, тем самым улучшая их межличностное общение или же совместную деятельность. В качестве практических упражнений можно использовать проигрывания различных кейс-стадий, в ходе которых можно предпринять тот или иной подход в его разрешений.

Таким образом, с точки зрения современной психологии, на сегодняшний день эмоциональный интеллект играет немаловажную роль в трудовой деятельности

преподавателя. Подготовка высококомпетентных специалистов в современной высшей школе требует усовершенствования процесса обучения с точки зрения эмоциональной компетентности преподавателей.

Задачами дальнейшего исследования являются:

- Более глубокое изучение системы компетенций преподавателя современной высшей школы
- разработка тренинговых технологий формирования необходимых компетенций, которые связаны с эмоциональным интеллектом для преподавателей высших школ.

#### **Список использованной литературы:**

1. Ким А.М. Понимание как общепсихологический феномен. Дис.д.психол.н, Алматы:КазНУ им. Аль-Фараби, 2002-2003. – 300 с.(рукопись)
2. Корж Н.В. Компетентностный подход как новая парадигма в образовании при подготовке специалистов//Материалы конференции –Пенза, 2011
3. Никитина Т.А., Шаталина М.А. «Технология успешной управленческой деятельности:коучинг» - С,2010
4. Cherniss, C., Goleman, D., Emmerling, R. J., Cowan, K., & Adler, M (1998). Bringing Emotional Intelligence to the Workplace. New Brunswick. NJ: Consortium for Research on Emotional Intelligence in Organizations, Rutgers University
5. Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте.
6. 7J.Segal, M. Smith 5 key skills for raising your EI, <http://helpguide.org/>

**Әлиев Ш.Ш.,  
Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
философия кафедрасының  
PhD докторантты**

#### **БИЛІК МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ БАСҚАРУ**

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болып табылады, адамзат қауымы дамудың жаңа сатысына - ақпараттық қоғамға аяқ басты. Біз күә болып отырған қазіргі заманға зерттеушілер түрлі анықтама беруде: біріншілери «жаһандану ғасыры» деп атаса, екіншілери «постмодернистік», үшіншілери «ақпараттық» қоғам деп баға беруде. Бір анығы, біз «ақпараттық жарылысқа» негізделген ақпараттанған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Қаласақ та, қаламасақ та заман ағымы осылай. Бүгінгі жаһанданған әлемдегі технологиялық инновацияның шарықтаған заманында: интернет, спутниктік байланыс арқылы мәтін, аудио, видеоеақпараттардың тез арада әлемге таралуы, олардың географиялық, экономикалық, рухани аймақ шекарасынан ары шығып кетуі осының айғағы. Бұл процестердің қоғамдық сананың қалыптасуы мен өзгерісіне тигізер әсері мол. Осы тұста азаматтардың ақпараттық сауатты болуы маңызды. Сол себепті, қандай қоғамда өмір сүріп жатырмыз, оның болашақтағы салдарлары қандай болады, оның негізгі қырларын түсіну – бүгінгі таңда әлеуметтік-философиялық талдаудың маңызды міндеттері болып қалуда.

Сонымен бірге, жаңа билік қарым-қатынасы саяси биліктің механизмдеріне әсер ететін ақпараттық қоғамның жаңа мәдени формаларының туындауына негіз болуда, олар – медиамәдениет, ақпараттық мәдениет, желілік мәдениет т.б.

Заманауи саяси билік бұрынғы қоғамдық дамудың үрдістерінен арылып, жаңаша мәнге ие болуда. Бүгінгі таңда жеке тұлға мен қоғамға үлкен әсерін тигізетін БАҚ пен Интернет арқылы саяси билік жаңа идеологиялық ақпараттық-коммуникативтік ресурсқа ие болуда. Үақыттың жылдам өзгеруі, күн санап қоғамымызға еніп жатқан жаңашылдықтар сәйкесінше,

саяси билік пен басқарудың жаңа түрлерін қажетсінде. Ақпараттық желілер барлық сала мен билік құрылымдарын бір-бірімен араластырып жіберуде.

«Ақпараттық қоғам» идеясы алғаш рет өткен ғасырдағы 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында бірқатар ғалымдардың, атап айтқанда, Д.Белл мен О.Тоффлердің зерттеулерінде көрініс тапты. Олар адамзат өркениеті аграрлық және индустріялық даму кезеңдерінен кейін жаңа ақпараттық кезеңге қадам басады деп есептеген. Ақпараттық қоғамның тұжырымдамасын зерттеушілер «технологиялық жаңашылдықтар түбекейлі мәдени және әлеуметтік өзгерістер туғызады, әлем мұлдем өзгеше болады» деген дәйектермен көлтіреді. Зерттеушілер атап өткендей, «жаһандық ақпараттық қоғам» термині ең алдымен саяси, экономикалық және мәдени-әлеуметтік тұрғыдан алғанда, ақпарат пен білімнің рөлі үздіксіз артып отыруына байланысты дамитын аса ауқымды біртұтас ақпарат индустріясы деген ұғымнан тұрады. Бұл құбылыс жаһандық компьютер желілерінің, бірінші кезекте интернеттің пайда болуымен тығыз байланысты. Осылардың дүниеге келуі және бүкіл әлемде басталып кеткен нарықты ырықтандыру нәтижесінде, коммуникациялық қызмет түрлерінің арзандауы ақпараттық саланың күрт дамуының және оның әлеуметтік рөлі арта түсінің негізгі екі факторы болып табылады.

Ақпараттық қоғам теориясы туралы, электронды қоғамның әлемдік тәжірибесі туралы Й. Масуда, О. Тоффлер, Г. Бехманн, Д. Белл, К. Акер, Дж., Б. Хак, Б. Лоудер, А. Макинтош сияқты көптеген шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Белгілі американ футурологы Элвин Тоффлер біздің дәүірімізге тән негізгі белгілерді сипаттай отырып, мынадай баға береді: «Интерактивтілік, мобильділік, өзара байланыс мүмкіндігі, қайтымдылық, жаһандану секілді белгілер. Осылардың барлығы ендігі таңда жаңа биліктің – ақпараттық биліктің маңыздылығын көрсетеді» [1,42].

Басқару мәдениетінде рационалды бастау, білім, заманауи концепциялар, ғылыми технология ерекше маңызға ие. Заманауи білімсіз қоғамды реформалауга, мемлекеттік реттеуді сауатты жүзеге асыру бүгінгі жағдайда мүмкін емес. Халықтың ақпараттануы мемлекет үшін қауіпті болмайды, көрсінше егер ақпарат уақытылы және толыққанды жететін болса, онда ол мемлекет үшін де, қарапайым халық үшін де пайдалы, игілікті болады.

Бүгінгі таңда ақпаратка негізделген қоғамда басқару мәселесі өз өзектілігін жойған жоқ және ол болашақта жаңаша қарқын алуы мүмкін.

Бәрімізге белгілі ағылшынның «менеджмент» (басқару) сөзі өзінің бастауын латынның «мансус - қол» деген сөзінен алған. Алғашқы кезде ол жануарларды басқаруға және жылқы малына бас білдіру өнерін білдірді. Содан кейін ғана бұл сөз адам іс-әрекеті шенберіне ауысып, адамдар мен ұйымдарды басқарудың тәжірибесі мен ғылым аймағын білдіре бастады. Басқару – бұл мақсатқа жету, қоғамның міндеттерін, пайдалы қорытынды алуға бағытталған, белгілі әдістәсіл мен әрекеттердің көмегімен тиімді ұйымдастыру. Ерекше басқару болып жатқан әрекеттердің мәнін танудан, жаңа идеяларды ұсынумен, ақыл-ойға негізделген басқарудың деңгейімен анықталады. Инновациялық мақсат пен міндеттерді, бірегей әдістерді қолданбай басқару процесі тиімді болмайды. Негізінде басқарудың төрт негізгі қызметі бар: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация және бақылау. Бүгінгі күні персоналды басқару мәселесі қоғамдағы ең өзекті сұрақтардың біріне айналуда. Әрбір басқарудың негізінде адами фактор тұруы қажет. Мысал ретінде жапон менеджментін айтуда болады. Жапонияның басқару мәдениеті классикалық европалық менеджмент тұжырымдамасы мен жапон дәстүршілдігінің қосындысынан құралған. Олар өздерінің төл тұжырымдамасын жасап шығарды. Жаңа технологияның барлығы адамның еңбекке деген мотивациясын оятуға негізделген. Жапон өндірісі жұмысшы үшін келісім, қауіпсіздікке негізделген. Бұл өндірісті ұйымдастыруда техникалық жағына аса көп мән беретін американдық басқаруға қарағанда әлдекайда тиімді.

Ақпараттық қоғамдағы басқару бірнеше мағынаға ие:

1. Қоғамдық пікірге, саясат пен мәдениетке, кәсіпкерлік іс-әрекетке ықпал ететін әлеуметтік және экономикалық институт ретінде.

2. Рухани өндіріс және медиаөнімдерді (газет, журнал, кітап, фильм, телебағдарлама, DVD, CD тауарлары) саласындағы басқару ісімен айналысатын адамдар тобы.

3. Ақпаратты өндіру мен тұтыну процестерін, медиа техникалық-ұйымдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық.

Саяси биліктің қоғамда жүзеге асуында әр түрлі құралдарды қамтамасыз етіп, пайдаланады. Фылыми әдебиеттерде олар биліктің ресурстары деп аталады. Биліктің ресурстарын жалпы мынандай түрлерге бөлуге болады:

- экономикалық (материалдық қажеттіліктер)
- әлеуметтік (статусты өзгертуге арналған құралдар)
- құш ресурстары (әскер, қару-жарақ, полиция)
- ақпараттық (білім және ақпараттық құралдар)
- демографиялық (адам- ең негізгі әлеуметтік құрал).

Осы ресурстардың ішінде қазіргі уақытта Э.Тоффлердің пікірінше білім мен ақпараттық құралдар әлемде ерекше маңызға ие бола бастады.

Ақпараттық қоғам алаңында ақпарат пен білімге негізделген жаңа биліктің түрі басымдыққа ие болып келеді. Жаңа биліктің негізгі сипаты болып – білімнің синтезі ретіндегі интеллект, ақпарат пен коммуникация, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың рухани құші басымдыққа ие болуда. Қоғам неғұрлым интеллектуалды қоғамға айналған сайын, ондағы қоғамдық пікір мен әлеуметтік психикананың ерекшеліктерін ескермей, сол қоғамдағы басқару қынырақ болады.

Соңғы жылдары адами, қаржылық, материалдық ресурстармен қатар басқару процесінің маңызды ресурстарының бірі ақпарат саналып отыр. Бұгінгі қалыптасып келе жатқан жаңа өркениеттің – ақпараттық өркениетте ақпарат стратегиялық маңызға ие болып отыр. Ақпаратты өндіру мен тұтыну қоғам өмірінің барлық саласындағы даму мен тиімді басқарудың негізіне айналып отыр. Қазіргі заманғы талап бойынша, ақпараттқа ие болу мүмкіндігі қоғамның барлық мүшелері үшін өмірлік маңызға ие құндылыққа айналып отыр. «Әлем дегеніміз бір ұзын кабель болып шыққандай! Ақпарат – білім алу емес, ақпарат – білуге мәжбүрлеу болып табылады» [2, 187 б.].

Ақпараттандыру адамзаттың жаһандық сарқылмас қорына айналып, ақпарат билеген үздіксіз қозғалысқа ие дәуірге аяқ басты. Бұл дәуірде басқару құбылысы құлақ естіп, көз көрмеген дәрежедегі мүмкіндікке ие. Ақпараттандыру, басқару мен ұйымдастыру жаңа өркениеттік дәуірде прогреске жетелейтін зор локоматив секілді мемлекеттердің дамуында қозғаушы күш қызметін атқаруда.

Ақпараттық қоғам төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады: ақпараттық-технологиялық жарылыс тудырған қоғамның жаңа түрі; білім қоғамы; ақпарат алмасуда уақыт, кеністік, саяси шекаралар деген ұғымдардың әсері жоқ жаһандық қоғам. Ақпараттық қоғам құры 1980 жылдардың аяғында барлық дамыған елдердің стратегиялық мақсаттарының біріне айналды. Үлken сегіздік елдері 2000 жылы шілденің 22-сінде қабылдаған «Галамдық ақпараттық қоғамның Окинавалық Хартиясында»: “Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар XXI ғасырдағы қоғамның қалыптасуына ықпал ететін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады» [3] деп тұжырымдалды.

Әлеуметтік басқаруда ақпарат объект пен субъект басқарудағы байланыстыруыш буын қызметін атқарып, басқару іс-әрекетін дайындауды қамтамасыз етуде, басқарушылық шешім мен оның қорытындысын сипаттауда үлken мәнге ие.

Егер басқарушы тұрғысынан қарайтын болсақ, ақпарат бұл жерде «қандай да бір мәліметтердің, деректердің, қатынастардың, оқигалардың қосындысы және қолдануға жарайтын жинақталған, жүйелеген» түрі ретінде болады [4, 7 б]. Бірақ басқару аймағында барша ақпаратпен емес, тек басқару іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға қатысты басқарушылық ақпаратпен ғана өзара қарым-қатынас жүзеге асырылады.

Жалпы, ақпараттық саладағы проблемалардың зерттелуі мен ғылыми формасы және ақпараттық қауіпсіздіктің жүйесін дамыту мен құруында мемлекеттің өзіне ғылыми талаптарды орынды қалыптастыру қажет. Бұл жағдайда мемлекеттің алдында қоғамның даму бағдарламаларын жүзеге асыру, бұқаралық санада мемлекетті позитивті жағынан көрсетуде белсенді ақпараттық саясат жүргізген жөн болар. Отанға деген сүйіспеншілік, тұрақтылық, патриотизм секілді көңіл құйлерді орнықтыратын материалдарды жиі беру керек. Ақпарат құралдары бір Отан, бір мемлекеттік тіл, бір ұлттық саясатты насихаттаушы біріккен қүш, бірліктің ұйытқысына айналса ғана жекелеген қаржы немесе саяси топтардың қолшоқпary болу қауіпнен құтылады, тәуелсіз Қазақстан алдында тұрған басты міндет те осы.

XXI ғасырда Қазақстанда жаңа басқару мәдениеті қалыптасуда. Оның негізгі мәні: ақпарат, білім, ғылыми жобалау, әлеуметтік модельдеу. Осының арқасында медиамәдениет қоғам мен мемлекет, индивид пен билік арасындағы делдал қызметін атқаруда.

Қазіргі кезде қазақстандық қоғамның барлық саласында ақпараттандыру процесі қызу жүруде, оның ішінде саясат саласында да жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік қызмет пен әкімшілік-басқару істерін әлемдік стандарттарға сай модернизациялауға барынша қүш салынып жатыр. Қазақстан әлемдік өркениет көшінен қалмай, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеріп, оны саяси жүйе мен жалпы қоғам өмірінде кеңінен қолданса ақпараттық ғасырдағы тұрақты даму жолына түспек. Заманауи әлемдік саяси тәжірибеде бұл жауапты міндетті электрондық үкімет жемісті жүзеге асыруда. Жоғарыда көрсетілген өзекті мәселелер осы зерттеу тақырыбын таңдауымызға әсер етті. Тақырып өте маңызды, ол мемлекеттік басқаруды жетілдіруге ықпал ететін өткір мәселелермен тығыз байланысты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тоффлер Э. Метаморфозы власти. М., 2002 жыл.
2. Құлсариева А.Т. Әркениет феномені: Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертация. - Қазақстан Республикасы, Алматы, 2006. - 212 б.
3. Электрондық дерек көзі: <http://www.russianlaw.net/law/acts/28htm>.
4. Друкер П. Эффективный управляющий. М.: 2006.

*Багашаров Қ.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Халықаралық қатынастар  
маманы, PhD докторантты,  
дінтануышы*

### **МӘДЕНИ ЖӘНЕ БІЛІМ ДИАЛОГЫН ҚҰРУ ЖОЛЫНДА Ф. ГҮЛЕН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ**

Қазіргі заман қызыл сөзден гөрі нақты іс пен нәтиженің бағаланатын уақыты. Қоғамда шешенсіп сөз толғағаннан гөрі келелі, түйіні тарқамаған мәселелерге шешім айтар адам қажет.

Түріктен шыққан ойшыл, ағартушы Мұхаммед Фетхуллах Гүлен өзінің ұтымды ойымен, нәтижелі еңбектерімен көптің назарына іліккен ғалымдардың бірі. Оны әлемдегі аузы дуалы ғалымдардың қатарына қосып отырған қасиеті жоғарыда айтылғандай өзінің тұжырымдарын нақты іске асыра білуі. Тек Ислам дінінің ғана емес, күллі адамзаттың проблемаларына өзіндік шешім ұсынып жүрген ғалым әлемнің жүзден астам елінде қызмет етіп келе жатқан түрік лицейлерінің ашылуына мұрындық болды. Оның ойынша, дүниеде кездесер кез келген жамандықты білімді, тәрбиелі, арлы үрпақ тәрбиелеу арқылы ғана тоқтата аламыз. Ал қоғамда

мораль үстемдік құрып, адамгершілік құндылықтар бағалануы үшін ең алдымен біз дін Исламның өміршеш қағидаларына мұқтажбызы.

Ф. Гүлен заманға сай білім алуды қолдай отырып былай дейді: «Білімге талпынып, алған білімі арқылы басқаларға да пайдасын тигізсе, шынайы адам деген сол. Білім алуға талапсыз пендені адам қатарына қосудың өзі қыын. Егер білімді адам өз-өзін әрқашан жетілдіріп, жаңартып отырмаса, басқаларға үлгі бола білмесе, ол онда адам деген атқа лайық бола алмайды» [6].

Заң ғылымдарының докторы, профессор Леонид Сюкияйнен «Заманауи төртқұл дүниедегі сұхбат өнегесі: Фетхуллаһ Гүлен» атты мақаласында былай дейді:

«Түрік ғалымы Ислам дініндегі ғылым мен діннің тығыз байланыста екенін ашып түсіндіреді. Исламның негізгі қағидасы рухани дамумен қатар, жаратылысты зерттеуге үндеуі. Шынтуайтында Ислам діні саясатка араласпайды. Бірақ кейбір саяси ағымдар өздерінің мұдделерін көзделеп, бірінші мақсатты соған қояды. Сондықтан жиһадты өз нәпсісімен қурес деп түсінбей, керісінше оны саясатқа араластырып, ең сонында мұсылмандарға пайда әкелудің орнына Исламның атына кір келтіреді. Фетхуллаһ Гүлленнің ойынша, қазіргі замандағы мұсылмандардың бүкіл қыындықтары мен проблемалардың шешу бірақ жолы бар – білімді дамыту мен Ислам ғылымын қайта өркендету.

Фетхуллаһ Гүлен заманауи қарым-қатынастар мен сұхбаттың (диалогтың) маңыздылығын айрықша баса айтуда. Ислам тарихында кездестірген мәдениеттер мен өркениеттердің ең үздік жетістіктерін әрдайым қабылдап сініргендігін айтЫп ескертуде. Бүтін де ислам әлемі басқа мемлекеттердің он тәжірибелерін тиімді пайдалануы тиіс. Диалог бүгінгі таңда осы заманың императивіне, яғни талабына айналды» [2].

Түрлі дін өкілдері арасында диалогқа көпір ізден жүрген Ф. Гүлен диалог пен өзара келісімге келудің түпкі мақсаты жайды былай дейді:

«Түрлі дін өкілдерінің арасында диалогтың мақсаты – рухани бірлік пен келісімді жүзеге асырып, сонымен қатар діннің жан-жақты бесаспаптық қасиетін қолдау болып табылады. Дін барлық сенім түрлерін қамтиды, әрі оларды табыстыра отырып үлкен талпыныспен алға жылжиды. Олар өз пайғамбарлары арқылы сүйіспеншілік, өзара сыйластық, сабырлық, кешірімділік, мейірімділік, адам құқығы, бейбітшілік, бауырмашылдық және еркіндікті ұлықтайды» [5].

Ғалымның айтуынша, өзге дін өкілдеріне төзімділік таныту әрі шынайы діндер арасы диалог тек болашаққа тән идеал емес, ол толық мұсылмандықтың белгісі, дін негізі осыны талап етеді [1, б.193-94].

«Білімге талпынып, алған білімі арқылы басқаларға пайда тигізсе, шынайы адам – сол. Білім алуға талапсыз пендені адам қатарына қосудың өзі қыын. Егер білімді адам өзін-өзі әрқашан жетілдіріп, жаңартып отырмаса, басқаларға үлгі көрсете алмаса, онда ол адам деген атқа лайық бола алмайды» деп түсінетін ғалым осы орайда 140 шақты елде мектептер ашып, оқу-ағарту бағытындағы жұмыстарға бағыт-бағдар сілтеуде. Ғалымның түрлі мәдениеттерді өзара тәжірибе алмасуға шақырып, заманауи тәрбие беру жүйесін құрғанына қазақ зиялдылары да он бағаларын беріп, тілеуlestігін білдірген.

Осы тұрғыда 2010 жылы Қазақстан Республикасы Байланыс және акпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша, Мәлік Отарбаевтың құрастыруымен шыққан «Сана сәулетшісі» атты жинақтың мәні зор. Жинақта қазақтың қарымды қаламгерлері мен сөз зергерлері Гүлен туындылыларының тереңіне бойлап, оның адамдық һәм гуманистік идеясына, парасат биғіндегі пәлсафалық ойларына, әдебиет пен мәдениет, діл мен дін, адам мен қоғам өмірі туралы көзқарастарын зерделеп, бағамдайды.

Филология ғылымдарының докторы, академик Дандай Үсқақұлы әсіресе білім ошақтарындағы дұрыс тәрбие берілуіне назар аудартып былай дейді:

«Тәрбие дұрыс болса, адам қоғамы да дұрыс өмір сүреді. Дұрыс болмаса, бұзылады. «Тәрбие – тал бесіктен» дейді халық. Кезінде М.Әуезовтің «ел боламын десен бесігінді түзе,

халық боламын десең қалпыңды түзе» дегені де сондықтан. А.Байтұрсынов «Еліңнің ертеңін бүгінгі мектептен көресін» деген екен. Үлт педагогы М.Жұмабаев «Тәрбиеден мақсұт – адамды һем сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Үлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, үлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір үлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», – деп жазған [3]. Түрік әлемінің шығысында осыдан бір ғасырдай бүрын айтылған осы бір ойлар күні бүгінге дейін өзінің құнын жойған жоқ. Түркі әлемінен шықкан ұлылардың ұлы пікірлерімен ұндесіп жатқан Фетхуллаh Гүлленнің идеялары бұл мәселенің уақыт өткен сайын өткірене түскендігін айқындауды» [4, б.115-116].

«Бала тәрбиесі мен ұстаздық ең қасиетті мамандық болғаны секілді, бір мемлекетке немесе халыққа ең пайдалы іс ағартушылық арқылы ғана жүзеге аспақ» дейді Ф.Гүлен бір сөзінде. Абай шығыстың қайнарынан сусындағы отырып, орыстың да оқуынан макұрым қалып қоймауды ұндеғен. Ф.Гүлен де қазіргі мұсылманның жан-жақты, ғылымда үздік болу керек екенін айтады. Адамның көкейіне дінді ғылыммен байытып, ғылымды дінмен орнықтыру Ф.Гүлен идеясының негізі. Бетпе-бет келіп отырған бүгінгі күннің проблемаларына Құран мен сұннеттен ем іздеғен ғалым Құранды жиырма бірінші ғасыр адамдарының ойлау жүйесімен түсіндіріп, дінді жаңаша түсіндіру жолын ұсынады.

Бұл туралы жазушы Смағұл Елубай: «Құранға тәпсір-түсіндірме пайғамбардың көзі тірісінде-ақ басталған. Бұл Алла елшісінің салған жолы. Құран – қысқаша ишаралар және сырлы баяндар жиынтығы. Оны адамдар санасына жеткізу, озып туған ғұламалар мен ғалымдардың міндеті болып жалғасып келеді. Пайғамбар алауынан алған жарықты әлемнің түкпір-түкпіріне жеткізуге асыққан жүгірушілердің бірі – бүгінгі күннің ғұламасы Фетхуллаh Гүлен. Құраннан қуат алған Абайды, Шәкәрімді, Кердеріні оқып жатырмыз. Сол секілді Ф.Гүлен де біз үшін жақын адам, оқылуға лайықты кісі» дегенді айтады [4, б.163-164].

Әлемде бейбітшілік пен мораль үстемдік құрған қоғам орнауы үшін әр топ өзінің идеяларын алға тартып, батыс пен шығыс болып, христиан мен мұсылман болып теке-тіреске дейін барғанда, Ф.Гүлен адамзаттың ортақ құндылықтарын насиҳаттап, өзара төзімділікке шақырып, Исламның бейбітшілік діні екенін көрсетті. Дінаралық, мәдениет пен білім диалогына ұнделі. Мұны ол Құранның өзінен алды. Себебі Құран кітабымыз діндер арасында өзара ынтымақ болуға ишарат етеді. Ғалым халықтар арасындағы айырмашылықтан гөрі ортақ ерекшеліктердің көп екенін алға тартады. Грекия православ шіркеуінің патриархи Ворфаломейдің: «Өзінің сабырлылық пен өзара түсіністік түрғысындағы баяндамаларымен Ф.Гүлен баршамызға үлгі болып табылады, ал ең ұлық идеяларымен ол құллі адамзатқа үлгі» деп айтуы да тегін емес. Гүлленнің бастамасымен қолға алынған түрік лицейлерінің жүзден астам мемлекеттегі қызыметкерлері мен осы тәрбиенің басқа да жақта дін Исламға қызымет етіп жүрген азаматтары мұсылманның нағыз бейнесін таныта біліп, Исламның құндылықтарын көрсетіп, жиырма бірінші ғасыр мұсылмандарының білімді, адамгершілігі мол, тұтас адамзаттың қамын жеген ер екенін байқатты.

Жалпы алғанда мәдениеттер мен білім диалогын құруда Ф.Гүлен бастамасымен қолға алынған істер өзінің оң нәтижесін беруде. Батыстықтар XXI ғасырда өркениеттер қактығысы орын алуы мүмкін деп дабыралап болжам жасап жатқан тұста, мұсылман ғалымдарының білімге көзіл бөліп, мәдениетаралық сұқбаттастыққа көпір іздең, бейбіт өмір үшін аянбай еңбек етіп жүргені шынында да атап өтуге тұрарлық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ali Unal, Advocate of Dialogue: Fethullah Gulen. Fairfax; The fountain, 2000) p. 193-94
2. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар, 2-3 том, Алматы, 1996. 224 бет.
3. «Сана сәүлетшісі» (Қазақ зиялыштарының Фетхуллаh Гүлен жайлы ой-толғамдары), Алматы: Аң Арыс баспасы, 2010. – 536 б. Құрастыруши: Мәлік Отарбаев.
4. <http://kz.fgulen.com>

5. Ф. Гүлен «Ғұмырлық өлшемдер», Алматы: «Көкжие-Б» баспасы, 2008. – 240 б.

*Байдлаева А. К.,  
Қ.А. Иласауи атындағы ХҚТУ  
саясаттану және әлеуметтану  
кафедрасының 2-курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі:  
филос.ғ.к.. доцент Асқар Л.Ә.*

## БИЛІК ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ АРАҚАТЫНАСЫ

Билік – субъект үшін өз еркін жүзеге асыру және басқа адамдарға олардың еркінен не келісімінен тыс ықпал ету мүмкіндігі, ал үстемдік жүргізу – тәртіп жағдайындағы билік құру [1]. Билік институттары қоғамдық ұйымдасудың және әлеуметтік тәртіпті ұстап тұрудың негізгі, шешуші буындарының бірі болып табылады. Осы институттар тобының атқаратын қызметтеріне нормативті актілерді қабылдау, олардың орындалуын қамтамасыз ету және оларды бұзғаны үшін жазалау санкцияларын қолдану жатады. Билік көзінің еркін жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін ресурстардың сан түрі қолданылады. Солардың бірі – мәжбүрлеу, яғни адамды өзіне қатысты сыртқы жағдайларға бағындыру [2]. Мәжбүрлеудің түрлі формалары бар: экономикалық, экономикадан тыс, идеологиялық және технологиялық.

Шын мәнінде, билік институттары билік субъектілерінің өздерін қоса алғандағы қоғамның барлық мүшелері қабылдап, бағынуға тиіс «ойын шарттарын» белгілейді. Басқаруышы элитаның қолында орасан ресурстар шоғырланған: материалды, биліктік, физикалық және т.б. Қолында билігі барлардың осы ресурстарды қалай пайдаланатынан, және жалпы саяси және әлеуметтік институттардың тиімділігіне қоғамның экономикалық дамуы тәуелді болады. Жеке меншіктің қорғалуы, кәсіпкерлік белсенділікті қолдайтын заңдарды қабылдау айырбас және өндіріс салаларындағы қожалық етуші субъектілердің іс-әрекеттерін ынталандыра түседі, яғни қоғамның экономикалық түрғыда алға жылжуына ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлық, билік құзыреттерін шектен тыс өз пайдасына қолдану, билеуші элитаның меншікті иелерінен озбырлықпен тартып алуы, керісінше, экономикалық дамуды тежеп отырады. Мұндай жағдайларда кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысу тым қауіпті болады.

Билікке түрлі анықтама беруге болады. Бұл еңбекте билік жеке адам немесе топ үшін өз еркін жүзеге асыру, басқа адамдарға олардың еркі мен келісімнен тыс ықпал ету қабілеті мен мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл М.Вебердің тұжырымдамасына сай келеді. Тәртіп жағдайындағы билікті ол үстемдік ету деп атайды. «Үстемдік ету деп белігілі адамдар тобының арнайы (немесе барлық) бүйіректарға бағынуын көзіктіру мүмкіндігі аталады» [1]. Үстемдік етуді әлеуметтік тәртіпті қолдауға бағытталуымен актауға болады. Бұл түрғыда басқа жеке адамдардың, бағынушылардың бар болуы, яғни қолданыстағы биліктің заңдылығын мойындау маңызды болып табылады. Яғни, әлеуметтік қарым-қатынастар жеке адамдардың легитимді тәртіптің орын алуына бейім болуына байланысты мүмкін болады.

М.Вебер легитимді үстемдіктің үш кемелденген түрін бөліп көрсеткен болатын: дәстүрлі, харизматикалық және легалды. Аталған үшеуінің де негізінде бағыну тұрткілері, немесе негіздері жатыр. Дәстүрлі үстемдік жағдайында жеке адам дәстүрге және ежелден келе жатқан тәртіптердің заңдылығына сеніп, бағынады.

Харизматикалық үстемдік бағынушылардың билеушінің харизмасына деген сеніміне және эмоционалдық адалдығына негізделеді. Легалды үстемдік жағдайында «адамдар оның жарлықтарының реесми заңдылығына сай және оның аясында заң жүзінде белгіленген объективті жекеленбеген тәртіпке (және осы тәртіппен белгіленген басшыларға) бағынады» [1]. В.В.Радаев биліктің келесідей элементтерін бөліп көрсетеді:

- оқиғаларды ұғындыру және даму мақсаттарын алға тарту құқығы;
- ресурстарды, дайын өнімді, табысты тарқатуда айрықша ұстанымдар;
- ерекше ресурс ретінде ақпаратқа қолжетімділікке бақылау жүргізу;
- іс-әрекет шарттарын белгілеу, оның кейбір түрлеріне тыйым салу мүмкіндігі;
- адамдарға жеке ықпал ету қабілеті [2, 82 б.]

Кез-келген қоғамда билік белгілі ресурстарды қолдануға тиісті болады, онсыз билеуші әлеуметтік субъектінің еркі жүзеге асырылып, мұддесі орындалмайды. Қолданылатын құралдар ретінде, мысалы, сендіруді, дәстүрлерді, азыздарды, қорқынышты, зорлық-зомбылықты келтіруге болады. Мәжбүрлеуді де билік ресурстарының біріне жатқызуға болады.

В.В. Радаев бойынша мәжбүрлеу «адамның оған қатысты сыртқы жағдайларға баламасыз бағынуы» [2, 65 б.]. Ол мәжбүрлеудің төрт формасын бөліп көрсетеді:

1) экономикадан тыс – адамның басқа адамдарға, әкімшілік, әскери немесе басқа органдарға тікелей тәуелділігін көрсетеді. Бұл орайда күштеп бағындыру жағдайында жеке адамның физикалық немесе психикалық денсаулығы ғана емес, өмір мен өлім жайында әңгіме қозғалуы мүмкін. Құқықтық мәжбүрлеу қолданыстағы жазалау қаупіне (мысалы, түрмеге қамауға) орай заңға, ресми жарлықтарға бағынуды білдіреді.

2) экономикалық мәжбүрлеу – жеке адамның өз болмысының материалды шарттарына біржақты тәуелділігі. Адамның негізгі қажеттіліктерінің бір бөлігі қанафаттандырылмауы мүмкін, сондықтан аштық пен кедейшіліктен құтылу үшін адам кез-келген шартқа келісуге мәжбүр болады.

3) технологиялық мәжбүрлеу – адамның еңбек жағдайлары мен өндіріске біржақты тәуелділігі. Мұндай жағдай тар кәсіби біліктіліктің, белгілі жұмыс орнына үйреншіктіліктің, жұмысқа қатысты баламалардың болмауының, т.б. салдары болуы мүмкін. Мұндай мәселеге, мысалы, бірқатар себептерге байланысты жұмыс орнын ауыстыра алмайтын жас аналар жиі тап болып жатады: жұмысқа орналасу қындығы (жұмыс берушілердің осы әлеуметтік топтың өкілдерін жұмысқа қабылдауды қаламайтындығы), жұмыс орнының үйге немесе бала-бақшаға жақын орналасуы, жұмыс уақыты кестесінің еркіндігі, т.б. Нәтижесінде олар нақты жұмыс орнына тәуелді болып қалады.

4) идеологиялық – адамның діни немесе идеологиялық қозқарастарға бейімдігін білдіреді, осыған байланысты оны басқару жеңіл болып қалады. Мысалы, жеке адам қандай да бір іс-әрекетке Жаратушының қаһарынан қорқып, немесе референттік топтан шығып қалу қаупіне байланысты баруға мәжбүр болуы мүмкін. Мұндай мәжбүрлеу көбіне түрлі квазидіни қауымдастықтарда (секталарда) қолданылады, бұл кезде адам сол сектаның мүшесі болу үшін, және сол арқылы өз жанын «құтқарып қалу» үшін өз меншігі мен қаржысын секта қорына тапсыруға мәжбүр болады.

Әлеуметтануда «әлеуметтік институттар» ұғымын түсіндіруде көптеген анықтамалар қолданылады. Бұл еңбек аясында «институт» терминінің астында топтық және жеке қажеттіліктерді қанафаттандыру немесе топ мүшелерінің мінез-құлқын реттеу үшін белгілі қоғамдық тұрғыда маңызы бар қызметтерін атқаруы үшін белгілі адамдар құзыреттерге ие болатын мекемелер жүйесі білдіріледі. Билік институттары (немесе саяси институттар) ретінде саяси партияларды, үкіметті, сотты, полицияны және т.б. атауға болады.

Институттар келесі элементтерді қамтиды: мақсат, қызметтер қатары, құралдар және мекемелер мен ықпалшаралар (санкциялар) [3, 96-98 б.]. Билік институттары жайлы айтқанда, мақсат ретінде кең мағынада қоғамдық тәртіпті ұстап тұруды, қоғамдық жүйенің табысты қызмет етуін атап өтүге болады. Институттардың осы тобының орындастырын қызметтеріне заңнамалық актілерді қабылдау (заңшығарушы билік институттары), оларды орындауды қамтамасыз ету (атқарушы билік), оларды бұзған жағдайда жазалау шараларын белгілеу (сот билігі) жатады. Материалды құралдар – бұл, мысалы, үкіметтің немесе облыс әкімшілігінің орналасқан ғимараты, және де биліктің атрибуттары болып табылатын түрлі заттар немесе институт қызметін атқару үшін қажетті құралдар (депутат үшін заң жобасының мәтіні).

Институционалды қызметтерді атқаратын тұлғаларға және қауымдастықтың басқа да мүшелеріне қатысты қолданылатын ықпалшаралар сол институттардың өкілдерімен жүзеге асырылады.

Экономикалық билік дегенміз – экономикалық ресурстардың үстінен жүргізілетін бақылау, түрлі материалды құндылықтарға қатысты меншік. Қоғамдық дамудың қарапайым, салыстырмалы түрде жайлы кезеңдерінде экономикалық билік биілктің басқа түрлерінен басым болады, өйткені «экономикалық бақылау - жай ғана адам өмірінің басқаларымен ешқандай байланыста болмайтын бір саласын бақылау ғана емес, - бұл біздің мақсаттарға жету құралдарын бақылауда ұстау.

Экономикалық билікпен әлеуметтік билік тығыз байланыста болады. Егер экономикалық билік материалды игіліктердің бөлінісін білдірсе, әлеуметтік билік - әлеуметтік құрылымдағы орынның, мәртебелердің, лауазымдардың, артықшылықтар мен артықшылықтарды тарату. Заманауи мемлекеттер әлеуметтік саясаттың көмегімен халықтың қалың қабаттарының әлеуметтік мәртебесіне ықпал етіп, сол арқылы қолдау мен жылы ниеттік білдіре алады. Бұгінгі таңда көптеген мемлекеттер үшін экономикалық және әлеуметтік биліктерді барынша бөліп, ажырату, әлеуметтік билікті демократияландыру тән. Кәсіпорындардағы билікке қатысты бұл меншік иесінің жұмысшыны жұмысқа алу және жұмыстан шығару, өз бетімен оның айлық жалақысының мөлшерін белгілеу, лауазымдарды көтеру не төмендету, енбек жағдайларын өзгерту және т.б. құқықтарынан айыру ретінде көрінеді. Барлық әлеуметтік мәселелер заңнамамен және ұжымдық енбек келісім шарттарымен реттеліп, кәсіби одактардың, өндірістік кеңестердің, жұмыс күшін жалдау бойынша мемлекеттік және қоғамдық бюоролардың, сottың және басқа да мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің қатысуымен шешіледі.

Дегенімен мұнда керегар үдерістер де орын алуы мүмкін. Билік институттарының өзара әрекеттесу мәселесі аса өзекті. Көшілік биліктер арасында экономикалық билікті, өндіріс құралдарының және басқа да қоғамдық байлықтардың меншік иелерінің билігін ең маңызды деп санайды. Әр нәрсенің құны мен ақшалай бағасы бар нарықтың қоғамда БАҚ-ның басым көшілігі ірі меншік иелеріне тиесілі. Қаржы сайлау кампанияларын жүргізуге және сайлау нәтижелеріне қатты ықпал етеді, саясаткерлерді парага жығу кеңінен қолданылады. Экономикалық биліктің ірі меншік иелерінің қолдарында шоғырлануы plutokratияның – байбатшалардың шағын тобының тікелей саяси басқаруының орын алу қаупіне жол ашады. Заманауи батыстық демократияларда ірі капиталдың үстемдігі меншік иелері, орта таптың саяси ықпалы, демократиялық мемлекет пен қоғамдастықтың арасындағы бәсекелестікпен тежеледі. Экономикалық биліктің мықты ықпалын сезіне отырып, саяси билік жеткілікті деңгейде дербес және оның үстінен басымдыққа ие болып, оны өз мақсаттарына бағындыра алады. Белгілі жағдайларда ақпараттық билік те қоғамға басынқы ықпал ете алады.

Билік институттарының экономиканың дамуына деген ықпалының бағыты мен деңгейін біржақты анықтау ете қурделі мәселе болып табылдағы. Бұл мәселеге қатысты түрлі көзқарастар бар. Солардың біріне сай, нақты осы саяси және экономикалық институттар экономикалық өсім мен халықтың барлық топтарындағы әл-ауқат деңгейінің жоғарылауының ұзакмерзімді беталыстарын дөтөрміндейді [4]. Қарама-қайшы көзқарас та бар – мысалы, Дж.Скотт қоғам мен экономиканың қайта ұйымдастыруының мемлекет жүргізген ең ауқымды жобалары сәтсіздікке ұшырағандығына тарихи дәлелдеме келтіреді [5].

Дегенімен, мен билік институттарының экономикалық өсімге ықпал ететінін мойындастырын зерттеушілермен келісер едім. Бұл пікірдің дәлелі ретінде келесі деректі келтіруге болады: жоғарыда айтылғандай, саяси институттардың негізгі қызметі болып, сәйкес зандарды қабылдау және олардың орындалуын қамтамасыз ету есебінен әлеуметтік тәртіпті қолдап тұру табылады. Бұл экономика саласына да қатысты. Осылайша, шаруашылық саладағы жеке адамдардың мінез-құлқы, көбіне, биліктің іс-әрекетіне тәуелді болады: жеке кәсіпкерлікке рұқсат бар ма, жоқ па, жеке меншік қалай қорғалады, экономикалық агенттер құқықтың тұрғыда қорғала ма, т.б. Осыған орай, Д.Норт экономикалық өсім өнімділіктің артуы есебінен

7 декабря 1993 г. Руководители 11 национальных общественных организаций обратились к президенту Кыргызской Республики с предложением созвать Курултай (съезд) народа Кыргызстана для обсуждения общих проблем и поиска путей выхода из кризисного состояния в интересах дальнейшего укрепления межнационального согласия в стране. Действительно, 1993 год был одним из труднейших для суверенного Кыргызстана: была введена собственная валюта, страна перешла на самостоятельную денежно-кредитную политику, в этот год достигла максимума волна миграционного оттока населения из республики и т. д. Президент А. Акаев поддержал эту инициативу, утвердив своим указом организационный комитет по проведению Курултая народа Кыргызстана для рассмотрения вопросов укрепления межнационального согласия и дружбы между народами Кыргызской Республики. Состоявшийся 22 января 1994 г. первый Курултай народа Кыргызстана принял решение о создании Ассамблеи народа Кыргызстана – массовой общественной организации, призванной выражать интересы этносов, образующих народ Киргизстана, обеспечивать общенародную солидарность в Кыргызской Республике. Президентским указом Ассамблея народа Кыргызстана был придан официальный статус консультативно-совещательного Совета при президенте Кыргызской Республики по вопросам межнациональных отношений и национальной политики.

Важнейшей составляющей развития Кыргызстана как многонационального государства является социокультурная интеграция общества, предусматривающая развитие и взаимопроникновение культур, традиций, религий различных этнических общин. Огромная роль в решении этой задачи принадлежит формированию государственной национальной политики и привлечению к ней представителей национальных меньшинств.

В марте 1998 г. в рамках подготовки к принятию закона Кыргызской Республики “О присоединении к Рамочной Конвенции о защите национальных меньшинств” в г. Бишкеке состоялся круглый стол “Конституционно-правовое положение национальных меньшинств в Кыргызстане”, на котором присутствовали также представители национально-культурных центров из Узбекистана. На заседании отмечалось, что Рамочная конвенция о защите национальных меньшинств, подписанный в рамках Совета Европы 1 февраля 1995 г., является первым многосторонним обязательным правовым актом, посвященным защите национальных

меньшинств в целом. Конвенция запрещает любую дискриминацию, основанную на принадлежности к национальному меньшинству. Вместе с тем Конвенция предоставляет особые права национальным меньшинствам, в частности, в том, что касается прав на сохранение и развитие их религии, языка, традиций и культурного наследия. Согласно Конвенции государства-участники должны создать необходимые условия для эффективного участия лиц, принадлежащих к национальным меньшинствам, в культурной, социальной и экономической жизни и ведении государственных дел. Кроме того, республика подписала “Конвенцию об обеспечении прав лиц, принадлежащих к национальным меньшинствам” в рамках соглашения Содружества Независимых Государств от 19 июля 1994 г. По инициативе ряда депутатов во главе с депутатом Законодательного собрания Жогорку Кенеша А. Сабировым был также подготовлен Закон о национальных меньшинствах Киргизской Республики, где учитываются основные положения, закрепленные в ряде международных документов, а также Конституции Кыргызской Республики. Однако Жогорку Кенеша в силу ряда причин так и не смог ратифицировать европейскую конвенцию [4].

Необходимо отметить, что руководство Киргизстана стало предпринимать шаги и для удержания русскоязычного населения. В 1992 г. были введены корректиры в реализацию государственной языковой политики и разрешено вести документацию на русском языке в населенных пунктах, на предприятиях и в организациях, где “русскоязычные” составляют 70 % и более. Осенью 1992 г. был открыт Кыргызско-Российский (Славянский) Университет. Уголовный кодекс республики дополнен новой статьей об уголовной наказуемости национальной дискриминации граждан, которая сейчас представлена на утверждение парламенту. В результате выборов 1995 г. мэром столицы Кыргызстана – г. Бишкека – стал русский Б. И. Силаев. Летом 2000 г. принят закон об официальном (русском) языке, согласно которому русский язык получил практически все права наряду с государственным языком.

Второй по численности этнос Кыргызстана – это узбеки, проживающие в основном в южных областях. Они сосредоточены в основном в крупных городах, исторически являющихся центрами торговли и ремесла, а также религиозными центрами. После Ошского конфликта между киргизами и узбеками в 1990 г. на юге республики, в особенности в Ошской области, усилились миграционные процессы. Это как внутренняя (отток сельского населения в города), так и внешняя миграция – отток (в особенности русскоязычного населения) в другие республики и переселение кыргызов из других республик в Кыргызскую Республику. Основные причины такого поворота событий связаны с создавшейся экономической и социально-политической ситуацией в регионе. Результаты социологических исследований, проведенных Центром социальных исследований Национальной Академии Наук на юге республики в 1993-2000 гг., показывают, что недовольство узбекской общины вызывает, в частности, незначительное представительство узбеков в структурах власти и управления. Не менее остро стоят вопросы образования узбекского населения региона. Поэтому центральным направлением государственной национальной политики является забота о социальному – культурному и духовному развитию этносов [6].

Исследование этнических конфликтов показывает определенную закономерность – чем дальше в и глубже в прошлое идут корни этнических противоречий, тем сам конфликт интенсивнее и глубже. По нашему мнению, для более успешного решения проблем межэтнического взаимодействия в Кыргызстане необходимо: укрепить законодательную базу, ужесточить санкции за проявления шовинизма, принять меры по обеспечению представительства этнических меньшинств во всех органах государственной власти, включая верхний эшелон, расширить полномочия местных органов власти и самоуправления, создать государственный орган по национальным вопросам, решающий проблемы межнациональных отношений; в том числе на межгосударственном уровне, решить проблемы трудоустройства, создание дополнительных рабочих мест.

### **Список использованной литературы:**

1. Тишков В.А. Наука и жизнь. Разговоры с этнографами. 2008
2. Межэтнические конфликты в странах зарубежного Востока. М., 1991.
3. www.stat.kg
4. Фукалов А. Функционирование системы поддержки этнического развития и оптимизации межнациональных отношений в Киргизской Республике //Этнический мир.1998. №1
5. Закон Киргизской ССР от 23 сентября 1989 года «О государственном языке Киргизской ССР».
6. Мадумаров А.Ответы читателям // «Асаба».1999 г. 28 декабря.

**Бекболатова А.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«философия» мамандығының  
1 курс магистранты**

## **ФИЛОСОФТАРДЫҢ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ**

Мақаламды «ғылыми материализм» бағытының өкілі, танымал американдық философ Ричард Рортидің «философия» туралы ойларынан бастағым келеді. Оның ойынша, философтар «мәңгілікті» танып білуден үміттері үзілгеннен кейін болашақтың бейнелеріне қоюлғандағы өзгерістерге қарасты. Ал философия – мәңгі, өзгермейтін әлемге қашу әрекеттінен бастау алады. Философтар, уақыт факторын шындалап қабылдағанынан бастап қана, әлемнің болашағына деген алаңдаушылығын танытты [1,16.].

Ганс Блюмбергтің пайымдауынша, мәңгілікке деген қызығушылық Ортағасыр сонынан бастау алып, Дж. Бруно және Фр. Бэкон аралығындағы кезең, уақыт факторын байсалдылықпен қабылдаған заман – деп түсіндіреді.

Мүмкін оның-кі дұрыста шығар, бірақ Ричард Рорти бойынша бұл қызығушылықтың сана-сезім сахнасынан ығыстырылуы XIX ғ.-да айқын сезініледі. Осы кезде Гегель, уақытты сырттан, өздігінен берілетін, тарихи процесстен тыс құбылышы деген тұжырымға күмәнмен қарап, керсінше оны даму жолындағы өзгермелі процесс деп түсінген. Кейіннен Дарвиннің идеясы негізінде, адамдар өздерін басқа табиғат құбылыштарымен бірлігін сезініп, өтпелі тіршілік иелері екендігін түсінгендейді, бұрын қалыптасқан философиялық негізгі мәселе «мен кіммін?» деген сұрақтан « мен кім болуым керек ?» деген бағытқа ауысты. Бұл философиялық бағыттың өзгерілуі, философтардың сана –сезімдерін өзгертпей қоймады. Егер Платон мен Кант өз кезеңдерінің мәдениет пен қоғам түсініктеріне сыртқы позициядан қарап,- өзгермейтін, шарасыз ақықат деп таныса, кейіннен философтар бұл бағыттан бірте-бірте бас тартты. Біз, Маркстың «философтардың рөлі- өткен мен болашақ аралығындағы үстемдіктерді түсіндіріп қана қойуында емес, болашақты өткеннен өзгешелек етуге жағдайын жасау, белгілі бір септігін тигізуінде»-деген тұжырымдамасымен толық келісіуміз қажет. Рортидің ойынша, философтар абыздар мен даналардың қызметтеріне талаптанбауы тиіс, себебі абыздар белгілі бір бағдарламасын анықтап жатқанда, философтар, юристер мен инженерлер секілді алдымен клиенттеріне не қажет екенін анықтайды [2,56.]. Платонның философиясы – шынайы өмірден алшақтап, саясаттан жоғары болуға тырысса, Гегель мен Дарвин кезеңі, уақыт факторын шынайы қабылдағандықтан – философияның соңы немесе философияның ақыры ретінде бейнеленеді. Бірақтан, белгілі бір бағыттың соңы, философияның аяқталғаның білдірмейді. Қоғамдық және мәдени өзгерістер болып жатқан кезде, философия да үнемі өзгерісте болады.

Джон Дьюи, өзінің еңбектерінің бірінде, Платон мен Кант кезеңдеріне сый, «философтар - заныңдылықтардың тарихтан тыс шараларын білетін ойшыл – дана» деген тұжырымдамаларды

біржолата қалдырып, философияны – мираспен берілген, дәстүрлі институттар мен олармен үйлеспейтін, заманаға сай қазіргі тенденциялар арасындағы қақтығыстардан жетіліп шығатын құбылыс ретінде қабылдауымыз қажет дейді. Гегельдің – «өмір формалары өзің-өзі тауысқанда, философия сұрдың үстінен сұр түспен сурет сала бастайды» - деген сөзің Дьюи былай түсінеді, философия – қоғам мен мәдениет дамуының нәтижелеріне өзінің ықпалын қалдырады, басқаша айтқанда, философия өзгерістердің нәтижелеріне бағытталған реакция. Ол, Гегельдің тарихшылдық принципін – философтарды қоғамдағы авангардтар болуына талаптанбай, өткен мен болашақ аралығындағы делдалдық рөлімен қанағаттануға шақыру деп түсінеді. Философтардың мақсаты – ескі мен жаңа нағым-сенімдерді қарсы қоймай, керсінше біріктіріп үйлестіру. Философтар, юристер мен инженерлер секілді белгілі бір жағдайларда туындалатын, белгілі мәселелерді шешуге пайдалы болуы тиіс (өткеннің тілі болашақтың қажеттіліктерімен қақтығысып қалған кезеңдері туындалатын мәселелер). Егер, Дж. Дьюи, философтардің рөлі – болашаққа арналған тиісті орынды қалыптастыру үшін, өткенді қопаратын қара жұмысшылармен теңестірсе, Рорти оған замананы жөндейтін және болашақты болжайтын пайғамбарлық қызметін қосады.

Рортидің ойынша өздерін антифундамиталистік бағытқа жатқызатын философтар, қалдықты қопаратындар мен болашақты болжайтындарға қарағанда өздерін революционер ретінде көбірек көреді, кейіннен өкінішке орай олар авангардтарға айнала бастайды. Олар, утопиялық үміттеріміздің орныға бастағанынша, мәдениет пен қоғам-радикалды өзгерістерге мұқтаж деген ойларды тастап, философтарды – осы өзгерістерді жүзеге асыратын адамдар деп түсіндіреді. Осындағы радикалдылыққа құмарлық, фундаментализмнің басқа шығарылған түрі. Олардың ойларынша, философиялық тұжырымдар өзгермегеніңші ештеге өзгермейді. Рорти бойынша, мұндай бірден барлығын жаңарту, не барлығы өзгермегеніңші ештеге өзгермейді – деген позициялар қазіргі кезеңдегі құтылу керек болып тұрған тұжырымдамалардың бірі. Бұл философтардың тек философиялық проблемаларымен шектелуінен байқалады, бірақ та философиялық мәселелер аспаннан түсірілген қатаң тізбе ретінде, атадан балаға берілетін мұра емес қой. Рорти, өздерінің дициплинарлының автономдылығын мақтан еткен философтар, схоластиканың қайта жаңғыру қаупін тудырады – дейді. Рортидің ойынша философтар үш нәрседен аулақ болуы тиіс; олар схоластика, авнгардизм және шовинизм. Үшіншісі, философтардың белгілі бір ұлт не дін, өзіне сай, өзіндік тәжірибелер мен ұлттық құндылықтарды айқындастын өзгеше философияның болуына мұқтаж деген ойларынан туындалады. Сол елдің құндылықтарын айқындастын жазушылары мен әдебиеттанушылары болғанда, философтардың соған үксаң қызметті атқаруы мағынасыз болғаны-деп түсіндіреді. Философтар – космополиттік тұрғыдан, халық-аралық көпірлерді орнатуға жарамды. Бірақ космополитизмді тек мәдени әр-алуандылық дәрежесімен шектелген түрі негізінде емес, бүкіл әлемділік демократия бейнесінде орнықтыру қажет дейді Рорти. Мұндай, демократияны қоғамдық құшпен не мәжбүрлілікпен орнату керек деп түсінгеніміз дұрыс емес, себебі егер философтардың өзіндік бір ерекше қызметі болса – ол сендеру қызметі. Егер, бұрын мәнгілік жайлы көп ойлад, болашақ жайлы аз ойланған кезеңде, философтарды ақиқаттың қызметшісі деп анықтасақ. Қазір, ақиқат жайлы аз айтып, шындыққа жанасымдылық жайлы көбірек айтатын болғандықтан, ақиқаттың жеңіп шығуынан қарағанда құштің әділетті болуын көбірек қалайтын сияқтымыз және Рортидің ойынша бұл өзгерістердің болуы дұрыс, себебі ақиқат мәнгі және өзгермесіз болғандықтан ақиқатқа жеткеніне кәміл сенімде бола алмайсын, ал шындық – еркіндік сияқты уақытша, кездей және берік емес болып келеді, бірақтан біз шындыққа қол жеткізгенімізді біле аламыз. Шынында да, біз бағалайтын еркіндік – ол бір-бірімізге деген адалдылықтың еркіндігі. Бірте-бірте сенімділік пен бір қалыптылыққа деген үміттер жоғалып, екпінді интелектуалды әлемде философтарды осындағы еркінділіктің, яғни демократияның қызметшісі деп анықтасақ болады. Философтар тек болжамдарды ғана ұсынады және бұл болжамдар адам санасында өмірге деген сезімталдылықты қалыптастырғанда, белгілі бір құндылыққа ие болады-дейді Рорти [3,276 б.]

Келесі талқылағым келіп отырған философ – ол Карл Поппер, постпозитивизм бағытының өкілі. Оның статьяларының ішіндегі, «мен философияны қалай қабылдамаймын» - деген бөлімінде келесі критерияларды келтіреді;

1 - біріншіден философияның қызметіне өткен қателерді жою кірмейді, бірақтан кейде қателерді жою - даярлаушы жұмыс есебінде қажетті.

2- философияны, әлемнің рационалды, ерекше түрде бейнеленген өнер туындыларының көрмесі ретінде қабылдамайды, себебі ұлы философтардың көздеген мақсаты эстетикалық құндылықтар емес, олар алдымен ақиқат ізденушілер еді,

3 - философия белгілі бір сөздерді не ұғымдардың экспликациясы не анализі ретінде түсінбеймін, себебі сөздер мен түсініктер белгілі бір теориялар мен тұжырымдамаларды жеткізетін құрал ғана. Философтардың қызметі сөз мағыналарына анализ жасау емес, оладың мақсаты – қызықты және фундаментальды ақиқаттарды іздеу, яғни шынайы теорияларды табу.

4 - философия ақылдылықтың анықтама құралы емес.

5 - философия – іс-әрекеттері арқылы өзінің шатақтарынан құтылатың интелектуалды терапия ретінде қабылдамады.

6 - философия ешқашанда нақтылық пен дәлділікке ұмтылған емес, нақтылық пен дәлділік интелектуалды құндылықтарды білдіретін қасиет емес.

7 - философияны белгілі бір заман рухына жету құралы ретінде түсінбеймін. Эрине, философияны, басқа да ғылымдардағыдан «мода» түсінігі бар, бірақ ақиқатты шындал іздеушілер модаға мән бермей, керсінше оған қарсы тұрып, құресе біледі [4,101б.].

Карл Поппердің ойынша, барлық адамдар - философтар, себебі олар өмір мен өлімге деген өздерінің белгілі бір көз-қарастарын ұстанады. Кейбіреулер, өмірді – шектеулі болғандығынан түкке тұрымсыз деп біледі, біреулер бұған қарсы егер өмір мәнгі болса құндылығын жоғалтар еді деген ойда

Келесі қысқаша, тоқталғым келіп отырған философ, неопозитивизм бағытының өкілі, Бертран Рассел. Оның ойынша, философия – нақты білімі, әрі мүмкін емес заттардың үстінен жүргізілетін ой-тұжырымдамалар. Егер ғылым – біздің білетіндеріміз болса, философия – әзір, біздің білмейтіндеріміз. Рассел бойынша философтардың қызметі әлемді өзгерту емес, Маркс айтқандай, керсінше әлемді танып білу. Философияның қазіргі әлемде алатын орны ерекше. Ол басқа ғылымдардың аумағына кірмейтін, көптеген және өте маңызды мәселелердің бар екенің түсінуге көмек береді, және ол сәлде болса адамдарды интелектуалды жағынан кішіпейіл, көптеген шешілген мәселелердің дұрыс емес екендігін және ғылымда қысқа жолдың жоғын айқындауды [5,36.]. Келесі көрнекті қайраткер, кеңес заманының белгілі философы Мераб Мамардашвили, оның ойынша “философия – жүйелі білім болмағандықтан, оны теориялық түрде үйрену мүмкін емес, сондықтан танып білгісі келетіндер философиялық курска емес, философтың өзіне баруы тиіс” дейді [6,75б.].

Сонымен, мақаламды қорытындылайтын болсам, философияны жеке тәжірибе негізінде, белгілі бір күй-жағдайдағы дайындалынып және жалпы түсініктер арқылы шегіне дейін дамылуы. Философияны мамандық ретінде қабылдауынан қарағанда, оны өмірдің бөлігі ретінде қарастыру маңыздырақ (Эрине егер өмір жалғыз сеннің, қайталынбас, тұлғалық өмірін болса). Студенттердің алғаш философиямен танысуы философиялық текстерден бастау алады және осындағы текстерді оку барысында туындалатын, «неге солай?», «неліктен мен осылай түсіндім?» сияқты сұрақтар – жеке адамның философиялық тұжырымдамаларының орныға бастаған нүктесі десе болады. Философия – жұрт алдындағы сана және бұл сананы айтып бітүге болмайды, ол дауысталынған сана деп түсіндіреді – Мамардашвили. Философ, жазушылармен драматургтарға қарағанда қорғансыз жан. Мысалы Шекспир – бұл менім емес, Гамлеттің сөздері деп құтылса, философ әрдайым өзі үшін жауап береді – сондықтанда Мамардашвили, философияға «жұрт алдында дауысталынған сана» деген анықтама берген.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Р.Рорти. Историография философии: четыре жанра. – В кн.: И.Джохадзе. Неопрагматизм Ричарда Рорти. М.: УРСС, 2001. С. 180–198. 0,8 п.л.
2. Вопросы философии.- 1994.- №6 / Р.Рорти «Философия и будущее». 1976.
3. [Обзор книг и статей Р.Рорти, изданных на русском языке с 1990 по 1999 годы //](#)  
[«История философии», № 5. – М., 2000. С. 276–286. 0,5 п.л.](#)
4. Карл Поппер. Все люди – философы // <http://evolkov.net/PopperK/index.html>
5. Берtrand Рассел «Что такое философия?» интервью 1959ж.  
<http://www.gramotey.com/books/126908668.htm>
6. Мераб Мамардашвили «Философия и личность» <http://lib.rin.ru/doc/i/15856p.html>

**Омарханов Ф. Е., Бертаев Ж С.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«мәдениеттану» бөлімінің  
магистранттары**

## **МУЗЕЙГЕ МӘДЕНИ - САЯСАТ ТҮРҒЫСЫНАН САЛЫСТАРМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

Қазақ қоғамының идеологиялық, мәдени және әлеуметтік-экономикалық байланысы мәдени саясатқа өзінің таңбасын қалдырды. Мемлекет саясатының бірден-бір басым бағыты ашық әлеуметтік және демократиялық мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа кіру мақсатында, Қазақстан мәдени қызмет пен мәдени құндылыққа тепе-тең мүмкіншіліктен қол жеткізуді қамтамасыз етуді ресми мәлімдеуде. Әлеуметтік-құқықтық салада реформаторлық қызмет барысында мәдени саясаткерлер енді ғана бірінші, айтарлықтай қарапайым нәтижелерді көре бастауда. Дегенмен, олар бір қатар институционалды, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық және мәдени тосқауылдармен соқтығысып қалуда. Жалпы алғанда, әлеуметтік мемлекеттің жүйелік көрінісі әлі дайын емес. Соңдықтан бүгін үлттық мәдени саясат мәселесі осы жүйелік көріністің маңызды элементі ретінде ерекше көкейкесті және мұқият тұжырымдамалық жұмыс істеуді талап етеді.

Мәдени саясаттың үлттық тұжырымдамасын құрастыру алдымен (1) осы қоғамда қабылданған саяси идеологияға және (2) мәдениет үрдістерінің табиғаты жайлы билеуші түсініктерден, олардың қоғам дамуына әсері, мемлекет үшін мәдениет мәселелерін шешу басымдылығы, оның мәдениетті жасаушы субъекттермен және жалпы қоғаммен өзара міндеттемелеріне тәуелді [1].

Сонымен «мәдени саясат» түсінігін нақтыладап көрейік. Осы терминге алғашқы анықтамалардың бірі 1967 жылы Монакода ЮНЕСКО-ның дөнгелек устелінде берілген болатын. «Мәдениет саласындағы саясат- бастапқы түсініктер» баяндамасында мәдениет саласындағы саясат жайлы «операциональды принциптер кешені, мәдениет саласындағы мемлекет қызметінің негізін қамтамасыз ететін әкімшілік және қаржы түріндегі қызметтер мен рәсімдер» түсіну шешілді. Бұл мәтінді жузеге асыруды мәдениет саласындағы саясаткерлер «нақты мәдени мақсаттарға жетуге бағытталған қоғамдағы саналы және ойланған іс-әрекеттердің (немесе іс-әрекеттердің жоқтығы) бүкіл соммасы, осымен дәл осы уақытта қоғам иеленетін барлық физикалық және рухани ресурстарды онтайлы қолдану» ретінде түсінеді. Мәдениет саласындағы саясатты жасаудың алғышартты- мәдениет дамуының бағыттарының басымдылығы жайында ресми, творчествалық және қоғамдық күштердің арасындағы келісімге жету [2].

Соңғы 20 жыл ішінде Қазақстанда, басқа ТМД елдеріндегідей барлық салаларда жаһандық өзгерістер болды. Адам құндылықтарының жаңа үлгісі мен межесін қалыптастыру, олардың қызметінің уәжін өзгерту, әлеуметтік селкостық пен қате түсініктерді енсеру проблемалары саяси және экономикалық жаңғыртудан да қын мақсатқа айналды. Мұнымен

сәйкес материалдық аспект ретінде – өмір сүру деңгейін көтеру негізгі және қажетті мәселе бола отырып посткеңестік елдерде, сонымен қатар Қазақстанда екінші деңгейлік мақсат ретінде қалып қойды. Бұл жағдай адамдардың санасында құндылықтар жүйесі мен өмірлік мақсатты асыра сілтеушілікті қайта қараумен ере жүрді. «Құндылықтарды орнату тексерісі» қоғамдық құрылышқа тәуелсіз адам мен мемлекетке қажетті түсініктердің бар екендігі жайлы ой туғызыды және бұл құндылықтардың қатарына сапалы білімнің жататындығын жеткізді. Сапалы білімнің негізгі белгісі тұлғаны еңбек базарында шынайы бәсекеге қабілетті ете алатын оның мазмұны, әлемдік мәдени мұраны жете түсінуі болып табылады. Бұгінде информацыйлық технологиялар мен қазіргі өркениеттің жаһандық проблемалары бірінші кезекте тұрған кезде «қазіргі мәдениеттің өкілі – жоғарғы деңгейде ойлаушы, терең және кең көлемде білімді, мәдени плорализмге ашық тұлға» екендігі түсінікті. Сондай-ақ бұгінде тұлғаның мәдени білімі маңызды.

Қазірде музейлер білім беруші қызметтің негізгі рөлдерінің бірін атқарып, өркениетті қоғамда әлеуметтік институт ретінде өз орны мен міндетін тауып отыр. Бұл жерде «музей» терминіне аз-кем тоқталып өтсек. Музей, мұражай (грек. museum – мұза сарайы) – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Сондай-ақ, музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насиҳаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарып, ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін, ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді [3]. Олар тек мәдени мұраларды сақтаушы және таратушы орталық қана емес, сонымен қатар қоғамдық өмірдің белсенді элементіне айналды. Алыс шет елдер үшін музейлер міндетінің қоғамдық үлгісінің ауысуы өткен ғасырдың 60-80 жылдарында болды. Ал, КСРО ыдырағанынан кейін тәуелсіздігін алған мемлекеттер үшін – 90-шы жылдарды құрайды. Сол кезден бастап постәлеуметтік мемлекеттер оның білім беруші функциясын дамыту қажет екендігін түсініп, осы бағытта жұмыс жасауды бастады. 1990 жылы М.Б. Гнедовский «музейден» (немесе жалпы «мәдениеттен») біліми қызмет алу педагогтар үшін де перспективті екендігін айтты. Қазақстанда музей терминің қазіргі түсінігіндегі мәдени-біліми қызметтің тек 2000 жылдары ғана назар аударыла бастады [4].

Осы кезенде білім мен қоғамдық институттардың әр түрлі аймагының өзектілігіне мүмкіндік жасайтын тарихи және мәдени орта өзгеріске ұшырады. Орталық Азияда «ғасырлар бойы қалыптасқан діл – бұл этникалық (мұсылмандық дәстүрмен байланысты), ... және бұл аймақ тұрғындарының 80%-ы осындай жағдайда өмір сүреді». Қазақстан Республикасы – «қайтадан» тарихы мен мәдениетін тауып, идеологиясы мен ұлттық танымын қалыптастырған жас мемлекет. Әсіресе, ұлттық идеяны нығайту маңызды болды [5].

Қазақтар жас буын өкілдерінің ұлттық рухын нығайту жолдарын белсенді түрде іздестіру үстінде. «Бұгінде ұлттық мәдениет пен дәстүр өте маңызды, ал көптеген адамдар үшін олардың түйсігіндегі жеке сәйкестік пен мәдени қажеттілік анықтаушы компонент». Бұл мәселені шешудің дәстүрлі жолдарының бірі өз халқымыздың тарихына назар аудару болып табылады. Себебі, дәстүрді сақтауды «қоғамды бір ортаға шоғырландыратын, азаматтық ынтымақтастықты нығайтатын, өткенмен байланыс жасау және ұлттық өзіндік танымы ерекше үлес салмаққа ие тарихы мен мәдениетіне айрықша мән берілу» ретінде түсінеді [6].

Қазақстан тарихына деген қызығушылық 1990-шы жылдардан бастап күрт жоғарылады. Елімізге келуші туристердің азаюуына байланысты музейлер өздерінің көрермендерін жоғалтып, жаңа көрермендер – оқушыларды тапты. Мұғалімдер өз шәкірттерін оқулықтар мен қосымша әдебиеттердің жетіспейтіндігінен көрнекі және шынайы ақпарат алу үшін тарихи мәні бар музейлерге алып келді.

Келушілердің санының қайта артуына байланысты музейлер жаңа жұмыс формаларын ойлап табудың қажеттілігін жоғалтты. Дегенмен, жасөспірімдер айрықша көңіл аударуды талап ететін келушілердің бір тобы. Оларды музейге әкелу жақсы музейлік қызметкерсіз мемлекет,

ата-ана мен мұғалімдер күткен нәтижеге қол жеткізе алмайды және бұл жағдай оның музейге соңғы рет келуі немесе өмірінде жалғыз рет келуі болып қалуы, елінің патриот ұландарын тәрбиелеуде музейлердің рөлін текке кетіруі бек мүмкін.

2010 жылдың қараша айында Қытайда халықаралық музейлер кеңесінің жалпы конференциясында З мыңдан астам музей қызметкерлері жиналды. Осы конференцияда Ресей мемлекеті өз тараپынан музейге жасөспірімдерді қалай тарту керектігі жайлы проект ұсынды. Шынында қазірде жасөспірімдерді музейге тарту өте курделі мәселелердің бірі болып табылады. Техниканың қатты дамығандығының арқасында музейлер жасөспірімдерді қызықтырудан қалды. Енді осы проблеманы шешу үшін жасөспірімдер музейіне көп көңіл аударуымыз қажет.

Қазірде дүниежүзінде 400-ден астам жасөспірімдер музейі бар. Әр қайсысы әр түрлі. Мысалы: «Музей открытий», «Пожалуйста, трогайте!», «Эксплориум» және т.б. Ең алғашкы жасөспірімдер музейі 1899 жылы Америка жерінде Бруклинде қалыптасты. Мамандардың пайымдауынша жасөспірімдер музейі XX ғасырдың басында АҚШ-та халықтық білім жүйесінің құлдырауының әсерінен пайда болған. Бүгінде жасөспірімдер музейі «ойын аландары» мен «қызықты оқиғалар мен қыдыру орындарына» айналды [7].

Бұл үрдіс КСРО-да өткен ғасырдың 30-шы жылдарында қолға алына бастады. 1990-шы жылдары Ресейде үлкен дәстүрлі музейлердің жанынан жасөспірімдер орталықтары ашила бастады. Мысалға алатын болсақ, Владимир-Суз达尔 қорығының жасөспірімдер орталығы, Саяси тарих музейі жанындағы жасөспірімдер тарихи музейі. Ең бірінші ресми бекітілген жасөспірімдер музейі 1993 жылы Ноябрь қаласында ашылды [сонда].

Осы жасөспірімдер музейі мен жасөспірімдерге арналған музей проектілері Қазақстанның мәдени - ағартушылық бағыттағы дамуының алғышарттары болып табылады.

Ендігі кезекте, кішкене тарихқа көз жүгіртпіп, Қазақстан музейлерінің өсу қарқыны мәселесі төңірегінде әңгіме өрбітсек. Қазақстанда 1917 жылға дейін тек 3 қана музей болған. 1927 жылы – 6, 1937 жылы – 19, 1939 жылы – 25, 1970 жылы – 29 музейлер болса, 1981 жылы олардың саны 81-ге жетті. 1995 жылдан бастап 2,3 есеге көбейе бастады. 1995-2000 жылдар арасында бірқалыпты қүй кешіп, 88 музей жұмыс жасап тұрды. Ал, 2001 жылдан бастап орташа есеппен бір жылда 10,1%-ға өсті, сөйтіп 2009 жылдың басында музейлердің саны 198-ге жетті. Олардың негізгі көп бөлігі Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында бой көтерген [8].

### **Қазақстан Республикасының музейлері**

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>1990</b>	<b>1995</b>	<b>2000</b>	<b>2005</b>	<b>2008</b>
Музейлердің саны	96	87	147	187	198
Келушілер, мың адам	2661,0	2500,0	3181,4	3525,4	4595,5

Дегенмен, бұл бізге жеткілікті ме? 1997 жылғы дерек бойынша Испанияның ең артта қалған облысының өзінде – 150 музей бар. Оның ішінде бір ұлттық музей. Мұндай тарихи облыстардың саны – 17, сонда бүкіл Испания жерінде – 2550 музей бар екен. Бұл тек осыдан он бес жыл бұрынғы мәлімет екендігін есепке алатын болсақ, онда қазірде Испания музейлерінің саны қанша екендігін ойлаудың өзі бізге ауыр. Ал, Италияда 3000-нан астам музейлер жұмыс жасайды. Сонда Италияның 57 млн халқына бөліп шаққанда әрбір 19 мың италяндықтарға бір музейден келеді екен. Жер көлемі шағын ғана Польшаның өзінде 700-ден астам, ал көрші Ресей Федерациясында 2468 музей халыққа қызмет жасауда. Бұл мәліметтерге қарап-ақ, біздің кең байтақ жерімізде мәдениетімізді өзге шет мемлекеттерге паш етуші музейлер санының аз екендігін аңғаруға болады.

Келесі кезекте, музейлерге бір жылда қанша адам келетіндігіне назар аударсақ. Соңғы жылдары еліміздегі музейлер санының көбеюіне «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы көп септігін тигізді. 2008 жылы Республиканың музей қоры құнды жәдігерлермен толықтырылып, 1995 жылмен салыстырғанда екі есеге өсті, сөйтіп 2588,5 мың жәдігерді құрады. 1995 жылдан бері музейге келушілер саны бір жылға орта есеппен 7,3%-ға өсіп отырды. 2008 жылы музейге келушілердің саны 4595,5 мың адамға дейін жетті. Келушілерді ең көп қабылдайтын Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарының музейлері екен. 2008 жылы 854,8 мың (18,6%) және 779,8 мың (17%) адам тиісінше осы екі облыс музейлеріне келген [сонда].

Жоғарыдағы кестеге назар аударатын болсақ, онда 2008 жылғы статистика бойынша Қазақ жеріндегі 198 музейге 4,5 млн-нан астам адам келгенін байқаймыз. Ал, осы 2008 жылы бір ғана Лувр музейіне 8,5 млн адам келген екен. 1793 жылы ашылып, қорында 35 мыңға жуық әлемдік өнер туындылары мен атақты «Мона Лиза» портретінің бар екендігін есепке алатын болсақ, онда бұл еш таңқаларлық жағдай емес екендігіне көзіміз жетеді. Сондай-ақ, ай сайын жарық көретін «The Art Newspaper» журналының ресми мәліметіне сенетін болсақ, онда Париж музейінің жәдігерлерін тамашалауға 2011 жылы 8,8 млн адам келіпті. Келушілердің 66%-ын АҚШ, Бразилия, Италия, Австралия және Қытай елдерінен келген туристер құраған.

Вашингтон қаласында орын тепкен Смитсоновский институтының 50 мыңға жуық жәдігерлері бар Ұлттық авиация және космонавтика музейі (1976) мен 126 млн жәдігерлері бар Ұлттық жаратылыстану музейінің (1910) әр қайсысына 2010 жылы тиісінше 8,3 млн және 6,8 млн адам келген. АҚШ-тың бұл екі музейі әлемдегі ең көп келушілерді қабылдайтын музейлердің тізімінде тиісінше 2-ші және 3-ші орындарынды бөлісіп отыр. Және осы қалада жұмыс жасайтын Ұлттық Өнер Галереясына 4,8 млн адам келген. Сондай-ақ, Лондон қаласында орналасқан Британдық музейге 5,8 млн, «Тейт Модерн» музейіне (2000) 5 млн және Ұлттық галерея музейіне 4,9 млн, Нью-Йорк қаласындағы Метрополитен музейі мен Америкалық тарихи музейге (1869) 5 млн-нан, ал Римдегі Ватикан музейіне 4,7 млн адам келген. Ал, 2009 жылға статистика бойынша Азия аумағында ең көп келушілерді қабылдаған музей – Корей Ұлттық музейі. Бұл музейге 2 млн. 730 мың 204 адам келіп, әлемдік тізім бойынша 9-шы орынға табан тірепті. Осы тізімде 12-ші орынға жайғасқан Тайвань Мемлекеттік Сарай музейіне 2,57 млн, 14-ші орындағы Токио Мемлекеттік музейіне 2,27 млн адам келген. Бұл жерде бүкіл Қазақстан музейлерімен басқа елдердің бір ғана музейлерін салыстырғанымызды тағы да естерінізге сала кетейік.

Қорыта келе, еліміздің мәдени саласында әлі де қолға алыну керек болатын көптеген мәселелер бар екендігін айтқымыз келеді. Жоғарыда айтқанымыздай, мәдени туризмді дамыту үшін өз тарихымызға көніл аударуымыз қажет. Біздің тарихымыз бізге танымал болуға мүмкіндік беріп отыр. Себебі, бізде тарихи орындар өте көп. Дегенмен, сол тарихи орындарды соңғы технологиямен жарактандырсақ қана және мұны мәдени-саясат тұрғысынан үрдіс ретінде өскелен үрпаққа дұрыс жеткізе білсек қана ұтамыз.

#### **Колданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Флиер А. Я. Культурология для культурологов.— М.: Академический проект, 2000. -С. 25-30.
2. Востряков Л.Е.. Культурная политика: концепции, понятия, модели. –М, 2010. –С. 3-15.
3. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы.– Алматы, 2004. 6 Т.
4. Коссова И.М. Музей, образование, культура. Тенденции и перспективы на рубеже тысячелетий // Музей. Образование. Культура. Процессы интеграции. –М, 1999. –С. 1.
5. Абикеева Г. Кинематограф Центральной Азии и культурная политика региона: тенденции и перспективы// Культурная политика в Центральной Азии в переходный период (сборник материалов конференции «Культурная политика в Центральной Азии: практика и перспективы»)/ Сост. Ю. Маркович, А. Сабитов. – Алматы, 2003. –С. 33.

6. О'Коннор Джастин. Культурное разнообразие, развитие и глобализация// Новые форматы партнёрства/ Серия. Культурные стратегии: Экспертный клуб. –Вып. 1/ Ин-т культурной политики. –М., 2004. –С. 125.

7. Романова Н.М., Дмитриев В.А. Музей как инструмент воспитания толерантности в современном обществе// Современная историография и проблемы содержания исторических экспозиций музеев. По материалам «Круглого стола», состоявшегося 18 мая 2001 г. в Орле. – М., 2002. –С. 59.

8. Республика Казахстан II. Социально-экономическое развитие. -Алматы, 2010. –С. 38-41.

*Бидайбеков Е.Ы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
профессоры, физ.-м. г. к., пед. г. д.,  
Нышанбаева К.У.  
магистрант*

## **ИНФОРМАТИКА МЕН ФИЗИКА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ МУМКІНДІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында “Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шеберлігін шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау: оқытудың жана технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу”- деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді.[1]

Қазіргі таңда оқыту үдерісінде пәнаралық байланыстардың маңызы өте зор. Пәнаралық байланыстар жеке пәндердің ішіндегі жекелеген түсініктерді қалыптастыруға зор ықпалын тигізді. Яғни, бір пәнде оқыту барысында менгерілуі қын пәнаралық түсініктерді толық игеруге мүмкіндік береді. Бұл мәселенің ең негізгі дидактикалық міндеті – оқыту үдерісінің білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты қүшайте отырып, білім сапасын көтеру болып табылады. Пәнаралық байланыстың алдына қоятын мақсаты сан алуан. Бірі пәнаралық байланыс бойынша білімнің теориялық негізін қүшайтуді көздесе, екіншісі, пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруды, үшіншісі осы мәселе негізінде оқушылардың практикалық дағдылары мен шеберліктерін дамытуды тағы басқа сол сияқты түрлі- түрлі мақсаттарды көздейді. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың оқу-танымдық қызметі мен оқытушының оқыту қызметінің өзара байланысын қүшайту мәселесі де қарастырылуы мүмкін [7].

Оқытуда пәнаралық байланыс мәселесін жүзеге асыру арқылы білім беру үдерісінің пәндік құрылымына сүйене отырып, оқушы санасында қоршаған ортадағы нақты құбылыстар жөнінде білім жүйелерін беру, олардың дүниенің біртұтастығы туралы ұғымын қалыптастыру мақсаттары жүзеге асады.

Ғылым дамуының қазіргі кезеңі ғылымдардың бір-біріне өзара енуімен сипатталады, әсіресе физика, математика және информатиканың басқа салаларға енуі. Оқу пәндерінің арасындағы байланыс ол ең алдымен жеке ғылымдардың арасындағы байланыс, ғылымның техникамен байланысы, адамдардың практикалық іс-әрекетінің байланысы. Сонымен қатар, оқу пәндері арасындағы байланыс оқытудың дидактикалық принциптерімен, мектептің тәрбие міндеттерімен, оқытудың өмірмен байланысы арқылы, оқушыларды практикалық іс-әрекетке даярлаумен анықталады [10].

Оқытудағы пәнаралық байланыстар бүгінгі күні ғылым мен қоғам өмірінде болып жатқан интеграциялық үдерістердің нақты көрінісі болып табылады. Бұл байланыстар оқушылардың практикалық және ғылыми-теориялық дайындығын көтеруде үлкен рөл атқарады. Пәнаралық байланыстарды қолдану оқушыларға табиғат құбылыстары және олардың арасындағы байланыстар туралы түсінік беріп, олардың белгілі бір пәндерді оқу барысында алған білім мен біліктіліктерін басқа пәндерді оқу үдерісінде қолдануға мүмкіндік береді. Көпқырлы пәнаралық байланыстар көмегімен оқушыларды жаңа деңгейде сапалы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешіліп қана қоймай, сонымен қатар шынайы өмірдің қындықтарын кешенді шешу іргесі қаланады. Сондықтан пәнаралық байланыстар оқушыларды оқыту және тәрбиелеудің маңызды шарттары мен нәтижесі болып табылады. Бұл мәселесінің ауқымы өте кең және көп салалы. Бұл мәселе төңірегінде кейінгі жылдары көптеген ғалымдар мен әдіскерлер зерттеу жұмыстарын жүргізіп, құнды-құнды енбектер шығарды. Пәнаралық байланыс педагогика ғылымының көкейкесті мәселесі ретінде Қазақстанда, ТМД және шетел ғалымдарының енбектерінде зерттеліп келеді. ТМД көлемінде В.В.Гузеев, Э.Ф.Зеер, М.В.Кларин, Г.К.Селевко, С.Я.Батышев, А.П.Беляева, Б.С.Гершунский, Н.И.Думченко, А.А.Кирсанов, И.Д.Ключков, М.И.Махмутов, И.Т.Сенченко, Н.С.Антонов, И.Ф.Борисенко, И.Д.Зверев, Д.М.Кирюшкин, К.П.Королева, П.Г.Кулагин, И.Я.Лернер, Н.А.Лошкарева, В.Н.Максимова, В.Н.Федорова т.б., Қазақстанда А.А.Бейсенбаева, Қ.А.Аймағамбетова, Ә.Мұханбетжанова, Ә.Түркменбаев, Р.Г.Лемберг, М.Ә.Құдайқұлов, Р.М.Қоянбаев, Т.С.Сабыров, Д.С.Байгожанова, О.В.Будникова, Н.А.Оразханова, Г.К.Шолпанқұлова және өзге де ғалымдардың енбектерінің зерттеу нысаны болып табылады [12].

Пәнаралық байланыс туралы ғылыми әдебиеттерде 30-дан астам анықтамалар берілген. Мәселен, педагогикалық сөздікте: «пәнаралық байланыс оқу бағадарламаларының өзара үйлесімділігі» деп анықталған. Осы арада мектептің оқу-тәрбие үдерісін пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастыру, ғылымдар жүйесін бір арнаға тоғыстыру, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің бірлігі, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Ал мектеп тәжірибесінде пәнаралық байланысты жүзеге асыруда мұғалімдер біршама қындықтарға кездесіп отырғаны белгілі. Атап айтқанда оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру, жеке пәндер арасындағы ортақ ұғымдар мен занылдықтарды бір-бірімен өзара байланыстыру, оқушылардың танымдық, ізденушілік қабілеттерін, іс-әрекеттерін дамыту, алған білімдерін жинақтау, тәжірибеде қолдана білуге үйрету және тағы басқа мәселелер дидактикалық түрғыдан шешуді қажет етеді [11]. Пәнаралық байланыстардың бір пайдалы жағы ол бүкіл оқыту үдерісін, бір мектептің барлық жұмысын бір жолға салуға, барлық мұғалімдерге бірыңғай талаптар қоюға және әр түрлі пәндерде ортақ мұддені шешүге жұмылдырады. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың жолдары мынандай: Әрбір жеке пәнді оқыту барысында, оның басқа пәндерді оқыту үдерісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу; Түрлі пәндерді оқып - үйренуде өтілетін материалдарды уақыт жағынан үйлестіріп отыру. Жалпы теориялық білім алуды және практикалық іскерліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру. Оқушыларға (білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру барысында) бірдей талап қою. Оқушыларды бір пәнді оқу барысында алған білім, білік пен дағдыларын пайдалана білуге әдептегендіру. Әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақ ерекшеліктерін көрсете білу. Әр түрлі пәндерде оқылатын құбылыстардың өзара байланысын ашып, дұрыс дидактикалық дүниетаным қалыптастыру.

Пәнаралық байланыстар оқу үдерісіндегі ғылым аралық байланыстар ретінде қарастырылуы керек. Ғылым аралық өзара әрекеттесудің көп түрлілігіне қарамастан, оның жалпы үш бағытын бөліп көрсетуге болады:

- 1) Бір нысанды әртүрлі ғылымдармен кешенді оқыту.
- 2) Бір ғылымның әдістерін басқа ғылымдардағы әртүрлі нысандарды оқытуда қолдану.

3) Эр түрлі ғылымдардың теориялары мен зандарын әртүрлі нысандарды оқытуда қолдану [2].

Қазіргі кезде оқушылардың бойында дербес емес жалпылама біліктіліктерді қалыптастыру қажеттілігі туып отыр. Бұл біліктіліктер белгілі бір пәнді оқу үдерісінде қалыптасып, оқушылармен басқа пәндерді менгеруде және практикалық іс-әрекетте еркін қолданылады.

Оқу тақырыптарының ашылуына қажетті және маңызды пәнаралық байланыстарды анықтау және жүзеге асыру:

а) оқу тақырыптардың пәнаралық байланыстарын анықтауда субъективті көзқарастың болуын төмендетеді.

ә) ғылымдардың алдыңғы қатарлы идеяларын ашуда үлкен рөл атқаратын оқу пәндерінің негізгі аспектілеріне мұғалімдер мен оқушылардың зейінін аудартады.

б) пәнаралық байланыстарды орнату жұмыстарын ұйымдастыруды кезең бойынша іске асырады. Яғни, танымдық тапсырмаларды құрделендіру, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің және шығармашылық белсенділігінің аумағын көңіту, пәнаралық байланыстарды іске асыруда дидактикалық құралдарды қолдану.

в) үйлесімді бірлікте әртүрлі оқу пәндері құралдарының көмегімен оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастырады.

г) мұғалімдер мен оқушылар арасында шығармашылық бірлігін жүзеге асырады.[3]

Қазіргі ғылымның барлық салалары өзара тығыз байланысты. Пәнаралық байланыс оқушылардың ғылым негіздерін жан-жақты және терең менгерілуінің дидактикалық шарты және құралы болып табылады. Пәнаралық байланыстарды белгілеу терең білім алуға ғылыми түсініктер мен занылықтардың қалыптасуына, оқу-тәрбие үдерісінің жетілдірілуіне, ғылыми көзқарастың қалыптасуына, материалдық әлемнің бірлігі жөнінді түсінік алуға, табиғат пен қоғамдағы құбылыстардың өзара байланысын білуге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру оқушылардың білімдерін жүйелеуге, яғни білімдерінің берік және терең болуын қамтамасыз етеді, оқушылары дүниенің жалпы көрінісін көруге көмектеседі. Сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеу белсенділігі жоғарылайды, әртүрлі пәндерден алынған білімдерді, біліктік пен дағдыларды терең қолдану мүмкіндігі пайда болады. Қазіргі кезде білімнің интеграциялануын қамтамасыз ету, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұластай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті негізгі мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған орай, мектеп информатика курсын информатика мен физика пәнаралық байланысы негізінде оқыту, атап айтқанда информатика курсы бойынша оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру, информатика мен физика арасындағы ортақ ұғымдардың, занылықтардың бір-бірімен өзара байланысын қарастыру, оқушылардың танымдық, ізденушілік қабілеттерін, іс-әрекеттерін дамыту, алған білімдерін жинақтау, тәжірибеде қолдана білуге үрету және т.б. мәселелер ғылыми-әдістемелік түрғыдан шешуді қажет етеді.

Физика жаратылыстану ғылымдарының ішінде техникаға, өндірісті автоматтандыру мен компьютерлендіруге ең жақын ғылым екендігі белгілі. Физика пәні жастарды білім құштарлығына тәрбиелеуде, талант-қабілетін ашып дамытуда ерекше орын алады.[9]

Іргетасы физика болып табылатын есептеу техникасы физиканы оқытуда есептеуді жылдамдататын құрал ретінде ғана емес, физикалық үдерістер мен құбылыстарды математикалық модельдеу құралы ретінде, абстрактілік-логикалық жағы пәндік-бейнелік жағымен үйлескен көрнекі құрал ретінде, демонстрациялық эксперимент пен зертханалық жұмыстардың нәтижелерін математикалық өндеу, оқушылардың білімін бақылау мен өзін-өзі бақылау құралы ретінде де кеңінен қолданыс табады. Есептеу техникасымен жұмыс кезінде оқушылардың алгоритмдік ойлауы қалыптасады: өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды, құбылыстардың үлгілерін құрады. Бағдарламалауға оқыту логикалық қабілетті дамытады,

бақылау мен өзін-өзі бақылауға саналы көзқарас қалыптастырады, оқушыларды көптеген әрекет түрлеріне тән және жалпы ойлау мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайтын жиынтық білім-дағдыларымен қаруландырады.

Физикалық үдерістер мен құбылыстарды модельдеу бағыты оку үдерісін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады. Әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамыта білуде оның ролі ерекше. Классикалық физикалық экспериментті компьютерде модельдеу әдісін қолданып, құбылыстар мен эксперименттік нәтижелерді өңдеумен үйлестіру қажет [6].

Модельдеу информатика мұғаліміне сабакта физикалық ұғымдардың мағынасын теренірек ашуға, оқушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстар мен үдерістерді зерттеу әдістерін толық түсіндіруге, оқушыларға білім беру жүйесі мен ғылыми – зерттеу әдістері арасындағы тығыз байланыстардан хабардар етуге мүмкіндік береді [5].

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. “Білім туралы заң” №35-36 (18249) 3 наурыз 2007ж.
2. Кулагин П.Г. Межпредметные связи в обучении. - М.: Просвещение, 1983.
3. Беленький Г.И. Межпредметные связи // Совершенствование содержания образования в школе.- М.: Педагогика, 1985.- С.253-271.
4. Извоздиков В.А, Ревунов А.Д “Электронно-вычислительная техника на уроках физики в средней школе” Библиотека учителя. Москва. Просвещение. 1988г.
5. Құдайқұлов М, Жаңабергенов М “Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі”. Алматы. “Рауан”. 1998ж.
6. Косов В.Н, Красиков С.А “Компьютерное моделирование на уроках физики”. Алматы. 2001г.
7. “Математика-физика ” журналы. 2009ж.N5. 2010ж. N2.
8. Сарманов Е.С. “Компьютерлік оқыту құралдарын пайдалану арқылы мектептегі физикалық экспериментті жетілдіру”. Автореферат. 2002ж.
9. [www.phys.web.ru](http://www.phys.web.ru) сайты.
10. [www.iiorao.ru](http://www.iiorao.ru) сайты. Иванова Д.С.
11. [/referat/show/903](http://referat/show/903) сайты.
12. Жуkenova Сайлаухан Сатыбалдиевна, автореферат. Алматы, 2010ж.

**Бидайбеков Е.Ы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
профессоры, физ.-м. г. к., пед. г. д.,  
Саттыбаева С.Ж.  
магистрант**

### **ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ЖЕКЕ ТҮЛІГАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ЖАЙЫНДА**

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп қазіргі білім саласына артылатын салмақты көрсетіп берді [1]. Осыған

байланысты білім берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты - барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан-жақты жетілген, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қажеттіжеке тұлғаны қалыптастыру.

Жеке тұлғаның қалыптасуы- үздіксіз күрделі үрдіс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасты, еркі, өзіндік әрекет жасай алғатын қабілеті бар екенін ескеріп, балалар мен жастардың білімге ғылымға ықыласын арттыру, олардың ақыл- ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу қажет.

Білім берудің жаңа жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуде. Бұл педагогика теориясы мен оқу - тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Ол бұрын пәнге бағытталған түрде жүргізілсе, енді жеке тұлғаға бағытталған түрде жүргізілетін болады. Бұл – қоғамдағы өзгерістерге байланысты туындаған объективті үрдіс. Бұрынғы оқыту технологиялары оқушылардың жалпы оқуға деген ұмтылыстары мен біліктіліктерін қалыптастыруға бағытталған еді. Онда оқытылатын пәннің өзі оқыту мақсаты тәрізді болатын да, ал оқушы- соған жету құралы болып саналатын. Осының салдарынан көптеген оқушыларда оқуға деген он көзқарас қалыптаспағанын айта кеткен жөн [2,3].

Жаңа парадигмаға сай оқу үрдісінің орталығында оқушының қажеттіліктері, қабілеті, мүмкіншіліктері тұрады. Оқушы мұғаліммен қатар оқу әрекетінің субъектісі ретінде танылады, ал мұғалім - ұйымдастырушы, кеңесші, әріпtes болып табылады, яғни оқушы іс-әрекетінің педагогикалық көмекшісі болып табылады.

Әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет деп атап көрсеткеніндей инновациялық әдіс - тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты. Тұлғаға бағытталған оқыту – бұл педагогикалық қызметтегі методологиялық бағдар, ол өзара байланысты түсініктер, идеялар мен тәсілдер арқылы өзіндік тануын, өзін - өзі қалыптасуын және бала тұлғасының қабілеттерінің жүзеге асуын, оның қайталанбас даралығының дамуын қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғаға бағыттап оқыту дегеніміз оқушының қажеттіліктерін, ерекшеліктерін, іс әрекетін ескеретін, жан жақты, яғни интеллектуалды ойлау қабілетін, өз бетінше шешім қабылдай алатын, шығармашылық қабілетін дамытатын тұлғаны қалыптастыру.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту - бұл жеке тұлғаның белсенділігіне жету. Барлық оқу үрдісін белсенділендіру жоспарында ең маңыздысы практикалық сабактарда берілген мүмкіндіктерді барынша қолдану. Жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту оқушыға ғылым негіздерін үйретіп қана қоймай, әр оқушының бейімділігін анықтап, тұлғалық негізіне қарай білім беруі тиіс. Ол баланың табиғи қабілетін зерттеу арқылы оны болашақ мамандығына сәйкестендіру [5].

Жеке тұлғаға бағыттап оқытуда білім алушының жеке басы бірінші орында тұрады. Әрбір адам тұлға бола отырып, бір жағынан жеке тұлға, екінші жағынан әлеуметтіктилік тұлға, яғни әлеуметтік маңызды сипаттарды қамтушы болып табылады.

Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың мүмкіншіліктері келесідей:

- оқушымен жеке жұмыс;
- оқушы тұлғасын тану және қадірлеу;
- қабілеттеріне қарай топтарға бөлінген балаларды оқыту;
- балалармен ынтымақтастық;
- оқыту түрін, мазмұнын, формасын, таңдау мүмкіндігі;
- оқушылардың танымдық стратегиясын дамыту;
- оқыту үрдісінде балалардың тұлғалық тәжірбесін есепке алу;
- адамгершілік қасиеттерін дамыту,
- оқыту үрдісінде баланың өзіндік «менін» іздеуге көмектесу болып табылады.

И.С. Якиманскаяның ойы бойынша, оқушыны оку үрдісінің басты тұлғасы ретінде тану - бұл жеке тұлғаға бағыттап оқыту деп аталады. Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың моделін құру үшін келесі түсініктерді айыруды қажет деп есептейді [4]:

- тұрлі дәрежелі амал - тұрлі дәрежелі бағдарлама материалының қындығына бағытталған болуы тиіс;
- өзгешілі камал оқушылардың сыртқы ерекшелігі: білімі,
- қабілеті, білім беру орталығының типі бойынша бөлу;
- жекеше амал –оқушыларды бірінғай топ бойынша: үлгерімі,
- қабілеті, әлеуметтік-кәсіби ағымына қарай топтау;
- субъекті – жекелі амал - әрбір оқушымен жақын қарым қатынаста болу.

Осы түсініктерді қарастыра отырып, информатика пәні бойынша жеке тұлғаға бағытталған оқытудың мүмкіндіктері қандай? Соған тоқталайық.

Информатиканы оқытудың негізгі мақсаты-оқушыларды белсенді, әрі толыққанды өмірге және ақпараттық қоғам ортасындағы жұмысқа дайындау болып табылады. Бірақ мұндағы қоғамда ақпарат көлемінің өсуі практикалық әрекеттермен шындалып отыруы тиіс, мұнда оқытудың тек мәлімет беретін түсіндіру – көрсету технологиясымен шектелуге болмайды. Қазіргі жаңа ақпараттық қоғам тұрлі мәліметтермен жұмыс істеп, қойылған мақсатқа жету жолында алдыңғы қатарлы ақпараттық мәдениеті бар, яғни компьютерлік ақпараттық технологияларды, жаңа техникалық құралдар мен тәсілдерді пайдаланатын мамандарды керек етеді. Бұл кезеңде кез келген жеке тұлға өз қызметінің нәтижелерін ойдағыдай болуына көп көңіл бөлуі тиіс. Сондықтанда информатиканы оқытудағы жеке тұлғағабағытталған оқыту былай тұжырымдалған [7]:

- оқушыны оку үрдісінің негізгі субъектісі ретінде мойындау;
- оқушының жеке ерекшеліктерінің жобалану, даму мақсаттарын анықтау;
- оқушының субъектілік тәжірибесін құруды аша отырып қойылған мақсатты жүзеге асыруды қамтамассыз ететін құралдарды анықтау;
- оқушының информатикаға деген қызығушылығының жоғарылауы;
- тұрақты дамып отырған технологияларға байланысты қажетті техникалық және программалық қамтамассыз етүмен оку үрдісін жинақтау;
- оқушының тұлғасын зерттеген кезде компьютерлік технологияларды қолдану;
- қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар базасы негізінде оку үрдісін жаңарту және т.б.

Информатикада жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру құрамына ғылыми және мета білімдерді қосатын білімді өндеуді талап етеді (тәнімнің әдістемелері мен амалдары). Ең маңыздысы болып оку үрдісінің қатысушыларының өзара арнайы формаларын өндеу болып табылады.

Информатика сабакында тұлғаға-бағытталған оқыту модельдерін жүзеге асыру үшін не қажет?

Біріншіден – информатиканың білім беру үрдісін оқыту мен тәрбиелеуді біріктіру ретінде емес, оқыту мен тәрбие бір болатын қабілеттің құрылуы, тұлғаның дамуы ретінде қабылдау қажет.

Екіншіден – білім беру үрдісінің негізгі қатысушыларының: басқарушылар, ұстаздар, оқушылар, ата-аналар өзара қарым қатынас сипатымен көрсету.

Үшіншіден – білім беру үрдісінің әсерлілік критерийлерін анықтау. Білім беру терминдері және оку үрдісі мағынасына қарай бірдей емес.

Информатикада тұлғаға-бағытталған оқытуды өндеудің негізгі принципі оқушының өзіндік қасиетін мойындау, оның дамуына қажетті және жеткілікті шарттарды құру болып табылады.

Жекелік қасиет өз өмірін субъекті ретінде дамытуда жүзеге асыратын әр адамның қайталаңбас өзгешелігі қарастырылады. Бұл өзгешелік кез келген адамның психикалық,

анатомо-физиологиялық ұйымдастыруын қамтамассыз ететін әр түрлі факторлардың әсері кезінде қалыптасатын психикалық қасиеттерінің жиынтығымен анықталады. Жекелік – адам ерекшеліктерінің жалпыланған сипаттамасы, оның тұрақты көрінісі қызметтің жеке стилін тұлғалық білім беру ретінде анықтайды.

Информатиканы оқытуда жекелікті ескеру әрбір оқушының барынша даму мүмкіндігінің ашылуын, даму жағдайының пайда болуын білдіреді. Бірақ әрбір оқушымен жеке жұмыс жасау үшін тұтас білім беру әдісін басқаша құру керек болады.

Информатикада жеке тұлғағабағытталған оқытудың дидактикалық қамтамасыз етудің негізгі қажеттіліктері келесідей:

- оқу материалы информатиканы оқытудағы тәжірибелі қоса отырып оқушының тәжірибесінің мазмұнын көрсетуді қамтамассыз ету керек;
- оқулықтағы білімді түсіндіру оның көлемін кеңейтуге, құрылымдауға, интегралдауға, пәндік мазмұнды жалпылауға ғана емес, сонымен, әрбір оқушының тәжірибесін түрлендіруге бағытталған;
- оқыту кезінде оқушының тәжірибесінің берілетін білімнің ғылыми мазмұнымен әрдайым сәйкес келуі қажет болды;
- оқушының білім беру қызметіне белсенді қалыптасуы оған өз бетімен жаңаруға, дамуға, білімді игерген кезде өз-өзін көрсете білуге мүмкіндігін қамтамассыз ету керек;
- оқу материалы оқушы тапсырманы орындаған кезде, мәселені шешкен кезде таңдау мүмкіндігі болатында ұйымдастырылуы керек;
- қатысушыларды өз бетімен таңдауға және оқу материалын өндеу әдістері үшін маңызды болатындарды қолдануға үйрету;
- оқу іс-әрекеттерін орындау амалдары жөнінде білімді енгізген кезде тұлғалық дамудағы олардың функцияларын ескере отырып оқу материалының жалпы логикалық және ерекше пәндік амалдарын ерекшелу қажет;
- нәтиженің ғана бақылауымен бағасын қамтамассыз етпеуі керек, сонымен, ең бірінші үйрену үрдісін, яғни, оқушы оқу материалын игере отырып трансформацияны жүзеге асыру керек;
- білім беру үрдісі құрылуды, жүзеге асуды, рефлексияны, оқу бағасын субъективті қызмет ретінде қамтамассыз етуі керек. Ол үшін оқу бірліктерін, олардың сипатталуын, жеке жұмыста ұстазбен пайдаланылуын ерекшелу қажет.

Информатикада тұлғага бағытталған оқытуды технологияландыру оқу мазмұнын арнайы құрылымдауды, дидактикалық материалды, оны қолданудағы әдістемелік нұсқауларды, оқу диалогының типтерін, білімді игерген кезде оқушының тұлғалық дамуын бақылау формасын ұсынады.

Информатиканы қазіргі жағдайда ақпараттық коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдаланбай оқыту мүмкін емес. Бұл жағдайда жеке тұлғаға бағытталған оқытуда ақпараттық дидактикалық ұстанымдар келесідей:

- жеке тұлғаның өзін бағалау ұстанымы;
- оқушының белгілі бір белсенді субъект ретінде танып білу ұстанымы;
- оқушының әлеуметтік ұстанымы;
- субъективтік тәжірибедегі оқушының танымдық ұстанымы;
- оқушының жекеленген психофизиологиялық ерекшелік ұстанымы;
- оқушының жеке тұлағалық коммуникативтік дамушылық ұстанымы.

Тұлғааралық оқушылардың бір-бірімен қарыс-қатынасы, сондай-ақ оқытушымен қарым-қатынасты орнату қазіргі заманғы ақпараттық телекоммуникациялық технология құралдары көмегімен жүзеге асырылады. Бұл құралдарды пайдалану жеке іс -әрекет арқылы жүргізілуі тиіс. Ең айқын және маңызды қарым-қатынас тұлғаның ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы телеконференциялардың ғылыми түрғыда жобаланған түрде ұйымдастырылуы тиіс [6].

Сонымен жоғарғыда келтірілген ұстанымдар мен тұжырымдар информатиканы жеке тұлғаға бағытталған оқытудың оның ішінде мектеп информатикасын оқытудың зор мүмкіндіктерінің бар екендігін көрсетеді. Сондықтанда осылардың негізінде информатиканы жеке тұлғаға бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін жасап, іске асыру бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселе.

#### **Колданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2006ж.
2. Ақитбаев Е.Т «Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары» 2006ж
3. Мұсабеков Ә. Тұлғаға бағытталған білім. Қазақстанмектебі. 2007/1.
4. Якиманская И.С. Технология личностно – ориентированного образования. – Москва: Издательство «Сентябрь», 2000. -175 с.
5. Баширова Ж. Р. Личностно-ориентированное образование преподователя высшей школы в университете. Білім. 2006, №5 (29)
6. Алдияров К.Т., Бидайбеков Е.Ы. «Дидактические принципы личностно-ориентированного обучения в условиях использования информационных и телекоммуникационных технологий» - Вестник МГПУ. Серия «Информатика и информатизация образования» №2(22) 2011 г
7. Сурхаев М. А.Использование информационных технологий для активизации познавательной деятельности учащихся на уроках информатики в общеобразовательной школе: диссертация кандидата педагогических наук: 13.00.02. Москва 2004

*Бияздықова К.Ә.  
филос.г.к., оқытушы  
Нарымбаев Қ.,  
«мәдениеттану» мамандығының  
3 курс студенті,  
әл-Фарabi атындағы ҚазҰУ*

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ЖӘНЕ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ**

Ислам – адам баласына айналадағы жанды-жансыз барлық жаратылысқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарап, оларды занды жолдармен және белгіленген мөлшерде пайдалануға тәрбиелейтін дін. Демек ол тек адамдар арасындағы емес, бүкіл жаратылыс арасындағы ғажайып үйлесілімділік пен үндестік негізінде құрылған.

Еліміз өз тәуелсіздіге қол жеткізіп Ислам діні – халықтың рухани- әлеуметтік әлеуеті, мәдени мұралары, салт-санасы, әдет-ғұрыптары кемелденіп, есіп-өркендереп келеді. Бақытқа жол ашамыз деген талай идеологиялар тоқырауға ұшырап жатқанда, Ислам діні жаңа ізденістерге жол ашып, жыл өткен сайын әлемді баурап бара жатқаны баршамызға аян. Өйткені Ислам діні адам баласын үнемі тазалыққа, адалдыққа тәрбиелейді.

Қазақстандағы ислам дінінің дамуы төңірегендегі басты мәселе қатарында тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда барлық дін өкілдерінің енуі, соның ішінде дәстүрлі емес діндер де бар және Қазақстандық жастардың шетелдік діни оқу орындарына білім алуға кетуі және ауыскан көзқарастары барысында елге қайтадан қайтып келуі жастардың бірегейлігінің өзгеруіне тікелей әсер етті.

Жастардың ислам дініне бірден келуі себептері неде? Ислам діні Қазақстанда әлі қалыптаса алмаған ұлттық идеологияның орнына болды ма? Өйткені ислам кейбір деңгейде жастардың ұлттық бірегейлігі және ұлттық идеясының анықталуына өз әсерін тигізді. Жастар өзінің дәстүрлі тамырларын қалпына келтіру үшін руханилық іздеуге тырысқан. Осы жағдаймен тиімді түрде деструктивті діни ұйымдар және исламның ортодоксалды мектептері әсер етті. Осы жағдай барысындағы өзгерістердің орын алуына және ең әсер еткіш күш ретінде жастарды атауға болады.

Қазақстан жастарының ислам діні мәселесіне қатысты келесідей ерекшеліктерді көрсетуге болады:

- Қазақстан жастарының дәстүрлі емес және деструктивті күштердің әсеріндегі ислам дінінде болуы;
- Мемлекеттің дінге деген лоялды саясатының басым болуы және діни ұйымдарды құруда шетелдік азаматтардың басым болуы ең алдымен олар жастарды тартуы;
- Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жеткілікті дамымауы олардың тез бейімділігін арттыруды;
- Сыртқы күштердің әсерінің байқалуы, ең алдымен шетелде діни білім алған жастардың елімізге исламның дәстүрлі емес бағыттарын бағыттады;

Жастардың арасындағы ислам дінінің таралуы олардың ең алдымен оң сипаттағы өзгерістерді бақылауға болады. Ең алдымен бұл рухани мәдениет көрсеткіштерімен анықталынады. Жастардың ислам дінін қабылдауы жалпы дұрыс сипатта, алайда жастар ең алдымен толыққанды көзқарастары әлі түгел қалыптастып ұлгерменек екендігі жайлы ескеруіміз қажет. Сол себепті Қазақстан жастарының ислам дінінің оң бағытын қалыптасуы мен пікірлерінің қалыптасуы біз үшін аса маңызды. Осылай есептей отырып, Қазақстан жастарының ислам дініндегі рухани тәрбиесінің жоғарылғын және білім берудің өскендігінің көрінісі деп алдымызға болады. Барлық діндер секілді, ислам діні де түсінушілік пен төзімділікке, бауырмашылдық пен қайырымдылыққа жалпы адамгершілік мәселелеріне баса назар аударылады. Ең басты мәселе жастардың адасып кетпеуінде, яғни олардың басқа дұрыс емес бағыттағы және зансыз болып табылатын діни ұйымдар қатарына еніп кетпеу басты мәселелер қатарына жатқызуға болады. Сол мақсатта келесідей шараларды орындау қажет:

- Жастарға діни сауат ашуда оң сипаттағы мойындалған ислам діні жайлы оқыту, ата-ана және мектеп бала-бақшада діни білім беруді сапалық түрде болуын қадағалау;
- Баспасөз құралдары, ең алдымен телеарналарда діндердің, ислам діні арқылы руханилыққа және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына тәрбиелеу;
- Жастар тарапына үнемі түрде дәстүрлі емес діни ұйымдардан болатын зардаптарды олардан келетін қауіптерді ашық түрде көрсету;
- Жастардың ислам діні арқылы оларға пайдалы қырлары басым екендігін уағыз-насихаттау жұмыстарын жүргізу.

Қазіргі танда мемлекет дін істеріне араласа отырып, дінге қатысты мемлекеттік саясат пайда болды. Батыстық, ең алдымен АҚШ мемлекеттері ислам дінімен терроризм және экстремизмді байланыстырады және оны насиҳаттайды, біз оның олардың кері піғылдағы амалы екендігін көреміз. Қазақстан жастары ислам дінін терроризммен байланыстыру және соған қатысты етіп көрсете амалдары қарастырмайды. Алайда ислам дінінің ондай мазмұнда емес екендігін көрсете ең басты жұмыстардың бірі болып табылады. Қазақстанда жастардың әлеуметтік-экономикалық мәселелері шешілмеген және үкіметке әлеуметтік наразылығы бар топтың радикалды бағыттағы ислам дініне еніп кетуін байқауға болады, себебі ондай жағдайдағы яғни әлеуметтік жағдайды шиленіскең, мемлекет олардың мәселелерін шеше алмаған жағдайда белсенді түрдегі үгіт-насихат жұмыстары арқылы олардың бірден осы бағыттағы дінге кірісін байқай отырамыз. Осы уақыттан бастап жастардың осындай ерекше қындығы туғызатын өзгешелік сипатта орын алғандығын және өзектілік сипатын жоғары көрсетіп отыр.

Осыған дейін Қазақстанда өз алдына жеке діни орталық болмаған. Азаматтарымыз естіп-білмеген неше түрлі ағымдар етегінде жүрді. Көптеген қандас бауырларымыз, жастарымыз небір жат ағымдардың сонынан ерді. Әрине, бұл көріністің әліге дейін өз жалғасын тауып жатқаны қынжылтады. Сонымен қатар 2002 жылы Алматы қаласында имамдар білімін жетілдіретін Ислам институттары ашылды. Бұл оқу орнында дін қызметкерлері білімдерін жетілдіреді. 2007-2008 жылдары Шымкент, Астана, Орал қалалары мен Шамалған ауылында мәдреселер ашылды. Куантарлық жағдай қазіргі жастарымыздың білімге деген құштарлығы күннен күнге арттырып, сауаттарын ашуда. Айта кететін бір жайт, мысал ретінде Нұр-Мұбарак мешітіне жұма күні немесе басқа күндері жастарымыздың ағылып барып жатқанын көреміз. Онда жастарымыз қүнде кешкісін 1сағат немесе 2 сағат иманнан дәріс алап, өздерінің көкейіндегі сұрақтарымен бөліседі. Бұлда болсын қазақ жастарының деген Исламға деген қозқарастарының біршама жоғарылағанын байқаймыз. Жүргегінде иманы терең бойлаған азаматтарымыздың да күн өткен сайын көбейіп келе жатқаны көңіл қуантады. Жер-жерлердегі мешіттердегі жұма намаздарына қатысуышы жастарымыздың көбейіп жатқаны да мемлекеттілігіміздің рухани түркіядағы дамуына, қылмыс атаулыдан жастардың қашықтай түсіне өзіндік деңгейде белгілі бір әсері болатындығы сөзсіз. Бүгінгі күннің жастары дінге бет бұрып жатқаны имандылықтың жоғарылатындығының көрсеткіші екені анық.

Сонымен қатар, идеологиялық шетелдік миссионерлік теріс ағым өкілдері әрекет жасап жатқаны да белгілі. Сол себепті қаймағы бұзылмаған халқымызды жалған діндер мен секталар өздерінің теріс жолдарына тартып, араға жік салып жатыр. Елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауда, жастарды имандылық пен рухани тәлім-тәрбие беруде діннің ықпалы ерекше.

Қазақстандағы діни жағдайға шолу жасасақ, шынымен де дінге адамдардың жартысынан көбі біреудің айтқан ақылымен болмаса үгіттеуімен келген. Қай діннің немесе діни секталардың сөзі яғни үгіттеуі өтсе сол дінге адам көп барады екен. Қазіргі қазақ жастары топ-топ болып басқа дінді қабылдап, өздері ғана қабылдап қоймай, үйді-үйлерімізге кеп, өздері уағыздан жүрген дінге өтуге үгіттеп жүргендегі аз ба? Дінтанушылар мен психология мамандар жаңа діни құрылымдардағы жұмыс негізінен жастарға бағытталған деген тұжырым айтады. Яғни алғаш келген жасөспірім бүкіл топтың назарында болады. Қазіргі таңда жастарымыздың санасына әсер ететін дәстүрден тыс діни қозғалыстар көбейіп, қоғамда көп өзгерістер болып жатқаны белгілі.

Жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде өзіндік, соның ішінде рухани сипаттағы ерекшеліктерге ие. Көшілік өмірдің рухани негіздерін іздеу, өмір сұрудің мән-мағынасы туралы сұрақтарға жауап іздеу жолында дінге келеді. «Қазақстан Республикасындағы жастар ортасында дәстүрлі емес діни үйымдардың тарапты» тақырыбында ғылыми жобаны орындаушылар тарапынан «Жастар және Қазақстандағы дәстүрлі емес діндер» атты әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Саяулға Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент, Петропавл, Семей және Ақтөбе қалаларында 1495 адам қатысты. Зерттеушілер әлеуметтік саяулға еліміздің барлық төр аймағын қамтуға тырысты. Зерттеу студенттердің 83,3% өздерін дінге сенушілер қатарына қосатындығын, күмәнданушылар мен дінін анықтамағандар – 7,3%, сенбейтіндер мен атеистар – 7,6% құрайтындығын аныктады. Сенушілердің ішінен 75,1% ислам дінін ұстанушылар, бұл жерде респонденттердің 75,4% қазақтарды құрайды; 14,8 % респондент православтық сенімді ұстанушылар, бұл жерде саяулға қатысқандардың ішінде орыстар 17,4% құрайды. 0,5% респондент өзінің діни сенімі туралы сұраққа жауап беруден бас тартты. «Сонғы кездері біз қандай да бір діннің тереңіне бойламай, діндердің ізгілігіне, шынайылығы мен жалпыға ортақ басқа да қырларына дендеп енбей жатып діндарлықтың сөнге айналғанын көріп отырмыз. Адамдарды қандай да бір дінді қабылдауға мәжбурлеуге болмайды. Сондықтан жастарға ерекше назар аудару қажет», – деп Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясында сөйлеген сөзінде айтып өтті.

Сырттай қарасаңыз, Қазақстанда діни түсініктер мен татулыққа арналған шаралардың бүкіл әлемге ықпалы айтарлықтай септігін тигізбейтін сияқты. Бұл күндері әлемнің барлық түкпір-түкпірінде дінаралық, ұлтаралық қақтығыстар болып жатса, оларға Қазақстандағы түсінік тату, бейбіт өмірде болмақ десекте, Қазақстанның жауапты органдарының, Ұлттық қауіпсіздік органдарының мәліметтеріне сүйенсек, діни саяси экстремизм және фанатизм елімізде де бар болып отыр. Ал олардың өкілдері 81 хизбуттахиршілдер мен «Мұсылман бауырлар» ассоциациясы болып табылады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Сындарлы он жыл» атты кітабында бұл жөнінде былай делінген: «Фундаменталисттер мен экстремистердің» мақсаты – Қазақстанның мұсылман халқы. Осы орайда Қазақстанда үш мыңдан астам діни топтардың, 40-тан аса діни мәзхабтардың бұйрығымен «Терроризммен құрес жүргізу ұйымы» атты ұйым ұйымдастырылды.

Соңғы кездері елімізде дін жолында жүрген мамандар жастарымыздың үйіне, яғни университет, колледж, мектеп-интернаттарына барып өздерінің ойларымен бөлісүде. Солардың бір көрінісі 2012 жылдың ақпан айында жастармен жүздескен болатын. Қостанай облыстық Марал ишан мешітінің қызметкерлері Дархан Сыздықов пен Бақытжан Нұрсайтов облыс орталығында бірқатар оқу орындарында еліміздің ертеңі болып табылатын жастармен жүздесіп, сұхбаттасты. Осы арада дін жолында жүрген қос білікті маманың Ахмет Байтұрсынов атындағы мемлекеттік университетіндегі, Қостанай педагогикалық, қазіргі заманғы көп салалы колледждерде, Үбірай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттағы басқосуларына «Ислам экстремизм мен лаңқестікке қарсы», «Мәуліт мерекесі қандай мереке?», «Жастар тәрбиесіндегі Ислам дінінің рөлі » деген тақырыптар арқау болды.

Жастар – еліміздің тірегі. Жастардың жағдайын ойлай отырып мемлекеттің тікелей болашағы қалыптасуының басты шарты ретінде айта аламыз. Қазақстан жастарының ислам діні арқылы оң өзгерістерді қабылдауы және олардың рухани мәдениетінің дамуы тікелей біздің қалыптасып отырған қоғамдық өміріміздің басты шарттарының бірі сол себептен ислам дінін насиҳаттау мен уағыздауда оң өзгерістерді қабылдауымыз және пайдалануымыз қажет, тек осындай бағытта жұмыс атқару барысында біздің қоғамымыз бен мемлекетіміз гүлденген және дамыған оң өзгерістерге толы болатыны анық. Қазақстанда жастардың өрлеуі үшін ең алдымен дұрыс бағытталға ислам діні және мемекетіміздің дұрыс оң саясаты қажет, тек осы бағытта жылжи отырып, біз өзімізге аса қажет байланыстылықты қамтамасыз етуімізге болады деуге толықтай атауға болады. Ислам дінінің гүлденуі мемлекет өміріміздің басты сипаты және қажеттісі. Жастардың осы мәселеле бойынша өздерінің оң бағытта дұрыс тандауын қамтамасыз етуі қажет екендігі дұрыс деп анықтаймыз.

### **Колданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Егемен Қазақстан 7 қазан 2009 ж., 2 б.
2. Н.Ә. Назарбаев Сындарлы он жыл 2001 ж.
3. Ислам және өркениет, 21-29 ақпан 2012ж., 14 б.

**Воронкова Н.  
КазНУ им. аль-Фараби,  
магистрант 1 курса  
специальности  
“Социальная педагогика и самопознания”  
Научный руководитель:  
к.пед.н., доцент Касен Г.А**

## **ПРОЦЕДУРА УЧЕТА РЕПРЕЗЕНТАТИВНЫХ СИСТЕМ ЛИЧНОСТИ В ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОЦИАЛЬНОГО ПЕДАГОГА.**

Современное образование - своеобразный билет в будущее. Каждый ребенок, как записано в статье 28 «Конвенции о правах ребенка» [1], имеет право на образование. Согласно Конституции Республики Казахстан, каждый гражданин Казахстана имеет право на жизнь, свободу слова, свободу творчества, на бесплатное среднее образование (2,3). Международное сообщество в настоящее время ставит задачу: дать каждому ребенку не просто образование, а качественное образование, гарантирующее в дальнейшем качественную жизнь [4]. В связи с этим возникает необходимость разработки таких технологий обучения, которые позволили бы каждому ученику достичь успеха в овладении основами наук и искусств, жизненными навыками. А это, в свою очередь, требует полного использования в системе образования достижений психологической науки. Одной из теорий, позволяющих повысить эффективность образовательных технологий, является нейро-лингвистическое программирование (НЛП). В настоящее время имеется проблема внедрения достижений НЛП в практику образовательных учреждений. Стремление принять посильное участие в решении данной проблемы и определило выбор темы данного исследования: «Процедура учета репрезентативных систем в профилактической деятельности социального педагога.».

Проблема влияния репрезентативных систем на практическую деятельность человека рассматривается в работах Р.Бендлера и Д.Гриндера «Структура магии(5); Б.Льюиса и Ф.Пуселик «Магия нейро-лингвистического программирования»(6); М.Люшера «Сигналы личности»(7); В.Макдоналда «Руководство по субмодальностям»(8); Дж.ОКоннора «Введение в НЛП»(9); в монографии «Трансформация личности: нейро-лингвистическое программирование» (анализ и комментарии Кзензюк О.)(10); в работе Бэтти Ли Ливер «Обучение всего класса»(11).

В работах данных исследователей НЛП (нейролингвистическое программирование) представляет собою специфический подход воздействия на человека с целью оказания влияния на его психику, а следовательно и на поведение. «Нейро» означает тот факт, что наведенное в результате воздействия поведение является следствием нервно-психологических процессов, а «лингвистическое» — то, что эти процессы управляются словом. Что же касается «программирования», то оно предполагает четкую организацию управлеченческих воздействий на объект влияния. Эта четкость относится и к «считыванию» информации с объекта путем оценки его речевого дыхания, голосовых проявлений и движения глаз.

Таким образом, можно утверждать, что человек узнает о мире и ориентируется в его изменениях при помощи сенсорных каналов, через которые в психику поступает информация. В этой связи в НЛП выделяют 3 информационные системы: ведущую (ввод информации), предпочтаемую (представление информации в сознании) и референтную (оценка информации в сознании). Системы восприятия, кодирования, хранения и выдачи информации – известны как репрезентативные системы. Они разделяются на визуальные (зрительные), Аудиальные (слуховые) и кенестетические (кенестетические ощущения) системы. Все три репрезентативные системы используются постоянно и определяют какой тип информации человеку легче воспринимать.

Репрезентативные системы не являются взаимоисключающими. Можно визуализировать сцену, иметь ассоциированные с ней ощущения и одновременно слышать звуки, хотя может оказаться трудным обращать внимание на все три системы в одно и тоже время. Некоторая часть мыслительного процесса все же остается неосознаваемой.

У каждого человека есть своя излюбленная репрезентативная система, которую он использует чаще других, она называется предпочтаемая или первичная. Знание предпочтаемой репрезентативной системы позволит учителю и социальному педагогу лучше понимать ученика и быстрее устанавливать с ним доверительные отношения.

Например: два человека для которых главным является визуальный канал, легче находят общий язык, чем любой из них в разговоре с человеком опирающимся на кинестетику. Точно также 2 человека со слуховым предпочтением скорее всего окажутся хорошими слушателями и обладая сходным темпом и прочими характеристиками речи смогут без труда установить взаимный контакт.


Эти данные специалисты-педагоги получили из теории и практики НЛП - исследований в области Нейро-Лингвистического программирования, которое родилось относительно недавно.

По данным исследования, проведенного в 2003 году среди третьих и четвертых классов лингвистической гимназии, было выявлено, что при несовпадении систем восприятия учителя и учащихся у учеников было значительное снижение в оценках, что в свою очередь может явиться фактором попадания их в «группу риска». Группой риска называется группа учащихся, чей стиль обучения не совпадает со стилем преподавания учителя. Рассмотрим степень риска вышеназванных стилей.

Было проведено исследование в классах, где учитель, ведущий основные предметы, имеет аудиальную репрезентативную систему, и получили следующие данные об успеваемости:

Есть ли связь между уровнем успеваемости и репрезентативной системой учащихся? Чтобы приблизиться к ответу на данный вопрос, представим данные в графическом виде (Графики 1 и 2).


**График 1.** Уровень успеваемости учащихся обследованного класса (средний балл по итоговым оценкам за третью четверть 2003/2004 учебного года)




На данных графиках в первом ряду представлен уровень успеваемости аудиалов, во втором ряду - визуалов, в третьем - кинестетиков. Графики показывают, что 4 ученика, имеющие самые низкие показатели успеваемости (они же - имеющие средний балл ниже 4) - это учащиеся группы риска: их репрезентативная система не совпадает с репрезентативной системой учителя.

Рассмотрим средний уровень успеваемости представителей трех разных репрезентативных систем по разным предметам (График 2).

**График 2.** Уровень успеваемости учащихся обследованного класса по изучаемым ими дисциплинам (средний балл по итоговым оценкам за третью четверть 2003/2004 учебного года)



**График 3.** Уровень успеваемости (средний балл по итоговым оценкам за вторую четверть 2004/05 уч.г.) учащихся разных модальностей обследованного класса (4 «б» класс гимназии №4 г. Алматы) в разрезе изучаемых дисциплин.



Графики показывают, что почти по всем предметам представители репрезентативной системы, к которой относится и ведущий учитель класса, имеют более высокие показатели успеваемости. Только по музыке (2 график) их обгоняют кинестетики.

Особенно сильно и невыгодно отличаются оценки кинестетиков по математике и русскому языку.

Полученные данные ставят проблему педагогического обеспечения социальной справедливости к детям, имеющим различия со своим учителем в области восприятия, кодирования, хранения и выдачи информации. В современной школе проблемами обеспечения социальной справедливости к детям занимается социальный педагог, в компетенции которого входят помочь учащемуся в процессе его социализации, а также деятельность, направленная на организацию воспитательной среды. В своих трудах Е.Н. Сорочинская выделяет следующие виды профессиональной деятельности социального педагога(12):

- научно-методическая,
- социально-педагогическая,

- воспитательная,
- профилактическая,
- коррекционно-развивающая,
- управленческая.

Социальному педагогу, необходимо обучать учителей азам НЛП в форме интенсивных семинаров-тренингов, значительная часть времени на которых отводится практическим упражнениям и отработке поведенческих навыков для преодоления возникновения «группы риска» среди учащихся.

Вопросами профилактической деятельности социального педагога с применением социально-педагогических методик и технологий занимаются исследователи Василькова Ю.В. «Методика и опыт работы социального педагога»(13); М. А. Галагузовой, Л. В. Мардахаева «Методика и технологии работы социального педагога»(14); Никитина Н.И. «Методика и технологии работы социального педагога»(15); Мустаева Ф.А. «Основы социальной педагогики»(16); а также в трудах отечественных исследователей Н. Э. Пфейфер, Е. И. Бурдина, С. К. Ксембаева «Общая и социальная педагогика»(17).

В работах данных исследователей отмечается особая роль профилактической работы по раннему выявлению и преодолению диссоциализации личности ребенка в условиях современной школы. Ведь именно современное образование – своеобразный билет в будущее стало быть образовательный успех должен и может быть достигнут каждым учеником, что будет способствовать успешной социализации личности.

На сегодняшний день, фундаментом образования является владение знаниями умениями и навыками, значит, возникает необходимость разработки таких технологий, которые позволили бы сделать это наиболее успешно. Те учащиеся, которые успешны в учебной деятельности реже имеют различные отклонения в поведении. Именно поэтому социальный педагог должен работать на опережение и двигаться в направлении поиска профилактических методов работы, ориентированных на учет индивидуальных особенностей личности, т. е. методов, которые бы не усредняли учеников, не подгоняли их под общепринятую планку образца, а наоборот, как можно максимальнее развивали бы индивидуальные особенности каждого, способствующие благоприятной социализации. Одной из таких технологий является НЛП.

В заключении приведем алгоритмы, с помощью которых социальному педагогу и учителю предметнику можно предсказать факторы риска для каждого из учащихся и достаточно успешно обучать весь класс.

1. Определить стили обучения учащегося.
2. Определить, кто не соответствует стилю большинства.
3. Определить стиль преподавания учителя и отметить случаи конфликта со стилями обучения учащегося.
4. Определить методы включения учащихся группы риска в учебный процесс посредством:

- адаптации заданий внутри класса
- выполнения творческие работы в малых группах
- предоставления возможности выбора заданий
- индивидуализации домашних заданий
- консультирования учащихся

Предлагаем уже испробованные стратегии НЛП в формировании позитивного мышления.

1. Создайте дневник успехов, в котором дети смогут записывать и зарисовывать свои успехи и победы.
2. Учите детей запоминать таблицы, деля их на части и блоки, следите, чтобы дети, вспоминая, правильно калибровали взгляд.

3. Выясните с помощью творческих работ, какой «язык любви» предпочитает ребенок: похвалу, подарки, прикосновения.
4. Учите родителей и детей делиться информацией вербально.
5. Читайте на уроке вслух, пусть дети слушают и смотрят на вас, делитесь впечатлениями о прочитанном.

**Список использованной литературы:**

1. Конвенция о правах ребенка 1989 г.
2. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г.
3. Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года О правах ребенка в Республике Казахстан.
4. Всеобщей декларацией прав человека 1948г.
5. Ричард Бендлер, Джон Гриндер. Структура магии в 2 - х томах. СПБ, 1993.
6. Ф.Пуселик, Б.Льюис. Магия нейролингвистического программирования без тайн. – СПб: Изд. "Петербург-XXI век", 1995 – 176 с.
7. М.Люшер. Сигналы личности. – Воронеж: НПО "МОДЭК", 1995 – 176 с.
8. Бэндлер Р., Макдональд У. «Руководство по субмодальностям». — СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2004. — 128 с.
9. О'Коннор Дж., Сеймор Дж. «Введение в нейролингвистическое программирование», Челябинск, 1997.
10. «Трансформация личности: нейролингвистическое программирование», анализ и комментарии - Ксендзюк О., Одесса, 1995.
11. Бэтти Лу Ливер, «Обучение всего класса», М., 1995.
12. Рабочая папка социального педагога/ Под ред. Е.Н. Сорочинской, 3-е изд. исправ. и перераб. – Ростов – на - Дону, 2008 г.
13. Василькова Ю.В. Методика и опыт работы социального педагога: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб.заведений. - М., Издательский центр «Академия», 2001. - 160 с.
14. Методика и технологии работы социального педагога: Учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений / Б. Н. Алмазов, М. А. Беляева, Н. Н. Бессонова и др.; Под ред. М. А. Галагузовой, Л. В. Мардахаева. — М.: Издательский центр «Академия», 2002. — 192 с.
15. Никитина Н.И. Методика и технология работы социального педагога : учеб. пособие для студентов пед. училищ и колледжей, обучающихся по специальности «Соц. педагогика» /Н.И. Никитина, М.Ф. Глухова. - М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2007. — 399 с.
16. Мустаева Ф.А. Основы социальной педагогики: Учебник для студентов высших педагогических учебных заведений – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Академический проект, 2001. – 416 с.
17. Пфейфер Н. Э., Бурдина Е. И., Ксембаева С. К. Общая и социальная педагогика: учебно-методическое пособие для магистрантов и студентов педагогических специальностей и специальности «Социальная работа» Н. Э. Пфейфер, Е. И. Бурдина, С. К. Ксембаева – Павлодар :Кереку, 2010. – 99 с.

## **ҚАЛАЛЫҚ СОЦИУМДАҒЫ АДАМ БОЛМЫСЫ**

Қала – адам тұрағының жаңа формасы болып қана қоймай, адамзат мәдениетінің даму дәрежесінің көрсеткіші, жетістігі. Себебі, (батыстық көзқарас бойынша) алғашқы адам физикалық түрғыда тірі қалуы үшін жабайы табиғатпен күресіп, оны зерттеп, игергеннен кейін, өзіне керектіні өз қолымен жасай алатын жағдайға жеткенде өзін табиғаттың қожасы санады, жеткен жетістігім, мәдениет деп бағалады. Тұратын үйін, қаласын өз қолымен өзіне ынғайластырып, өз қалауынша әсемдеп, белгілі бір жүйеге, стандартқа келтіріп, жасап алды. Бірақ, ол адам қолымен жасалғандықтан, онда бәрі жасанды. Қазіргі заманғы қалада адамның өмір сүруі барынша женілдетіліп, күнделікті қарапайым қажеттіліктерін қанағаттандыру: биологиялық қажеттіліктері, және ақпарат алмасу, қатынас, байланыс, яғни коммуникация, көңіл көтеру т.б қажеттіліктерімен қамтамасыз ету өте жоғары деңгейде және сапасы күннен күнге жаңарап, даму үстінде. Адамның бақытты өмір сүруіне бүкіл жағдайлар жасалып жатқанымен қазіргі дамыған халқы көп үлкен қалалардың да кері қырлары мен проблемалары бар. Әсіреле Жан Бодрийяр, Георг Зиммель және Освалд Шпенглер сияқты батыстық ғалымдардың шығармаларынан көреміз.

Георг Зиммель «Үлкен қалалар және рухани өмір» деген еңбегінде қазіргі заманғы өмір сүру жағдайы, соның ішінде қалалық өмір адамға өзіндік ерекшелігін сактауға умтылуына, өзі үшін күресуіне итермелейді. Қазіргі адам өзін заң жүзінде т.б. формальді бостандықтарына сүйеніп өзін еркіті, еркін адам дегенімен, қоғам тарапынан болған қысымдардан, соның ішінде өмір техникасы мен ішкі мәдениетке тәуелді, сондықтан оған өзі үшін күресуге тұра келеді дейді. Шағын қалалар мен ауылдарда қалыптасқан ақырын, үйреншікті, қалыпты ритмді рухани және ой еңбегіне, үлкен қалалардағы көшелелеріндегі күнделікті абыр-сабыр тірлік, қоғамдық және проффесионалды, шаруашылық өмірдің әр түрлілігі мен жоғары қарқындылығы кері болады. Үлкен қаладағы индивидтің психологиялық негізі сыртқы және ішкі әсерлердің ұдайы және өте жылдам өзгеріп отыруынан болатын жоғары күйгелектік өмірмен ерекшеленеді. Егер адамның таным қабілеті айырмашылықтарды қабылдауға негізделген болса, яғни, оның санасы басынан өткізіп жатқан әсерлер мен оған дейін алған әсерлерінің арасындағы айырмашылықты қабылдауға қозғыш келеді. Бірқалыпты, әдеттегі жағдайда, кішкене ғана айырмашылықтарымен өтетін және тек бір ғана қарама-қайшылықтарды көрсететін тұрақты әсер оқиғаны тез өзгерттетін бір моментті әсер шегінде күрт өзгеру, күтпеген жерден бұзылатын сезімге қарағанда сананға аз күш салады. Үлкен қаладағы өмірде сезімдік өмірдің интеллектуалдық харakterі басым болады, ал шағын қалалар мен ауылдарда сезімге негізделген қарым-қатынас орын алған. Адам санасы ішкі күштердің ішіндегі көп жағдайға ең илгіш ішкі күштердің бірі; сана-жанның ашық әрі саналы, жанның ең жоғарғы сферасында орналасқандықтан құбылыстардың қарама-қайшылығының ауысуына айыру үшін оған күйзелістер мен өзгерістерді керек етпейді, ал консервативті сезім болса осындаі күйзелістер мен өзгерітер арқылы ішкі құбылыстар ритмімен жылжи береді. Осындаі жағдайда үлкен қала түрғыны мындаған түрленімге ауысатын тип болады, сондықтан ол ішкі жағдайдағы қарама-қайшылықтар мен жағдай ағымынан өзіне төнген қауіпке қарсы қорғаныс құралын қалыптастырады, ол бұл жағдайларға сезіммен емес көп жағдайларда дамушы сана ішкі сезімдерге жетекшілік жасайтындықтан, ақылмен әсер етеді. Субъективті өмірдің үлкен қала зорлығынан қорғаны болып саналатын бұл саналылық кейір жағдайда қайтадан шиеленісіп отыратын жеке құбылыстарға тармақталады [3,16.].

Жан Бодрийяр «Қала және өшпенделік» деген еңбегінде француздық «Өшпенделік» филмін негізге алады. Фильмде үлкен қаланың шеткі аудандары мен аймақтарында орын алған тұрлі қылмыстар мен жағдайлар және бойларын «өшпенделік» пен «жек көрушілік» сезімдері буған сотқар жастар көрсетілген. Фильмдегі кейіпкерлердің бірінің «жек көрем» деп айтқан сезінен оның тек субъективті эмоциясы мен субъективті қалін емес, ол одан да ауқымды өшпенделіктің тууына қоқыс тасталтын жерге айналған қаланың шеткі аймақтарында және мәнсіз болады. Неліктен жастардың бойында (шын мәнінде басқа да адамдар болуы мүмкін) себепсіз ашуызының туып, қылмысқа итермелейтін нендей себеп және неге өркениеттің бүкіл жетістігі орын алған дамыған үлкен қалаларда, ең бастысы неліктен шеткі аудандарда мұндай қылмыстар көп болады деген сұрақ туындастырылады. Мұндай жағдайлар көп болатындықтан, біздің қоғамдағы жағдайлар мен проблемалар деп «Өшпенделік» сияқты кинолардың күнде түсіруге болатын еді. Айтылған бұл жағдайлардан тұтас қоғамдық өмірдің бір қырын, яғни халықтың көп шоғырлануынан және соған сәйкес қалдықтың көп өндірілуінен пайда болатын бүкіләлемдік қалдық проблемасы жайында болмақ. Егер зорлық-зомбылық қанау, қысым көрсету негізінде пайда болса, ал өшпенделік сезімі адамның мәні кетіп, адам ретінде құны қалмай қоқыс тасталатын жерге тасталса туады [4, 16.].

Қалдық ұғымын түрлендіріп және кеңейтіп қарастырып орынды болады. Үлкен қалаларда адамдар мен өндірістің тығыз шоғырлануынан пайда болған материялдық және көлемді қалдықтар түтеп келгенде әлемді глобальды масштапта идеалды программалау мен жасанды моделдеу, қызметтің орталықтандырылып және мамандандырылуына ұмтылу және осы әдісті бүкіл әлемге үлгі ету негізінде туындаған сапалық, адами, құрылымдық қалдықтар симтомы болып табылады.

Бәрінен ең қорқыныштысы жан-жағымыздан үйіліп қалған қалдықтар емес, адамдар, біз өзіміздің қалдыққа айналғанымыз қорқынышты. Айналамыздағы заттардың бәрі қалдық, қоқысқа, яғни, ешкімге керексіз, ешкім қалай құтыларын білмейтін, мәнсіз дүниеге айналды. Тау-тау болып үйіліп қалған өндірістік органикалық қалдықтар бүмен салыстырғанда түк емес. Жүріп өтіп артта қалған оқиғалар ғана емес болып жатқан қазіргі жағдайлар аяғына жетіп үлгермей жатып мәнін жоғалтады, ешкімге керексіз қалдыққа айналды. Бұл жердегі мәселенің мәнінде қазіргі нарықтық қоғамға байланысты адамдардың арасында өндірушілік және тұтынушылық байланыстың орнауы басты себеп. Көп жағдайда адам тұтынуды ғана білетін жансыз машина сияқты. Ол тек материялдық қажеттіліктерге ғана емес, рухани қажеттіліктерге де солай қарайды. Мәселен, бұл жағдайды орыстың социолог ғалымы Питирим Сорокин «Социомәдени динамика» деген еңбегінде жақсы ашып көрсетеді. П.Сорокин адамзат жүріп өткен тарихта жасаған мәдениеттерді үш типке бөліп қарастырады. Олар:

I. Идеоционалды мәдениет.

II. Идеалистік мәдениет.

III. Сезімдік мәдениет (қазіргі).

Мәдениеттің бірінші түрінде басты құндылық Құдай, ал негізгі тақырып жоғары сезімді Құдай патшалығы болғандықтан, мәдениеттің қай саласы болмасын олардың кейіпкерлері: Құдай, перштегілер, құнәлілер мен әулиелер, жан және тағы басқа әлемнің құпиялары болды. Негізгі мақсаты адамның көnlін көтеру немесе рахатқа бөлеу емес, адамды жаратушысымен жақындастыру. Стилі символды болып келеді. Яғни, оның негізгі мәні сыртқы түрінде емес, символ арқылы көрсетіп тұрған ішкі құндылығында. Ал, екінші мәдениет бірінші мен қазір тоқталаіын деп отырған үшінші мәдениеттің аралығы болып табылады, яғни екеуінің де элементтері кездеседі. Біз үшін маңыздысы осы үшінші – сезімдік мәдениет. Сезімдік мәдениет сезімді әмпирикалық әлемде өмір сүріп, дамиды. Негізгі тақырыптары реалды өмірдегі адамдар мен пейзаж, реалды жағдайлар мен оқиғалар. Ал жұмысшылар мен фермерлер, балалар, мұғалімдер және үйде отырған әйелдер типаждары оның қосымша персонаждарып болып табылады. Бұл мәдениеттің ең шарықтап дамыған кезінде кейіпкерлері де өзгеріске ұшырайды.

Осы кезде оның «жақсы көретін» «кейіпкерлері» - көше бұзақылары, адам өлтіргіш қылмыскерлер, жезекшелер, естері ауысқан есаландар, қарақышылар мен екі жүзді адамда т.б. солар сияқты субсоциалды типтер болады [3, 133б.]. Өйткені, мәдениеттің бұл түрінің басты мақсаты – адамдарға ой салу емес, олардың шаршаған нервтерін демалдыру және рахатқа батырып, көңілдерін көтеру болып табылады. Сондықтан, (ол мәдениетті жасаушы адамды мәдениет қайраткері немесе өнер адамы дегеннен көрі, оның жасаушысы, өндірушісі десек дұрыс болар) өндіруші өз тұтынушысын өзіне тарту үшін сенсациялы, сезімді, құмарлықта толы, көтерінкі сарынды, әрқашан жаңалықты іздел тұратын болады. Яғни өндірушінің басты мақсаты тұтынушының сұранысын қанағаттандырып, ақша табу болса, тұтынушы өзіне керек уақытта қажеттілігін қанағаттандыру. Одан кейін ол заттың тұтынушы үшін мәні жоғалады да мерзімі өткен тағам секілді керексіз болып, бағасы да арзандайды Ол діннен, моральдан және тағы басқа құндылыктардан ада, оның стилі – «мәдениет мәдениет үшін». Бұл мәдениет қазіргі кезде бұқаралық мәдениет деп аталып жүр. Көріп отырғанымыздай, бұл мәдениеттің ешқандай мәні немесе құндылығы жоқ болғандықтан ол тек уақытша қызмет етеді, оның мәні тек сол уақыттаған. Мерзімі бітіп, мәнісі жоғалғаннан кейін ол да «қалдық» болып қоқыс таставуышқа ысырылады.

Қала өмірі өндіруші мен тұтынушы арасындағы қатынасқа негізделгендейдіктен бұл жерде қала адамы үшін негізгі ұғым ақша және уақыт болып табылады. Яғни қала адамы үшін ақша мен уақыттың орны қандай деген сұраққа тоқталамыз. «Уақыт-акша», «уақыт капиталы», «тайм мендже́мент» деген ұғымдард тудырған отырықшы қалалық мәдениет. Уақытты капитал деп таныған тұлғалардың бірі – Оноре де Бальзак. Ол кісі айтқан: «Уақыт – ақыл-ой еңбегімен айналысқан адамдардың капиталы», - деп. Ал капитал дегеніміз – қосымша пайда әкелетін құн. Адамның ақыл-ойы, қажыр-қайраты, күш-жігері уақытқа сінсе, уақыт капиталданады. Ақыл-ойдың, қажыр-қайраттың, күш-жігердің уақытқа сінуі дегеніміз - адамның белгілі бір уақыт аясында болашағын қамдауға ұмтылып орындаған саналы әрекеті. Демек, уақыт капиталы - тиімді падаланылған уақыт. «Time» деген «уақыт», «management» деген сөздің «басқару» деген мағына беретіні рас, бірақ уақытты басқару логикаға келмейді. Адам ырқынаған көнетін нәрсеніған басқара алады, ал уақыт ырыққа көнбейді. Бірақ, уақытты ырыққа көндіре алмасақ та оны ұтымды пайдалана аламыз. Осыдан шығатын қорытынды: тайм мендже́мент – уақытты тиімді пайдалана білу болса, уақыт капиталы – тиімді жұмсалған уақыт. Уақыт капиталы тайм-менеджменттің нәтижесінде туады. Тайм-менеджмент неғұрлым дұрыс жүргізілсе, уақыт соғұрлым капиталданады. Яғни, біріншісі – әрекет, екіншісі – әрекет нәтижесі. Ал «Уақыт – Ақша» деген тіркесті ғылымиландырып, афоризм түрінде ғылымға ендірген – АҚШ-тың тұғырын бекітуші «әкесі» (АҚШ-тың Тәуелсіздік Декларациясына, АҚШ-тың Конституциясына және Версаль бейбітшілік келісіміне қолтаңбасын қойған тұлға ретінде), майшам мен сабын өндіріп сатып тіршілік еткен англиялық эмигранттың баласы – Бенджамин Франклін. Осы тақырыпта «Бай болуға ұмтылғандарға қажетті кеңестер» және «Байлыққа бастайтын жол» деген еңбектер қалдырған. Оnda қозғалған мәселелердің барлығы қаржыны үнемдеу, айналымға енгізу, ақшаны тек несиеге беру және т.б. Атышулы афоризмдерінің тағы бірі: «Егер үйіңе келіп мазанды алатын қонақтардан құтылғың келсе, онда оларға қарызға ақша бер», - дейді. 1928 жылдан бастап Бенджаминнің суреті 100 долларлық купюраға түсірілді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін доллар халықаралық валюта ретінде әлемге тарады. Доллар мен бірге «Уақыт – Ақша» цитаты да қатар жүрді. Уақыттың бұл түсінігі қала адамы үшін оның бірғана қыры [6, 2-6 бб.].

Қазіргі қоғам рухы математикамен түсіндіріліп жүр. Қаржылы шаруашылықтан шығатын практикалық өмірдің математикалық дәлдікке келтірілуі, нақты ғылымдардың әлемді арифметикалық тапсырмаға теңеп, оның әр бір бөлігін математикалық формулаға айналдырғанымен сәйкес келеді. Ақшаның арифметикалық сипаты өмірдегі элементтердің арасына олардың ұқсас құндылықтары мен айырмашылықтарын анықтауда, анықтық пен

дәлдікті, келісімшарт пен талаптың шарттылығын енгізді. Арифметикалық сипат негізінде, ортақ уақыттың таралуына әсер етті.

Улken қала тұрғынының күнделікті өмірі мен жағдайы әдетте аса қын және әртүрлі болып келеді, әсіреке абыр-сабыр адамдар шоғырының көп болуы мен қайнаған тірлікте аса дәлдік пен әр нәрсенің өз уақытында жасалынбаса қоғам бір сәтте ретсіз хаосқа айналушы еді. Егер Берлиндегі сағаттар кем дегенде бір сағатқа теріс немесе әр түрлі көрсететін болса, онда бүкіл қаланың шаруашылық өмірі мен басқа да өміріне үлкен шығын келетін еді. Қалада өмір қалышқа салынған реттен ауытқымауы керек, себебі, онда жоғалған әрбір сәт қайтарымы қын капитал. Сондықтан, үлкен қалалардың субъектен тыс техникалық өмірі барлық қызметтерді және барлық қатынастарды бекітілген уақыт схемасына дәл қоймайынша елестету мүмкін емес. Үлкен қалалардың осындай өмір салты адамдарды пунктуалды, дәл, есепті болуға мәжбүрлейді.

Улкен қалалар әу бастан әр түрлікпен айырбасқа негізделіп, айырбас құралы айрықша мәнге ие болғандықтан, ақша шаруашылығының орталығы болып саналады. Бірақ ақша шаруашылығы мен ақылдың басым болуы екеуі бір-бірімен өте тығыз байланыста. Ол екеуінде адамдармен және заттарға қатынасы тек іскерлік дәрежеде, көп жағдайда формальді әділеттілік қатыгездікпен сай келіп жатады. Саналы адам негізінде индивидуалды болғандықтан, көп нәрсеге ықылассыз болады, ейткені индивидуалдық қатынас пен әсер етуді тудыра алатындықтан тек бір логикамен біте қоймайды; сол сияқты ақша да құбылыстың индивидуалдығын жояды. Ақша тек сәйкес құбылыстарға не ортақ екендігін, көп жағдайда сандық критерий негізінде отырып өзіндік ерекшелік пен сапасын жоққа шығаратын айырбас құны мен қабілетін ескереді. Адамдар арасындағы сезімдік қатынас тек индивидуалдыққа негізделсе, есті қатынас олармен түк мәнісі жоқ, еңбегімен ғана өлшеніп, бағаланатын цифrlар мен элементтерге қатынасқандай қарым-қатынаста болады. Үлкен қаладағы адам өзінің қызметшісіне, тауармен қамтамасыз ететін адамдар мен сатып алушыларға және кей жағдайда өз ортасының адамдарына тұра осындай қатынаста болады, яғни оларды еңбегімен бағалайды. Бұған кіші ортадағы адамдар қатынасы мүлде керегар келеді; ондағы адамдардың индивидуалдық қасиеттерін білу қарым-қатынасты формальдік деңгейде емес, керісінше жақын, сезімдік деңгейге жеткізіп, олар маған қанша береді және қызметі үшін қанша алады деген сияқты адамды объективті түрде бағалаудан алшақтатады. Сонымен қатар үлкен ортадағы шаруашылық өмірдегі психологияны ескерсек, мұнда тауар өндіруші мен сатып алушы бір бірін таниды, белгілі бір адамның тапсырысы қанағаттандырылады, ал үлкен қалаларда өндірушілер ешқашан көрмеген сатып алушылары үшін, тұра үлкен базарға өндіреді. Осының нәтижесінде екі жақтың да мұдделері іскерлік қатынаста болады, олардың саналы шаруашылық эгоизмдері жеке қатынастармен ешқашан араластырылмайды. Үлкен тікелей алмасуды және өзіндік тұтынуға арналған соңғы қалдықтарды басып және сатып алушылардың белгілі бір ортасы үшін күн сайын жұмысты азайтып отыруына себеп болған үлкен қалаларда үстем болған қаржы шаруашылығына байланысты болып отыр. Осы факторлардың қайсысы бірінші, қайсысы екінші болғанын үлкен қалалардағы рухани интеллектуалдық жағдай қаржы шаруашылығының өрістеуіне әсер етті ме әлде, керісінше екіншісі біріншісі үшін анықтаушы фактор болды ма анықтау өте қын. Ең басты білетініміз, қалалық өмір салты осы екі фактордың арақатынасын дәнекерлеп тұрган негіз екендігі. Ағылшын рухани мәдениеті тарихшыларының: «Ағылшын тарихының ағысында Лондон ешқашан Англияның жүргегі болған емес, ол тек оның миы және әрқашан – ақша кассасы болды» деген сөзі осы жағдайларға дәлел болады [4, 56.].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- Сыргакбаева А.С. Город как культурфилософская проблема. Экзистенциальный анализ бытия человека в городе: Дис. .... д-ра филос наук: 09.00.13. – А.: КазНУ им. Аль-Фараби, 2008 – 150 бет.
- Сорокин П. Человек, цивилизация, общество. М.: 1992. 343 б.

3. Зиммель Г. Большие города и духовная жизнь// <http://magazines.russ.ru//logos/2002/3/zim.html>.
4. Бодрийяр Ж. Город и неновость // [www.klinamen.com](http://www.klinamen.com)
5. Неновость. /Филосовский энциклопедический словарь./ Ред.-сост. Е.Ф.Губский.mirslovarei.com /.../ socium – 2686. Нtme.
6. Нәлібаев Б. Уақыт капиталы және тайм менеджмент // Жалын. – 2010-№1 – 2-66.

*Дарханбаев Ж. А.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«дінтану» бөлімінің  
1 курс магистранты*

## **ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ**

Адамзат тарихында діннің мәні мен алар орны ерекше. Бұл өзгермейтін жаратылыс секілді. Зайырлы мемлекет принциптерінде дін мемлекеттен бөлек болғанымен, дінді қоғамнан бөліп қараша мүмкін емес. Мемлекет ешқашан дінсіз өмір сүрген емес, мемлекеттің дін мен бірге өмір сүретіні, мемлекет пен діннің арақатынаста болуы, халықсыз билік болмайды, ал – дінсіз халық болмайтыны тарихтан белгілі, сонымен қатар, мемлекет өз аумағында дінге қатысты заңдық күші бар заңнамалық-құжаттары мен заңды қабылданап, оны іс-жүзіне асыратыны белгілі.

Дін туралы ой тұжырымдаған философ Г.Бергсонның «Қандай да бір мәдениетсіз, тарихсыз немесе философиясыз халық болса болар, бірақ дінсіз халық болуы мүмкін емес» - деген болатын. Мұның шындығын тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Дүниедегі бірінші және соңғы атеистік қоғам – кеңестік кезеңде күндіз-түні құдайды жоққа шығарып, дінді адам санаасынан улайтын апиын ретінде көрсетіп, насиҳаттап, жанталасқанымен де, біздің халық өз орталарында діни жоралғыларын орындаған, мұсылман екендіктерін еш ұмыт қалдырған емес.

Тарихқа терең көз жүгірттін болсақ, қазақ даласы мындаған жылдар бойы діндер мен мәдениеттердің тоғысқан орталығы болып келген. Қазақтың етек жайған кең даласы мен ұлы жібек жолы арқылы әлемнің көптеген аймақтарына мындаған діни сенімдер тарағаны да мәлім.

Оз саласында табысты қызмет ету үшін маманға қажетті арнайы білімдер бар. Бірақ әрбір адамның тұлға ретінде бекуі үшін, оның рухани мәдениетінің қалыптасуы үшін менгеруге маңызды ұғымдар, идеялар, деректер де бар. Осындағы білімдерді қамтитын салаларға дінтану жатады. Дін мәселелері қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды да күрделі болып табылады. Дін қоғам өмірінің барлық жақтарына әсер етіп, қоғамдық дамуға зор ықпал етеді. Сондықтан дін жайлы дұрыс көзқарасты, түсінікті қалыптастыру зайырлы діни білім берудің басты мақсаттарының бірі болып табылады [1].

Қазақстан және Батыс Еуропа елдеріндегі дінтанулық білім беру жүйесінің ерекшеліктері мен маңыздылығын қарастыра отырып, ең алдымен біз зайырлы демократиялық принциптер мен құндылықтарды ұстанатын, Еуразиялық эпицентрдің жүргегінде орналасқан, Орталық Азиядағы көшбашшы мемлекеттің Қазақстан Республикасынан бастасақ.

Оз елімізде дін мемлекеттен ажыратылған. Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша зайырлы мемлекет, діни сенім бостандығына кепілдік берілген, ешқандай дінге басымдық берілмейді. Сондықтан мемлекеттік жоғарғы оқу орындарында діни білім оқытылмайды. Бірақ соңғы уақытта қоғамдағы дін мәселесінің жандануы азаматтардың өз діни сенімін танып білуіне, діни құндылықтарын іске асыруына деген ұмтылыс артуда. Екінші жағынан, қоғамда дінге қатысты түрлі мәселелер туындауда. Дәстүрлі емес діни қозғалыстар, культтік ілімдер, экстремистік діни қозғалыстар мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамның бірлігі мен тұрақтылығына қауіп тудыруды.

Сол себепті, жас ұрпақтың дін туралы білім алуы үшін мемлекеттік орта оқу орындарының бағдарламаларына «Дінтану негіздері» пәні енгізілді. Қазақстан қоғамының діни және этникалық ерекшелігі ескеріліп, біздің елімізде діни білімді оқыту дінтанулық түрғыда жүзеге асуга. Бұл Еуропа елдеріндегі сияқты конфессионалды діни білім беру емес.

Білім беру «Қазақстан – 2030» үзак мерзімді Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу болып табылады. Қазақстан Президенті республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу туралы міндет қойды. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Жас ұрпақтың тұлға ретінде дұрыс қалыптасуы үшін дін тақырыбында ғылыми негізделген білім мен танымға қол жеткізуі, жастарды отаншылдыққа баулу, рухани құндылықтар мен дәстүрлі діндердің бай мұрасын менгеру мақсатында зайырлы демократиялық бағытты ұстанатын Қазақстан Республикасында 2009 жылдан орта мектеп оқу бағдарламаларына «Дінтану» пәні енгізілді. Жалпы дін саласында діни білім беру және дінтанулық оқыту болып ерекшеленеді.

Діни білім беру – белгілі бір дінді оқыту, білім мен ғылымды сол діннің іліміне сәйкес негіздел, түсіндіру болып табылса, ал дінтанулық білім беру дін туралы жинақталған білімдерді оқыту, басқаша айтқанда дінді әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырып, оны түрлі қоғамдық ғылымдар негізінде түсіндіру болып табылады. Яғни орта мектептерде дінтанулық білім беру жүйесінің ерекшелігі мен маңыздылығы зайырлы мемлекет үшін өте орынды, себебі зайырлы мемлекет дінтанулық білім беру жүйесінде, діннің барлық түрлерін жан-жақты қарастырып, бір қорытынды жасайды.

Елімізде дінтану сабағы орта мектептер мен жоғарғы оқу орындарында жүргізіле бастады. Бұл сабактың негізгі мақсаты – ғылыми түрғыда діннің негізін ашып көрсету. «Дінтану пәні» бойынша берілетін білім бір жағынан, бүтінгі окушы-ертеңгі ел азаматының ұлтының рухани мәдениетін сақтап, өз рухын байытып, өзінің рухани ықпалынан қорғай білуді қалыптастырса, екінші жағынан өзге дінді, өзгенің діни танымын, олардың басқаларға деген көзқарасын анықтап білуге, олармен сыйластық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған.

Дінтану пәнін оқудың ерекшелігі мен маңыздылығына келер болсақ, өмірдегі көзқарастың қалыптасуы тікелей дінге байланысты; қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу процестері; қоғам мен діни қауымдар мемлекет пен діни қоғамдардың қатынастар заңдылықтарын білуге үлкен жәрдем көрсетеді; ар-ождан бостандығының мәні мен мағынасын түсінуде дінтану пәні өте жоғары рөл атқарады. Дінтанулық пән адамның рухани өмірін жақсартуға, адамды «толық адам» етіп қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді.

Орта мектептерде «Дінтану негіздері» бойынша сабактар жүргізіліп келеді, әрине 2009 жылдары бастапқыда дінтану негіздерін кімдер береді және қай мамандықты бітірген мамандар ол кімдер деген сұрақтар туындағы. Бастапқыда дінтану негіздерін тарих пәнінің мұғалімдері беріп жүрді, мемлекет біріге дінтану саласына қатты көніл бөліп, күш салғаннан кейін, жоғарғы оқу орындарын бітірген дінтанушы мамандарды дайындалап шыгарды. Міне осы дінтанушы мамандары қазіргі таңда орта мектептерде және жоғарғы оқу орындарында оқушылар мен студенттерге білім беру үстінде [1,2].

Мемлекет жылда дінтану мамандығы бар университеттерге гранттар бөлуде. Университетте бакалавр, магистратура, докторантуралар PhD дәрежелерін алып, мемлекеттік мекемелерде, орта және жоғарғы білім орталарында дінтану негіздері пәнінен сабак беру үстінде. Дінтанушы мамандарды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қожа Ахмет Яссави атындағы Халықаралық Қазақ-Түрк университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті дайындалап шыгаруда, яғни бұл университеттер зайырлы мемлекеттің дінтанушы мамандарын даярлауда, себебі Қазақстан зайырлы демократиялық бағытты ұстанатын мемлекет болып табылады. Орта және жоғарғы білім орталарында дінтанулық білімді зайырлылық түрғыдан оқытады. Зайырлылық түрғыдан дінтанулық білім беру дегеніміз

– бұл Қазақстандағы орта және жоғарғы білім орталарындағы оқушылар мен студенттерге жалпылай ортақ ұстанымды білдіреді. Ал нағыз тек бір бағыттағы діни білім беретін университетіміз бар, бұл Нұр-Мұбарақ Египет ислам мәдениеті университеті. Бұл мекемеде исламтануши мамандарын даярлап шығарады.

Біздің еліміздің саяси-құқықтық, мемлекеттік құрылышы мен дін саласындағы саясатты ескере отырып, Батыс Еуропа елдерінің діни білім беру жүйесін назарға алдық.

Шет мемлекеттердің заңдарында дін мемлекеттен ажыратылған, бірақ бұл елдердің мемлекеттік дін қатынастарының ұлгілері де әр алуан. Бұл елдер зайырлы мемлекеттер болып табылады. Зайырлықты тарихи-мәдени құндылықтары мен ұлттық болмысы негізінде өз ерекшеліктеріне сай заңдастырып іске асыруда. Діннің немесе діни бірлестіктің мемлекеттің заңды тұрғыда ажыратылғанына қарамастан, бұл елдердің білім беру жүйелерінде азаматтардың діни білім алу құқығы сақталған. Әсіресе, бұл жағдай мемлекеттік дін қатынастары тәжірибесіндегі діни білім беруде айқын көрінеді.

Англияда мемлекеттік мектептерде діни білім беру міндетті, білім алушылар тек діни білім алған қана қоймай, олардың діни ғибадаттарды орындаудына да рұқсат берілген. Діни білім алудан бас тарту, мектеп әкімшілігінің рұқсатымен жүзеге асады.

Негізінен христиандық ағылшындық шіркеудің діні ілімі оқытылады, сонымен катар, басқа да діндерді оқытуға рұқсат берілген. Діни білім алудан толық бас тарту құпталынбайды, орны басқа бір пәнмен ауыстырылады. Жеке меншік білім беру мекемелерінде де діни білімдер оқытылады. Мысалы, исламдық діни білім беру мекемелері мемлекеттің тікелей қаржы алады, мекемелерде дінді оқыту арнайы ережемен реттеледі.

Германияда елдің басты екі конфессиясы Рим католик шіркеуі және протестант інжілдік (Лютеран) дін ұйымдар мен мемлекет арасында келісімшарт арқылы діни білім беру жүзеге асырылады. Германия федеративті мемлекет болғандықтан, әрбір федералды аймақтың заңдарында діни білім беруге қатысты айырмашылықтары діни білім беруді бақылау, реттеу, қаржыландыруға байланысты, бірақ барлық мектептерде діни білім беру міндетті болып табылады. Жалпы Германияда мемлекет пен дін арақатынасы әлеуметтік серікtestіk ұлгісінде көрініс тауып отыр [3].

Испания заңдары бойынша мемлекет діни бірлестіктермен ынтымақтастық туралы келісімге отырады. Осы діни бірлестіктерге мемлекеттік және жеке мектептерде діни білім беруге рұқсат етіледі. Бұл елде дін сабактарын беретін мұғалімдерді мемлекет діни ұйымдардың ұсыныс, келісімімен қызметке алады. Испанияда діни білім беру оқытудың барлық деңгейінде жүргізіледі.

Бельгияда дін білім беру жүйесі арнайы замен және халықаралық құқықтық құжаттармен реттеледі. Бельгия заңдары бойынша оқушыға белгілі бір «Діни білім» немесе «Зайырлы әдеп» пәндерін таңдау ұсынылады және оларды оқу міндетті.

Польша елінде оқушылардың діни білім алуы міндетті. Елдің басым бөлігі католик діни білімін оқыса, басқа дін өкілдері өз діндерін оқып тануға құқылы. Польша мемлекеті әрбір азаматтың діни білім алуына заңды түрде кепілдік береді және оны іс жүзіне асырады.

Франция секулярлық мемлекет ретінде Еуропа елдерінде ерекшеленеді. Бірақ, соңғы уақытта бұл елде діни білім беруді мемлекет қолына алуға әрекет жасауда. Себебі, дәстүрлі емес діни қозғалыстар, діни фанатизм сияқты басқа да жағымсыз құбылыстар қоғамның тұрақтылығы мен мәдени-рухани тұтастығына кері әсер етуде.

Италия заңды тұрғыда католик шіркеуінің ұстанымдары мен мұрасын итальян халқының тарихи мұрасы деп таниды. Сондықтан, Рим католик шіркеуіне мемлекеттік мектептерде діни білім беруге айрықша құқық берілген. Ата-аналар өз балаларын католик діни біліміне оқытпаймын деген жағдайда, басқа діни білімді таңдауға құқылы.

АҚШ – зайырлы мемлекет, дегенмен бұл елдің көптеген штаттарында азаматтардың діни білім алударына рұқсат етіледі. Жалпы Америка халқы өте діндар болып келеді. АҚШ

зайырлық тұрғыны ұстанғанымен, өздерінің ұлттық ақшалары долларында «We God Trust» деп жазылған, бұл біз Құдайға сенеміз дегенді білдіреді.

Еуропаның басқа елдерінде де діни білім беру саласы осылай қалыптасқан. Ал көрші мемлекет Ресейде дін мәдениет негіздері және зайырлы әдеп пәндері жақында орта мектеп пәндеріне енгізілді жіне де православия мәдениеті негіздері пәні де оқытылады. Діни білім алу міндettі, бірақ окушының өз сенім тұрғысынан білім алу құқығы сақталған, яғни ислам, христиан, будда діні мәдениет негіздерін оқиды.

Шет елдер тәжірибесіне қарап болсақ, діни білім берудің мақсаты, құрылымы мен заңдастырылуы сол елдің этникалық және конфессионалдық ерекшелігіне байланысты негізделеді. Бұл ерекшелік сол мемлекеттің дінмен қатынасын реттейтін зайырлық ұстанымына байланысты.

Ал зайырлық – мемлекет пен дін қатынастарын реттейтін ұстаным. Оның негізгі мәні мемлекет өз азаматтарының діни сенім бостандығына заңды тұрғыда кепілдік беруінде және мемлекет пен діннің бір-бірінің ішкі істеріне араласпауында, яғни бір мемлекеттің екінші мемлекетке қол сұқпауын білдіреді. Сондықтан әр елдің халқының тарихи даму барысында қалыптасқан дәстүрлі мәдениеті, дүниетанымы мен ұлттық құндылықтарына байланысты мемлекеттің зайырлық қағидасының үлгісі әр алуан болып келеді.

Еуропа елдерінің мемлекеттік мекемелерінде діни білім беру тәжірибесіндегі білім алушылардың міндettі конфессионалдық діни білімді таңдауы, бұл елдердің барлығына тән. Конфессионалдық пәндерді оқыту Еуропа елдерінің білім саласындағы мемлекеттік саясатының ажырамас негізгі бөлігі. Бұл жерде екі мәселе назар аудартады [4].

Біріншіден, конфессионалды діни білім беру дінтанулық білім берумен ауыстырылмайды, себебі діни білімнің тәрбиелік маңызы зор, ал дінтану тек ақпараттық мәлімет берумен шектеледі.

Екіншіден, діни білім берудің маңызы христиан діни іліміне негізделген, себебі, ел азаматтарының басым көпшілігі христиан діни сенімінде және христиандық олардың мәдениетінің бастауы тұр. Еуропа елдерінің білім беру жүйесіндегі діни білім беру тәжірибесі біздің елімізде болашакта ескерілуі керек деп ойлаймыз.

Қорытындылай келгенде, зайырлы мемлекеттерде діни білім беру жүйесін зайырлылық тұрғыдан оқытқан абзal. Жоғарыда айтқанымыздай зайырлы мемлекет дінді тек бір тұрғыдан емес, жалпылама тұрғыдан оқытады. Қазақстан зайырлы мемлекет бола отырып, дінаралық қарым-қатынастарды сақтай отырып, елдің ішіндегі басқа діндерге үлкен құрмет, сезіммен қарай отырып, әлемдік мемлекеттерге үлгі болуда.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсекенова А. Жас үрпакқа рухани адамгершілік тәрбие мен білім беру. // Дін және құқық. 2009. №3 (11,15).
2. Платонов А.В. Система религиоведческих образование Казахстана.// Казахстанская правда 2009. №4 (5).
4. Религиоведческий образование в Западных Европейских стран. П.В. Мешков. Энциклопедический словарь России. 2008 №1 (460-466).

## **ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ БОЛМЫСЫ МӘСЕЛЕСІ**

Адам мәселесі философияның аса маңызды өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі заманғы философиялық антропология бір-біріне қарама-қарсы көптеген мектептер мен ағымдардан тұрады. Адамның мәні туралы мәселе адам туралы ілімнің өзегі болып табылады. Ойшылдар адамның мәні ретінде оның ерекше бір қасиеттерін алып қарасты. Қазіргі заманғы ғылым бойынша адамның тарихи болмысы мен дамуының негізін құрайтын субстанция – бұл әр қашанда қоғамдық өндіріс аясында жүзеге асатын адамдардың еңбек қызметі. Адам тікелей немесе жанама түрінде қоғамдық қатынасқа тұрмай еңбек ете алмайды. Қоғамдық өндіріс пен еңбектің дамуымен бірге адамдардың қоғамдық қатынастары да дами түседі. Бұл қоғамдық қатынастар жүйесін индивид қаншама дәрежеде игереді, бойына тоқиды соншама оның өзіндік дамуы жүреді

Қазақ философиясында басқа халықтар тәрізді Әлем мен Адам екі дүниенің сырын ашуға ұмтылған аспан денелерінің қозғалысына тандана қарап, өзінше ой түйген. Көк аспанның сырын ашуға талпынған. Жұлдызың әлемнің жұмбақтарын ашуды арман еткен. Нәтижесінде дүние туралы түсінігі, көзқарасы қалыптасқан. Адам бойындағы небір тылсым күштерді де тануға ұмтылған. Қазақ халқының дүниесезімі мен дүниетанымының ерекшелектері өзі өмір сүрген ортамен тікелей байланысты. Қазақ халқы басқа сияқты табиғатты өзгертуге немесе оған үстемдік етуді мақсат етіп коймаған. Керінше, табиғатқа бейімделіп, онымен гармониялық қатынас орнатуды мақсат тұтқан. Қазіргі заман тілімен айтқанда, көшпенді қазақтардың экологиялық санаы биік болған. Бұл - біріншіден. Екіншіден, қазақ дүниетанымының ерекшеліктерін айтқанда, ескерер мәселе, ол - қашанда олардың еркіндік пен бостандық сүйгіштігі. Қазақ жерінде ешқашанда құлдық болмаған. Үшіншіден, қазақ қашанда теңдік пен әділеттілік мәселесіне қатты назар аударған. Төртіншіден, теңдікке негізделген әділеттіліктен әлеуметтік айырмашылықтар мен әлеуметтік топталу аз болған. Бесіншіден, байлыққа жетуден гөрі ар-намысты жоғары ұстая халықтың қанына терең сіңген құндылық. Онымен тығыз байланысы бар нәрсе - бар затқа қанағат ету де қазаққа тән қасиет. Алтыншыдан, ұжымдық мұддені жеке мұдденең гөрі жоғары ұстая – ол да көшпенділік өмір салтынан шыққан құндылық. Жетіншіден, өне бойы көшіп-қону барысында қашанда әр қылыштың қындықтарды, қауіп-қатерлерді бастан кешуге тұра келді. Ол - ерлікті, батырлықты қасиет етуді талап етті. Сегізіншіден, көшпенділердің өмірі өне бойы қауіп-қатерлерден, соқтығыстардан тұрғаннан кейін ол қунбе-құнгі өмірді бағалап, алудан гөрі болуды жаратқан. Әрбір құнді той-думанға айналдыру, өзін шешен сөзben, даналықпен көрсете білу, әртүрлі сыйыстарға қатысу, «сегіз қырлы, бір сырлы болу» бабаларымызға тән нәрселер болған. Тоғызыншыдан, дүниеге, басқа халықтарға деген көnlінің ашықтығы, қиналғандарға риясыз қол ұшын беру – бұл да біздің халықтың керемет қасиеттерінің бірі болып саналады. Оныншыдан, көшпенділердің негізігі құндылықтарының бірі - ата-ананы, үлкендерді сыйлау. Әрине, халықтың мындаған жылдар шенберінде бойына жинаған көп қадір-қасиеттерінің ішінен біз негізгілерін ғана көрсеттік.

Енді келесі мәселеге – қазақ философиясының ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ: Біріншіден, қазақ философиясында онтологиялық (болмыс) және гносеологиялық (дүниетаным) мәселелерден гөрі адам мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді. Екіншіден, адам мәселесі, қазіргі тілмен айтқанда, көбінесе экзистенциялық тұрғыдан қаралады және ол көшпенділік өмір салтын түсірсек түсінікті де болар. Үшіншіден, отандық философияда абстрактылы-теоретикалық жүйелер жасау өте сирек кездесетін құбылыс - философиялық ізденіс адамның нақтылы өмірдегі жүріс-тұрысын сараптауға, яғни практикалық мәселелерге көбірек көңіл бөлінеді.

Төртіншіден, адам болмысының этикалық жақтарына: жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, ар-намыс, абырой т.с.с. категорияларға терең талдаулар жасалады. Бесіншіден, қоғам өмірінің негізгі мәселесі ретінде әрқашанда әлеуметтік әділеттілікке көбірек назар аударылады; Алтыншыдан, отандық философияны аксиологиялық философия десек те болғаны, өйткені, онда құндылық әлеміне зор қөніл бөлінеді. Енді мәселені нақтылай түсіп, отандық философияның негізгі сатыларына қыскаша көз жіберейік. Басқа халықтардың философиясы сияқты отандық философия да өз қайнар көзін көне аңыздар мен дастандар, ертегілерден бастайды. Егер аңыздармен бай халықтарға үнді мен гректерді жатқызыса, қазақ елі де олардан кем түспейтін болар. Өйткені, оне бойы көшіп-қонып жүрген халықтың бір ғана байлығы болды, ол оның тілі, бабалардан келе жатқан дәстүр, аңыз-хикаялар, нақыл сөздер. Олардың көбі жаңа ғана жарық көріп, философиялық түрғыдан талдануда. Көне түріктердің түсінігі бойынша, бұл дүние жоқтан бұрын пайда болған. Оны ұстаға ұқсайтын жаратқан тудырды. Дүние негізінен: жер, су, от, ауадан тұрады. Ол неше түрлі қайшылыққа толы: жер мен күн, өмір мен өлім, адам мен табиғат, бак, құт пен зардап, жарық пен қарандыры, жылы мен сүйк т.с.с. Аспанға көз жіберген ежелгі түрік бабаларымыз оны тәнір жаратқан әлеміне жатқызыған. Сонымен қатар, көне түріктердің нанымында ерекше орынға ие болған әйел Құдай – Ұмай болды. XV-XVIII ғ.ғ. философиялық ой - толғамдар негізінен жыраулық турде дамыды.

Қазіргі кезде философияның негізгі мәселелерінің маңыздысы есебінде адам, оның қоршаған дүниеге қарым-қатынасы аталынады. Үәлиханов бұл мәселенің маңызды екенін сонау XIX ғасырдың орта кезінде-ақ айтып кеткен. «Қазактардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегінде табиғат пен адам, өмір мен өлім әрқашан түпсіз сырға толы ғажайып таңдану пәні болды деп көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) дүниетанымы қалыптасуына туған ел, халық ауыз әдебиеті, озық орыс әдебиеті мен Еуропа ойшылдарының еңбектері елеулі әсерін тигізді. Ш.Үәлиханов секілді Ы.Алтынсарин да өз халқының артта қалушылығын жоюдың бірден-бір жолы ағартушылықта деп сенді және Қазақстандағы халық ағарту ісінің ұйымдастырылуы мен дамуына белсене араласты. Ыбырай Алтынсарин арнағы философиялық тақырыпта еңбек жазбаған, дегенмен, ағарту және қоғам мәселелерін талдауға арналған шығармаларында дүниетанымдық ерекше пікірлер қалыптастырыған. Ыбырайдың көптеген өлеңдері мен әңгімелерінен оның қоршаған дүниенің санадан тыс және тәуелсіз өмір сүретіндігін мойындайтынын байқаймыз. «Жаз», «Өзен» сияқты өлеңдері табиғатты өзінше тамашалау ғана емес, сонымен бірге оның адам санасынан тыс және тәуелсіз екендігі сезіледі. Бұл – ұлы ағартушының дүние туралы көзқарасының бір жағы. Екінші, Ыбырай дүниені жаратушы құдай деп біледі. Бұл ойды ол көптеген шығармаларында қайталап отырады. Мысалы, «Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай!»[1], «Жаратты неше алуан жүрт бір құдайым» деген өлең шумақтарында, «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» т.б. еңбектерінде осы пікірді қуаттайды. «Мұсылманшылдықтың тұтқасында» бүкіл дүниені, жан-жануарларды айта келіп, «мұның бері де жалғыз тенденсі жоқ, ұқсасы жоқ бір құдайдың барлығына, бірлігіне һәм кәміл жаратушы халық – қадір екендігіне дәлел болса керек» деп тұжырымдайды. Ойды қайырып айтқанда, Ыбырай қоршаған дүниенің объективті өмір сүретіндігін мойындайды, сонымен бірге дүниені жаратушы құдай деп біледі. Бұдан Алтынсариннің дүниеге көзқарасы деизмге жақын екенін көреміз.

А.Құнанбаев (1845-1904) қазақ ағартушылығында, қазақ халқының бүкіл ұлағатты мәдениеті тарихында үлкен орын алған ұлы ақын, ойшыл. Оның шығармашылық мұрасы өлең, дастан, философиялық проза, аудармалар мен әндерден тұрады. Абай - қазақ әдебиетінде сыйнышыл реализмнің негізін салушы. Ол «ақынның азаматтық парызы шындықты бейнелеуде, қоғамдық кесірді әділет пен ақылдың билігіне жүгіндіруде» деп білді. Дүниетанымдық мәселеде Абай Алтынсарин секілді деизмге жақын. Құдай - өз зандары бойынша дамып жататын өлшемнің алғашқы себепшісі деп түсінді. Абай Құнанбаев өзінің аса дарындылығы, ой-өрісінің терендігі, халқына деген қамқорлығымен әлемге танымал болды. Абайдың дүниеге

көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Дұние туралы пікіріне келсек, деизмге жақын дедік. Біріншіден, сыртқы дүниенің санадан тыс өмір сүретіндегін қуаттайтыды. Мысалы, қырық үшінші қара сөзінде адам «...көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» - дейді [2]. Сонымен бірге көптеген өлеңдерінде, отыз сегізінші сөзінде жан-жануарларды, адамды, тіпті, машина, фабрикаларды алла жаратты деген тұжырым жасайды. «Мен» және «менікі» деген философиялық мәселені қарастырып, өзіндік тұжырымға келеді. Ақынның ойынша «мен» - ақын, жан, «менікі» - адам денесі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» өлсе өлсін, оған бекі» деп, дene өлгенімен жан өлмейді деген қорытындыға келеді. Абай таным туралы құнды пікірлер қалдырыды. Түйсіктеріміз арқылы дүниеден хабар аламыз, пайда, залалды айыратын қуаттың аты - ақыл дейді. Көптеген өлеңдері мен қара сөздерінен диалектикалық тұжырымдар бейнесін көруге болады.

Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931) Шығармалары: «Үш анық», «Мұсылмандық шарты». Оның «Үш анық» еңбегінде ар-ұждан мәселесі қарастырылады. Шәкәрім біріншіден - онтологиялық жолындағы гносеологиялық, таныммен, екіншіден, дін жолындағы теологиялық дүниетанымды екінші анық деп көрсетеді. Ал үшінші анығы Абайда кеңінен сөз болған мораль философиясындағы жан құмарына барып ұштасатын ұждан туралы күрделі проблеманы көтереді. «Адамдағы: ынсан, әділет, мейірім - ұшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады. Мұны орысша «совесть» деп атайды. Бұған нана алмаған адамның жүргегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды. Жеке адам - әлеуметтік индивид ретіндегі адам, қоғам мүшесі. Жеке адам туралы ғылыми түсінік адамды қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қаралатын биоәлеуметтік организм деген түсінікке негізделеді. Жеке адам - әлеуметтің индивидте көріну түрі. Әрбір адам – жеке адам., өйткені әлеум. осы индивидтің бір жағы, кезеңі, қасиеті. Адамның қоғамдық организм ретінде өмір сүруінің өзі адамдардың өзара әрекетін қажет етеді, әлеуметтік жағдайлар мен басқа адамдардың осы адамға тигізетін әсерін ғана ескеріп қоймай, сол адамның әлеуметтік жағдайларға және басқа адамдарға әсерін ескеру қажет.

Адамдардың жеке адам түрінде дамуының қажетті алғышарттарының бірі индивидтердің табиғи қабілеттері екендігі, соған тәуелді болатындығын айту керек, бірақ ол негізінен қызметтің объектісі болып табылатын адам өмір сүретін қоғамда ғана іске асады. Бірақ жеке адамның дамуы әрқылы болғаны абзал. Индивидтердің қай-қайсысы болсын өзінің адам ретінде дамуының объективті жағдайы болатын қоғамның белгілі тарихи формасын табады. Жеке адам ретінде индивид дамуының кеңдігі мен терендігі – оның әлеуметтілігі және сол әлеуметтіктің индивидтің қызмет формасына айналуын игеретін кеңдік пен терендік, демек сол әлеуметтіктің өзгеруі, жасалуы. Қоғамның тарихи формалары мен типтері – жеке адамның да тарихи формалары мен типтері. Алғашқы қауымдық қоғамда адамдар көбінесе өмірге қажет заттарды табу арқылы өмір сүреді, олар бір-біріне және өздері өмір сүріп отырған табиғи жағдайлармен тікелей табиғи бірлікте болды, сондықтан көп жағдайда өздерін табиғаттан ажыратса алмады, бір-бірінен қоғамдық организм ретінде бөлінген жоқ.

Адам проблемасы философия ғылымымен құрдас десе де болады. Бұдан философияның өзі сонау көне замандардағы ойшылардың адам жөніндегі, оның дүниеде атқаратын қызметі мен алатын орны жөніндегі ой – толғауларынан тұганы дәлел болады. Бір нәрсенің сырын ашып, білу үшін алдымен адам бұл туралы ештеңе білмейтінін түсініп, соны іште де болса мойындау қажет. Біздің білуімізше, философияның мәселесі – бұл сананың, рухтың табиғатка, материяға, субъективтің (адамның) ішкі дүниесінің объективтікке (сыртқы дүниеге) қатынасы. Бұдан шығатын қорытынды: адамның сана – сезімі мен ақыл – ойының, тіл мен дүниетанымының және оны өзгерту қабілетінің өзін қоршаған ортаға қатысы қандай, табиғат пен қоғамның адамға, оның ішкі рухани дүниесіне тигізетін әсері қандай – оның бәрі философияның ең түбірлі және түбебейлі мәселелері болып табылыды. ХХ ғасыр басында ғұмыр кешкен қазақ зиялыштары адам болмысы мәселесін философиялық натурализм тұрғысынан қарастыра отырып, адам және табиғат бірлігінің сан сырлы құпияларын осы жаңа сарын негізінде үніле зерттейді. Бұл мәселені олар адам және табиғат диалектикасы деңгейінде

қалдырмай, өз замандарындағы саяси-әлеуметтік хал-ахуалға үштастырып, шынайы философиялық дәрежеге көтереді. Табиғат пен адам жанының үндестігін зор құлқытылық, моральдық қалыпқа салып қарастыру қазақ философиясында бұрыннан қалыптасып келген үрдістердің бірі болып табылады. Ең болмағанда, алдымен табиғат, ел-жер суреттемесін беріп, одан соң адам бойындағы сезімдерге көшу, оларды әсірелеп көрсету көптеген ақынжыраулардың өзіндік әдісі ғана емес, ұлт болмысының, адам табиғатының қоршаган ортамен бірлігін көрсететін философиялық пайымдау ерекшелігі де болды. Қазақ дүниетанымындағы адам мәселесін зерттеудің теориялық – әдіснамалық айшықтары бұрыннан негізделіп, өзінің кейбір тарихи шектеулеріне қарамастан ұлттымыздың жарасымды дамуына, философиялық ойсанасының өсуіне гуманистік рух, мол азық береді. Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ежелгі философиялық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы өзінің көл көсір молдығымен де, тарихи деректілігімен де, дүниетанымдық әрекеттілігімен де, халқымыздың рухани болмысында айрықша орын алады.

Әрбір халық «Өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» /3/ Мәдениеттің философияның салт-дәстүрдің дамып өзгеруі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың дамып өзгеруімен тығыз байланысты. Сондықтан да, көшпелілер мәдениетін, философиясын, оның тарихын теориялық – әдіснамалық тұрғыдан зерттеу үшін мәселені ата-бабаларымыздың әлеуметтік-экономикалық тұрмыс-тіршілігінің, рухани табиғи болмысының аясында қарастырғанымыз жөн.

Қазақ дүниетанымының қалыптасу мәселесі және оның миф, дін көркемдік образды ойлаудан бөлініп шығуы қазақ философиясының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе соңғы кезде философия әлемінде үлкен орын алғып, жанды ғылыми, тартымды пікірталастар туғызуда. Қазіргі кезде тарихи – философиялық ғылымның көптеген халықтардың философиялық мұраларын зерттеген тәжірибелі ұлттың философиясының қалыптасуы, дамуы және қазіргі бағыттары туралы, оларды зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелері жөнінде жиынтықталған, жалпы ойларды тұжырымдауға кең мүмкіндіктер береді. Қазақ дүниетанымының қалыптасу тарихы халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда ғылыми таным процесі мен халықтың идеялық іздністері, бай тарихы мен ұлттық ойлау айшықтары көрініс тапқан. Қазақ дүниетанымы халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және методологиялық құрал. Ол қоғамдық сананың басқа да тұрларімен тығыз байланыста. Сондықтан оны зерттеп, үйренбейінше, қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын діндарлығын және т.б. пайымдау мүмкін емес. Қазақ философиясының көкейкесті мәселелерінің бірі – философияның пайда болуы проблемасы. Қазіргі уақытқа дейін әлемдік философияның тарихында осы мәселе талай пікірталас туғызып жүр. Біріншіден, философияның дәл шыққан мерзімін белгілеу өте қын. Екіншіден, философия деген ұғымның өзіне дәл анықтама беру осы кезге дейін толық қол жеткен жоқ. Үшіншіден, қазақ философиясына келетін болсақ, жазба түріндегі оның мәселелері классикалық тұжырымдар арқылы берілген тексті жоқтың қасы. Әлемдік деңгейде бізге белгілі үш философиялық ошақтың (Қытай, Үнді, Греция) бұлар шамалас бір мезгілде пайда болғанын білеміз. Ол орталықтар философияның әлеуметтік кеңістіктегі жоғары деңгей еді және теориялық ойлаудағы дүниенің өзін жеке және тұтас ретінде бейнелеген алғашқы жүйелер болды. Дүниетанымдық ойдың тууына белгілі-бір алғы шарттар қажет. Олар әлеуметтік, теориялық – танымдық, тарихи шарттар. Философиялық антропологияның материалистік концепциясын ұсынған Фейербахтың айтуынша, жеке – дара, жалғыз өзі ғана өмір сүре алатын адамның болуы мүмкін емес. «Менің» болуымның міндетті шартты – «сенің» болуын, басқалардың болуы. Адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шығуының негізгі өмір сүре ортасын өз еңбегімен өзгерту, қайта жасау әдісін, ол үшін еңбек құралын оның ең жабайы түрінен бастап, бірте – бірте жетілдіру жолын менгеру қабілеті болған. Тек еңбек процесінде ғана адамдар қатысу, байланыс жасаудың қабілеттігін үйренеді. Бара –бара адам еңбегі бүкіл материалдық еңбегі материалдық және рухани мәдениет дүниесінің жасаушы болып шықты.

Осыларды еске ала отырып адам дегеніміз – еңбек әрекетімен шұғылдана алатын әлеуметтік қатынастар жасайтын, өзара байланыс жасауға толық қабілетті тіршілік иесі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Алтынсарин Й. Таза бұлақ. Алматы – 1988 – 186.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық жинағы. Алматы – 1961 – 48 б.
3. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы – 1994 – 333б.
4. Алтаев Ж., Қасабек А. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. Алматы - 1994.
5. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. Алматы - 1996.
6. Қасымжанов А.Х. Ұлы дала ойшылдары. Алматы - 1996.
7. Батыс философиясының антологиясы // Ауд.: Қ. Әбішев, М. Сәбит, Ә. Қодар, А. Сағиқзы -Алматы : Фонд Сорос – Қазақстан - 2002.
8. Бейсенов Қ. Философия тарихы.- Алматы: Ғылым - 1992.

*Дүйсенбаева А.К.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің  
дінтану және мәдениеттану кафедрасының  
1-курс PhD докторантты*

## **ИСЛАМДАҒЫ КЕЙІННЕҢ ПАЙДА БОЛҒАН САЯСИ АҒЫМДАР МЕН БАҒЫТТАР**

Бұғынгі таңда Қазақстан Республикасы егемендігін алғанына 20 жыл толып отырған, дамушы ел болып отыр. Сонымен қатар ел тарихында ислам дінінің, мәдениетінің орны және рөлі ерекше. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы дін туралы бостандыққа өте жауапкершілікпен қарайтындығы да баршаға аян, діни толеранттылығы мен зайырлылығы жарасқан елімізді ислам саясатының алаңнатушылығы, осыған байланысты көптеген зерттеулер мен ғылыми ізденістерге деген қажеттіліктердің туузы заңдылық. Себебі ислам саясаты туралы сөз қозғағанда бірден қазіргі заманғы көзқарастан бастау қате пікір туғызызу мүмкін деген ойдамын. Сондықтан алдымен тарихын, исламның бағыттары мен мектептерін терең білгеніміз жөн.

Ислам дінінің негізгі сенім мәселесінде ең алдымен қасиетті кітап Құран Кәрімді басшылыққа алады. Жәбіреіл періште арқылы Пайғамбарларға жүз сухуф (парақтар) және төрт кітап түскен. 10 сухуф Адам атаға, 50 сухуф Шит Пайғамбарға, 30 сухуф Ыдырыс Пайғамбарға, 10 сухуф Ибраһим Пайғамбарға жіберілген. Құран-Кәрім әз-Мұхаммедке (с.а.у) Хира тауының үңгірінде Жәбіреіл періште арқылы аян етілген. Құран-Кәрімнің аяттары жиырма үш жылда Пайғамбарымызға жіберілген. Құран-Кәрім 114 сүреден (араб. сура-қатар, дәреже) тұрады. Сүрелер аяттардан тұрады. Мұхаммед пайғамбардың сахих (дұрыс, ақықат) хадистерін, сондай-ақ оның артынан ерген сахабаларының дін, сенім мәселесіндегі ұстанымдарын басшылыққа алғатындар Сунниттер немесе “Әһли сунна уәл жамага (Сунна мен қауым бірлігінің адамдары)” деп аталады. Ғалымдардың пайымдауынша сунниттік бағыт мұсылмандардың 90 пайызға жуығын құрайды. Ал, қалған 10 пайыз шамасында шииттік бағытқа жататын көрінеді. Шииттік (шиа) - «Шиа» араб тілінен аударғанда «жақтас», «көмекші», «партия» және «фырқа» (топ) мағыналарын береді. Термин ретінде «шиа» Хз. Мұхаммед Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін Хз. Али және үрпағының имамдық (халифалық) үшін ең лайықты кісілер екенін және мұның қасиетті мәтіндер (Құран және Сұннет) арқылы бекітілгеніне сенетін қауымға берілген есім болып табылады. [1]

Ислам әлемінің бүгінгі күндегі бағыттары туралы жазу да көптеген қындықтар туындаудың бірден-бір себебі осы тақырыпты зерттеушілердің арасындағы бірегей методиканың болмауы, яғни қандай да бір бағыт онда суннизмнің де мутазалиттердің де сонымен қатар хариджиттерге де тән сипаттар болатын болса оны нақты бір топқа жатқызу үшін ислам дініндегі бүгінгі күндері негізгі болып табылатын төрт идеологиялық бағыттың қайсы біріне жатқызу ол автордың өз құқығында қалуы.

Мұндағы негізгі идеологиялық бағыттар деп отырғаным **сунниттер**, **шииттер**, **хариджиттер**, және **мутазалиттер** – бұлардың әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндағы алғашқы екі үлкен бағыт қазіргі мұсылман әлеміндегі негізгі діни бағыт. Екі бағыттың да өзіндік таралу терриориясы, нақты доктринасы, хадистер жиынтығы, ұстанымдары, фикхтық әдістері, мазхабтары, сонымен қатар ғылыми орталықтары, медреселері және ұстанушылары бар. Олар бір бірінен дербес, өзіндік үлкен бағыттар.

Ал, кейінгі екі бағытқа келетін болсақ, хариджиттер, және мутазалиттер бұл екі бағыт бүгінгі күндері нақты ұстанушыларымен көзге түсे бермейді, әйтседе бұл толық жоқ болып кетті деген сөз емес, олар кейбір исламдық бағыттардың негізгі идеяларында өмір сүріп келеді, немесе сипаттары сәйкес келуі мүмкін.

**Матуриди мазнабы:** Негізін салушы – Мухаммед бин Мухаммед бин Махмуд Әбу Мансур әл Матуриди (852-944 жж.). Ислам сенім негіздерінде Имам Матуридидің көзқарастарын ұстанатындардың қалыптастырыған мектебіне Матуриди мазнабы деп айтылады. Бұл кісі қазіргі Өзбекстанның Самарқанд қаласы маңындағы Матурид деп аталатын ауылда дүниеге келген. Матуридилік, Ханафіліктің сенім негіздеріне (ақида) қатысты тұсын дамытып, жетілдірген сунниттік қәлам мектептерінің бірі болып табылады.

**Исмаилиттер** Мұсылманшылықтың тарихына өшпес із қалдырыған шииттердің шеткі бағыттарынан бірі – исмаилиттер болды. Исмаилиттер алтыншы имам болып есептелетін Жафер ас-Садықтың ұлы Исмаилды және одан кейінгі оның ұлы болып табылатын Мұхаммедті имам деп есептейтіндерге айтылады. Исмаилиттерден Убайдуллах Махдидің (өлімі 934) 909 жылы Мысырда құрған Фатимиттер мемлекеті 1171 жылға дейін билік құрды. Фатимиттер халифасы Мұнхасырдың өлімінен кейін исмаилиттердің бір бөлігі оның үлкен ұлы Низар, келесі бір бөлігі кіші ұлы Мусталидің артынан ерді. Осылайша исмаилиттер низарилер және мусталилер болып екіге бөлінді [2].

**Мусталиттер** бұлардың қолында мысыр территориясымен қоса Иемен қалады. Әйтседе бұлардың билігі ұзаққа созылмайды. 1101ж Мустали көз жұмады, оның орнынан ұлы Мансұр әл-Амир 1130ж дейін билік етеді. Көп ұзамай оны идеологиялық қарсыластары өлтіріп кетеді. Әйтседе оның жақтастары оның артында тақ мұрагері қалмағанын жасырып артында ат-Тайиб атты ұлы қалды деседі. Бұларды мусталиттік – хафизиттер деп атады. Алайда Фатимиттік мемлекеттің бсына сунниттік құқықтар қайта оралған соң, және азыз ұл туралы әңгімеге қолдаушылар таппаған хафизиттер көп ұзамай шашырап кетеді. Сонымен қатар азыздық гайып болған имамдарға арналған 20 пайыздық дін салығы да халыққа өз әсерін тигізбей қоймайды. [3].

Үндістанда бұларды көбіне «бохралар» деп атады. Қазіргі кезде Бомбей, Хайдарабад, Барода секілді қалаларда тыныш, жайбаракат өмір кешуде. Яғни бұлар бұлікшіл емес. Өздерінің жамағаттары, мешіттері бар. Бөтендермен некеге тұрмайды. Тәнір, Мұхаммед Пайғамбар және Құран туралы көзқарастары сунниттерге жақын келетін бохралардың басты ерекшеліктері мынау:

- Вилаят (Имамық): Алидің имам екенін мойындау сенім негіздерінен болып табылады.
- Исламдағы бес уақыт намазды қосып үш рет оқиды. Құлшылықтан кейін имамдарды еске алады. Құлшылық орындарын «жамағатхана» деп атайды.
- Зекет беру міндетті парыз болып есептеледі. Зекет арнайы адамдар тарапынан немесе көсемдері тарапынан жиналады. Жиналған зекет көсемге беріледі. Ол жамағаттың қажеттіліктеріне жұмсайды.

- Рамазан айында ораза ұстайды.
- Қажылық Меккеде орындалады. Сонымен қоса Кербела секілді жерлердегі имамдардың мазарларына зиярат етіледі.

- Имам және көсемдердің талабын орындау үшін жанымен, малымен жихад ету парыз (міндепті).

Негізінен бохралар сунниттерге жақын бір ұстанымда. Бұлардың көсемдерін «даи» деп атайды. Бас даи әлі күнге Үндістанның Гуджерат аймағындағы Сурат деген жерде отырады. Орталықтары осы жер.

**Низариттер** Фатимиттердегі 1094ж әл-Мустансир халифтің қайтыс болуынан кейін оның орнына тақ мұрагері ретінде ұлы Низара ел басқарады. Бірақ ол көп ұзамай саяси жанжалдың құрбанына айналады. Таққа оның інісі Мустали келеді. Осы сәттен бастап иллюстрированный Низара және Мусталидің жақтаушысы болып екіге болінеді. Низараның жақтаушылары шығыска қарай жылжып онда Аламут орталық астанасы бар тәуелсіз мемлекет құрады. Көптеген саяси жағдайлардың арқасында низариттердің географиялық территориясы да кеңейе бастады. Сонымен қатар жақтаушылар іздеу барысында олар Шығыс Африкаға да жетеді. Сол уақыттан бастап низариттер имамы өздеріне Ага-Хан титулын қабылдайды. Қазіргі уақытта низариттер Карим Хусеин Ага Хан IV Шахты имам санайды. Ол имаматты 1962 ж қабылдады. Ол көптеген әлеуметтік және гуманитарлық жобаларға ат салысалы. Және низариттердің қоғамдық жағдайын қолдан отырады. Бүгінде имама Ага Хан әлемдегі ең бай адамдардың қатарына жатқызуға болатын көрінеді.

**Друзалар** әл-Хакимнің ел басқарған тұсында исмаилиттерден «друзалар» атты жаңа бағыт белініп шығады. Бұлардың басты ерекшеліктері, және ілімдерінің негізі болып табылатыны ол әл-Хакимді құдай деп танулары. Нақты мұндай түсінікті әл-Хакимнің өзінен тарағандығы не болмаса ұстанушылардың өздері осындай шешімге келгендей туралы тарихта нақты дерек жок. Әйтседе кейбір сұннеттік бағыттағы материалдарда әл-Хакимнің өзін-өзі құдай деп жариялағандығы туралы мәліметтер кездеседі. Ал, қазіргі таңдағы исмаилиттер бұл мәселеде әл-Хакимнің бұған ешқандай қатысы жоқ екендігін алға тартады. Бұл жаңа бағыттың әл-Хакимнен басқа да негізін қалаушылар, олар әл Хасан ибн Хайдар әл-Ферғани, Хамзу ибн Али әл-зузени. Сонымен қатар Мухаммед ибн Исмаил ад-Дарази. Ол Фатимидтік Халифатқа оқуға келген деседі. Жаңа бағыттың аты осы персиялықтың атымен аталған. Өзінің жаңа бағытын тарату және жасырыну мақсатында ол Ливанға кетеді. Бұл бағыт туралы мәліметтер өте аз себебі әл-Хакимнің құпия елімін олар оның қайта тіріліп келуіне жорамалдайды. Ал, діни немесе басқа да уағыздарын тек жасырын түрде өткізуге тырысады. Ұстанушылары қазіргі таңда Ливанда, Сирияда, Израилде және аздаған бір белгілі Иорданиядан табылады. Жалпы саны жағынан бір миллион шамалас. Друзарлардың дұға жасайтын орындары да құпия сақталады. Ерекше сенетіндер ол әл-Хакимнің қайта тіріліп келуі. Сонымен қатар буддизмнің де көріністерін табуға болады. Мысалы жаның қөшүі, қайта келуі. Намаз оқу мен ораза тұтуды міндет деп санамайды. Көп әйелдікке қарсы. Шаригатқа келер болсақ не сұннеттік не шииттік ереже нормаларын ұстанбайды. [4].

**Суфизм.** Сопылық ілімнің қалыптасуына иудаизмдегі Каббала ілімі, буддизмдегі «Нирвана» (нәпсі құмарлықтарының өшүі), гректік неоплатонизм ілімі, бақсылық психотехникасы, христиандық аскетизм (монахтың өмір салты); шиитік ағымның ұстанымдары (мәһди) ықпал – әсерін тигізген. Исламның діни-мистикалық ағымы – сопылық VIII ғасырда қазіргі Сирия, Палестина және Ирак аумақтарында пайда болды. Орталық Азияда Нақышбандия, Қадария, Кубравия және Иассауи тариқаттары тараған. Ислам дініндегі «Тасаууф» (Сопылық) діни-мистикалық ағым. Фалымдардың пікірінше, «тасаууф» (сопылық) сөзінің түбірі «суфэтүн» (жұн, түк) сөзінен шыққан. Себебі, сопылық жолын ұстанушы өзін Аллаhtың құзырына тасталған жұн тәрізді сезінеді дейді. Ал басқа бір пікір бойынша, «сыфатун» - «қасиет» деген сөзден тараған. Сопы өз бойына адамзаттың асыл қасиеттерін жинаған адам десе, енді бір фалымдар «тасаууф» сөзі – «сафа» - яғни «тазалық» сөзінен шығады

деген пікірді ұстанады. Сопылық діннен жеңіл жол іздеу, парыздарға (намаз, ораза) немқұрайлы қарау, дүниелік мақсаттар үшін топ құру емес. Сопылық ұстанымы – Аллахты үнемі еске алу, нәпсімен күрес, ғибадатты ықыласпен орындау, ыждағаттылық және сабырлылықпен амал ету. Сопылық мақамдардан тұрады. Құлшылық етуші (ғабит), тақуа (захид). Бұл мектептердің өзіне тән әдісі, жолы және мақсаттары бар. Сопылықтың ортақ ұстанымдары – Аллахты және Пайғамбарды сюю. Тақуалық, дүниеге қызықпау, Аллаһқа риза болу. Тариқат жолына түсуші Шаригат заңдарына бағынып, дүниелік күйбен тіршіліктен бас тартып, өзін Жаратушыға арнағанын қабыл алады. Сопылық IX-X ғасырларда Таяу және Орта Шығыс елдерінде, Солтүстік-Батыс Африкада кеңінен таралды. **Ахмад әр-Руғағий** мектебі арабтардың руғағий қауымынан шыққан. Батыс Азия елдерінде таралған. **Ибрахим әл-Дусуқий** мектебі нәпсі және құмарлықтарға қарсы шыққан. **Маулауия** мектебінің негізін ақын, ойшыл Жалалиддин Румий қалады. Бұл тариқат Түркия, Батыс Азияда таралған. **Шазилия** мектебінің негізін Әбу Хасан Шазилий қалаған. Бұл мектеп Мысырда, Йеменде, Африканың солтүстігінде және батысында тараған. Бұл тариқат зікірге және білім алуға ерекше мән береді. [5].

«Сопылық көне замандардан келеді. Сопылық нанымы бойынша адамның сезімдері рухани тәрбиеге мұқтаж, сезім мен нәпсіні жаттықтыру қажет дейді. Сопылықтың тақуалықка, тәрбиеге, нәпсі тәрбиесіне шақыратынына ешбір дау жоқ, өйткені бұл амалдардың барлығы исламда бар. Ислам бұл істерді ұстанып, амал жасауға шақырады. Дегенмен, сопылардың кейбірінің хулул және иттихат – Аллахтың келуі мен пендемен бірігуі сеніміне бет алғып кетуі, тариқат жолы денені қинаудан тұрады деуі сияқты исламға жат амалдары да көп, ал ондай амалдар сопылыққа үнділерден, грек философиясынан, христиандықтан енген» [6].

**Хабашиттер.** Абдуллах әл-Хараридің ізбасарлары. Суфизм ілімімен көптеген ұқастықтары бар. Әйтседе айырмашылықтары да аз емес. Құдай мәселесіне келген кезде мұнда тақфирдің шектен шыққан түрін қолданады. Аллахтың құдайлық атрибуттарымен келіспегендердің барлығын дінсіздер деп санайды. Хабашиттер дұрыс емес ақиданы ұстанғандардың барлығы Аллахтың діннен емес деген тұжырымды ұстанады. Кез-келген пенде тіпті ол ислам діні туралы естімеген күннің өзінде о дүниеде Аллахтың алдында жауапқа тартылады деп сенеді. Аллахқа қандай да мекен немесе орынды көрсету үлкен күн деп біледі. «о баста Аллахтан басқа ешнәрсе болған жоқ. Ол орынсыз тіршілік етті. Және осы уақытқа дейін бар болуда». Егер кімде кім Аллахты қоғанда немесе аспанда дейтін болса онда ол пұтқа табынушылардан. Аллахқа жоғарғы құш, барлығын жаратушы, бәрінің бастаушысы, аллахтың жарлығы дегенді айтуға болмайды. Себебі бұл оған сипаттарды таңады. Ал бұл күпірлік. Хабашиттердің ұстанушыларының көбісі Ливанда орналасқан. Сонымен катар, АҚШ, Канада және Австралияда да бар [7].

**Салафиттер.** Салафия – алғашқы ғалымдар, ислам ұлықтары деген мағынаны беретін үғым. Пайғамбардың және сахабаларының сенім негіздерінде ұстанған жолын тікелей сол күйінде жалғастырған қауымға салафілер дейді. Табиундар, мазhab имамдары және хадисшылар салафілерден саналады. Ашарилік пен матуридлік шыққанға дейін суннит мұсылмандарда басым болған сенім салафілік болатын. Салафияның ең басты ерекшелігі – ақыл-ойдың танымдағы орнын жоққа шығару, Құран аяттары және хадистермен шектелу, оларды түсіндірмелеге (интерпретация) қашу. Мұхаммед Пайғамбар дүниеден өткен соң сахабалар мұсылман қауымын басқаратын біреуді шұғыл түрде іздестіруге кіріседі. Шииттік әдебиеттер мемлекет басшылығының (имамат) Құран және сұннет, сондай-ақ өсиет етүмен болатындығын алға тартып, Имамның тікелей Мұхаммед пайғамбар тарапынан тағайындалғанын, жалпы халықтың еркіндегі мәселе еместігін баяндайды. Оған өздерінің дәлелдерін ұсынады. Мысалы, алғашқы имамның Али екендігін айтатын шииттер «Өсиетнама» немесе «Қалам-қағаз» оқиғаларын дәлел келтіреді. Тіпті кейбір Құран аяттарын да көрсетеді [8]. Шииттіктің шығуына байланысты бұдан басқа көптеген себептер көрсетіледі. Алидің халифалығы тұсында шииттердің мынадай бағыттары болғаны айтылады: - Муфаддила (Парасат иелері): Алиді сахабалардың ең жоғарысы және халифа болуға бірден-бір лайықты

адам екендігіне сенетіндер. Бұлар барлық сахабаларды құрметтейді. Исламға қарсы ешбір әрекеттері жоқ. Муфаддилалар уақыт өте келе сунниттермен қосылып кетеді. Жамал және Сыфтин соғыстарында Алиді қолдап жақтағандар осылар. Сабба (Абдуллаһ ибн Саба жақтастары) : Алидің сахабалардың ең ұлсысы, әрі халифалыққа ең лайықты екендігіне сенбейтін бүкіл басқа сахабаларды лағынеттеп, балағаттайтын шииттік топ. Бұлар алғашқы үш халифаны өздеріне тиісті емес орынды әділетсіз түрде алған адамдар деп есептейді. Имамия және Иснаашария осы Саббаның жалғасы болып табылады. Ғалия (Шектен шыққандар): Алидің Тәнір екендігін алға тартатын Абдуллаһ ибн Сабаның жақтастары. Ибн Саба алғашқы рет «өсиет» және «рижъят» (қайта оралу) доктриналарын, яғни Мұхаммед Пайғамбар Алиді бір өсиетпен халифа еткенін және Мұхаммедтің өлмегенін, халифалықты Алиге беру үшін қайта келетінін сенім түрінде насиҳаттайды. Бұлар Алиге «сен құдайсың» деп сәждे еткен уақытта бір бөлігін өрттеп, бір бөлігін жер аудартып жібертеді. Али ислам сенім жүйесіне зиян келмесін деген мақсатпен Ибн Сабаны дарға астырады [11].

**Ваххабышылдар** – XVIII ғасырдың сонында Арабияда қалыптасқан, Мұхаммед Абдул-Ваххаб (Ваххаби) негізін салған Ислам дініндегі жаңаланған діни-саяси ілім. Ваххабизм бір Құдайлықты уағыздай (Вахабышылдықтың негізгі догматы), Құдай мен адам арасындағы кез-келген делдалдықты (Аллах пен пендениң арасына біреулерді қосуды), Ислам дініндегі әулиелерді аралау күлтін, мазарларды тауап етуіді терістеп, Құран мен төрт тұра халифаның кезеңіндегі таза Сұннетті мойындаиды. Олар қатаң түрде шылым шегуге, ән айтуға, би билеуге тиым салады. Ваххабышылдар тек бір ғана Құдайға сенім артады. Осы жерден мұвахиддун-бір Құдайшылдар (тәухид) атауы шығады. Ваххабиттердің пікірінше, әулиелерге ғана емес, тіпті, пайғамбардың өзіне құрбандық шалуға және олардың бейіттеріне ескерткіштер орнатуға болмайды, өйткені, бұл пұтқа табынушылық болып саналмақ. Құдайдан басқа ешкім адамдардың құпиясын білмейді, сондықтан, үәлилерге (әулие) тіпті, пайғамбарға емес, тек оның өзіне ғана сиыну қажет. Сенімнің тазалығын бұзатын және негізсіз енген рухани рәсімдер мен салт-жоралардың барлық сыртқы формасын жою қажет. Әйелдерді қабірге жақыннатпаған дұрыс, өйткені, олардың есепсіз көз жастары әр адамның Құдайдың жазғанына бойынсұну міндеттіне сай келмейді. Тек төрт мейрамға рұқсат етілген: Пітір, Құрбан, немесе, Азха – құрбан шалу мейрамы, Ашура – Мұхаррам айының 10-күніндегі ораза және Аллах адамдардың жыл бойы қылған іс-әрекеттерін жазатын Шаабан айындағы Мұбарақ тұні, Олардың пікірінше, төрт тұра мазхабтардың ілімі (ханефиттік, шафииттік, маликиттік және ханбалиттік) міндетті емес, өйткені, әрбір адам Құранда жазылған ілімнің мәнін өз бетінше түсіндіріп, өз пікірін ұстана алады. Ваххабиттер қасиетті соғыс –жихадқа ерекше көніл бөледі.

**Хизб ут-Тахрір.** «Хизб-ут Тахрір» партиясы – тек дін мәселесі ғана емес, елдің экономикалық, саяси мәселелері жағынан ықпал жасауға ұмтылатын исламдағы ағым. Партияның негізін салушы – Таки ад-Дин ән-Набананы /1909-1979/. Ол 1952 жылы партияны құрып, өмірін осы партияны басқаруға арнаған. Иорданияда, Сирияда, Ливанда жүріп, Бейрутта қайтыс болған. Ол дүниеден өткен соң орнына Абдул Қадим Зәллам тағайындалды. Таки ад-Дин ән-Набананы «Ислам жүйесі» атты кітабында шариғи билік жүргізетін болашақ халифаттың «Конституциялық жобасы» ұсынылады. Партия Иорданияда, Сирияда, Ливанда жұмыстарын жүргізді, кейін басқа ислам елдеріне таралды. Сонырақ Еуропада, әсіресе, Австрияда, Германияда, Ұлыбританияда белсенді жұмыс жүргізген. АҚШ-та, Германияда, Канадада, Ресейде, мұсылман елдері – Пакистанда, Сирияда, Иорданияда т.б елдерде тыйым салынған. 1984 жылы Мысырда «Хизб-ут Тахрірдің» 32 мүшесі тұтқындалды. 2005 жылы Түркияда «Хизб-ут Тахрір» ұйымының басшысы Йылмаз Челик тұтқындалды. Ұйым мүшелері Түркияда зайырлы мемлекетті жойып, оның орнына исламдық халифат орнатуға шақырған ұрандар көтерген. Бұл партияның жұмысы Түркияда занмен қудаланады. Тәуелсіздік алған Орта Азия республикаларында «Хизб-ут Тахрірдің» бел алуының саяси, діни, әлеуметтік себептері бар. Еркіндікке қол жеткізген елдерге сырттан әртүрлі діни бағыттар өз тұжырымдарын тықпалады.

**Ахмадиттер.** Ол 1889 жылы Үндістанда Кадианнан шыққан Хазрат Мырза Гулмом Ахмад тарапынан құрылған. Қауымдастық атауын Мухаммедтің екінші аты – Ахмедпен байланыстырады. Мұсылман-ахмадиеліктер өздерін ақиқи исламды қалпына келтірушілерміз деп санайды (Пәкістанда ахмадиеліктеге мұсылманбыз деп айтуға тыйым салынған). «Ахмадие» орталығы Лондонда орналасқан. Ахмадиелік қозғалыс Еуропа және ТМД елдері және Азияда барлығы шамамен 12 миллион адамды қамтиды. Олар Англияда, Германияда, Голландияда, Испанияда, Австралияда және басқа да мемлекеттерде 12 мыңнан аса мешіт түрғызған. Қазақстанда «Ахмадие» қауымдастығы пәкістандық пірадарлардың ықпалымен 1994 жылы Алматыда пайда болды. Қауымдастықтың толық атауы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ахмадиелік мұсылман жамағаты». 2008 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда 4 Ахмадиелік жамағат діни бірлестігі (Алматы облысы, Шығыс Қазақстан, Алматы және Шымкент қалалары) қызмет етеді.

**Бахай Сенімі** - бүкіл адамзаттың рухани бірлігін ұран еткен ең жас әлемдік [дін](#). Сенімнің негізін қалаушы Баһаулла (1817—1892 ж.) Құдайдың адамзатқа аян беріп жіберген Ибраим, Мұса, Будда, Заратустра, Кришна, Иса, Мұхаммед және Баб сияқты Елшілерден құралған тізбектің қазіргі уақыттағы соңғысы болып саналады. Бахай сенімі XIX ғасырдың ортасында пайда болып, бүгінде 5 миллионнан астам ізбасардың басын біріктіреді. Олар 2112 түрлі [үлттар](#) мен ұлыстардан, әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік жіктерден құралып, әлемнің 188 [мемлекетімен](#) қоса 45 тәуелді территорияларда Бахай сенімін ұстануда. Сенімнің қасиетті жазбаларының белгілі бір бөлігі 800-ден астам тілге аударылған. Бахай ілімі өзекті үш қағидаға негізделген. Олар жаратушы Алланың бір екендігі, діндердің біртұастығы және барша адамзат бірлігі. Алдыңғы пайғамбарлардың жазбаларына сәйкес, Баһаулла Құдайдың тек жалғыз діні бар деп жариялайды. Ол өткен шақта да, келешекте де Құдайдың қай елшісімен келмесін, мәңгі болып қала бермек.

Бахай Сенімі өз бастауын 1844 жылдың 23 мамырынан алады. Осы күні "Баб" есімін алған жас парсы жігіті, Сейід Әли Мұхаммед өзіне Алладан аян түскенін жариялады. Оның мұраты қоғамды араға біраз уақыт салып келетін Елшінің келуіне дайындау болатын. Барлық діндерде күндердің күнінде Жаратқаннан қатарынан екі елші келеді делінген. Мысалы, Исламда Иса Мәсіхтің екінші рет келуінен бұрын Мехди немесе Мәди келеді делінсе, Христиандықта да Исаның екінші рет оралуынан бұрын Алланың уәкілі түседі делінген. Осылайша діндерде жазылғандай Баб өзінің ерекше мақсаты хақында паш етіп, сонынан көптеген ізбасарлар ертеді.

Көптен күткен Пайғамбардың келуі жайлы насиҳаттаған жаңа Баб ілімі сол кездегі Парсы еліндеңі кейбір дінбасыларына жақпады. Бабтың ізбасарларына дінбұзарлар және исламның дүшпандары деген жала жабылып, бірнеше жылдың ішінде жиырма мыңнан астам бабшылар азапталып өлтірілген еді. Бабтың өзі қамал абақтысына жабылып, өзінің аян алғаны туралы жария өткен сәттен алты жыл өткен соң, 1850 жылы атылып дүние салды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі.**

1. Байтенова Н.Ж. Қазақстандағы діндер тарихы, 2009ж. 238б
2. Абжалов С.У Қысқаша діндер тарихы, 2009ж. 130б.
3. Мамиргов М.З. Книга исламских сект и вероучений. М.; 2007.-472б.
4. См. Там же.
5. Эуезов М. // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции. – (2-3 мая 2006г, Алматы). – Алматы, 2007.-46.
6. Стамова Р.Д. Особенности религиозной ситуации и место исламского мистицизма (суфизма) в Кыргызстане // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции. Алматы, 2006
7. Ислам. Энциклопедический словарь. – М., 1991. 298б.
8. «Хизб-ут-Тахрид-ут-Тахирдің» шынайы бейнесі.-2008.-23 б.

9. Аш-Шахрастани Мухаммед Ибн Абд ал-Карим. Книга о религиях и сектах (Китаб ал-милал ван-нихал). - М., 1984. - С. 153.

*Ералиева М.М.,  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«психология» бөлімінің  
1 курс магистранты  
Қалымбетова Э.К.  
психол.г.к., доцент*

## **БАСШЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІРІН БІРІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

Кез-келген ұжым іс-әрекетінің тиімділігі, көбінесе түлға аралық қатынас деңгейімен, әсіресе, басшы мен қызметкерлер арасындағы қатынас деңгейімен анықталады. Бұл өзара қарым-қатынас негізгі психикалық процестердің бірі – қабылдаумен негізделеді.

Қабылдау – қоршаған орта заттары мен құбылыстарының барлық қасиеттерінің жиынтығын кешенді бейнелеу процесі. Қалыпты жағдайда қабылдау бірнеше түрге бөлінеді – көру, есту, дәм сезу және сипап сезу. Заттың формасына байланысты қабылдауды бөледі: кеңістікті қабылдау, қозғалысты қабылдау, көлемді қабылдау және уақытты қабылдау. Қабылаудың бірқатар негізгі қасиеттері бар: заттылығы, тұтастылығы, жалпылығы, мағыналығы, константтылығы. Барлық осы түрлер, қасиеттер, зандылықтар басқару іс – әрекетінде де сақталады және сыртқы ақпараттың мағыналы, пәндік және құрылымдық көрінісін қамтамасыз етеді. Олар басшының сезімдік тәжірбиесінің қалыптасу механизмдерін бейнелейді.

Басшы іс - әрекетінде қабылдаудың индивидуалды - стилдік ерекшеліктері белгілі-бір орынға ие. Екі негізгі стилдер бар – талдамалы және жалпыламалы (аналитикалық және синтетикалық) және екі қосымша – талдамалы - жалпыламалық және эмоционалды. «Жалпылаушылар» құбылыс көрінуінің жалпылығына бейімділігімен және жалпы мағынаны анықтауға бейімділігімен сипатталады. «Талдаушылар» үшін мәселенің бөліктерін, бөлімдерін толықтай көрсету тән. Талдаушы-жалпылаушы тип осы ерекшеліктердің бәрін біріктіреді, бірақ екеуініңде көріні әлсіз болады. Эмоционалды тип белгілі - бір оқиғаға жоғары сезімталдық білдіреді, ол адекватты қабылдауға әсер етеді. Басшы және қызметкерлер үшін қабылдаудың талдаушы-жалпылаушы типі сәйкес келеді. Талдаушы тип және жалпылаушы тип аз мөлшерде тиімді, ал эмоционалды тип басқарушылар үшін қарама-қарсы қасиет ретінде болады [1].

Біріншіден, басшы және қызметкерлердің қабылдауы барлық танымдық процестермен (есте сақтау, ойлау) байланысты, ол кәсіби басқару тәжірбиесіне байланысты апперцептивтілік қасиеттерінде көрінеді. Ол тек қана ақпаратты қабылдау ретінде ғана көрінбейді, сонымен қатар бағалау, мағыналу, белгілі бір затқа қатынас қалыптастыруда да көрінеді.

Екіншіден, басшы іс-әрекетіндегі қабылдау белгілі-бір деңгейде ерекше. Қабылдау ақпараты тек қана белгілі - бір қоршаған орта объектілері ғана емес, сонымен қатар субъектілер – көптеген тұлғалар, олардың қасиеттерінің, белгілерінің, сапаларының, пікірлерінің қарама-қайшылығы. Сонымен, басшы іс-әрекетіндегі қабылдау - бұл тұлғалық, субъектілі (толығырақ түлға аралық) қабылдау. Басқарудағы перцептивті процестердің ерекшелігі түлға аралық қабылдау ретінде және әлеуметтік перцепция ретінде болатындығында [2].

«Әлеуметтік перцепция» термині негізін 1947 ж. американлық психолог Дж. Брунер, негізінде басқа адамдар, әлеуметтік топтар және «үлкен әлеуметтік қауымдастық» жатқан «әлеуметтік объектілерді» қабылдауды түсіндіру үшін ұсынылған болатын. Әлеуметтік перцепция бұл біріншіден, индивидуалды қабылдау (адамды адамның қабылдауы), екіншіден, адамның кейбір топтарды тұтастай қабылдауы, үшіншіден, топтардың бірін- бірі қабылдаудағы

топ аралық қабылдау. Әлеуметтік перцепцияның осы барлық түрлері басшы және қызметкерлердің бірін бірі қабылдаудың мазмұның құрайды және олардың арасындағы коммуникативті қызметтің негізін құрайды [3].

Тұлғааралық қабылдаудағы процестер кез-келген бірлескен, әсіресе, басшы іс-әрекетінде маңызды жағдай болып табылады. Жалпы, әлеуметтік перцепцияның жіктемелігі және топтың іс әрекет тиімділігі, нақтылық арасында құрделі сзықтық емес байланыс бар екендігі көрсетілген; перцепцияның бұл параметрлері және басқару іс-әрекетінің тиімділігі арасында.

Басшы әлеуметтік перцепциясы процестеріне, сонымен қатар іс-әрекеті тиімділігіне оның лауазымының маргиналдылық қасиеті әсер етеді. Сонымен қатар, басшылардың екі тобын бөледі: ұйымның жоғары деңгей талаптарына бағытталған және қызметкерлер тобына бағытталған. Жалпы, басшылардың қызметкерлерді қабылдауының келесідей негізгі ерекшеліктері көрінеді: 1) қызметкерлер туралы жалпы әсерді оның жеке ерекшеліктерін бағалауға ауыстыру – жұмыс бойынша және тұлғалық; 2) басшыны қолдайтын қызметкерлердің бағасын жоғарылату; 3) басшының пікіріне сәйкес пікірді ұстанатын қызметкерлердің бағасын жоғарылату; 4) басшыны қолдамайтын және оның пікіріне қарсы пікірді ұстанатын қызметкерлердің бағасын төмендету; 5) басшы өз тарапына жағымсыз түрде келген ақпараттарды ығыстырады [4].

Осылынан қатар тағы бір маңызды сұрақ қалыптасады: басшыны өзі басқаратын топтың қабылдаудағы адекваттылығы мәселесі. Бұл әсіресе тиімді басқаруға маңызды, себебі басшыны топтың қабылдауы бірлескен іс -әрекеттің тиімділігіне әсер етеді. Шетел зерттеулерінде басшының іс-әрекеті тиімді болуы үшін, басшыны қызметкерлердің қабылдаудың ерекше ережелері жасалынған: біріншіден, «біздің біріміз» ретінде, екіншіден, «біздің көпшілігіміз секілді» ретінде, үшіншіден, «біздің ішіміздегі үздігі» ретінде, төртінші, «әкспектацияларға сәйкес» болуы керек, яғни, топ мүшелерінің үмітін ақтауы керек [5].

Отандық психолог А.А. Бодалев эксперименттері басшы және қызметкерлердің бірін бірі қабылдауын түсіндіруде ерекше орынға ие. Екі топ студенттеріне бір ер адам суретін береді: бір топқа алдын ала, бұл – «қылмыскер» деп хабарланған, ал екінші топқа бұл – «кулкен ғалым» деп алдын ала хабарланған. Нәтижелер бір-біріне қарама-қарсы және алдын ала хабарланған бағдарға сәйкес болған. Жалпы түрде ғана емес, сонымен қатар суреттегі бет әлпет жеке бөліктер түрде де сәйкесінше интерпритацияланды. Мысалы, терең орыналасқан көз «терең қалыптасқан қастық» туралы немесе «терең білім» туралы білдірді және т.б [6]. Басшылардың қызметкерлерді қабылдауда осы секілді қателіктер жиі кездеседі. Басшы қызметкерлерді оның кәсіби шеберлігі негізінде қабылдайды және шынайы тұлғалық ерекшеліктері негізінде емес, кәсіби дәрежесіне байланысты оның қандай адам екендігі туралы қорытынды шығарады. Бұл феномен жалпы басшылықтың манипулятивті, техноқысқаша стилінің жеке көрінісі болып табылады. Ол көбінесе «басшы-қызметкер» арасындағы тұлға аралық қайшылықтардың шығу көзі болып табылады. Осы жерден белгілі гуманистік басқару ережесі шығады: адамдардан бағыныштыны емес, бағыныштылардан адамды көру керек; белгілі бір дәрежелерді емес, адамдарды басқару керек.

Басшы қандай-да бір сәтсіздіктерді қаузалды атрибуция заңдылығына сәйкес, өзіне қатысты белгілі-бір сыртқы себептермен түсіндіруге бейім. Ал бұл өзіне қатысты сыртқы себептер қызметкерлер болып табылады. Бірақ, қызметкерлерде осы заңдылық бойынша әрекет етеді, олар сәтсіздіктерді сыртқы факторлармен түсіндіреді – басшылықтың дұрыс еместігі, сәйтсіз ұйымдастыру. Осы секілді мәселелер басшы және қызметкерлер арасындағы қайшылықтардың пайда болуының қарапайым және маңызды себептері болып табылады. Бұл мәселелерді шешу жалпы басқару стиліне, тұлғалық қасиеттерге байланысты [7].

«Басшыны бағалау» көрсеткіші бойынша қызметкерлердің формалды емес құрылымы басқарудың әрбір деңгейінде жалпы және арнайы детерминанттарға ие. Сонымен, I деңгейде қызметкерлердің микротоптарға бірігуіне көбірек әсерді бірінші ұжымның формалды құрылымы көрсетеді: дәл осы қызметкерлер микротоптарының 49% қалыптасуында негізгі

болып табылады, яғни, микротоп мүшелері бір ұжымда еңбек етеді; екінші орында мамандық жалпылығы тұрады. Бұл факторлар ұжымдық формалды құрылымда анығырақ көрсетілген. II деңгейде шеберлердің бірлесе жұмыс жасау тәжірибесі әсер етуші фактор болып табылады (микротоптың 35%). Бұл байланыс социометриялық сауланама мәліметтеріменде қолдау табады. Басшылық деңгейінің өсуімен байланысты «шеттетілгендер» саны (микротоптардың ешқайсысына кірмегендер) көбейеді. Келесі мәні бойынша фактор – аралас жерлерде бірлескен еңбек жалғастығы (33%), үшінші – бірдей жас ерекшелігі (21%). Қызметкерлер еңбектерін ұйымдастыру және мазмұнының күрделігі деңгейі, сонымен қатар өндіріс орындарының құрылымы микротоптар санына көрсеткішті жіктеуді негіздейді. Сонымен, ауыл шаруашылық ұжымдарда микротоптардың орта саны машина құру және жылуэнергетикаға қарағанда көбірек: сәйкесінше орташа 2,8 және 2,6. Жүргізілген жұмыс мәліметтері келесідей тенденция қалыптастыруға мүмкіндік берді: өндіріс орындарында қызметкерлер саны көбейген сайын, сәйкесінше шеберлердің саны да құрамы бойынша көпсанды микротоптарға бірігеді. III деңгейде микротоптарда бастықтарды қалыптастыру бойынша олардың бірлесе жұмыс жасау тәжірибесі негізгі фактор болып табылады (66%), келесі жас ерекшеліктерінің бірдей болуы [8].

Басқарудың барлық түрлерінде қызметкерлердің басшыны қабылдауына қатысты орташа мән қалыптасты, әлсіз көрінетін тенденция бақыланады: басқару деңгейінің жоғарылауына байланысты басшыға жағымды және бейтарап қарайтын қызметкерлердің саны төмендейді, керісінше оған жағымсыз және оқиғалық қарайтындар саны артты. Осы мәліметтерге байланысты келесі қорытынды туынтайтыны: басқару деңгейі қызметкерлердің микротоптарға саны бойынша бөлінуге айтартықтай әсер етпейді. Бұл процесте қызметкерлердің басшыны қабылдауына қызметкерлердің индивидуалды жалпыпсихологиялық және әлеуметтік - психологиялық ерекшеліктері, бәрінен бұрын әлеуметтік перцептивті қабілеттері, сонымен қатар эмпатия, идентификация және рефлексия процестерінің белсенді деңгейлері үстем рөлге ие. Басшының тұлғасы, оның мінездемелік ерекшеліктері, басқару стильдері де айтартықтай орынға ие.

Сонымен, ұжымның формалды емес құрылымды микротоптардың «басшыға қатынастары» критері бойынша төрт түрге бөлу ұсынылады: жағымды, жағымсыз, бейтарап, оқиғалық қатынастар.

Әрбір микротоп түрі мінез-құлықтың арнайы мотивтерімен және басшыға деген бағдарларымен ерекшеленеді.

Олардың әрқайсысы белгілі - бір әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерге ме, олардың ішінде жас ерекшелік және басшымен бірлесе жұмыс жасау тәжірибесімен байланысты. Олардың әрқайсысы ұжымда өз қызметтерін атқарады. Басшы туралы пікір қалыптастыруда әрбір микротоптың пікірі әртүрлі.

Басшы және қызметкерлердің бірлескен жұмыс жасау тәжірибесінің көп болуы олардың арасындағы арақашықтықты жояды және басшы өзінің қызметтік құқығын қолданбайды. Бұдан шығатыны: басқарудың әрбір деңгейінде белгілі бір ұжыммен жұмыс жасаудың оптимальды кезеңі болады. Р.Б. Гительмахер жүргізген зерттеудің нәтижесі бойынша келесі кезеңдер ұсынылады: шеберлер үшін -4-6 жыл, өндіріс басшылары үшін -6-8 жыл, директорлар үшін -8-10 жыл [9].

Атақты психолог Э.Шостромның пікірінше басқару практикасында да күнделікті тұрмыстық өмірдегі секілді манипуляторлар жиі кездеседі. Ол адамдардың екі қарама-қайшы психологиялық қасиеттерін толық талдап берді – манипуляциялау және өзектендірілу. Қесіркерлер арасында өздерінің адамдарды манипуляциялауынан зиян шегетін манипуляторларды айтады. Осында адамдардың механикалық іс - әрекеті олардың өмірін сүйкімсіз жұмысқа айналдырады.

Э.Шорстом мұндай адамдарға қарама – қайшылыққа мысал ретінде, тұлғаның өзектендірілуін көлтіреді. Ол осында тұлғаның анық мысалы ретінде Авраам Линкольнды айтады [10].

Манипулятор актуализаторға қарама – қайшы басқарғанды өте қатты жақсы көреді. Ол өзінің осы қажеттілігінің құлыш болып табылады. Бірақ бұл жерде белгілі – бір парадокс пайда болады: ол басқаруды жақсы көрген сайын, сәйкесінше онда біреу арқылы басқарылу қажеттілігі көбейеді.

Э.Шорстом манипуляторлар-бұл жан-дүниесінде антагонистикалық қарама – қайшылықтары бар көп қырлы тұлға, ал актуализатор - өзара толықтырылатын қарама-қайшылықтарға ие көп қырлы тұлға деген қорытындыға келді [11].

Қабылдаудың субъектісі және объектісі ретінде тек қана жеке тұлға емес, сонымен қатар адамдар тобы бола алады. Ал, мысалы, топтың көрсеткіші басқа топтан өкілдеріне деген теріс қарым – қатынас бола алады.

Адамдардың бір – бірін қабылдауда бірнеше мүмкін жағдайларды көрсетуге болады :

- а) бір тұлға басқа жеке тұлғаны қабылдаған кезде (мен –ол);
- б) жеке индивид тұтас топты қабылдаған кезде ( мен – олар);
- в) тұтас топ жеке тұлғаны қабылдаған кезде ( біз – ол);
- г) бір топ адамдар басқа топты қабылдаған кезде (біз – олар) [12].

Адамның өзін басқа адамдар қалай қабылдайды деген ойлары белгілі – бір деңгейде оның мінез – құлқын анықтайды. Адамдар жиі қоршағандарға қандай да бір әсер қалдырғысы келеді, себебі ол адамдардың өзара түсінушілік процесінің негізі және шығу көзі болып табылады.

Қарым – қатынас процесінде адамдар көптеген көз – қарастар мазмұның түсінуге тырысады, ал бұл адамдар арасындағы түсінудің төмендігіне алып келуі мүмкін. Бізді басқа адамдар қалай қабылдайды деген біздің болжамдарымыз дұрыс емес өзара түсінушілікке ықпал жасауы мүмкін [13].

Адамдар арасындағы қарым–қатынастың құрделі сэттерінде «ашықтық» ерекше орынға ие болады, яғни басқа адамдармен қарым – қатынаста әділ және шынайы бола алу. Ашықтық психологиялық феномен ретінде өзінің ішкі «менің» және өзін тұлғалық деңгейде қабылдау деңгейіне тікелей тәуелді.

### ***Көлданылған әдебиеттер тізімі:***

1. Карпов А.В. Психология менеджмента. 2005.
2. Психология управления. Хрестоматия. Баҳрам - М.: 2006.  
Редактор – составитель Райгородский Д.Я
3. Социальная психология /Под ред. А.В. Петровского. — М.: Просвещение, 1987
4. Розанова В. А. Психология управления – М.: Изд –во  
ЗАО «Бизнес школа «Интел – синтез», 2000.
5. А.Ф. Шикун, И. М.Филинова. Управленческая психология. М.:  
Изд – во Агент пресс , 2002.
6. Бодалев А.А. Восприятие и понимание человека человеком. М., 1982.
7. Психология упразднения. Сборн. науч.труд. М.: 1982.
8. Гительмахер Р.Б. Восприятие руководителя подчиненными: Учеб. пособие. —Иваново:  
ИвГУ, 1991.
9. Гительмахер Р.Б. Рабочий и мастер (социально-психологический аспект). М., 1989.
10. Генов Ф. Психология управления. – М.: 1992
11. Обозов Н.Н. Психология менеджмента. – СПб., 2001
12. Донцов А.И. Психология коллектива. – МГУ, 1984.
13. Андреева Г.М. Социальная психология.- М., 1998

Ертарғынқызы Д.,  
әл –Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»  
мамандагының 1 курс магистранты  
Фылыми жетекшісі:  
пед.г.к., доцент Әлқожаева Н.С.

## **ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМ БАЛАЛАРМЕН ЖҮМЫСЫ**

Қазіргі таңда әрқайсымыз күн сайын агрессия, зиянды әдептер, занға қайшы әрекеттермен кездесеміз. Осы саладағы мамандар көптеген жылдар бойы осы мәселелерге жауап іздеп келеді.

Еліміздің нарықтық қатынастар кезеңінде болашақта бүкіл әлемдік өркениет аясында өз орны бар мемлекет ретінде дамуы халқымыздың ұлттық менталитетіне, әсіресе, жаңа жас ұрпақтың сындарлы тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. Дегенмен бүгінгі таңда ұлттық болмыссымызға жат құбылыстардың жастар арасында кең етек алуды жас ұрпаққа қажетті заман талабына сай тәлім-тәрбие жүйесін жаңартуға, мектеп алдында жаңа міндеттер қояды.

Бұл міндетке халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақ өсірудегі ұлттық тәрбие дәстүрлер тәжірибесі негізінде адамгершілік қадір - қасиеттері тағылымды, рухани дүниесі бай, мінезд-құлыш мәдениетке еліміздің болашағы үшін қызмет етуге дайын азаматты қалыптастыру арқылы жетуге болады.

Осы мәселеге байланысты Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа жағдайға сай бәрімізді алаңдататын мәселе - білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті рухани және әлеуметтік адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру болып табылады», - деп атап көрсетті [1].

Осылан байланысты жалпы білім беретін қазіргі мектептердегі тәрбие ісінің мазмұны кеңейіп отыр. Қазіргі кезде елдегі әлеуметтік қайшылықтардың басымдық танытуы - кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында қылмыстық істер таралуына ықпал етуде. Мектептер мен отбасы жағдайларында кейбір жасөспірімдердің талап – тілектерімен келіспеу, ой- пікірлерімен санаспау, жеке - дара ерекшеліктері мен бейім қабілеттерін ескермеу, оларға ұсынылған идеялар мен мұраттардың құйреуі табиғи түрде шиеленіске апарады.

Кейбір жасөспірімдердің рухани жағынан азуы және соның нәтижесінде өзімшілдікке, енжарлыққа, өзіне және басқаға немқұрайлықпен қарауға, ішімдік, темекі, есірткіге еліту және уитты сүйиқ заттарды іскеу, қылмыстық істер жасауға дағдыларын қалыптастырады.

Екіншіден, жасөспірімге тән қасиет - өзіндік тәуелсіздік, дербестік, басқаға бағынышты болмау. Сол себептен, өзінің күш - қуатын, жеке басының мән-мағынасын түсінуге ұмтылыс жасайды. Оны ұғыну мүмкіндіктерді мектептердегі оку-тәрбие мен еңбек үдерісіне байланыстырудан байқалады. Себебі, девиантты мінезд-құлышты балалар типтік ерекшеліктеріне байланысты тіршілік қыншылықтарына кезігіп, оны жеңіп шығуға ішкі жай-күйі жол таба алмай, әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қорғаусыз қалады. Нәтижесінде девиантты мінезд-құлышты бала ешкімге керегім жоқ деген сезімге беріліп, кінәны ересектерге артып, айналасымен жанжалдасуға, ұрыс-тәбелеске бейімделеді. Қажеттіліктің орнын толықтырудың жолы-бос уақытын мақсатсыз пайдалану, мектеп тәртібін ұстамау, заң нормаларын бұзу, қылмыстық істер жасау.

Соңғы кездері осы жастар тәрбиесіндегі кемшиліктердің кең етек алудын кездейсоқ оқиға ретінде қарастыруға болмайды. Ол өмір шындығы, бәрімізге ортақ кемшилік, қоғам олқылығы. Осы кемшиліктеріміздің нәтижесінде қазіргі таңда девиантты мінезд-құлышты жасөспірімдер көптең кездеседі.

Девиантты мінез-құлық әлеуметтік нормадан ауытқу, қоғамда қабылданған нормаға қарама-қайшы әрекет жүйесі ретінде қарастыра аламыз [2].

Психикалық әрекеттің өзгеру күйін тудыратын улы заттарды қолдану девиантты мінез-құлық формасы болып табылады. Осы заттарды қолданған кезде ол психикалық үдерістерге әсер етеді.

Девиантты мінез-құлық әртүрлі формада көрінгеніне қарамастан, олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Ішімдік ішу, есірткі қолдану, агрессивті мінез-құлық тағы басқалар бір тұтастықты көрсетеді. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтың туындауына жол ашатын әрекеттің бірін қолдануы оның басқа заттарды қолдануға деген мүмкіндіктерін жоғарылата түседі.

Қандайда бір іс-әрекетті бағалау оны белгілі бір нормамен салыстыру арқылы жүзеге асады. Мәселелік іс-әрекеттер жиі девиантты деп аталады. Девиантты мінез-құлық психологиялық денсаулық, құқықтық, мәдени немесе жалпы қабылданған нормадан ауытқу әрекетінің жүйесі болып табылады.

Девиантты мінез-құлық екі үлкен категорияға бөлінеді. Біріншіден, бұл психологиялық денсаулық нормасынан ауытқу. Екіншіден, бұл қандайда бір әлеуметтік-мәдени нормаларды, әсіресе құқықтық норманы бұзатын антиәлеуметтік іс-әрекет [3].

Жасөспірімдік кезең - ең қыын, әртүрлі бұзақылықтардың пайда болатын және сонымен қатар, достық нормаларды игеруіне сәтті кезең болып табылады.

Жасөспірімдік кезеңдегі девиантты мінез-құлық жалпы заңдылықтарға бағынады – жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықты болуына ешқандай себеп жоқ. Бірақ әртүрлі топтағы адамдардың әлеуметтік - экономикалық теңсіздігі, мүмкіншіліктерінің әр түрлілігі жасөспірімдер мен жастардың санаына психологиялық әсер етеді.

Әр жас кезеңінің адамның тұлғалық қалыптасуында алатын өзіндік орны бар. Бұл баланың «Мені» қайта құрылышып, айналасындағыларға сынни көзқарас қалыптасады. Жасөспірімдік кезең балалықтың бір жас ерекшелік кезеңі болып табылады [4].

Балалардың құқығы туралы конвенция анықтамасына сәйкес бала деп 18-ге толмаған әрбір азамат саналады. Жасөспірімдік кезеңнің қарапайым белгілеріне адамның күрделі биологиялық, психологиялық және әлеуметтік даму кезеңдері жатады, негізінде бұл кезеңдер әрқашанда толығымен бір-біріне сәйкес келе бермейді [5].

Зерттеушілердің көпшілігі психикалық дағдарысқа әкелетін ауыр және сонымен қатар, жасөспірімнің санаына күрделі күш түсірмейтін, жыныстық жетілуіне және дамудың биологиялық факторына көп көңіл бөледі, мұндай жасөспірімдік кезеңнің белгілеріне тән мінездемелерге ашууланшақтық, дөрекілік және қырықтық, долылық, субъективтік уайым әлеміне кіріп кету тағы басқалар жатады. Жыныстық жетілуге байланысты туындастын жаңа сезімдер, ойлар зерттеушілердің пікірлері бойынша – оның іс-әрекетін және қылықтарын анықтай отырып жасөспірімдердің санаында басымдылық болады [6].

Белгілі психолог Л.С.Выготский бойынша жасөспірім жастағы кезеңде (14-18 жас) екі үлкен өзгеріс болады: ағзадағы жыныстық жетілу және өзінің “Мен” мәдениетінің ашылуы, тұлғасының және дүниетанымының қалыптасуы. Жасөспірімнің түсінуімен, бейімделу және белсенділік жүйесі ретінде өмірлік жоспардың туындауы мәдени процесін қорытындылайды [7].

Г.Шпрангера өзінің мәдени-психологиялық концепциясында жасөспірімдік кезеңді мәдени есу деп анықтайды. Бұл кезеңдегі дағдарыстың болу мазмұны балалық тәуелділіктен босану болып табылады. Г. Шпрангера бойынша жасөспірімдік кезеңдегі басты жаңа білім – “Меннің” ашылуы, рефлексияның пайда болуы, өзінің жеке даралығын сезінү.

Р.Кулен жасөспірімдердің дамуындағы биологиялық көзқарасты талқылайды, ол бұл кезеңді биологиялық және психологиялық кезеңнен гөрі әлеуметтік - этникалық кезең деп қарастырады. Оның көзқарасы бойынша жасөспірімдік кезеңде үш негізгі әлеуметтік-этникалық үрдіс қарастырылады: үлкендердің қадағалауынан босану, жеке даралыққа көшу,

өзінің өмір жолын таңдау мәселесіне салмақты түрде қарау, мамандық таңдау, әлеуметтік-этникалық нормалар мен құндылықтарды игеру.

Р. Кулленнің пікірі бойынша, егер бала өзінің алдына осы көрсетілген мәселелерді қоймаса, онда өмір сұрген жасына қарамастан балалық кезеңде қалып қояды[8].

Бірдей көзқарастың болмауына қарамастан, бүгінгі қунғі ғалымдар жасөспірімдік шақты 10–11 және 14–15 жас аралығы деп қарастырады. 15–17 жасты әдебиеттерде ерте балалық шақ деп атайды. Бірақ та көптеген зерттеушілер ерте балалық шақты баланың даму кезеңіндегі жасөспірімдік кезеңге қосады. Оның өзіне де толық негіз бар, себебі өзіндік психологиялық мазмұнда бұл кезең – 15 пен 18 жас аралығы – жасөспірімдік кезең мен өзіндік жастық шақтың арасындағы «қаралық жас» болып табылады.

Жасөспірімдік кезеңдегі қайшылықтар мынадай себептермен ерекшеленеді: жыныстық жетілу, жасөспірім өзін ересек ретінде қабылдауы, ал үлкендердің оны әлі кішкентай деп қарауынан, жасөспірімдік кезеңде нақты бойының өсуі және физиологиялық өзгерісі бақыланады және осы өзгерістердің негізінде жоғары мазасыздық, депрессия, қозушылық, өзіне деген адекватты емес, өзі үшін үрей пайда болады.

Жасөспірімдік кезең тек психологиялық жағынан ғана емес, сонымен қатар, тәрбиелік жағынан да құрделі. Аталмыш кезеңде балалардың көшілігі «мектепке бейімделе алмауымен» ерекшеленеді, яғни мектептің талаптарына бейімделе алмау. Шарт бойынша «мектепке бейімделе алмау» жасөспірімдерде олардың үлкендермен ашық жанжалға түсіумен, құрдастарымен достық қарым-қатынасын бұзуымен, олардың нашар окуымен мектептегі тәртіпті бұзуға қатысуымен, оларда ата-аналарымен және оларды қоршаған үлкен адамдармен кейкілжінде болуымен көрініс береді.

Жасөспірім кезінде өз бетінше іс - әрекет жасауға, ұмтылу әсерінен, отбасы ықпалынан арылуға тырысады. Оның бұл әрекеті өзгелермен топтасуға, құмарлық ойындарға әуестенуге, өзін ее орекше етіп көрсетуге әкеледі. Одан келіп әлеуметке қарсы мінез-құлық қалыптасады. Әлеуметке қарсы мінез-құлықты девиантты мінез-құлық деп атайды [9].

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқындағы негізгі белгілері мен көрсеткіштерін зерттеушілер:

1. Отбасының сәтсіздігі (баланың дамуы мен қалыптасуына әсер ететін отбасының ішкі қарым-қатынасының қалыптасуы);

2. Мінез-құлқындағы ауытқушылықты құрделендіретін жұмыстағы оқу және кәсіби мекемелердің жеткіліксіздігі, жасөспірімдермен жұмыс жасайтын мұғалімдер кадрының кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі;

3. Жасөспірім тұлғасының тұлғалық компоненттері рухани қызығушылықтары мен сұраныстарының дамымай қалуы, асоциальды іс -әрекетке ұмтылу, қалыпты тәрбие әрекетіне кері көзкарасы, анатомиялық-физиологиялық және психологиялық даму жағынан құрдастарынан артта қалуы, денсаулығының әлсіреуі, парасаттылық сезімінің дамуының артта қалуы т.б;

4. Қарым-қатынастағы қолайсыздық (қарым – қатынас аясындағы кикілжіндер, құрдастарымен, мұғалімдерімен, үлкендермен қарым-қатынасындағы дөрекілік, т.б.), деп бөліп көрсетеді.

Баланың мектептегі өмірі белгілі бір тәртіппен және үйымдастан түрде өтсе, ал мектептен тыс ортада, жасырын қарама-қайшылықта және ерекше жағдайда өтеді. Мектепте және үйде баланың өзіне тиісті міндеттері болады және ол үлкендердің бақылаумен үйымдастырылады. Ал көшеде бала өзін бақылаудан және жауапкершіліктен еркін сезінеді. Сондықтан да балалардың шағын мектептен тыс уақытын қалай өткізетінін есепке алып отырудың маңызы зор.

Оқушылардың тұратын жерлерін, оның жеке басын қалыптастыратын және дамытатын кіші ортаның бірі ретінде қарастырамыз. Бұл тұрған жерінде бала мектепке келгенше өзімен таныс адамдармен қарым-қатынас жасап та үлгереді. Сондықтан да балалардың тұрған

жеріндегі тәрбиелік жұмысты төменгі сыныптан бастап жүргізу керек. Бұл орайда олардың бос уақытын дұрыс өткізуіне, әрбір іс - әрекетін үлкен қызығушылықпен және ынтамен атсалысуын қадағалау орынды болып саналады.

Мектеп бұл жағдайда ата- ана мен көвшіліктің біріккен жұмысын бір салаға біріктіріп, онда бала тәрбиесінің нәтижелі өтуіне мүмкүндіктер жасайды.

Бала тәрбиесінің мектеп алдына қоған міндет талаптарын тиімді жолмен шешіп және оның жан- жақты дамып, әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін мектепте педагог- психолог мамандықтармен қоса әлеуметтік педагог мамандығы да ұйымдастырылған.

Әлеуметтік педагог өзінің негізгі жұмыс бағыттарын оқушының сабактан бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында ата- анасымен бірлесе отырып мектептен тыс көптеген қызықты жұмыстар жүргізе алады. Оқушылардың сабактан бос уақыттағы іс - әрекеті әлеуметтік педагогтың үлесіне тиеді.

Мектепте әлеуметтік педагог девиантты мінез-құлықты балалармен төмендегідей жұмыс бағыттарын жүргізу қажет:

- сыныпта, топта, қоғамдық бірлестікте және мектептен тыс білім мекемелерінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;

- жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін, ата-ананың жағдайын, қызығушылықтарын, талап-тілектерін, қындықтарын, кездейсок жағдайларын, тәртіп бұзушылықтарын тексеріп, зерттеу және дер кезінде көмек көрсету;

- салауатты өмір салтын насиҳаттау, оқушылардың еркіндігіне, денсаулығына камқорлық жасау, қауіпсіз өмір сүруге көмектесу, жасы келгендерді білім алуға тарту;

- бос уақыттарында дарындылық пен қабілеттердің дамуына, ақыл-ой және дene құрылышының өсуіне жағдай жасау;

- оқушылардың жеке басының дамуы мен тәртібін отбасымен бірлесе шешу;

- оқушылардың жеке басына тән ерекшеліктерін мұғаліммен бірлесе отырып шешу, кемістігі бар балалардың жағдайын ойластыру және оларға қажетті мүмкүншіліктерді жасау.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагог девиантты мінез-құлықты балалармен диагностикалық, түзету – алдын алу, оналту жұмыстарын жүргізеді. Диагностикалық жұмыс тәртібі қын жасөспірімдерді анықтап, олармен тұлғаға бағдарланған жұмыс бағыттарын ұйымдастыру болып табылады. Мысалы, жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу, танымдық даму ерекшеліктерін зерттеу, сыныптағы оқушылармен өзара қарым-қатынасын зерттеу, сынып мәселесін оқушы, оқытуши көзқарасы тұрғысынан зерттеу, ата-аналарымен, отбасымен жұмыс жүргізу, әр оқушыға жеке психологиялық карта жасау т.б. Ал түзету – алдын алу әдісіне сыныппен, микротоптарда және тұлғаға бағытталған бағдарларда жұмыс жүргізеді. Сыныппен зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне кенес беру, салауатты өмір салты бойынша насиҳат жүргізу; ата- аналарымен, балалармен әңгіме жүргізу; шағын топ арасында әлеуметтік бейімделуге қатысты тренингтер ұйымдастыру.

Корыта айтқанда, мектепте девиантты мінез - құлықты балалардың әрекеттерін алдын алып, оларды тәрбиелеуде мектеп мұғалімдерімен қатар әлеуметтік педагогтардың рөлі өте зор. Сондай-ақ оқушыларды қоғам өміріне бейімдеуге, әлеуметтік нормаларға сай келмейтін мінез-құлықтардан бойларын аулақ ұстауға ықпалын тигізеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Ә.Назарбаев. Ауылға айырықша назар аударылады. Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. – Егемен Қазақстан. – 30 сәуір, 2002 жыл.
2. Қын балалар көбейіп барады неге? Азат. – 2005. 30 наурыз – 66.
3. Кле М. Психология подростка. М.Педагогика. 1991.С. 36.
4. Выготский Л.С. Собрание сочинений. Т. 4. Детская психология. – М.1984. – С.256.

5. Балалар құқығы туралы конвенция.
6. Крутецкий В.А. Психология подростка. М. 1965. С.41.
7. Выготский Л.С. Т.4. Детская психология. М.1984. С.258.
8. Новые направления в социологической теории. – М: Наука, 78. – С98.
9. Смелзер.Н. Социология. Пер. с анг. – М: Феникс, 1994. – 294с.

*Ешенигалиев А.,  
КазНУ им. аль-Фараби,  
магистрант 1 курса  
специальность «Философия»  
Научный руководитель:  
Лифанова Т.Ю.  
к.филос.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби*

## **ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЕ ВЫЗОВЫ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА**

Колонии не перестают быть колониями из-за  
того, что они обрели независимость. *Бенджамин  
Дизраэли.*

Проблемы национального самоопределения, развития национальной культуры, национального самосознания, сохранения культурного наследия встают особенно остро в периоды социальных трансформаций, в особенности, в период формирования национального государства. Вопрос о национальной идее остается актуальным и для современного Казахстана.

Глобализационные тенденции в развитии современной цивилизации предъявляют к государствам жесткие требования как в экономической и политической жизни, так и с позиции развития и сохранения духовной культуры нации. Следя гегелевской постановке вопроса о тенденциях развития мировой истории [1], можно сделать вывод о том что, и в настоящее время возможно условно выделить нации движущие исторический процесс и напомнить о тех, кому выпадала честь наблюдать происходящие. Вопрос о месте и роли Казахстан на мировой исторической арене представляет собой актуальную проблему как социальной теории, так и исторической практики.

При исследовании обозначенной проблемы особое место принадлежит сравнительно-исторической методологии, позволяющей путем сопоставления фактов, представленных в огромном потоке информации, сформировать собственное мнение о событиях происходящих в мире. Наша страна как наследница советской эпохи на территории Центральной Азии, вызывает огромный интерес к контексте geopolитических реалий конца XX – начала XXI века. 20 лет Независимости Республики Казахстан продемонстрировали потенциал казахстанского общества. Возможно отметить, что укрепление статуса страны в мире является одной из основных задач Первого Президента – Лидера нации [2]. Однако если затронуть вопрос внутренней обстановке в стране, то стоит выделить одну системообразующую проблему, представляющую собой основной барьер на пути к конкурентоспособности нашей нации в мировом потоке истории: формирование национальной идеи как основы целостности нации и государства. Отсутствие общенациональной доктрины или свода законов Жеты Жаргы как это было при Касым-хане не способно привести к социальному дисбалансу. Следует также иметь ввиду, что если во времена средневековья народу было достаточно семи законодательных норм, то сегодняшний день влечет за собой очевидную несостоятельность подобных законодательных

основ. Разработка национальной доктрины, в чьих возможностях будет способность удовлетворить нужды большинства, по сути тот единственный момент который является основным для созидания и поддержания общественного благополучного.

Сегодня когда общественное сознание значительно отдалившись как от ближайших традиций советское время, так и более глубинных основ национального самосознания периода расцвета Казахского ханства, на протяжении уже более 20 лет осваивает правила участия в глобальном пространстве мировой экономики и политики, стоит задуматься над тем что мы можем представить мировому сообществу. В силу исторических событий территории нашей страны находится на огромной площадке развернувшейся от границ Китая до Каспийского моря. В тоже время ответ на вопрос являемся ли мы сырьевым придатком в виду проблем неспособности создать конкурентно способную высокотехнологичную экономику или все же мы весьма целенаправленное государство с ярко выделенными приоритетами остается открытым.

Финансовый кризис 2007-2009 года, крах фондовых рынков, снижение социальной защищенности людей разных стран выявил ряд вопросов касающихся проблем устойчивого развития общества. Сегодняшние правила игры выживания в глобализационном мире требуют постоянного развития всех сфер современного государственного устройства. Межнациональная арена, представленная непрерывным потоком информации со всех окраин и уголков Земли, в виде развертывания человеческой истории в форме ежедневного обзора и новостных обобщений Euro News, CNL, HTB, CCTV создает видимость мировой обстановки. На экранах масс медиа, нам приходилось переживать трагедии террористических атак в Нью-Йорке, захват заложников в Норд-Осте, тяжбы «цветных» революций молодых государств. Неоспоримым будет тот факт, что профессор Гарвардского Университета С. Хантингтон благодаря методу глобального моделирования спрогнозировал и очертил границы будущих мировых конфликтов [3]. Термин цивилизация определяется Хантингтоном как культурная сущность. Деревни, регионы, этнические группы, народы, религиозные общины – все они обладают своей особой культуры отражающей различные уровни культурной неоднородности. Цивилизация как культурная общность определяется наличием схожих черт объективного порядка таких, как язык, история, религия, обычаи, традиции, а также субъективной идентификацией людей. Различия между цивилизациями глубже идеологических, они коренятся в истории, традиции, менталитете и религии. Эти различия не обязательно приводят к насилию, но именно на границах цивилизаций, и это доказано историческим опытом, полыхают самые кровопролитные конфликты. До настоящего времени нас обходят стороной террористические акты радикальных исламистов, и идеи «цветной революции». Благодаря грамотной внешней и внутренней политики Президента казахстанскому обществу удается избежать столкновений на межэтнической почве, поскольку политическая власть базируется на глубоком доверии народа к личности Лидера Нации. Все это говорит лишь о том, что сегодняшний процесс глобализации и интеграции как новая форма мирового порядка представляют нашему государству возможность реализовать весь свой внутренний потенциал. Исследуя сегодняшние тенденции развития казахстанского общества, следует сделать акцент на ярко выраженной трансформации политики и экономики, ознаменованный курсом на построение инновационного общества, являющейся грамотно продуманной стратегией нашего правительства. Теперь стоит вопрос о том, как будет проходить инновационный и модернизационный процесс в реальности. Готово ли наше общество к таким переменам, переустройству личностных качеств на благо развития страны? Самой идеи не достаточно, важна заинтересованность каждого субъекта, поскольку человеческий фактор во многом определяет ход исторических событий. В сущности это ряд стратегических вопросов, связанных с формированием профессиональной компетентности в контексте развития образования, воспитания патриотизма и формирования социальной идентичности подрастающего поколения и т.д. Идентификация молодых государств в истории XX – начала XIX века протекает в русле интенсивной информационной борьбы. Современный

Казахстан не исключение. Во времена Советского Союза территориальное пространство нашей республики служило местом для ряда разнообразных экспериментов от ядерных испытаний до освоение Целины, но и сегодняшний день таит в себе огромное количество новых опасностей. Уже стал общепринятым факт, что политтехнологии достигли высокого уровня когда манипуляция целыми регионами не представляет в себе ничего не возможного. Неверно полагать, что с развитием взаимовыгодных отношений и взаимозависимых решений, отстаивание своих прав и претензий отходит на задний план. Лидирующие Государства не привыкли уступать более слабым и тем более молодым правительствам. Поэтому не стоит оставлять на завтра вопрос о поднятие проблемы самосознания наших граждан если конечно каждый из них не желает светлого будущего для своих потомков. Поэтому позволю себе свободно рассуждать с тех позиций, что в жестких условиях глобализации не стоит упускать важного момента формирования сознания способного воспринимать мир угроз и постоянных вызовов на благо своего народа, развития критического мышления, медиа- и информационной грамотности.

Системный взгляд на современную инноватику позволяет увидеть три ключевые группы инноваций. Это, во-первых, технико-технологические инновации, которые лежат в основе развития и смены технологических укладов стран и мира. Во-вторых, это валютно-финансовые инновации, прогресс которых определяет смену валютно-финансовых укладов стран и мира. И, в-третьих, это социально-политические инновации, прогресс которых лежит в основе смены социально-политических укладов стран и мира.

В настоящее время в мире уже чётко обозначились, как минимум пять приведённых выше путей выхода человечества из глобального кризиса. И кризис даёт каждому народу и каждой стране редкий шанс выбрать своё собственное будущее. Этот выбор сегодня сводится, к выбору типа и класса инноваций, на которых будет действовать валютно-финансовая система страны и мира, как базовое ядро того социально-политического и технико-технологического уклада, в котором хочет жить человек, семья, народ, страна, мир и всё человечество в целом.

Обобщенно говоря, современность определяет новые правила глобальной межгосударственной политике. Сегодня целью войны является уже не столько уничтожение вооруженных сил и оккупация территории противника, как это было прежде, а разрушение экономики, системы информации, деморализация населения, парализация его воли. В результате чего вооруженные силы, даже если они сохранились, оказываются неспособными вести вооруженную борьбу. Исчезли понятия «фронт», «тыл», «фланги». Теперь, когда государство, его границы открыты для передвижения капитала, торговли, финансов и т.д., а тем более идей и информации, ареной войны становится вся территория противника, система управления государством и прежде всего органы политической власти, экономика, средства массовой информации. Яркий пример для подтверждения послужит классическая цитата Аллена Даллеса, бывшего в 1953-1956 года директором ЦРУ, идеолога «холодной войны». Более откровенно и более цинично никто и никогда не формулировал свои задачи. В книге «Размышления о реализации американской послевоенной доктрины против СССР», изданной 1945 году, он писал так: «Человеческий мозг, сознание людей способны к изменению. Посеяв там хаос, мы незаметно подменим их ценности на фальшивые и заставим их в эти фальшивые ценности верить. Мы найдем своих единомышленников, своих союзников в самой России. Эпизод за эпизодом будет разыгрываться грандиозная по своему масштабу трагедия гибели самого непокорного на земле народа, окончательное необратимое угасание его самосознания, управлении государством мы создадим хаос и неразбериху. Мы будем незаметно но активно постоянно способствовать самодурству чиновников, взяточников, беспринципности, предательству, национализму и вражде народов, прежде всего вражде и ненависти к русскому народу. Все это будем ловко и незаметно культивировать. Все это расцветет маxровым цветом. И лишь немногие, очень немногие будут догадываться или даже понимать, что происходит. Но таких людей мы поставим в беспомощное положение, превратим в посмешище. Найдем способ

их оболгать и объявить отбросами общества. Мы будем вырывать духовные корни. Опошлять и уничтожать основы народной нравственности. Мы будем расшатывать, таким образом, поколение за поколением. Мы будем драться за людей с детских, юношеских лет. Главную ставку всегда будем делать на молодежь. Станем разлагать, развращать, растлевать ее. Мы сделаем из них циников, пошляков, космополитов. Вот так мы это сделаем». Из всего сказанного стоит отметить неоспоримые факты того, что культурный империализм США как бы мы не отрицали имеет место существовать и на границах нашей Республике. Остро встает вопрос в контексте современности и традиций для решения которого не достаточно просто взять и отказаться от всех цивилизационных благ. Не стоит далеко ходить если у вас имеется связь с интернетом и взглянуть на происходящие в мире. Казахстан как участник глобальных событий должен противостоять информационным войнам царящим в медиа пространстве. Ввиду недостаточной развитости структуры государственности, гражданам нашей Республики приходиться испытывать на себе все тяготы современной эпохи глобализации а именно расслоение общества, рост влияния транснациональных корпораций, информационно-коммуникационные технологии возросшие масштабы миграции, обострение глобальных проблем, внедрение массовой культуры, потеря самобытности и конечно же одной из главных проблем является вопрос о нивелирование нации, утрата нами своих отличительных признаков.

Данная статья определила ряд проблем циркулирующих вокруг нашего государства на пути к развитому и конкурентно способному обществу. Основополагающим фактором выделился вопрос о национальном самосознании. Жесткие условия глобальной интеграции не всегда протекают в размеренном русле и поэтому в мире угроз и постоянных вызовов наше гражданское сознание просто обязано преобладать над общественными предрассудками и межнациональными распрями. Самосознание сегодня выступает основой духовных и цивилизационных процессов.

#### **Список использованной литературы:**

1. Гегель Г.В.Ф. Философия истории. – СПб.: Наука, 1994. – 225 с.
2. Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2007. - 18 марта.
3. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций? // Политические исследования. – 1994. – № 1. – С. 100-121.
4. Национальная идея Казахстана: пути решения проблем / рук. Ахметова Л.С. – Алматы: Типография «ИП Волкова А.В.», 2010. – 235 с.

**Жаңабаева Д. М.,  
әл Фараби атындағ ҚазҰУ,  
«Мәдениеттану» бөлімінің  
1-курс PhD докторанты**

#### **БАТЫСТАНДЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ**

Рәмізі белсенді фауыстық адам болған, Батыс өз эспансиясын, артта қалған халықтарды отарлау саясатынан басқа, сол кезде әрекет етіп тұрған шығысазиялық (Жапония, Қытай ), онтүстіказиялық (Үндістан) және жетекші елі Осман империясы болған исламдық және православиялық (Ресей) өркениеттерінде үстемдік жүргізуге бағыттады. Тек қана XX ғасырда Батыспен қатар әлемдік мәселелерді шешуге қатысқан КСРО, Қытай, Үндістан, ислам елдері тарихи сахнаға шықты. Бекерден-бекер С. Хантингтон қазіргі сегіз суперөркениеттер туралы

айтып тұрған жоқ. Әлем көпқырлы, көпжақты бола бастады. Бірақ осы кезден вестернизацияның қарқыны бәсекесіді деп айту да қыын. Кеңес Одағы тарқап кеткеннен кейін батыстандыруды жүзеге асырушыға АҚШ айналды және ол жаһандану үрдістер кең мәтінінде болып жатты.

Вестернизация процесіне батыстық емес өркениеттердің берген жауаптарын А. Тойнби өзінің атақты «Тарихты түсіну» еңбегінде феноменологиялық тұрғыдан қарастырады.

Ең алдымен, А. Тойнби ілімі бойынша өркениеттер қарым-қатынасында сыртқы пролетериаттың (әсер етуі көрші халықтардың) рөлі өркениет динамикасының әр кезеңінде әр түрлі болады. Сонымен қатар, дүниежүзілік діндер экспансиясын да ескеру керек. «Қашан, - дейді А. Тойнби, - екі немесе одан да көп өркениеттер бір-біріне әсер еткенде, олардың қуаттылығы әр түрлі болып келеді. Агрессияшыл өркениет экспансия объектісінің өзіне тең емес екендігін сезінеді» [1, 587 б.]. Батыс өркениеті өзінің басқа мәдениеттерге қарсы бағытталған қиратушы әрекетін түземдіктерді (бір мағынасында «нағыз адам емес») мәдениет пен өркениетке жеткіземіз дегенді желеу етеді.

Жапонияның вестернизацияға берген жауабы өнеге тұтарлық. XYI ғ. басында, қашан Шығыс Азияда алғашқы батыс кемелері келе бастағанда, жапондық билеушілір европалықтардың отаршыл пифылын аңғарып, батыстық ықпалдың алдына тосқауыл қоя білді. 1587 жылғы заң бойынша, Жапония аумағында христиандық миссионерлік әрекетке тыйым салынды, португалдықтарға Жапонияда қалуына, ал жапондықтардың европалық елдерге шығуына рұхсат берілмеді. Кейін Токугава режимі, медицинадан басқа, голландықтар жүргізген барлық ғылыми зерттеулерді шектеді. Батыстың технологиялық басымдылығы қаншама тартымды болғанымен, жапондықтардың көз алдында Батыстың мұсылман және православтық әлемді жаулап алуы мысал болып тұрды. Бірақ Токугава режимі 1853 жылғы революциядан кейін құлағаннан соң, жаңа жапондық элита вестернизацияға жол ашты, оның мұндағы мақсаты Батысқа мойынсұну емес, ал батыстық технологиямен қаруланып, әлемде үстемдік жүргізу болды. 1868 жылғы реформалар да 215 жылғы түйік дамудың шектілігін аңғарудан да туындағы [1, 594 б.]

Егер Жапонияда вестернизация төмennен жоғары қарай бағытталса, онда Қытайда бұл процесс 1839 жылы «апиын соғыстарынан» кейін, билеуші топтың белсенділігімен басталды. XIX ғ. аяғынан бастап, Қытайдағы секулярлық қозғалыс батыс протестанттық миссиялардың ықпалымен жүрді. Гоминьданың негізін қалаушы Сунь Ятсен протестанттық священниктің баласы болды, оның әйелі де протестанттың отбасынан шықты. Бірақ Жапония вестернизациядан әскери артықшылықтарға жеткізген құрал тапса, Қытайдағы мәнісінде Батысқа қарсы бағытталған коммунистік қозғалыс оның технологиялық жедел дамуына кедергі болды. Өйткені XX ғасырдағы коммунистік қозғалыстың орталығы батыстанып ұлгермеген Ресей болды. Қытайдағы вестернизацияның жаңа тарихы Дэн Сяопин реформаларынан басталды.

Енді қазақ мәдениетімен тағдырлас Түркияда жүргізілген батыстандыру процесінің кейір ерекшеліктеріне тоқтайық. Православтық-христиандық өркениеттің біршама бөлігін өзіне бағындырғанымен, Батыспен текетіreste османдықтар қауқарсыз болып шықты. Осман империясы әскері 1683 жылы Вена түбінде жеңілгеннен кейін, дейді А. Тойнби, әлемде Батысқа қарсы тұра алатын күш қалмағандай болды [1, 561 б.]. Венаны қоршаудан соң қорғанысқа көшкен, түріктер өз жауы Батыс Еуропадан қару сұрауға мәжбүр болды және батыстық кейір құндылықтарға жол ашты.

Мемлекеттік қызметке енді грек ұлтының өкілдері алына бастады, оларды Батыспен дипломатиялық қарым-қатынасқа дайындағы, бірақ қаншама олар оттомандық тәрбие алғанымен, ойларының түбінде өз Отанының азаттығы тұрды. Осман армиясы европалық үлгіде қайта құрыла бастады, бұл міндетті түрде Батыспен танысқан офицерлердің арасында реформалық қозғалыс тудырды. Танзимат пен жас түрікшілдер қозғалысы дәстүрлі османдық қоғамды шайқалтып жіберді.

Абдул-Хамид сұлтан ұсынған, османдық әскери машинаны аздал батыстандыру бағдарламасы өзін ақтамады, ол тасқын бөгенін ашқандай болды. Батыстандыру толқыны артынан бүкіл Оттоман империясын либералды ойлы әскери офицермен тасқындастып жіберді. Бұл істі қисынына дейін жеткізген Кемал Ататүрік қазір Түркияны өркениетті елдер қатарына қосты. Осыдан мынадай бір қорытынды шығаруға болады: батыстандыру тек қоғамның бір саласын ғана қамтымай, оны тұтас өзгертуді өзіне мақсат етіп қояды. Технологиялық басымдылық оның құндылықтарын дамушы елдерге күшпен тануға мүмкіндік береді. Себебі дамушы елдердің элитасы мен мамандары батыс технологиясымен бірге батыстық ойлау тәсілін де қабылдайды.

Дін мен саясат мұсылман елдерінде тығыз қабаттасып кеткен. Кемал Ататүрік бұл мәселеде де көрегендік танытты. Мұсылмандық мемлекеттің басшысы болып, оларға ислам бөлініп кеткен, бір үлкен сектаның басшысы халиф немесе сол халифтен өкілеттілік алған, жиі ретте басқаруда тиесілі орнын алады. Алайда, өткен ғасырларда бұл инвеститураның көбінесе тек формальды болғанын, және де, қашан халиф күшінен айырылғанда, ол өзінен мықтыларға қарсы келмегенін де, атап өткен дұрыс, бірақ Бағдадтық Аббасидтердің құлдырауынан Ұлы Осман империясының пайда болуына дейінгі дейінгі кезеңде, мұсылмандық елдерде кез келген үлкен революцияға және жаңа мұсылман мемлекеттің құрылуына бар жерде дерлік жаңа діни схизма жолбасшы болады және оны заңданырды.

Түркиядағы “Танзимат” және Ресейдегі милләтшілдік пен жәдидшілдік идеялары ықпалымен дамыған діни-реформистік ағым исламға түбөгейлі өзгерістер енгізді және ол кейін Кемал Ататүрік реформаларында іске асты. Жәдидшілдік атауын қазақ тіліне «жаңару, елдікті сақтау үшін жаңа бағытты ұстау» деп аударуға болады. Осы бағытқа жақын ақын Ғұмар Қараш былай деген:

«Надан шейх діннің соры, күннің соры,  
Бір қашпа, надан шейхтан мың кері қаш.  
Құран – шам, ақыл - басшы, ғылым - құрал,  
Құралсыз шекпе сапар, жолың болмас!  
Айырылма жатсан-тұрсаң Құранды ұста,  
Жол бастар қараңғыда ол бір компас» [2, 63-64 б.].

Бұл бағыт қазақ топырағында жаңа мағынадағы «мұсылманшыл қазақты» қалыптастыруға ұмтылды.

Кемал Ататүрік реформаларының ықпалымен Қазақстанда да «Түрікшілдік бағыт» (М. Шоқай, М. Жұмабаев, Т. Рысқұлов, М. Ходжаев т.т.) қалыптасты. Бұл бағыттың өкілдері түркілік өркениет тұтастығы контекстінде қазақ адамын қалыптастыруға шақырды. Бұл типтің басты ерекшеліктеріне тарихи сананы түркілік тұтастық идеясы негізінде жаңғыру, тәніршілдік, Батыс пен Шығыстан даралану, қазақ халқы түріктің қара шаңырагының иегері деп мойындау, т.т. жатады. Осы бағыттың басты ерекшеліктері М. Жұмабаевтың “Пайғамбар” өлеңінде көрнекті суретtelген.

«Ерте күнде отты күннен Гун туған,  
Отты Гуннен от боп ойнап мен тугам,  
Жұзімді де, қысық қара көзімді  
Туа сала жалынменен мен жуғам.  
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келемін –  
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар...  
Күншығыстан таң келеді – мен келем,  
Көк күніренеді: менде көктей күніренем.  
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,  
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!» [3, 331 б.].

Алайда бұрынғы Кеңес Одағында түркі халықтары Түркиядағы сияқты Ататүрік жолына түсуге мүмкіндіктері болмады. Социалистік қоғамдағы трансформациялар негіздері мен батыстандыру деңгейі Қазақстанда түгіл Ресейдің өзінде жеткіліксіз қарастырылған. Қөшілік еңбектер капиталистік қоғам және социалистік жүйелердегі жатсыну мәселесіне және колектившілдік принципін қайта қарауға арналған. Қазақстан философтарының едәүірі социалистік қоғамдағы әлеуметтік мәдениетті бұрынғы марксік методология тұрғысынан сынаумен шектеледі.

Сол себепті қазақтың Кеңес Одағы кезіндегі батыстандыру формалары мен төлтумалықтың арақатынасын тікелей қарастырудан бұрын тоталитарлық қоғамның әлеуметтену негіздеріне қысқаша тоқталып өтейік. Біріншіден, адамзат тарихындағы барлық қоғамдарды қауымдасу негіздері бойынша екі түрге (ынтымақтастықтың келісімді тәртібі және күш көрсетуге сүйенетін тәртіп) бөлуге болады. Егер біріншісін – тұлғаорталықтың қоғам десек, екіншісі – жүйеорталықтың әлеуметтік құрылымға жатады. екіншісіне жасандылық тән, сондықтан оны «құрылыш» (ұлгі бойынша жасалған) деп атайды. Осы жүйеорталықтың әлеуметтік қауымдасудың қысынды шегіне жеткен түрін тоталитаризм деп атайды. Фашистік тоталитарлық мемлекеттің негізін қалаушылардың бірі Б. Муссолини оған мынадай сипаттама береді: “Бәрі мемлекет үшін, мемлекеттен өзге және қарсы ештеңе болмауы керек”. Тоталитаризмнің Ресей большевиктері жүзеге асырған сталинистік партия-мемлекет үлгісі жеке адам түгіл бүкіл қоғамнан жатсынған және қоғамды басып тастаған. Осы қайшылықтарды көре білген Кемал Ататүрік Кеңес Одағы тарап кетеді деген батыл болжам жасады және оның іске асқанына бәріміз қуәгерміз.

“Еуропашылдық” белгілі мөлшерде ұзақ уақыт бойы мақтан, жетістік болды. Ол кездегі ұлт интеллигенциясының ішінен тым батысшыл болып, материализм, марксизмдерді де қостап кеткендері кездесіп отырды, әсіресе дінге, төл дәстүрге байланысты үстірт пікір айту да орын алды. Оның сол кездегі арғыдан келе жатқан потенциалы, шын мағынасын ажырату керек еді. Жалпы, сол кездегі ұлт элитасы еуропалықтардың өздеріне ұқсан кетіп, экстраверттік мінез танытып (яғни, мына дүние мәселелеріне беріліп), саясатшыл, ұлтшыл болды. Ұлтшылдық идеологиясы Еуропа мәдениетінен туындалған, XIX ғасыр, капитализм индустріалдық қоғамның айнымас бір сипаты еді. Шығыс таза, дүния ұлтшылдықты бұдан бұрын білмеген, себебі, дін, конфессионалдық сана-сезім, империялық конфессионалдық сана оны тепе-тендікте ұстап отырған. Жалпы сол кездегі зиялыштар төл руханияттан кейде ауытқып кетіп отырған. Одан түбекейлі қол үзу кеңес дәстүрінде марксизм арқылы болды. Эрине, бұл да заман талабы еді. Дауір ерекшелігі осы сатыдан да (рационализм, сауда-өнеркәсіпті итеру, әлеуметтік, мемлекеттік қайта құрылу, т.б.) өту керек еді. Қазақта тәжірибе жинап, қалай болғанда да бұл жол жалпыадамзаттық құндылықтарға үйретті. Бұрынғы жыраулар Абайдың “Бүкіл адамзатты сүй” дегенін, Шәкәрімнің барлық діндердің түбі бір ақиқат деген теориялық тұжырымын айта алған жоқ.

Көптеген батыс ойшылдары әлемнің тұтастануын Батыс қоғамының женісі ретінде қабылдайды. Мысалы, заманымыздың белгілі ойшылы К. Поппер еркін демократияның елдері, Батыстың ашық қоғамы жеңді дейді. Тоталитарлық қоғамдар бар болғанын ешқашан, ешкімнен жасырмады, орасан зор ішкі күштердің әсерінен құлады. Алдымен өзінің қалдықтарының астына бірінғай Кеңес империясының темір жұдырыған көміп, өте топтасқан және мызғымастай болған шығыс еуропалық диктатура жойылды [4, 527 б.]

Өздерін “ізгі еуропалықтармыз” деп есептейтіндер, Ф. Ницше айтқандай, ұлттық толқулардың, патриоттық зарығудың және кез-келген басқа да сезімнің оғаш асып толықсуының сәттерінде қалады. «Қазір еуропалықтың айрықша белгісін одан іздейтінді, біз “өркениет” немесе “адамдану” немесе “прогресс” деп атайды; осыны жай ғана, жамандамай-ақ және мақтамай-ақ, саяси формуланың көмегімен Еуропаның демократиялық қозғалысы деп атайды; ол барған сайын қозғалыска енетін, орасан зор философиялық үдеріс жүзеге асатындығын, осындағы формулалар оларға көрсететін, барлық моральдық және саяси мәндайшалардың артында - олар

ғасырлар бойы өз хаттарын жан мен тәнде сыйатын, кез-келген белгілі бір ортадан олардың өсімтал тәуелсіздігімен, климаттық және сословиелік байланысты нәсілдерді оларда құрастыратын, сол жағдайлардан барған сайын өсімтал азаттық алуынан шығатын, еуропалықтардың арасындағы ұқсастықтың арта түсү үдерісі, - мәнісінде ұлттылықтан тыс, адамның көшпелілік түрі, физиологиялық түрғыдан айтқанда, типтік ерекшелейтін белгі ретінде өнер мен бейімделу күшінің ең жоғарысына ие болып, ол біртіндеп көтерілуде" [5, 112 б.].

Еуроцентристік масаттану, дейді Ф. Ницше, рессентимент құбылысын тудырады. Атап айтқанда ressentiment рухының өзінен аморальдылықтың жаңалы түрлері (жек көрудің, көре алмаушылықтың, қаскөйліктің, құдікшіліктің, кекшілдіктің пайдасына) артып келеді. Әділеттілік қайда қолданылатын, қайда сакталып тұратын, барлық жерде, күштілеу биліктің өш алу сезімінің (ressentiment) төмен тұрғандардың, әлсіздердің арасында (бұл топтар немесе жеке тұлғалар бола ма) мағынасыз зәрін шашып тұрғанын тоқтатуға құралдар іздеңстіретіндігі байқалады [5, 79 б.].

Түрік халықтарының арасынан алға шықкан Кемал Ататурк сияқты тұлғалар ассимиляцияға, отаршылдыққа қарсы шықты, өз ұлтының мәдениетін, ділін, тілін қорғап (соны дәлелдеп, дүниеге паш етіп, танытып) құреске шықты. Алайда олар осы тарихи-мәдени қақтығыста өзін-өзі тану үшін, өз мінін біліп, арын оятып, ұлтты түзету үшін пайдаланды. Мәдениеттануда өркениеттер бір-бірін «жекпе-жекке» шақырады деген көзқарас бар. Ескіні жоқтап, замана талабына сай іс-қымыл жасамай, өзгеден үйренуге талпынбай, құр ұлттық "менін" (яғни ұлттық нәпсісін) дәріптей беру – ол мәдени-рухани тоқырауға, "жекпе-жектен" қашып, өз ұнгіріне барып тығызу, тарихи тағдырын өз қолына алып жігерленбеген; өзін-өзі "қамшылап" дамытпаған ұлттың болашағы жок.

Ұлттық мәдениеттің трансформацияға ұшырау кезеңінде дара тұлғалардың ролі (көсемдер, данышпандар) құрт өседі. Олар әуелі өз менталитетін жетілдіріп, сосын халыққа ұндеу салады. Алайда, әдетте консервативтік топтар оларға қарсы да шығып жатады. Халық (тобыр) жаңа өмір салтын жақтаған адамдарға кейде құдікпен қарайды. Мәселе – осындай шешуші арпалыс кезеңде халық өзіне шын жол көрсететін тұлғаларды тани білуінде, қастерлеуінде, соларға құлақ асуында. Сонда ұлт өтпелі кезеңнен сүрінбей өтіп, мұратына жетпек.

Бірақ XX ғасырдың ішінде Батыс-Шығыс қарым-қатынасында үлкен өзгерістер болды, Батыстың өзі күрделі эволюция үстінде еді. Батыс Шығыс руханиятының даналығын тани бастады, ғалымдары буддизм, ұнді философиясын зерттеп, Батыс суфизмі өзіне "ашты". Өз философиясын байытты. Жоғарыда айтылған К. Юнг, т.б. дүниеге көзқарас батыс рационализмінен терең болу керек екенін мойыннады және материализм, дінсіздік, техноцизмді, беймәдени "демократиялық" болмыстың ("көпшілік мәдениеті") зиянын өздері өздеріне әшкөреледі. Әрине, ойшылдардың Бұл тұжырымдары нақты саясатқа әзірге шейін үлкен әсер ете алмай отыр. Дінді, этиканы мойындау, әлемдік интеграцияны рухани жағынан толықтырып, шынайы "жүректер интеграциясына" айналдыру, әр бір ұлттық қайталанбас келбетін сыйлау, "жанын" түсінуге тырысу, сол арқылы шынайы бауырмалдыққа жету – міне Батыс пен Шығыс ойшылдарының, жалпы прогрессивтік ниеттегі адамдардың келген қорытындысы. Қандай халық болмасын, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде этикаға, руханиятқа бет бұрмаса, адамды түземесе – жер бетіне үлкен қасірет жақын екені енді анық сезіледі.

Осының барлығын ескере отырып біз мынаны айтуымыз керек: "американдану", "еуропалану" да біздің жол емес, ескішіл, фанатик болып, қайтып келмес көшпендейтілікті аңсауда орынсыз. Біз екі бұрынғы рухани элитаның екі буынының да тәжірибесін, тәсілдерін ұштастырып қолдануымыз қажет. Тура XIX ғасырдың рационалист-ағартушылары сияқты ойлауымыз жөнсіз. Олардан гөрі біз дәстүршілміз, руханилығымыз, мұсылмандығымыз, шығыстығымыз олардан күшті. Жаппай вестеризация, рухани азу ықпалы құрт өскен жағдайда (өкінішке орай, бізде Батыстың биік мәдениетін, философиясын емес, азғындық жағын

насихаттау басым), оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған. Сөйтіп қана ұлтты дағдарыстан алып шыға алады зиялышылары, басшылары.

Ендеше, XXI ғ. ұлттық мәдени трансформация кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайда творчестволық ізденіс (мүмкін техногендік батыс Өркениетіне альтернатива ретінде рухани сипаттағы "еуразиялық" Өркениет құру идеясы – егерде оны біз дұрыс түсіндіріп, айқындан алсақ) біздің бүкіл аймақтық мәдени, әлеумет, саяси трансформация процестеріне үлкен өзгеріс, ілгери басу, гүлдену әкелер.

Рухани кеңістікті құрайтын элементтер көп. Солардың ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар бұл ұлттық философия мен әдебиет; мәдениет пен оның түрлері, рухани қазынаның басқа да элементтері осы екі үлкен тұғырлардың айналасында өрбиді, дамып отырады. Олардың даму деңгейі, қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық сананы белгілеудегі алатын орны ерекше. Дамыған елдердің тәжірибесі осы ойды айғактап отыр, оған көптеген мысалдар келтіруге болады.

Қазіргі кезде көптеген ғылыми және адами мәселелерге түбегейлі, жаңаша карауға мүмкіндіктер туды. Қоғамның рухани өміріндегі құндылықтардың өзіндік келбеті мен сипаты көп өзгерді. Бұл құбылысты қоғамдық тарихи процестегі әр түрлі көріністер, көрнекті тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланыстырмай терең түсіндіру мүмкін емес.

Қазір Батыс елдері үлкен дағдарыста, деп мойындауды кейбір батыс ойшылдары. "Қазіргі кезде бала туу деңгейі ең аз жиырма ұлттың он сегізі – европалықтар. Еуропадағы бала туудың орташа деңгейі соңғы кездері 1,4 адамға дейін түсіп кетті. Ал халықтың тым болмаса, қазіргі санын сақтап қалу үшін, бұл деңгейдің шамасы 2,1 болу керек. Нәтижесінде Еуропа құруға қарқынды түрде бет алып, европалықтар «жоғала бастаған түрге» айналып барады. Бұл турасындағы болжамдар да өте көңілсіз. 2000 жыл мен 2050 жылдар аралығында жер бетіндегі халықтың саны 3,5 миллиардқа өсетін көрінеді. Алайда бұл өсім тек Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің есебінен болады. Осы жүзжылдықта Құдай көрген бейнеті мен қызындығының өтеуіне қытайлықтарға, мұсылмандар мен латынамерикалықтарға қарасатын шығар. Сонымен қатар әлемнің билеушісі болу мүмкіндігі де осы халықтарға туып тұрған секілді. Ал 100 миллион европалық жер бетінен өзінен-өзі жоғалып кетеді. 1960 жылы европалық нәсілділер әлем халқының ширегін құраса, 2000 жылы алтыдан бірін, ал 2050 жылдарға таман бұлар бар болғаны оннан бірін құрайды. Батыс кеміп барады. Өйткені, Батыстың халқы өздерін көбейтуді тоқтатып, шапшаң азайып барады. Дәл осы секілді көрініс Құрама Штаттардан да байқалады. Бұған қоса, 1969 жылы Ричард Никсон президенттік ант қабылдағанда, Құрама Штаттарда 9 миллион иммигрант болған. Ал кіші Буш таққа отырған уақыт ішінде мұндай американалықтардың саны 30 миллионға артқан.

Американың бұлайша «өзге» Америкаға айналуына белгілі бір әлеуметтік факторлар әсер етті.

**Бірінші фактор** – күйеуі түрмистық қажеттіліктерді тауып, асыраушы қызметін атқаратын, әйел үй шаруасы және бала тәрбиесімен айналысатын дәстүрлі отбасылардың бұзылуы. Қазір мұндай отбасылар келмеске кетті. Бұл шаңырақтан индустріалды қоғам еркекті суырып алып, фабрика, зауыттарға жіберсе, постиндустриалды қоғам жоғары жалақы төлейтін оғистер мен фирмалардан жақсы жұмыс тауып беріп, әйелдерді шығарып алды. АҚШ –тағы әйелдердің жалақысы әжептәуір өсіп, есесіне, еркектердің еңбекақысы айтарлықтай төмендеді. Әйелдер экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізіп, отбасы олар үшін өзінің мүмкіндігін жүзеге асыратын орын болудан қалды. Жас американалық қыз-келіншектер отбасынсаз-ақ өмір сүріп, дербестік пен тәуелсіздікке қол жеткізе алатынын түсініп, күйеуге тиуге асықпайтын болды. 1970 жылы 20 мен 24 жас аралығындағы әйелдердің тек 36 пайызы ғана күйеуге тимеген болатын. 1993 жылы осы жас аралығындағы әйелдерлің 68 пайызы ешқашан үйленбендердің санатына жатқан. Ал 20 мен 25 жас аралығындағы «өмір бойы күйеуге шықпауға бел байлағандардың» пайыздық көрсеткіші 10 пайыздан 35 пайызға дейін өскен. Сондай-ақ 2000 жылдың санағынан байқағанымыздай, Америка тарихында алғаш рет әрбір үйдің біреуінде

ғана толық (әке, шеше, бала) отбасы тұратын болса, жалғыз басты америкалықтар ел халқының 26 пайызын құрайды еken. Яғни, бұл неке «сәннен» қалды деген сөз. Америка әйелдерінің көпшілігі, Еуропа әйелдері секілді, үй шаруашылығы мен ана болу бақытына қарағанда, қызметтік өсуді «қуаныш» көреді.

**Екінші фактор** - әлеуметтік қозғаушы қүш ретіндегі «ерікті ұрпақтың» дүниеге келуі. Американың соғыстан кейінгі, яғни сол кезде құрылыш жатқан «берекелі қоғамның» ұрпағы АҚШ тарихында тұңғыш рет жоғары білім алуға кең мүмкіндік алды. Бұл ұрпақ дәстүрлі отбасыдан университет аудиторияларына көшіп алды. Сөйтіп, әке-шешесінің қайырымды қамқорлығымен емес, бұқаралық ақпарат құралдарыны, соның ішінде теледидар мен «жылтырақ» баспасөздің «тәрбиесімен» өсті. Ақырында бұл ұрпақ – Американың дәстүрлі құндылықтарынан елеулі айырмасы бар құндылықтарды бойға сіңірді. Жаңа ұрпақ санасындағы басты нәрсе – Американы ұлы держава қылған діни принциптер емес, «осы жерде және қазір» ләzzat алуды қалайтын эгоистік гедонизм бола бастады. Руханияттың орнын – қызмет пен ақша, отбасының орнын – шектеусіз төсек қатынасы мен «ерікті» өмір сұру, Жаратушы берген қасиетті өмірдің орнын – есірткі мен өз еркімен өлімге мойынсұну басты. Мұның бәрі сол кезде жүріп жатқан «мәдени тәңкерістің» аясында жүзеге асып жатты» [6]. Кесімділік пен аяқталғандыққа шешім шығармай-ақ, қазіргі «вестернизацияның» мынадай қындылықтарын атап өтейік:

- руханилық пен материалдықтың арасындағы ажыратылу;
- эскапистік және дүниетанымдық ұстанымдардың араласып кетуі;
- нонконформизм, конформизм мен девианттық қылыштың өрістеуі;
- рационалдықты шектеу, тылсым сана қабаттарымен манипуляциялар жүргізу, жалғыздық, үрей, шарасыздық сенімдерінің өрістеуі;
- стандартты қарапайымдалған тіршілік ету баламаларын жасанды ұсыну.

#### **Колданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тойнби А. Постижение истории. – М.: Политиздат, 1990. – 731 с.
2. Қараш Ф. Замана. – Алматы: Фылым, 1994 – 240 б.
3. Жұмабаев М. Түркістан // Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары. – Алматы: Жазушы, 1993. – 112 б.
4. Поппер К. Ашық қоғам және оның жаулары. – Алматы: Раритет, 2005.- 544 б.
5. Ницше Ф. Жақсылық пен жамандықтың арғы жағынан // Сочинения. – Минск: Беларусь, 1992. – 335 б.
6. Бюкенен П. Дж. Батыстың ажалы // Жас қазақ. – 2006.- № 30.- 4 тамыз.

**Жеңісқызы А.  
әл Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«психология» бөлімінің  
1 курс магистранты  
Фылыми жетекшісі:  
психол. г. д., профессор Бердібаева С. Қ.**

#### **НАРЫҚТЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАС ЖАС ОТБАСЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ШИЕЛЕНІСКЕ АЛҒЫ ШАРТ РЕТИНДЕ**

Жаңа қазақстандық қоғам өз тарихында екінші онжылдықта өзгерістік сатыдан өтіп жатыр. Сапалық өзгерістерге қоғамның өмірлік әрекетіндегі барлық аумақтар еніп жатқаны сөзсіз, соның ішінде идеологиялық, ғылыми-дүниетанымдық және экономикалық парадигмалар.

Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы тек қана жаңа саясаттық жүйені енгізумен ғана емес, сонымен қатар экономикалық тәртіптің ауысып, жаңа заманға сай жаңа қоғамдағы тұлғаның қалыптасуына әкелетін жаңа нарықтық қарым-қатынастың пайда болуымен байланысты болды.

Отбасы қоғамның жеке жүйесі (подсистема) болатын ерекше психологиялық жүйе ретінде дамудың ең негізгі қайнар көзі болып табылады. Ол дүниедегі ең құнды байлықты – адамды дүниеге әкеледі. Адам мен қоғам өте тығыз байланысты ұғым ғана емес, ол тірі дүниенің, ғаламшардың дамытушы тірегі. «Қоғам – отбасы – тұлға» психологиялық жүйесіндегі отбасы жалпы қоғам мен тұлға арасындағы құндылықтар мен қажеттіліктерді қалыптастыруышы, дамыту қызметтерін тізуші көпір секілді. Отбасының қызметтері қоғамды қалыптастырып, дамытушы орталық ретінде орын алады. Жалпы қоғамның дамуы – бұл отбасының сәттілігімен байланысты. Ал отбасының сәттілігі – жас отбасының қалыптасуына байланысты.

**Отбасы** дегеніміз – некеге қарағанда күрделірек қарым-қатынас жүйесі, ол тек ерлі-зайыптыларды ғана емес, сонымен қатар балаларды, туыстарды, жұбайларға жақын адамдарды да біріктіреді. Отбасы – бұл әлеуметтік институт пен шағын әлеуметтік топ белгілерін иеленетін әлеуметтік жүйе [1]. Отбасының ең алғашқы баспалдағы – жас отбасы. **Жас отбасы** – бұл некеге екі жақты да бірінші рет тұрған, жастары 18-ден 30 жас арасындағы, бірлескен отауы үш жыл қолемінен асатын шағын әлеуметтік институт [2].

Қазақстанда жасы 29 жасқа толмаған ерлі-зайыптылар жұбы жас отбасы болып саналады [3]. Қазақстан отбасы мәселелерін қарастырган зерттеушілер саны жыл санап өсуде. Атап айттын болсақ, З.Ш. Қарақұлова, З.М. Балғынбаева, А.Ж. Давлетова, Қ.А. Айдарбекова, М.П. Кабакова, А.Б. Валиева.

Нарықтық экономика психологиясының негізі – осы заман талабына сай экономикалық сананың қалыптасуына байланысты. Бұл дегеніміз – адамның экономикалық шарт неігізіндегі мінез-құлығы. А. Смиттің «көрінбейтін кол» теориясына сүйене отырып, мемлекеттегі нарықтық-экономика жағдайын белгілі-бір мақсатта пайда көздеу арқылы жүргізілетін саясат деп қарастыруға болады.

Нарықтық экономика қазіргі таңда кез-келген дамыған елдердің экономикалық жүйесінде орын алғып отырған – **еркін экономика**, бұл психологиялық бағдарды, адамның экономикалық ойлау таптаурынын (стереотип), экономикалық іс-әрекет пен еркін сауда-саттық қарым-қатынастағы мінез-құлықты қабылдауда негізгі әсер ететін әлеуметтік топтың психологиясын қарастыратын сала. Нарық экономикасы психологиясының көрінуі адам іс-әрекетінен білінеді. Мұның астарында экономикалық қарым-қатынастағы экономикалық санамен анықталатын мінез-құлық жатыр, нақтырақ айтқанда нарық экономикасының белгісі болып табылатын, ақшатауар-ақша негізінде қалыптасатын адам эмоциясы, іс-әрекеті. Бұл нарықтық-экономика қатынас аясында адам қажеттіліктерімен байланысты, яғни мұнда нарықтық пайда көзделгендейтін, қажеттіліктер де шартты болып келеді, ұсыныс сұранысқа байланысты туындаиды. Мұнда адамның психологиялық ерекшеліктері экономикалық ойлаумен ұштастырылады.

Экономикалық теорияларының негізгі түсініктемелерінде өнеркәсіп, қарым-қатынас, ақша, несие, инвестиция өсу темпі, сауда, салық балансы көрінеді. Олар тек мінез-құлыққа ғана емес, сонымен қатар адамның мотивін, эмоциясын, реакцияларын, этикалық тарихи дәстүрлерін қамтиды. Бұл микроэкономикалық категорияға байланысты әділдетті болып келеді (фирма феномені, сұраныс, ұсыныс, баға, бәсекелестік және оның формалары, инвестиция және тағы басқалар). Жалпы жоғары атаулы экономикалық категориялар өзіне психологиялық элементтерді жинақтайды. Мысалы «Нақты баға» субъектілік сипатқа ие, ол психологиялық факторларды қамтамасыз етеді, бұл түсінікпен байланысты «нарықтық баға» объективті шынайылықты қамтиды. Жасырын формада лаффердің парадоксалыды қисығы жатыр, ол налогтық кірістің қолемімен, оның аралығында өзара байланысты көрсетеді. Мұндағы өнеркәсіптер кірістердің төмендігін әкеледі [4].

Отбасын терең зерттеген сайын барлық отбасында шиеленістердің болатындығы айқындалуда. Соның ішінде жас отбасыларға шиеленіске түсү өте оңай, себебі олар барлық жағдайды үлкен мәселе ретінде көреді [5].

Шиеленіс – бұл бір мәселені шешудегі адамдарының қарама-қарсы келуі [5].

Шиеленіс – әлеуметтік құбылыс, қоғамдық өмірде табиғатынан пайда болады. Бұл құбылыс барлық жерден пайда бола қалады.

А.И. Кочетов жас отбасында болатын шиеленістің сегіз себебін келтіреді. «Отбасылық өмірдің бастауы» еңбегінде әйел және ерек жыныстар қатынасына байланысты:

- отбасылық этикасының бұзылуы (қызғаншақтық, басқаға айырбастау);
- биологиялық келіспеушілік;
- айналадағы адамдармен (туыскандар, таныстар, жұмыстастар) дұрыс қарым-қатынаста бола алмауы;

- балаға деген педагогикалық қарым-қатынастың айырмашылығы;
- екеуінің немесе біреуіннің жағымсыз жақтары немесе кемшіліктері;
- ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік [6];

В.А. Сысенконың қарастырған шиеленістердің себебі:

- ерлі-зайыптылардың біреуінің сексуалдық қанағаттанбауы;
- өзінің «Мен»-інің қажеттіліктері мен құндылықтарын қанағаттандыра алмауы;
- ерлі-зайыптылардың эмоцияға берілмеуі соның ішінде бір-біріне жағымды сез айту;
- ерлі-зайыптылардың біреуі ішімдікке, азарттық ойындарға әуес болуы, қаражатты көп жоюда;

- финанс жағдайының бір жақты болмауы;
- ерлі-зайыптылардың бірін-бірі қолдамауы, көңіл бөлмеуі.

Келесі кезекте, отбасылық шиеленістердің пайда болу механизмдеріне тоқталамыз [6] (кесте 1 және кесте 2):

Кесте 1. Ұрпақтың отбасылық шиеленіс себебі, қатысушылардың жеке проблемасына байланысты

Себептері	% жауап берушілер (100% көп)
1	2
Ерлі-зайыптылардың екеуінің біреуі ішімдікке әуес болуы	57
Қызығушылықтарының үйлесімділік таппауы	49
Материалдық мәселе	44
Отбасы мүшесінің аморальды іс-әрекеті	38
Тұрмыстық келіспеушіліктер	35
Жеке қажеттіліктерді қанағаттандыра алмауы	23
Тұрмыстық-шаруашылық қындықтар	14
Денсаулық мәселесі	11
Әр ұрпақтың әлеуметтік жағдайы	10
Дәстур, іс-әрекет мәдениетіндегі ерекшеліктер	9
Ұрпақтың өмір сүруін жою	5

Кесте 1 келтірілген мәліметтер ұрпақ арасында болып тұратын шиеленістер. Отбасындағы шиеленіс ұрпаққа жалғасып кетуі мүмкін.

Кесте 2. Отбасының ерекшеліктеріне орай болатын конфликтердің себептері

Себептер	% жауап берушілер (100% көп)
Кішкентай жерде тұру	55
Керек емес адаммен тұрмыс құру	53
Отбасындағы түсіністік, сыйластық, достықтың болмауы	50
Отбасы өміріне туыскандардың араласуы	43
Балаларды дұрыс тәрбиелемеу	35
Балалардың өсуі	34
Ата-аналарының ажырасуы немесе бөлек тұруы	31
Ене мен келіннің түсініспеуі	25
Ерлі-зайыптылар жеке конфликті	24
Балалардың отбасы құруы	22
Күйеу баласы мен енесінің конфликтісі	20
Конфликтіге басқа адамдардың араласуы	19
Отбасының мұліктерін бөлісу	18
Билікке ұмтылыс және отбасының әсері	16
Екінші рет отбасын құру	15
Немерелердің болмауы	11
Ағайындылардың конфликтісі	9
Ерлі-зайыптылардың қайтуы	6
Баланы асырап алу	5
Немерелердің дүниеге келуі	4

Бұл кестелерде негізгі шиеленістердің мүмкін болатын пайда болу себептері көрсетілген, келесі кезекте жас отбасында пайда болатын шиеленіс механизмдеріне тоқталатын болсақ:

Бірінші, бұл жас отбасы мүшелерінің мінез-құлқына (характер) байланысты, ерлі-зайыптылар мінез-құлқының әр түрлілігі. Алайда қоғамдық өмірде барлық отбасылар мінез-құлқының сәйкестігімен қосылмайды, көптеген мінезі сәйкес келмейтін бірақ бақытты отбасылар бар. Мұнда негізгі мәселе әрбір жұптың мінезінің сыртқы көріністегі сәйкестігімен байланысты емес, керісінше оның келесі жұппен іштей басқару арқылы сәйкестендіруінде болып табылады [5].

Екіншісі, бұл жұптардың біреуінің немесе екеуінің де өздеріне тән жеке қасиеттеріне байланысты, яғни мұнда эгоизм үлкен роль атқарады. Жас отбасы аты атап отырғандай, жас ер адам мен әйел затынан құралғандықтан олардың бойында әлі де болса, бұл қасиеттің көрінуі болады. Мұндай жағдайда, белгілі болғандай, әр қайсысы өзінің жеке қызығушылықтары мен құндылықтарына көніл бөлуге тырсады. Осының салдарының нәтижесінде эгоизмге байланысты шиеленіс туындауды [5].

Үшіншісі, ерлі-зайыптылардың жол бермеуі. Бұл отбасылық үйлесімнің және өзара түсіну мен келісімге келуге кедергі болады. Ерлі-зайыптылардың екеуіде жол беріп үйренуі керек, алайда бірінші болып, ақылдысы жасайды. Себебі ол шиеленіске келмейтін жолды іздейді.

Бұл көрсетілген механизмдер тек жас отбасындағы алғашқы кездегі ең басты себептер болып табылады. Бұдан кейін отбасылық бейімделу кезіндегі қайшылықтар туындаған сәтте болады. Ал қазіргі танда жас отбасылардың нарықтық экономика салдарының әсері негізгі болып отыр. Нарықтық-экономикалық қатынастың негізі жоғарыда атап айттылғандай, еркін экономика түрі, негізгі мотивация түрінде – пайда көзделеді. Әрине, қазіргі заман талабына байланысты қоғам өзгереді, ал отбасы қоғам элементі болып саналатындықтан, бұл әлеуметтік

институттың ең ұсақ түрі ретінде өзгеріске ұшырайды. Жас отбасы – динамикалық және әр түрлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің жеңіл сезінуші қоғам бөлігі.

Ендігі кезекте нарықтық-экономикалық қатынасты шиеленістердің алғышарты ретінде қарастырамыз.

Отбасындағы шиеленістің пайда болуы - бұл ерлі-зайыптылардың әлеуметтік-психологиялық шарттарының сәйкес болмауы кезінде және некеге қанағаттанбау кезінде туындаиды. Оның нарықтық-экономикалық қатынас салдары ретінде шиеленістердің психологиялық астарларымен көрсетеміз (кесте 3):

Кесте 3. Нарықтық-экономикалық қатынас салдарынан туындаитын шиеленістер

<b>Нарықтық-экономикалық қатынас белгілері</b>	<b>Шиеленіс тудыратын психологиялық себептер</b>
1	2
Некеге тұру мотивтеріне (материалдық жағдайды ескеріп) байланысты туындаған ерлі-зайыптық сәйкессіздік	Психосексуалды келіспеушілік
Өзіндік «Мен» аумағындағы маңызды қажеттіліктердің қанағаттанбауы, келесі партнер тарарапынан жеке өзіндік сезімге деген сыйламауышылық	Құндылықта, қызығушылықтар, қажеттіліктердің сәйкес келмеуі
Ерлі-зайыптылардың жұмыс бастылығы, қол босамауы	Жағымды эмоцияларға қатысты қажеттіліктердің өтмелемеуі, яғни сыпайылыштың, қамқорлықтың, түсіну және көңілдің жетіспеуі
Нарықтың тез өзгермелілігі өте тығыз графиктің болуын талап етеді	Шаршау, қажу тудырады. Оның салдарынан отбасылық өмірге деген қызығушылығы жоғалып, өзара карым-қатынас әлсірейді
Үнемі қаржының жетіспеушілігі, тұрмыс-үй жағдайының дұрыс үйимдастырылмағандығы	Ерлі-зайыптылардың өз міндеттерін атқаруға кедергілерін келтіріп, рольдік күтімдер ақталмайды
Әйелінің жұмыстан үнемі босамауы	Тұрмыстық жағдай мен бала тәрбиелеу жұмыстарының әлсіреуіне әкеледі және өзара түсінудің жетіспеуін тудырады

Психологиялық тұрғыдан қарастыратын болсак, нарықтық-экономикалық қатынастың мотивациясына сәйкес, жеке тұлға мотивациясы да өзгеріске ұшырайды. Қоғамдық санада, тарихи, әлеуметтік, психологиялық даму процесінде ең басты мақсат ретінде пайда көру және бәсекелестік маңызды орынға ие. Қоғам дамуындағы мұндай критерий отбасы негізінде өз іздерін көрсетеді. Бәсекелестік жүйесінде тұлғалық қарым-қатынаста жеке құндылықтар есепке алынбайды. Мұны жеке тұлғаның психологиялық ахуалына байланысты қарастыратын болсак, онда тұлғаның құндылықты бағдар қажеттегі орындалмағанда, тұлға жеке эмоциялалды және ішкі «мен» қарама-қайшылығына ие болуы мүмкін, ал бұл өз кезегінде отбасылық жағдайға үлкен әсерін тигізеді [30].

Отбасының заман талабына сай мәселелері тоқталатын болсақ, келесі қарастырылатын факторлар нарықтық-экономика түрғысында қалыптасып отырған, жас отбасына өз есерін тигізетін мәселелер.

Қазақстандағы ажырасу деңгейі жыл сайын өсіп отыр. Егер 2003 жылы 2,4 некеге 1 ажырасудан келсе, 2004 жылы 1 ажырасуға 3,76 некеден келді [7]. Әрине, әлеуметтік қызметкер отбасы мен оның мүшелерінің барлық мәселесін шешпейді. Бұл жағдайда отбасы мәселелерін шешуде психологиялық түрғыдан көмек орасан зор роль атқарады.

Ал нақты жас отбасыларына нарықтық-экономикалық қатынастың әсеріне тоқталатын болсақ, ол екі жақты жүзеге асады:

- Отбасылық-тұрмыстық;
- Моральді-психологиялық.

Отбасылық-тұрмыстық жағына байланысты – түрғын үй мәселесі, жұмыссыздық, отбасылық бюджеттің отбасы мүшелеріне жетіспеуі, ерлі-зайыптылардың екеуінің де жұмыс бастылығы, ата-анаға қаржылық тәуелділік, т.б.

Ал моральдық-психологиялық жағы отбасылық-тұрмыстық жақтың мәселелерінен туындайды, яғни түрғын үй мәселесі мен жұмыссыздықтан туындайтын некеге қанағаттанбау мәселесі; отбасылық бюджеттің жетіспеуінен туындайтын өзіндік бағалаудың төмендеуі және болашаққа сенімділіктің жоғалу мәселесі; ерлі-зайыптылардың қол босамауынан туындайтын шаршау, қажу салдарынан ерлі-зайыптылық міндеттің орындалмау мәселесі, т.б [7].

Осы мәселелердің басты себебі басым көп жағдайда ерлі зайыптылардың отбасылық өмірге дайындығының аздығы болып табылады деп көрсетті Волков А.Г. өзінің «Почему семья изменилась» атты еңбегінде [7].

О.А. Карабановың еңбегінде «Психология семейных отношений и основы семейного консультирования» әлеуметтік-экономикалық жағдайлар салдарынан кездесетін қызындықтары туралы қарастырылған, ал біз өз кезегімізде еңбектің 2008 жылы жарық көргенін ескере отырып, мұны нарықтық-экономикалық қатынастың салдары деп қарастырық [7]:

1. Жас отбасының материалдық деңгейінің төмен болуы. Жас отбасы анықтамасына сәйкес әлі өмірде өз орнын нақты таппаған, толықтай әлеуметтік статусы бекітілмеген жастардан тұрады. Сондықтан олардың арасындағы жұмыссыздық пен жастардың қолдарының бостиғы тұрақты отбасылық өмір бастауға кедергісін тигізеді.

2. Қаржылық қажеттіліктің объективті жоғары болуы отбасылық өмір сүру процесін жүзеге асыратын құралдармен шартталады: түрғын үй алу, тұрмыс-тіршілікті ұйымдастыру, жасы кіші балаларына қарау, қосымша демалысқа қажет қаражаттар. Сондықтан жас отбасы көп жағдайда үлкендердің, ата-аналырының қамқорлығына тәуелді болады. Көптеген жас отбасылар түрғын үй алу кезінде үлкен қызындықтарға жолығады. Жас отбасының ата-анасымен, жағдайы нашар үйде тұруы тұрмыстық жағдайдың нашарлануына, бір сарындылыққа, шиеленістің өсуіне әкеледі, ал бұл жағдайлар өз кезегінде отбасындағы қарым-қатынастың беріктігін бұзады.

3. Репродуктивті функцияның төмендеуі. Жас отбасы – бұл дамушы (қобеюші) отбасы. Белгілі болғандай отбасының репродуктивті функциясы ерлі-зайыптылардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты, неке құрылғаннан бастап, 20 жылға дейін қамтуы мүмкін. Баланың дүниеге келуі көптеген әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, ұйымдастырушылық, түрғын үй және басқа да мәселелерді тудыруы мүмкін: баланы қамтамассыз ететін қаржының жетіспеушілігі; әлеуметтік рольдер мен міндеттерін бөлісудегі қызыншылықтар.

4. Жас отбасындағы қарым-қатынастың тұрақсыздығы. Некеде алғашқы жылы ерлі-зайыптылардың бір-біріне бейімделуі жүзеге асады, осы кезде көптеген қарама-қайшылықтар болып, отбасы құлдырауы мүмкін. Бұл алғашқы 5 жылдық ортақ өмірде жиі кездеседі. Сондықтан жас отбасының ажырасуы жоғарғы деңгейде байқалады.

Адамның дамып, қалыптасу кезеңіндегі отбасылық сатыға нарық экономикасы – жануарлар үшін жүретін эволюциялық процесс секілді. Нарықтық-экономикалық қатынас талаптарына кім төзімді, кім бәсекеге қарсы тұра алады, жаңа енгізілген өзгерістеді кім тез менгереді және дағдарыс кезінде психологиялық тұрғыдан мықтылық танытады, сол тұрақты әрі бақытты отбасын құрады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 А.И. Антонов Социология семьи. ИНФРА-Москва, 2007. 132-164б.
- 2 Экономика труда. Социально-трудовые отношения / под ред. Н.А. Волгина, Ю.Г. Одегова. М.: Экзамен, 2002. – 314б.
- 3 Балгимбаева З.М. Роль семьи в возникновении половых этнических предубеждений у детей: Афтореф. – Алматы, 2001. - С.27.
- 4 Римашевская Н.М. О некоторых проблемах положения женщины: по материалам экономико-социологического исследования. [Электронный ресурс]. URL: [http://www.az.ru/women/texts/\\_rimashrdd-e.htm](http://www.az.ru/women/texts/_rimashrdd-e.htm).
- 5 Малярова Н.В. Семейный конфликт как объект прикладного социологического исследования: теоретические и методические проблемы: Диссерт. ... канд. философ. наук. - М., 1984
- 6 Витек К. Проблемы супружеского благополучия: пер. с чешск./ Общ. ред. и предисл. М.С.Мацковецкого. – М.: Прогресс, 1998. - С.175.
- 7 Карабанова О.А. Психология семейных отношений и основы консультирование. М.: Гардарики 2006.-320б.

**Жетпісова А.Е.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»  
мамандығының 1 курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі:  
пед.з.д., профессор Ш.Т. Таубаева**

#### **ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТИ: МӘНІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Инновация қатарының категориясы білім беру саласында қайта өзгеру үдерісінің жетістігін сипаттайды, немесе әлемдегі қарқынды өзгерістер өзгеру феноменін түсіндіруді, даму болжамын, ғылыми тұрғыда жаңаны және инноватиканы адамзаттың қабылдау заны туралы жаңа шындықтарды жобалау ұстанымдарын талап етуде. Жаңа ғылыми білім ретінде мойындалған инноватика әдіснамалық ойлау қабілетін дамыту, мәдени мінездүлік және іс-әрекет нормаларын менгеру, жою тәуекелін алдын алу принципіне негізделген, белсенділікті қайта өзгеретін, «өзіндік-индивидуалдық» және «жалпы-индивидуалдық» синтезі негізінде құндылықтық бағдарды түзеудің тиімді құралы болып табылады.

Түрлі салалардағы инновациялық түсіндірмелі-технологиялық қатар өзіндік мәні бойынша «қазіргінің» (яғни, қазір орны бар) «керектіге» (яғни, жаңа талаптар мен міндеттерге жауап беретін) орын ауыстыруы тұрғысында даму феноменін сипаттайды.

Ғылыми және өндірістік педагогикалық тәжірибеде кең қолданылатын мағынасы бекітілген мынадай ұғымдарды атап өтүге болады:

«жаңалық» жаңа тәртіп, жаңа ұстанымдар, жаңа әдістер, жаңа ғылыми және шығармашылық құбылыстар, озат тәжірибе түсінігінде;

«инновациялық үдеріс» педагогикалық жаңалықтарды құру процесі және оны педагогикалық қоғамдастықтың түсініу мен бағалауы, қолдану түсінігінде;

«жаңаны ендіру» негізгі үш педагогикалық үдерістің өзара байланысы мен бірлігін түсіну: жаңаны құру, оны менгеру және қолдану.

«инновация» жаңаны менгеру үдерісінің белгілі бір заңдары мен кезеңдері бойынша дамушы ретінде. «Инновация» түсінігіне сонымен қатар, өзгермелі жүйенің ішкі ресурстарын жүзеге асыратын жаңаны ендіру ретінде түзетулер қолданылады.

«инновациялық мүмкіндік» (адам, ұйым, басқару құрылымы, жаңашылдықтар және т.б.) субъектінің қасиеттерін интеграциялау, оны сипаттайтын, инновациялық сана, инновациялық мінез-құлық, инновациялық іс-әрекет. Бұл түсінік этalon туралы жаңа көріністер негізінде қажетті нәтижелерге жетуде адекваттылықты қамтамасыз етеді.

Ғылыми білімнің қазіргі қоры педагогикада жаңаны ендіруді, инновациялық іс-әрекеттің өлшемдері, сипаттамасы, заңдылықтары мен заңы және оң нәтижелері тураы көрініс беретін ғылыми категория ретінде инновациялық мүмкіндікті негіздеуге мүмкіндік береді.

Күнделікті оқытушы түрлі бұйрықтарды адекватты және тез жүзеге асырып отыруы қажет, сонымен қатар нақты айқындалған шешім қабылдауы қажет. Бұл ережелер мен бұйрықтарды, бағдарламалар мен жоспарларды жүзеге асыру құралы ретінде өзін көру және субъектілікті жоғалту тәуекелінің пайда болуына алып келеді...» (С.Н. Чистякова, 2005)

Кәсіpte педагогтың қатаң алгоритмделген іс-әрекетін мақсатқа бағытталған және ғылыми құралданған шығармашылық өмірге ауыстыруды ұйымдастыру оның өзін-өзі бағалауы мен өзіндік санасының сапалық өзгеруін, өзінің кәсіби іс-әрекеті мен өмір сүру қалпында субъект ретінде түсініне септігін тигізеді.

Педагогикалық еңбектің сапасын арттырудың жолдарының бірі жоғары мектеп оқытушыларының инновациялық мүмкіндігін дамыту деп мойындалған.

«Инновациялық» түсінігінің түпкі мағынасы қоғам дамуының қарқыны мен сипаты түрлері бойынша айырмашылық және мән түсініктерін философиялық түсіндіру негізінде жатыр. Айырмашылықтың класикалық 3 түрі бар: инновациялық, монотонды (эволюциялық) және мобилизациялық (революциялық). Оны (даму түрлерін) қоғам дамуының қажеттіліктері мен жағдайына реакция берудің өндөлуінде тарихи тенденцияны қадағалап отыратын, оның мәні туынды және жаңаны менгеру жүйесінің қабілеті деп көрсетеді. Сонымен қатар, дамудың инновациялық түрі осы даму үдерісін басқаруға, болжам жасауға, түзетуге мүмкіндік беретін белгілі бір мәдениет деңгейін (қоғамдық, кәсіптік және т.б.) сипаттайты және оны өзін-өзі даму деңгейіне жеткізеді. Ғылым мен тәжірибелің үздік ұлгілерін қолдану негізінде өз әрекетін құрастыру, қазіргі жағдайлардың өзгеруі, өндірістің өнімділігін, тиімділігін және нәтижелілігін арттыратын жаңашылдықты менгеруді басқару өзгеру кеңістігіне кіргізіледі.

«Инновациялықтың» айрықша белгісі сыртқы дамудың (басқару приоритеті) ішкі дамуға (өзін-өзі басқару приоритеті) міндетті түрде ауысуына тірек болып табылады. Осы сәт жылжымалы күш ретінде қарастырылады немесе инновациялық мүмкіндікке сүйенген инновациялық өзгеріс механизмі.

«Инновациялық мүмкіндік» түсінігінің мәнін нақтылауда маңыздысы білім беру үдерісінде жаңашылдықтың пайда болуын талап ететін өзгеруге деген талап факторының талдау аймағына қосылуы болып табылады.

Ғылымда мүмкіндік әлеуметтік құбылыстар мен үдерістерді талдау мен бағалау категориялары ретінде түсіндіріледі. Аристотель кезеңінен «мүмкіндік» ұғымы «мүмкіншілік», «өзекті» мағыналарынан тұрады, біріншісінен екіншісіне өту ретінде қалыптасу мүмкін тезисінде құрылады. «Мүмкіндік» түсінігін субстанция ретінде анықтауға болады.

Америкалық философ және әлеуметтанушы Р. Мертонның айтуы бойынша, әрекет етуші қалыптан ауытқудың белгілі бір деңгейі барлық негізгі әлеуметтік топтардың басты мақсаты

үшін функционалды болып табылады. Белгілі бір сини деңгейге жеткен жаңашылдық бейімделгіш мінез- құлықтың жаңа институционалды үлгісін қалыптастыруға септігін тигізеді. Егер инновация барлық сұзгілеуші механизмдерден өтіп кеңейген қоғамдық мойындауға ие болса, оның таралу фазасы басталады. Осыдан соң инновацияның ары қарай дамуы немесе кері кетуінің бірнеше нұсқасын бақылауға болады:

а) алғашқы инновациялық өзгерістер инновацияның мәнін барынша төмендетуге бағытталған **теріс кері байланыс** тудыратын «өтемақы» туындауы мүмкін;

б) енгізілген инновацияның қарсылық көрсету күші мықты болғаны соншалық өтемдеуіш механизм өте жойқын әсер етеді де, өз шегінен таси түседі, сонымен қатар заттың мәнін (status quo) сақтап қана қоймай, инноваторлардың болжаған бағытынан кері бағытқа өзгеретін «шектен тыс өтемақы» болуы мүмкін. Бұл кері соққы «бумеранг әсері» деп аталады;

в) инновацияны енгізуде туындаған өзгерістер тек сол аймақпен ғана шектелуі мүмкін (өндіріс, ғылым, техника және т.б.), яғни басқа қоғамдық өмір сүру аймақтарына ешқандай тиімсіз;

г) инновация дамуының маңызды нұсқасы тиімді кері байланыс немесе «екінші кибернетика» әрекеті арқылы өзгерістердің жүйелі артуымен сипатталады; мұнда алғашқы инновациялық өзгерістер өзімен бірге жалғасын тауып, мегажүйеге айналуы мүмкін. Бұл технология саласында жиі кездеседі: мысалы автомобилдің пайда болуы, кейін аэроплан, конвойрлік өндіріс, одан соң компьютердің пайда болуы миллиондаған адамдардың өмір сүру қалпын түбебейлі өзгертуі.

«Жаңашылдық синдромы» (не болса да жаңа) және оның бітпейтін тосын сыйлары – инновациялық ауытқудың кең тараған түрі болып табылады.

Жаңашылдық әлемі технология мен техникаға ғана тірелмейді. Басқаруды жетілдіру де жаңашылдықты ендіру арқылы жүзеге асырылады. Бұл өзерістерді біріктіретін іс-әрекетті жаңашылданырумен сипатталады.

Бұл әлемнің негізгі жылжымалы қарама-қайшылығы бұл «жаңа» мен «ескінің» арасындағы қарама-қайшылық, ал бұл қарама-қайшылыққа қатынас Н.Ф. Федоровтың жүз жыл бұрын айтқанындей, жалпы прогресске деген қатынасты білдіреді.

Инноватикада жүйелі обьект ретінде инновациялық жүйе қарастырылады, оның құрамында: 1) инновацияның материалды және интеллектуалды ресурстары – «кіру»; 2) құрылған жаңашылдық – мақсат («шығу»); 3) жасалған жаңашылдықтың қажеттілік өлшемін анықтайтын және инновациялық жүйенің сыртқы ортасы болып табылатын, бұл – нарық («кері байланыс»).

Инновациялық мәдениет инновациялық іс-әрекеттен туындаитындықтан, оны студенттің оқу-танымдық әрекетін үйымдастыруда жүзеге асыру қажет. Студенттің арнайы инновациялық даярлығының обьективті сипаттамасына жататын: инновациялық іс-әрекет аймагы (әдістемелік ізденіс, әдістемелік жаңашылдықты жасау және жүзеге асыру, дидактикалық жаңашылдық рефлексиясы); типтік кәсіби міндеттер (әзденістік-ақпараттық, аналитикалық-сыны, үлгілі-жобалық, нормативті-құрастыруышылық, бағдарламалық, үйымдастыруышылық-басқарушылық, тәжірибелік-бағалау, безендірушілік-трансляциялық); кәсіби іс-әрекет және міндеттерді шешу бойынша операциялар (қарама-қайшылықты іздеу, мәселелік жағдаятты саралау, инновациялық мәселені анықтау және қалыптастыру және т.б.); инноватордың іс-әрекет нәтижесі (окыту курсын сипаттау, өндөлген инновациялық мәселе, жаңа оқу курсының жобасы және т.б.).

Сонымен қатар, болашақ мамандардың инновациялық әрекетке даярлығын қалыптастыруда келесідеі даярлық құрамдас бөліктерін бас назарға алу қажет деп білеміз.

Дайындықтың құрамдас бөліктері	Құрамдас бөліктердің мазмұны
Мотивациялық	<p>Түрткілердің қалыптасуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің мәнін түсіну;</li> <li>▪ Тиімді кәсіби іс-әрекетке қажетті алған білім, білік, дағдылардың маңыздылығын түсіну;</li> <li>▪ Инновациялық ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте шығармашылық жұмысқа қанағаттануы;</li> <li>▪ Ғылыми семинарлар мен конференцияларға қатысуға, ФЗЖ нәтижелерін жариялауға деген ынта;</li> <li>▪ Тиімді кәсіби іс-әрекетке қажетті үздіксіз өзіне-өзі білім беру және өзін-өзі дамытудың қажеттілігін түсіну.</li> </ul>
Шығармашылық	<p>ЖОО оқытушысы білуі қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Ғылыми және педагогикалық зерттеудің әдіснамасын;</li> <li>▪ Ғылыми-техникалық шығармашылық әдіснамасын;</li> <li>▪ Ғылыми өндемелер, безендірулер және жобаны презентациялауды кіркітіру бойынша қолданбалы ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет негізін;</li> <li>▪ Жүйелік кәсіби іс-әрекет процесінде қолданылатын жұмыс ұстанымдарын, техникалық сипаттамаларды, конструктивті ерекшеліктерін;</li> <li>▪ Техникалық даму болашағын, мекемелер мен ұйымдардың ерекшеліктерін;</li> <li>▪ Экономика, өндірісті, еңбек пен басқаруды ұйымдастыру негіздерін;</li> <li>▪ Педагогикалық писхология, техникалық және технологиялық пәндерді оқыту құралдарын, әдістерін, оқыту теорияларын, білім берудегі инновация негіздерін.</li> </ul>
Операциялық	<p>ЖОО оқытушысы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Сәйкес бағытта кең білімді қажетсінетін ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің өз бетіншелік дағдыларын менгеруі;</li> <li>▪ Терең кәсіби білімді талап ететін ғылыми-зерттеушілік және педагогикалық іс-әрекет барысында туындейтын мәселелерді шешу және қалыптастыру;</li> <li>▪ Инженерлі эксперимент жүргізіп, нәтижесін өндеп және талдап жоспарлау дағдыларын игеруі;</li> <li>▪ Ұжымды басқару әдістерін менгеру;</li> <li>▪ Педагогикалық және тәрбие жұмыстарының дағдыларын;</li> <li>▪ Ғылыми сайыстар мен гранттарға қатысу барысында ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша материалдарды безендіру мен жеткізу дағдыларын менгеру;</li> <li>▪ Зерттеудің нәтижелерін өндеп, тәжірибеге енгізуге жеткізу керек.</li> </ul>

Эмоционалды-ерікті	<p>Сезімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық іс-әрекет нәтижесіне жауапкершілік;</li> <li>▪ Ғылыми зерттеу мақсатына жету жетістігіне сенімділік. Зерттеу және педагогикалық міндеттерді шешуде ішкі және сыртқы кедергілердің алдын алу:</li> <li>▪ Тындаушылардың көрі қатынасы, мекеме басшыларының инерциялық ойлауы;</li> <li>▪ Сәтсіздіктен, тындаушылардың түсінбеуінен, сыннан қорқу. Табандылық:</li> <li>▪ ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-педагогикалық міндеттерді шешуде күш-жігерін мобилизациялау;</li> <li>▪ Зерттеушілік және оқытушылық іс-әрекет үдерісінде өзін-өзі басқару.</li> </ul>
Ақпараттық	<p>ЖОО оқытушысының даярлығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Библиографиялық жұмыс пен патентті ізденіс, қазіргі ақпараттық технологияларды қолдана отырып инновациялық жобалар туралы ақпарат жинақтау;</li> <li>▪ Алынған зерттеу нәтижелерін қорытындылау үшін бағдарламалық өнімдерді құру мен қолдану, зерттеу тақырыбы бойынша математикалық тәжірибе жүргізу;</li> <li>▪ Жасалынған жұмыстың нәтижесін өңдеу және баспадан шыгарудың қазіргі құралдарын қолдана отырып, талаптарға сәйкес безендіре отырып, мақала, реферат, есеп беру түрінде жариялау;</li> <li>▪ Зерттеу мәселесі бойынша қазіргі ақпараттық технологиялар мен интернет жүйесін қоладна отырып түрлі ЖОО-дағы және шет елдегі әріптестермен тиімді қарым-қатынаста болу;</li> <li>▪ Оқытушылық іс-әрекет үдерісінде техникалық пәндерді оқытуудың құралдары мен электронды өнімдерін өңдеу және қолдану, сонымен қатар білім алушылардың білімін бақылау және бағалау.</li> </ul>

Мақаламызды қорытындылай келе, жоғары білімді дамыту процесі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік саласымен тығыз байланысты. Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесінің бірінші кезектегі міндеті – жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау болып табылады.

**Жұбаназарова Н.С.**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
доценті, психол.г.к.,  
Жұманова Б.,  
«психология» бөлімінің  
1 курс магистранты*

## **ЖАС ӨСПİRİMДІК КЕЗЕҢДЕГІ АГРЕССИВТІЛІК ПЕН ҮРЕЙЛЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Қазақстан Республикасының білім беру төнірегіндегі саясатының негізгі принциптері оқыту және тәрбие үрдісінде оқушылардың жеке даралық психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оны гуманизациялау болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік қындықтар – оның ішінде экономикалық дағдарыс үрдісі тұрғындарға ауыр соғып, адамдарға психологиялық және әлеуметтік жағынан кері әсерін тигізуде. Олар мазасыздық, күштену, қатыгездік, тудырып отыр.

Әсіресе, дүниетанымы әлі жетіліп дамымаған, құндылықтар жүйесі қозғалмалы жастарға ауыр келіп отыр. Жасы кәмілетке толмаған жастардың мораль және құқық туралы түсінігі вербальды деңгейде, әлі де болса оның мінез-құлықын саналы реттей алмайды. Сондықтан, жеткіншекке көп көңіл бөліп, құқық бұзушылық пен қактығысқа жол бермеу керек.

Статистикалық мәліметтер жасы кәмілетке толмаған, девиантты мінез-құлықты жастардың құқық бұзушылығы өскендігін көрсетеді. Жеткіншектердің агрессивті бағдарының әлеуметтік ақаулары шектен тыс негативті түрде байқалады (вандализм актілері, мазақтау, жәбір көрсету, бұзықтық жасау, аса ауыр қылмыстар, зорлық-зомбылық, адам өлтіру, үрлық).

Жастар ортасындағы агрессивті бетбұрыстардың өсуі, соңғы кездері жеткіншектердің қылмысы құрт өсіп отырған біздің қоғамымызға тән өткір әлеуметтік қындықты бейнелейді. Мәселе тек жеткіншектердің қылмыстық іске тартылып жатқандығында ғана емес. Жас буын девиантты мінез-құлықтың түрлі белгілерін көрсете отырып, қоғамның адамгершілік және әлеуметтік нормаларының бұрмалануын, қоғамға қарсы ұстанымдар мен стереотиптерді көтермелей, жастар қоғамының ерекше девиантты және қылмыстық субмәдениетінің қалыптасуы жағымсыз факторларының біріне айналуда [1].

Агрессивті мінез-құлықты ересек, жас өспірім немесе жеткіншек (15-17 жас) тек айналасындағы қоршағандарға ғана мәселелер туындағы қоймай, өзіне де көптеген жағдайлар туыннатады. Бұл жаста агрессия ерекше қауіпті. Біріншіден ол қылмыстық сипатта болуы мүмкін. Екіншіден ересек жас өспірім жаңа жастық кезең табалдырығында тұрғандықтан, өтпелі кезеңдегі қарама-қайшылықтар мен шешілменген мәселелер, мінез-құлықтың күрделілігі мықтап орнығып әрі асқынып кейін ересектік кезеңге өтіп, оның түзелуі өте қынга түсіу мүмкін. Орта мектеп мұғаліміне, психологқа және ата-аналардың дер кезінде мінез-құлқын түзету және алдын алу үшін жас өспірімдік кезеңдегі агрессияның көрініс белгілері мен түрлерін білуі қажет [2].

Бір жағынан жалпы қоғамда агрессияның белең алуды оның ішінде жас өспірімдік кезеңде, ал екінші жағынан агрессивті жас өспірімнің тұлғалық ерекшеліктері туралы терең әмпирикалық зерттеулердің жеткілікіздігі. Агрессивтілік туралы енбектер аз емес, бірақ олар қорқыныш сезімі мен үрейлену сияқты қарама-қайшы, сәйкес келмейтін тұлға ерекшеліктерін толық ашпайды.

Бүгінде, яғни қазіргі уақыттағы әлеуметтік айқын емес жағдайда көбінесе алдынғы жоспарға адамдардың өзара қарым-қатынас мәселелері шығады. Өскелең ұрпақтың агрессияға, қатігездікке, тұйықтыққа, өзгешеленуге ұмтылуы басым ангарылатындықтан, оларда толеранттылықты яғни толерантты сана, мінез-құлық, қатынастарды дамытуға назар аудару қажет.

Жеткіншектік кезеңнің басты мазмұны балалықтан ересектік кезеңге өту болып табылады. Дамудың барлық жақтары сапалық қайта құрылударға ұшырайды, психологиялық жаңа құрылымдар қалыптасып, пайда болады. Бозбалалық кезең - тұлғалық кезеңдердің қалыптасуындағы ең жауаптысы әрі маңыздысы, құрделісі болып табылады. Бұл жас кезеңін балалық пен ересектіктің арасындағы үшінші әлем деп есептейді [3].

Дамуы біркелкі емес ерте жас өспірімге қарағанда жеткіншектік кезеңде физикалық және психикалық дамуы сәйкестеліп біркелкіленеді. Э.Эриксон бойынша бұл кезеңнің орталық процесі тұлғалық ерекшелену, жеке даралық жетілу сезімі, өзіндік «Мен» қалыптасуы болып табылады. Жас өспірімдік кезеңде жаңа және басты психологиялық іс-әрекет түрі рефлексия, өзіндік сана болып табылады. Міне неліктен жоғарғы сыныптағылардың өздері туралы, өз қабілеттері жайлыш жаңа нәрсені білуге деген құштарлығы басым болып келеді. Жоғарғы сынып оқушыларына тән нәрсе - бұл әлеуметтік жағдайдың біркелкі еместігінде. Бір жағынан алдыңғы жас кезеңіндегі мәселелер туындаста, онан соң жастық ерекшелік, үлкендерден жекешелену, ересектік сезінудердің өзектілігі, тұлғалық тұрақсыздықтар жалғасады. Екінші жағынан олардың алдында өмірлік өзіндік айқындалу міндеті тұрады. Мұндай ішкі және сыртқы факторлардың немесе дамудың әлеуметтік жағдайлары тұлғаның жоғарғы сынып кезеңіндегі жастық дамуын анықтайды.

Тұлға қалыптасуында өзіндік құндылықтардың маңыздылығы артады, өзіндік сана дамуы жүзеге асып өзіндік қатынасы құрделенеді, ажыратылған өзіндік бағалаулар қалыптасып, жалпыдан тұлғалық жеке қасиеттер бойынша өзіндік бағалаулар көрініс береді, яғни белгілі бір жетістік пен сәтсіздіктерге қарай өзіне көзқарастар пайда болады. Бұл кезде өзін-өзі тану өзіндік «Мен» - ге қатысы бойынша эмоциялық қысымды жоғалтып, қалыпты эмоциялық денгейде жүреді.

Бұл кезеңге болашаққа деген талпының сипаты тән. Өмір мәнін, әлемде өз орнын іздеу ерекше көрініс береді. Л.И.Божовичтің [4] пікірі бойынша, - «бұл болашаққа қараған адамдар және барлық осы кезеңдегілері негізгі тұлға бағыттылығы болып табылады». Д.Б. Эльконин [5], 15-17 жастағыларда оқу-кәсіби іс-әрекет жетекші болады, сондықтан белгілі бір танымдық және кәсіптік қызығушылықтар, зерттеу икемділіктерінің белгілері, өмірлік жоспар құру мен өнегелік ұстанымдары, өзіндік сана қалыптаса бастайды. Жас өспірімдік кезеңнің басты қайта құрылуды - тұлғаның өзіндік айқындалуы. Бұл көп астарлы ұғым, бірақ негізгі белгісі өзіндік ішкі ересектік сезімде болу, қоғамда өз орнын иемдену, өзін және өмірдегі мүмкіндіктерін түсіну. Шетел психологиясында өзіндік айқындалуға ұқсас термин ретінде Э.Эриксон жасаған «психоәлеуметтік ұқсастық» категориясы беріледі.

Көптеген зерттеушілер бұл кездегі негізгі құрылым деп тұлғалық және кәсіби өзіндік айқындалу деп есептегенмен, кейбір мәліметтер (Дубровина И.В.) бұл жаста өзіндік айқындалудың өзі емес, оған деген тұлғалық, кәсіби, психологиялық дайындық қалыптасады.

Өзіндік анықталу уақытты жаңаша қабылдаумен байланысты - өткен және болашақ, осы шақты келер шақ түрғысынан қабылдау. Егер балалық жаста уақыт саналы түрде қабылданбаса, енді уақыт үйлесімділігі байқалады: «Мен»-ді өткен шақ пен келер шақ қамтиды. Бірақ уақытты қабылдау әлі қарама-қайшы. Уақыттың қайта бұрылмауы уақыттың тоқтап қалу субъективті сезімін сезінумен ұштасады.

Өзіндік анықталу, бұл кезеңде тұлғаның тұрақтануы дүниеге көзқарастардың қалыптасуымен байланысты. Дүниеге деген көзқарастары қарама-қайшылыққа толы болса да олар пайымдаулардың тұтастылығын жақтап қалады. Бұл жас өспірімдік кезеңге тән. Дүниелік көзқарастар тұлғаның әлеуметтік бағдарын қамтиды, яғни өзін қоғамның бір бөлшегі деп түсіну. Жалпы адамзаттың өмір сүру мәні мен өзіндік мағынаны іздеу жүреді.

Өзіндік анықталумен тығыз байланысты тағы бір маңызды жайтты айтсақ ол оқу мотивациясының өзгеруі. Жоғарғы сыныптағылар оқуға, білімге деген қатынастарын, кәсіби өзіндік анықталумен байланысты екенін түсіне отырып өзгерте бастайды. Кіші жас

өспірімдерге қарағанда олар бағаға салғырт қарамайды. А.В.Петровский есептегендей, жоғарғы сыныпта оқуға саналы қарым-қатынас қалыптасады [6].

Жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік санасының дамуымен байланысты олардың айналаға деген сенімді көзқарасы орныға бастайды. Құрбыларына деген сенімді тұлғалық қарым-қатынастар түсіну мен өзін ашуды тудырады. Ересектермен қатынаста негізгісі тек өзіндік «Мен»-ді түсіну емес, өзін өмір жоспары бойынша тану. Ал, тұлғалық даму ерекшеліктері жөнінде келесідей айтуда болады. Жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік санағы жаңа сапалы сипатка ене бастайды, ол нақты өмірлік мақсаттар мен ұмтылыстар бағдарында тұлғаның моральді-психологиялық қасиеттерін бағалауы мен түсіну қажеттіліктерімен байланысты. Егер жасөспірім өзін нақты сол кезеңмен салыстырса, ал ересек жасөспірім болашақпен слыстыра бағалайды.

Жоғарғы сынып оқушысының адамгершілік даму ерекшелігінің сипаты - мінез - құлықтағы адамгершіліктік сана, рухани сенімдердің қалыптасуы ролінің күшеюі. Дәл осы жерде әр түрлі жағдайлар мен жайттарда өзіндік дұрыс мінез-құлықтық бітістерді игеру қалыптасып, өзіндік қағидалар мен ұстанымдарына сүйене отырып әрекет жасауға қажеттілігі артады. Жоғарғы сынып оқушылары кіші жас өспірімдермен салыстырғанда тұлғаның адамгершілік қасиеттерін анағұрлым терең түсініп, ұғынып, осыған сәйкес ұғымдарды зерек түсінеді: «Басқалардың істеп жатқан теріс әркеттерін көре тұра бейқам өтіп кеткен адамды адал деуге болмайды.»; «Аңғарымпаздық тек қана адамның қажеттілігін көріп қоймай, оны сезініп және қандай көмек керектігін түсініп, сол адамды ренжітіп алмай көмек беруге тырысу».

Жоғары сынып жасында ересектік сезімі бір жағынан өткір әрі тереңдей түседі. Ересек оқушылар өздеріне «кішкентай» деп қарауды қынжыла қабылдайды. Екінші жағынан бұл жастың сонына қарай объективті ересектену бойынша өзіндік даралық сипатын көрсету үшін өзіндік мәнерлену, өзіндік тұрақтану сезімдеріне ұштасады.

Жоғары сынып оқушыларының эмоционалдық аймағында аса жараланғыштық, сезімталдық, депрессия көріністері сақталып отырады. Олар сыртқы ортаның әсерінен деп емес, «Мен» күйі ретінде түсініледі. Өзіндік сырт келбетіне, жеке қабілеттеріне аса көңіл толмаушылық болғанмен, эмоциялық көріністері мәнерлі әрі қадағаланып отырылады. Жастық кезеңінде жоғарылауында құрбыларымен қарым-қатынас өте маңызды, олардың қатынастары қарқынды әрі терең бола бастайды. Ұлдар мен қыздар өзінің екінші «Менің» табуға тырысады. Бұл жаста дос іздеу, махабbat объektісіне ұмтылу көптеген толқулар мен күйзелістерді бастан кешірулеріне ықпал етеді.

И.О.Конның [3.,52б] есептеуінше, жеткіншектік кезеңдегі қарым-қатынас психологиясы екі қарама-қайшы қажеттіліктердің қылысының негізінде құрылады: даралану және аффилитациялар яғни қандай да бір қофам не топқа енуге деген қажеттілік. Мұндай жекешелену көбінесе үлкендердің қадағалауының салдарынан туындаиды. Тұлға қалыптасуының қын кезеңіндегі жалғыздық және керексіздік сезімдері оларды топпен араласуға құштар етіп, олардың арасынан үлкендер рұхсат етпеген нәрселерді табуға ұміттенеді. Сөйтіп өзіндік іш пысы мен жалығудан құтылып, өзінің құндылығын дәлелдеуге тырысады. Жас өспірім үшін тек құрбыларымен бір топта болуға ғана емес, олардың арасында оны қанағаттандыратын деңгейде болуға тырысады. Кейбіреулері мұндайда топ басшы болуға тырысса, кейбірі таңдаулы жолдас болуға, үшінші біреулері белгілі бір істе лауазымды болуға талпынады, мұның бәрі мінез-құлықтың жетекші тұрткісі болып табылады.

Д. И. Фельдштейн жас өспірімдер мен жеткіншектердің үш қарым-қатынас формаларын бөліп шығарады: жеке бастық, стихиялы - топтық, әлеуметтік - бағдарланған.

Тек өзіндік жеке бастық қарым-қатынас - «мен» және «сен» жеке өзара байланыстарға негізделген. Мұндай қарым-қатынаста олар бір-бірінің мәселелерін шешуге араласады. Мұндай қарым-қатынас олардың өзара құндылықтарынан пайда болады, ал белсene араласуы бірін - бірі жақсы ұғынып, сезімдері мен ниеттерін түсіне алады. Интимді-тұлғаның жоғарғы түрі достық пен махабbat болып табылады.

Стихиялы-топтық қарым-қатынастар - «мен» және «олар» деген кездейсоқ байланыстардан туындаиды. Мұндай жағдай жасөспірімдердің үйымдастаған қоғамдық пайдалы әрекеттерінен болады. Қарым-қатынастың бұл түрі әр түрлі топтар мен арнайы емес ұжымдардың құрылуына ықпал етеді. Стихиялы-топтық қатынаста тұрақты міnez тұйықтық, қатігездік, агрессивтілік, үрейленушілікке айналады.

Әлеуметтік – бағдарланған қарым - қатынас - «мен» және «қоғам» деген қоғамдық маңызды жұмыс жасаудағы байланыста негізделеді. Мұндай қатынас адамдардың қоғамдық қажеттіліктерін өтеп, топтың, ұжымның, үйымдардың қоғамдық өмірде дамуына ықпал ететін фактор болып табылады. А.Е.Личко жас өспірімдерге тән сипат эмансиация деген, яғни атана мен үлкендердің ықпалынан босап шығуға тырысу. Жас өспірім ересек адамға тек қарсы тұрып ғана қоймай, онымен тең дәрежеде тұруды көксейді. Әрине бұл әлеуметтік-экономикалық тәуелді жағдайда жүзеге асу қыын. Жас өспірімдердің өзін ересек етіп көрсетуі, үлкендердің өздерін тым дербес көрсетуінен деп түсіндіріледі. Соған сәйкес үлкендерге барлық нәрсе рұхсат, ал олар балаларға тиым салынады деп қабылдайды.

Эмансиация реакциясымен қатар жоғарғы сынып оқушыларына тән реакция құбылыармен топтасу, яғни алғашқыға қарама-қайшы реакция. Бұл ересектерге аса маңызды болмас да жас өспірімдердің барлық эмоционалды қажеттіліктеріне жауап береді. «Мен» бейнесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жасөспірімнің өзін және өз міnez-құлқын ересектерге мойыннату болып табылады. Кейде бір жас өспірімнің әр түрлі ортада бір түрлі іс-әрекет жасап соған сый алса, басқа бір ортада сол ісіне қайшы әрекет жасап оғанда сый алатын міnez - құлық құбылысын байқауға болады. Соғы екі феномен (топтасу реакциясы мен мойындау қажеттілігі) ситуативті тұлғаны қалыптастырады, яғни оқушы белгісіз бір уақытта анықталмаған тұлғага айналады. Мұнымен байланысты девиантты фактілер түсінікті болады, яғни сырттай кейбір толықанды отбасынан шыққан жас өспірім құқыққа қайшы іс жасауды да мүмкін. Кез келген қарсылық олардың топтан шығарылып тасталуына, ал ол деген өзіне маңызды құрдастарынан ажырауына әкеп соқтырады. Мұндай жүріс - тұрыстың мақсаты негізінен өзіндік «Мен» шекарасын көптеген қоршаған адамдардың «Менинен» бекітіп, ажырату болып табылады. Бірақ бұл «Менинің» ішкі құрылымы толық ашылмағандықтан жас өспірімдердің өздеріне де аса түсінікті бола қоймауда. Соңдықтан өзіндік сананың дамуындағы келесі кезең бұл «Менинің» мазмұнын нақтылап және кеңейту болады, яғни жас өспірімнің тұлғаның өзіндік танымының мәнін құрайтын қарым-қатынас жүйесін түсінуі.

Егер жас өспірімнің өзіндік бағалауы 12-13 жасқа дейін өзінікі емес оны қоршаған адамдардың болса, онда 15-17 жаста қоршаған ортамен өзіндік бағалаудың орыны ауысады. Бұл 15 жаста анық көрінеді, яғни амбивалентті өзіндік бағалау бірден жоғарылайды. Кіші жас өспірімдік кезең мен ерте жеткіншектік кезеңді салыстырғанда «мен» құрылымының айырмашылығын көруге болады. 12 жастагы жас өспірімдер біріншіден икемділіктер, қабілеттер және басқада ақыл-ойдың дамуын көрсетеді. 2-ші, 3-ші орындарда маңыздылығы бойынша өзіндік бағалау және ролдік сипаттамалар, ал соғы тізбеде қоршаған адамдармен қарым-қатынасы орын алады. 15-17 жастарда 1-ші орында өзіндік бағалау сипаттараты орын алса, ал 2-ші орында өзіндік сезімдер, күйзелістер, тұртқілер шығады. Келесі орын құндылықтар, нанымдар, идеалдар, сондай-ақ өмірлік жоспарларға беріледі (кім болу, қандай болу).

И.В. Дубровина 13 пен 16 жас аралығына мектептік, өзіндік бағалаулық және тұлға аралық қобалжулар динамикасын жасап көрсетті. Егер бұл шың 13 жаста жас өспірімдердің мектептік қобалжуларында болса, 14-те бұл шың 15-те болмайтын өзіндік бағалау мен тұлға аралық қобалжуларда болып, 16-да қайта өседі [7]. Бұл жас кезеңінде үйымдастырыш қабілеттің артуына жағдай туындалап, іскерлік, шешім қабылдағыштық және басқада адамдармен өзара қатынасқа қажет тұлғалық пайдалы қасиеттер, оның ішінде ортақ іспен уәделесу, өзара міндеттерді бөлісу жүзеге асады. Мұндай тұлғалық қасиеттер жас өспірім арасасатын топтық негізде жасалатын іс-әрекеттің барлық салаларында тәжірибиеден өтеді; оқу, енбек, ойын.

Қорыта келе, жоғарғы сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін, әсіресе жеке тұлғалық жағын талдап қарастырық. Анықталған ерекшеліктер әсіресе эмоционалды сферадағы олар тұлғаның агрессивтілігін, үрейлену мен қорку, қобалжуын туғызуға ықпал етуі мүмкін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Горьковая И.А. "Медико - психологическое исследование формирования характера делинквентных подростков", автореферат диссертации кандидата психологических наук, Санкт - Петербург, 1992 г.
2. Бойко А.А. Социально-педагогические аспекты профилактики асоциального поведения учащихся // Адаптация и выживание. -1995. - N10.
3. Кон И.С. Психология ранней юности. М., 1989 г.
4. Божович Л. И. "Личность и её формирование в детском возрасте" М.Просвещение, 1968 г.
5. Эльконин Д.Б. К проблеме периодизации психологического развития в детском возрасте // Вопросы психологии, 1971, №4.
6. Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. - М.: Знание, 1982 г.
7. Дубровина И.В. "Рабочая книга школьного психолога" Москва: "Просвещение" 1991 г.

*Ибраева Г.М.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«Әлеуметтік педагогика және  
өзін-өзі тану» мамандығының  
1 курс магистранты*

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында мамандарды кәсіби даярлаудың сапасын жақсарту жаңа ғасырдағы білім беру саясатының басты міндеті ретінде айқындалып, «білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырландыруда нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу» деп атап көрсетілген. Қазіргі кезеңдегі жоғары кәсіби білім берудің мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жан-жақты құзыретті, әлемдік деңгейде тиімді де табысты жұмыс істей алатын, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан толық даярланған мамандар дайындау болып отыр.

Еліміздің дүниежүзілік білім кеңістігіне кіруі жоғары кәсіби білім саласының қарқынды дамуына, құзыретті мамандар даярлау мәселелерін терең талдауға қажеттілік туындастырылған. Оған дәлел үстіміздегі жылдың 27-29 қазан аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ Үлттүк Университетінің ұйымдастырылған Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткізілген Халықаралық Форумы Үшінші деңгейлі зерттеу университеттері қатарынан орын алуда біздің білім беру жүйеміздің әлемдік аренада мойындала бастағанының айқын көрінісі болды. Дамыған елдердің білім берудегі алдыңғы қатарлы тәжірибесімен алмасу және де оның тиімді жақтарын Қазақстанда қолдану маңызды мәселе болып табылады.

Болон келісімінің ережелеріне сәйкес әлеуметтік педагогтар даярлайтын ЖОО-ларда оқу үдерісін ұйымдастыруға, білім мазмұнына, оқыту әдістеріне өзгерістер енгізуі талап етеді. Ол көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге бейімділік, білім мен практиканың өзара байланысы, өмірлік жағдаяттарды шешу, түрлі әлеуметтік мәселелерді шеше білу сияқты келелі мақсаттарды көздейді.

Бұғінгі таңда әлеуметтік педагог мамандарын даярлау ҚР бірқатар ЖОО-ларында ұйымдастырылып, бітірушілер түрлі деңгейдегі, түрлі бағыттағы білім беру мекемелерінде, денсаулық сақтау мекемелерінде, тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласында сұранысқа ие болып отыр. Әлеуметтік педагогика оқу пәні ретінде де, ғылым ретінде де, практика ретінде де қарастырылады. Практика ретіндегі әлеуметтік педагогиканың негізіне ғылыми қайта құрулық сипат алатын практикалық әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет жатыр. Өйткені кез-келген саладағы қайта құру сияқты әлеуметтік педагогиканың да ғылыми негізі болмаса, ол өз мақсаттарына жетуге, міндеттерін шешуге қабілетсіз кәсіби емес іс-әрекет болатыны сөзсіз. Оның нысаны өз әлеуметтік ортасындағы адам (адам мен әлеумет арасындағы өзара байланыс) болып табылады. Әлеуметтік педагогиканың пәні - адам мен әлеуметтің өзара әрекеті, ал мақсаты адам мен әлеуметтің қарым-қатынасының үйлесімділігі. Бұл мақсатқа жету түрлі міндеттерді шешумен қамтамасыз етіледі. Ол міндеттерге адамның қоғамға бейімделуі, оған әлеуметтік білім беру мен әлеуметтік тәрбиесі, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға қарсы алдын алу, әлеуметтік бақылау, әлеуметтік насиҳаттау, әлеуметтік ағарту, т.б. жатады.

Қазіргі заман жағдайында кәсіби іс-әрекет пен білім беру салаларында әлеуметтік педагогикалық компоненттердің маңыздылығы арта түсude. Жалпы білім беретін, әлеуметтік педагогикалық мекемелерде орын алып отырған дағдарыстық жағдаяттарға әсер ететін мамандардың балалар, жасөспірімдерді әлеуметтендіруге, дамуындағы және бейімделуі қын балалар мен жасөспірімдер, жастар мен ересектерге нақты әлеуметтік психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге қабілетті әлеуметтік педагог мамандарды даярлау қажеттігі туындейды. Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекеті адамның өзін қоршаған ортаға бағытталады және де осы салаға жататын мәселелердің жиынтығын шешумен тікелей байланысты.

Ресейлік зерттеуші ғалым В.А.Дегтеревтің пікірінше, практика ретіндегі әлеуметтік педагогиканың пәні адам мен қоғамның өзара әрекеті болса, мақсаты адам мен қоғам өзара қарым-қатынасын үйлестіру [1,161]. Ал И.А.Липский бұл мақсатқа қол жеткізу адамның қоғамға бейімделуі, оның әлеуметтік білім алуды, әлеуметтік тәрбиеленуі, қоғамға жат қылыштардың алдын алу, оны түзету, тұрақтандыру, әлеуметтік бақылау, әлеуметтік насиҳаттау, әлеуметтік ағарту, т.с.с. бірқатар міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады деп тұжырымдайды [2,122].

Сондай-ақ, қазіргі кезде бірқатар ғалымдар (атап айтсақ, В.Г.Бочарова, В.А.Сластенин, А.В.Мудрик, М.А.Галагузова, т.б.) әлеуметтік педагогикадан оқу құралдарын жазып, санаттық сипаттама берді. Ресейдің педагогикалық жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагог даярлаудың онды тәжірибесі жинақталған [1]. Ал Қазақстандағы әлеуметтік педагогика мәселесіне жүргізілген талдаулар бойынша әлеуметтік сала мамандарын кәсіби даярлау және олардың қызметінің бағыттарын зерттеуге Г.Ж.Менлібекова, Ш.Ж.Колумбаева, М.Т.Баймұқанова, т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

ҚР Мемлекеттік Жалпыға Міндетті Білім Беру Стандарттарына сәйкес әлеуметтік педагогика мамандығын менгеру үшін болашақ мамандығына қажетті ғылыми білімдер ғана емес, сараптамалық, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, жобалық, т.б. біліктіліктерді игеру міндетті.

Әлеуметтік педагог тұрғындардың барлық категорияларымен: балалармен, жасөспірімдермен, жастармен, ересектермен әлеуметтік педагогикалық қызметтерді жүзеге асырады. Ол тұлғаның әлеуметтенуіне және оның дамуына қолайлы жағдай жасауды тиіс. Әлеуметтік педагогтың назарында адам мен оның мәселелері болады. Әлеуметтік педагогтың қызметі адамға көмек пен қолдау көрсетуге, оның мәселелерін шешуге бағытталуы қажет. Ол адамды іс әрекетке бейімдейді, оның ішкі ресурстарын пайдалануға, сондай-ақ, қындықтарды жеңуге резервтік мүмкіндіктерін қолдана білуге көмектеседі. Өзінің кәсіби міндеттеріне сәйкес әлеуметтік педагог мәселелердің алдын алу, оны туыннататын себептерді болдырмау, түрлі негативті құбылыстардың алдын алу шараларын жүргізу, адамдардың мінез-құлқындағы

отклонениелер, оларды қоршаған микроортаны сауықтыру мәселелерімен айналысы шарт. Әлеуметтік педагогикалық қызметтің негізгі міндеттеріне балалардың толық тұлғалық жетілуіне әрбір жас ерекшелік кезеңінде ат салысу, оқу тәрбиесінде және қарым қатынасында қиыншылығы бар оқушылардың әлеуметтік педагогикалық көмекпен қамтамасыз ету, оқушының отбасылық тәрбие жағдайын анықтау, жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларына патронаждық көмек көрсету, баланың жеке дамуындағы ауытқуларын түзету және алдын алу.

Әлеуметтік педагог мәртебесіне келетін болсак, әлеуметтік педагог еңбекақысы, демалыс ұзақтығы және разрядтық құқығы мектептің педагогикалық қызметкерлерімен теңесетін арнайы білімді маман болып табылады. Әлеуметтік педагогтың құқығы баланың медициналық және педагогикалық құжаттарын қарауға, сабакқа қатысуға, мектеп әкімшілігі, медициналық жұмысшылары, педагогтары мен басқа да әлеуметтік өкілдеріне бала денсаулығын сақтау және құқығын қорғау жөнінен мәселе қоюға, білім беру мекемелерінің медициналық әлеуметтік мәселелер жөнінен шешім қабылдаудағы экспертизасына қатысуға, шиеленісті жағдаяттарда отбасы мен мектепте міндетті түрде отбасы мүшелігі құрамын қуәландыратын мәселе қоюға, қажетті жағдайларда ата ана құқығынан айыру туралы ұсынысымен қажетті органдарға ұсыныс жасауға, сот кезінде бала қызығушылығы мен қажеттілігін қорғауға құқығы бар. Мектептегі әлеуметтік педагог маманының негізгі функцияларына диагностика жүргізу, кенес беру, қорғау, қамқорлық көрсету, ұйымдастыру. Тәрбиелуе функциясы әлеуметтік құқықтық, әлеуметтік реабилитациялық, әлеуметтік педагогикалық, кенес беру.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби даярлаудың негізгі компоненттерін И.В.Леонова тәмендегідей бөліп қарастырады:

- мотивациялық компонент- кәсіби ұстанымдар, мұдделер, әлеуметтік-педагогикалық әрекетпен айналысуға қызығушылығы болуы, әртүрлі әлеуметтік мәселелері бар балаларға көмек көрсетуге бейім, кәсіби бағдарлылық;
- адамгершілікке бағдарланған компонент негізіне кәсіби этика, кәсіби-адамгершілік көзқарастар, ұстанымдар, соларға сәйкес қызмет етуге даярлық жатады;
- танымдық-операционалдық – әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметтің табысты атқаруға қажетті ойлау, көңіл аудару, еске сақтау, көз алдына елестету, педагогикалық қабілеттер мен әрекеттер жатқызылады;
- эмоционалдық-еріктік – маман қызметіндегі еріктік үдерістердің, мәселен, қабылдаушылық, мақсатқа ұмтылуышылық, өзін-өзі ұстай білушілік, ұстамдылық, шешім қабылдаыштық, төзімділік, белсенділік, т.б. болуы.
- рефлексивті-бағалаушылық – өзінің тұлғалық қасиеттерін бағалауы, кәсіби міндеттерді шешуге сай кәсіби даярлығы болуы, өзін-өзі танушылық, өзіне қатынасы, т.б. [3].

Демек, әлеуметтік педагог даярлығы болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби-этикалық әлеуетінің қалыптасуы, әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің адамгершілік-психологиялық мәнін есепке алу, кәсіби әрекетінде өзінің кәсіпқойлығын, моральдық тазалығын, беделін қолданудан тұруы тиіс. Әлеуметтік педагог тұлғасын қалыптастыру білім беру мекемелерінен тысқары басталып аяқталатын аса күрделі, ұзаққа созылатын үдеріс болып табылады. К.Д.Ушинскийдің «...педагогикалық мекемелерге жұмысқа арнайы даярланған, өз мінездүкүліктери мен қабілеттері қалыптасқан, адамдарды ғана алу керек» деген ұстанымы бүгінгі күні өзекті болып отыр[4, 49].

Осыған орай, Казақстан Республикасының білім беру саласында да әлеуметтік педагогика мәселесі маңызды орын алады. Оған мысал, ҚР білім және ғылым вице министрі М.Н. Сарыбековтың 2012 жылғы 10 ақпанында өткен республикалық ғылыми практикалық конференциясында сөйлеген сөзінде еліміздегі әлеуметтік педагогикалық жағдайды баяндалған етті [5].

Бүгінгі танда еліміздің мектептерінде 3,6 мың әлеуметтік педагог жұмыс істейді. Еліміздегі 16 жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагог даярланады. Әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша білім алушылардың 1,7 мыңы мемлекеттік грант есебінен оқып білім

алуда. М.Н. Сарыбеков әлеуметтік педагогтардың құзыреттілігі мен кәсіби білімдерінің синтезімен қатар, ведомствоаралық ықпалдастық, басқа салалар мамандарымен: полиция қызметкерлері, дәрігерлер, әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері, үкіметтік емес секторлармен тығыз байланыс орнатудың жаңа кіркітмелі тұғыры қажеттігін баса айтты. Сол себепті әлеуметтік педагогтардың кәсіби біліктілігін көтеру, стандарттар мен даярлық бағдарламалары бүгінгі күні әлемде белсенді қолданылыстағы транспёнаралық тұғыр мен пәнаралық білімнің жоғары деңгейінде жүргізілуі тиіс. Әлеуметтік педагогтардың кәсіби біліктілігін көтеру бағдарламалары осы сала бойынша сарапшыларды даярлауға бағытталуы тиіс. Дамыған елдерде сарапшылар кәсіби дамудың жоғарғы стадиясына жеткен, терең арнаулы біліммен қатар пәнаралық білімдерді менгерген мамандарды атайды. ІІ.Алтынсарин атындағы Ғылыми академия, Абай атындағы ҚазҰПУ Психология ФЗИ, психология және әлеуметтік педагогика кафедралары және Республика педагог кадрларының білімін жетілдіру институттарымен бірге стандарттар мен бағдарламаларды жасап шығару өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМемҚызПУ-да әлеуметтік педагог мамандығына даярлау жүзеге асырылуда. Бұл ЖОО-ларда әлеуметтік педагогикалық қызметке даярлық тұтас тұлғалық білім беру ретінде қарастырылады.

Корыта келгенде, Қазақстан Республикасында XXI ғасырда орын алғып отырған әлеуметтік дағдарыс салдарынан туындағыны әлеуметтік педагогтарға қофамдық сұраныс артуда. Соған сәйкес, білім беру саласында әлеуметтік педагог мамандарының даярлану деңгейін көтеру, ол үшін қажетті алғышарттар жасау, ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы әлеуметтік салада сапалы мамандар даярлап шығаруға баса назар аударылуы қажет.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Дегтерев В.А. «Практика в системе подготовки социальных педагогов в вузе» - Педагогическое образование: вызовы ХХI века- Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной памяти выдающегося российского ученого-педагога В.А.Сластенина 16-17 сентября, 2010г., М., МПГУ, часть1, Москва-2010. -771 с.
2. Липский И.А. Методология социальной педагогики: структура и функции // Вестник учеб.-метод. объединения вузов России по образованию в области социальной работы: журнал.-М.:Изд-во РГСУ.-2009.-№4
3. Леонова И.В. Подготовка социальных педагогов к работе с девиантным поведением виктимных детей// работа выполнена в рамках гранта президента РФ -МК-1130.2008.6
4. Ушинский К.Д. (1948-1951) Материалы к 3 тому «Педагогической антропологии»// Собр.соч.: в 11 т. Т.10.М.С.49.
5. «ҚР білім беру жүйесінде әлеуметтік психологиялық қызметті дамыту жағдайы мен перспективасы» атты Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары, Астана қаласы, 10 ақпан 2012 жыл.

Иванчук О.  
КазНУ им. аль-Фараби  
магистрант 1 курса  
специальности «Культурология»  
Научный руководитель  
д.филос.н., профессор Исмагамбетова З.Н.

## ПРОБЛЕМА ИДЕНТИЧНОСТИ СКВОЗЬ ПРИЗМУ КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР

В современном обществе информатизация и компьютеризация приобретают все больший размах. Компьютеры входят во все новые и новые области человеческой практики, трансформируя при этом не только отдельные действия, но и человеческую деятельность в целом, оказывая влияние на психические процессы. При взаимодействии человека с информационными системами (компьютерами, программным обеспечением, Интернетом, компьютерными играми) происходит формирование новой, виртуальной идентичности. Большое количество психологических исследований было проведено в рамках проблематики формирования идентичности при взаимодействии с новыми технологиями. Так, были изучены феномены потребности "общества" с компьютером при работе пользователя, феномен персонификации компьютера, а также различные формы компьютерной тревожности. В более поздних работах на данную тему эти феномены были отнесены к проявлению тенденции субъекта к неосознаваемому уподоблению себя компьютеру, сравнению собственных интеллектуальных способностей и возможностей системы. Каким же образом происходят эти процессы? Как может, например, обычная компьютерная игра подчинить себе личность человека, конструировать ее? В центре внимания работы исследователя компьютерных игр А.Г. Макалатии находятся особые состояния поглощенности деятельности, при котором ожидаемый результат этой деятельности "отходит в сознание человека на задний план и само легко и точно протекающее действие полностью занимает внимание". Опыт такого потока обладает следующими характеристиками:

1. Требования задачи воспринимаются как соответствующие умения;
2. Субъект испытывает чувство контроля своих действий и окружения;
3. Требования к действиям ясны; существует быстрая обратная связь;
4. Концентрации внимания достигается без субъективных усилий;
5. У субъекта присутствует ощущение слияния действий и их осознания; самозабвение. Опыт потока включает интенсивные положительные эмоции и представляет ценность для переживающего его субъекта. Благодаря этому деятельность, в которой присутствует опыт потока, становится внутренне мотивированной. В работе А.Г. Макалатии было показано, что переживания, получаемые от компьютерных игр, по всем характеристикам соответствуют опыту потока". Были выявлены дополнительные механизмы, обеспечивающие "залипание" напротив процесса игры. Это: 1. своеобразный феномен "незаконченного действия", не позволяющий игроку забыть о недоигранной игре; 2. механизм, сильно напоминающий невротический механизм "бегства", желание игрока забыть навремя неприятной реальности. В случае такого "бегства" интенсивность непосредственного удовольствия от игры снижается, а по ее окончании наблюдается усталость, чувство опустошения, раздражение[1]. Также привлекательной особенностью всех компьютерных игр, и вообще сети Интернет является то, что совершенно не требуется предъявления оригинала идентичности по типу предъявления паспорта гражданина – сетевые сообщества сами устанавливают те наборы признаков, которые необходимы для членства в них. И сетевые сообщества, как правило, не интересуются тем, какие еще идентичности имеют их члены. Такая ситуация создает существенно большую свободу создания и использования идентичностей, чем в реальном мире, что, тем не менее, не означает полного снятия социальных ограничений, потому что индивиды остаются членами

социума, прошедшими тот или иной процесс социализации. Но в рамках того, что индивид может себе вообразить, сеть Интернет позволяет сформировать идентичность без ограничений, а также использовать одновременно несколько сильно различающихся идентичностей. Более того, если в реальном мире переход индивида из одной значимой для него социальной группы в другую нередко связан с кризисами и проблемами сознания, в любой компьютерной игре переход из одного виртуального сообщества в другое происходит очень легко и позволяет преодолевать ограничения идентификаций с теми или иными сообществами. Чтобы обнаружить какие виды виртуальных идентичностей могут быть сформированы в результате использования компьютерных игр, рассмотрим какие виды игр существуют в современном информационном мире [2]. Так как создание компьютерных игр относится к поддержке сферы развлечений, то их классификация не так проста, как может показаться на первый взгляд. Часто фирм-разработчик однозначно не может указать жанр новой игры, так как намеревается продать этот программный продукт большему количеству конечных пользователей, не сужая тематикой круг потенциальных покупателей. Обычно компьютерные игры делятся на несколько типов: квесты, экшн, ролевые игры (рпг), стратегии, симуляторы, логические и азартные. Квесты – осуществляют путешествие одного или нескольких персонажей к поставленной цели путем преодоления разнообразных трудностей. Экшн (action) - игры от первого лица – популярные военные игры, так называемые «стрелялки». Ролевые игры или РПГ – игрок исполняет роль определенного персонажа и выполняет поставленные перед ним задачи. (Примеры: Fallout, Oblivion, The Witcher и т.д). Стратегии логические игры-игры с отсутствием персонажа, где процесс-сом игры управляет человек от своего лица. Отличительной особенностью стратегии является особая система внутриигровых факторов. Сначала игрок принимает определенные решения и наблюдает за их последствиями, а затем выстраивает логику последующих действий. Примерами могут быть такие игры как «Сапёр», «Zuma», многие гоночные симуляторы не имеют конкретного персонажа (игроку предоставляется машина, но не персонаж). Симуляторы имитируют управление автомобилем, космическим кораблем, самолетом и т.п. Азартные и логические хорошо развиваются мыслительную деятельность. Самые известные игры, в которых есть право выбора, есть возможность выбрать себе ту или иную идентичность – это РПГ, иногда экшн и квесты. Игрок самостоятельно выбирает персонаж, одевает его, наделяет способностями. В игре предусмотрена свобода действий, которая влияет на процесс и результат игры. Данный тип игры вызывает стойкое привыкание, игрок отождествляет себя с персонажем, развивает его по своему образу и подобию. Игровой процесс воспринимается как реальность. Многим РПГ - игры напоминают фантастические книги с возможностью управления главным героем, что представляет особый интерес для читающих игроманов. Разумное увлечение подобными играми похоже на пристрастие к чтению книг, оно не вредно, наоборот, развивает фантазию, увлекает познанием истории, отражает реальность. Игры с отсутствием выбора имеют линейный сюжет (экшн). Игрок отождествляет себя с готовым персонажем, уже наделенным характеристиками. Разветвления сюжета игры зависят не от выбора игрока, а от успеха или случайности. В некоторые экшн можно играть командой. Такие игры разряжают человека эмоционально, а успешное прохождение часто зависит от быстрой реакции игрока. В последнее время популярен жанр action-adventure, основанный на реакции игрока на внезапные события. Перейдя на трёхмерный графический интерфейс, внеся элементы неожиданности и соответствующую атмосферность, такие игры стали доминирующим поджанром квестов в настоящее время. Отличительной чертой данного направления является атмосферность, заставляющая игрока погрузиться с головой во вселенную игры, будь то таинственный дом, полный ужасов, заброшенная научная лаборатория, город-призрак. Наиболее яркими играми в этом жанре являются почти все игры survival horror - Alone in the Dark, Silent Hill, Resident Evil. На сайте [www.myigra.ru](http://www.myigra.ru) предложены все виды данных игр. Следует добавить, игры могут носить как развлекательный так и познавательный характер. Некоторые квесты могут быть настолько подробно разработанными, математизированными правилами, что их прохождение

является довольно сложным. Примером является известный квест Б.Сокала «Sinking Island» (Затонувший остров), представленный в виде детектива, где раскрыть преступление, став на время настоящим сыщиком, используя все методы и логику криминалистики. Таким образом здесь игрок может присвоить себе идентичность детектива. Такие механизмы «создания персонажа» все еще присутствуют в самых современных играх MMORPGs, таких как Everquest, Anarchy Online и World of Warcraft. При этом в современных играх настройка персонажа гораздо шире и может включать даже выбор расы, пола и т.д. Действительно, Word of Warcraft содержит некоторую определенную «ролевую сферу», в которой игроки должны действовать «персонажем» через систему мгновенного обмена сообщениями игры. Но есть некоторые сценарии в игре как, например, получение наград, открытие сокровищ или приобретение очков опыта. Чтобы достигнуть этих целей, каждый игрок должен иметь свой персонаж и попробовать с помощью него выполнить различные задачи, которые игра обычно ставит перед ним, будь то исследование пещеры или участие в битве. Естественно все это сопровождается автоматическим подсчетом баллов, очков и т.д. Часто это может быть просто забавой, но в тоже время это нечто очень отличающееся от настоящего притворства быть другим человеком, создавать свою идентичность, эти игры представляют нам множество контекстов, в которых игроки говорят, что «Я делаю X» даже при том, что действие, которое они описывают абсолютно вне их способностей и возможностей. Часто игрок буквально вживается в идентичность своего персонажа. Самое простое решение этой проблемы состоит в принятии тезиса о наивной выдумке относительно заявлений, которые произносятся участниками ролевых, когда они говорят будучи «в персонаже». Этот подход подразумевает, что рассматриваемые заявления просто ложны. Когда участник известной игры Second Life (где ты полностью можешь жить в виртуальной реальности, в виртуальном доме, семье) заявляет: «Вчера вечером я ремонтировал свой дом», это утверждения попадают в ту же самую семантическую категорию, также как и более явно неправдоподобные замечания: «Бен Франклин был президентом США» или «Моя сестра — тыква». У такой бесхитростной выдумки — использования игроком «Я» — есть интуитивная притягательность. Различные виды настольных и онлайн ролевых игр фактически вызывают совершенно различные типы психологической причастности своих игроков, в зависимости от правил, которые каждая из них использует, а также различные социальные конвенции, которые они укрепляют. С одной стороны, существуют традиционные игры фэнтези как D & D и Word of Warcraft. В этих видах игр, роли, которые примеряет на себя игрок, являются очень фантастическими, черты его персонажа онлайн механизмом «генерации персонажа», и мотивация, которая держит большинство играющих людей перед мониторами, может быть описана, как уход от бытовых проблем, то есть здесь формируется так называемая «фантастическая» идентичность, где на несколько часов можно стать супергероем, со сверхспособностями, что как правильно отражает желания тех людей, которые в жизни, как правило, не обладают идеальной, мускулистой фигурой и не харизматичны, либо это подростки, с огромным количеством энергии и фантазией. Взяв на вооружение философский тезис о неопределенности Я, легче увидеть, как через видеоигры и онлайн сообщества мы развиваем способы расширить нас пространственно-временным образом, что до недавнего времени казалось невероятным и было возможно лишь в научно-фантастическом романе. И в аналогичной сфере можно сказать, что разговор о «потере себя» в другом человеке или опыте не является метафорическим, а скорее буквально описывает то, как наши расширенные Я взаимодействуют, накладываются и комбинируют друг с другом. Игроки используют возможность экспериментирования с идентичностями очень по-разному. В игре можно, в частности, изменить свой образ, максимально приблизив его к желаемому, сделать его соответствующим идеалу. При этом можно полностью редуцировать невербальные проявления своего образа и, в результате, обеспечить почти абсолютный контроль его восприятия другими пользователями сети Интернет. В её виртуальном мире можно менять свой пол и осваивать роли противоположных

полов, что в реальном мире достигается с большим трудом и большими затратами ресурсов, а в виртуальном мире производится довольно легко. Люди могут формировать новые идентичности и для целей более полной реализации личности, а не для манипулирования сознанием других пользователей. В частности, уже нередкими становятся случаи, когда осуществляют в ней реализацию себя в профессии, в реальном мире им недоступной по каким-либо причинам: детектив, военный, топ-модель и др. В силу высокого уровня разнообразия индивиды реализуют возможности, отсутствующие в реальном мире, практически любые свои мечты и представления, ограниченные только тем, что их реализация возможна лишь на информационном уровне. Не менее значимы и негативные эффекты от формирования и использования виртуальных идентичностей. Большинство таких явлений уже заметны в обществе, но пока не доминируют в нём. В частности, многие индивиды формируют у себя устойчивые идентичности игроков в сетевые или компьютерные игры. Для таких игроков характерно возникновение так называемой игровой зависимости, являющейся, скорее всего заболеванием, которое сознанием игроков определяется как норма. Проявляется такая игровая зависимость в постоянном желании играть в сети Интернет, нередко в ущерб своей активности в реальном мире. Игровая и Интернет-зависимость по своим социальным проявлениям во многом аналогичны ранее возникшим зависимостям от курения, алкоголя и наркотиков. Особенно опасны игровая и Интернет-зависимости для детей и подростков, у которых идентичности активно формируются и потому являются незавершёнными, что способствует существенному сужению их интересов и приоритетов, направлению их на виртуальную реальность и на внутренние психические переживания в ущерб активности в реальном мире.

#### **Список использованной литературы:**

1. Макалатия А.Г. Изучение опыта компьютерных игр сборник статей на сайте [www.psychology.ru](http://www.psychology.ru)
2. [2.http://psystat.at.ua/publ/4-1-0-30](http://psystat.at.ua/publ/4-1-0-30)

*Игиликова С.Е.  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«психология» бөлімінің  
I курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі:  
псих.з.к., доцент Қалымбетова Э.К.*

#### **ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ӘСЕРІ**

XXI ғасыр науқанында өзге адаммен тұрақты, гармониялық бірлестік және өмір бойы адаммен байланысты сактап қалуға болады деген сұрақтар бұрынғыдан да маңызды мәселелерге. Заманауи неке-отбасы институттарында ең қызықты және өзекті мәселелердің бірі ерлі-зайыптыларды тұрақтылығы болып түр. Қойылған мәселені шешу үшін бастапқыда «ерлі-зайыптылар қатынасы» феноменің қарастыру керек, қазіргі таңда бұл тақырыпқа көптеген жазушылар мен философтар қызығушылығын білдіруде.

Ерлі-зайыптылардың өзара қатынасы, олардың отбасында әрқайсысының рөлінің пайдасы, Аристотельдің «Никомаховой этике» еңбегінде айтылған.

Ерлі-зайыптылар қарым-қатынас бұл жерде, отбасының «ядросы» және отбасылық өмірдің баспалдағы ретінде қарастырғандықтан, ерлі-зайыптыларды бірлескен өмірлік іс-әрекеттегі субъекттер деп аламыз.

Айта кететін жайт, XX ғасырдың 70-і жылдарында ерлі-зайыптылар отандық ғылым бақылауында бірлік ретінде қарастырылды. Осы уақытқа дейін отбасын зерттеуде жұптың біреуі ғана сұралған.

Ері мен әйелінің өзара қатынасын анықтау үшін ерлі-зайыптыларды объект ретінде зерттеу бірінші сексопатологияда орын алды. Атақты ағылшын зерттеуші-клиницисттер В. Мастерс пен В. Джонсон, екі индивидтің арасындағы жыныстық әрекеттерді, қатынас формасы ретінде қарастыра отырып, ерлі-зайыптыларда болатын кез-келген бұзылыс, екінші жұбына міндепті түрде әсер етеді деген қорытындыға келді [1]. В.И.Зацепинаның ойынша, ерлі-зайыптылар қарым-қатынасы жағымды эмоциялардың білгілі-бір тербелуінен қалыптасады. Жалпы айтқанда, ерлі-зайыптылардың эмоционалды қозу көлемі, эмоцияның бағыттылығы, мінез-құлықтың ерлі-зайыптылар қарым-қатынасындағы байланыстың мәнділігіне байланысты [2].

Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасының дамуы, олардың мазмұны, туындаитын мәселелері тұлға аралық қарым-қатынас заңдарымен жүреді. Ерлі-зайыптылар қарым-қатынасын төрт деңгейді бөліп көрсетілген: психофизиологиялық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени.

Сонымен, психофизиологиялық деңгей ерлі-зайыптылар қарым-қатынасының жыныстық сферасын құрайды. Жыныстық қатынас адам үшін жағымды эмоцияның, ләззаттың, махабbat пен бақыттың негізгі қайнар көзі. Мамандардың айтуы бойынша (И.С.Кон, К.Имеленский, А.М.Свядош, А.В.Годлевская және т.б.), сексуалды байланыс тікелей физиологиялық мәнін жоғалтқан, қазір ол релаксация, прокреация (ұрпақтың жалғасуы), таным, сезімдік ләззат алу, өз мүмкіндігін тексеру, басқа эмоциялық қанағаттандыру тәсілдері ретінде қолданады.

Қазіргі таңдағы ерлі-зайыпталар үшін жыныстық қатынас ерекше маңызды, себебі, сексуалдылық ер мен әйелдің қарым-қатынасында жыныстық қатынасқа жетекшілік ететін, ерлі-зайыптылар қарым-қатынасы мен өзара әрекетінің психологиялық аспектісі болатын жоғары эмоционалды қозу болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың психологиялық деңгейі жұбайлардың формалды емес қатынасының бейнесін көрсетеді. Ол индивидуалдылықтың дамуына мүмкіндік береді, тұлғаның түсінуіне, қабылдауына, құптауына психотерапиялық әсер береді (Н.Н. Волкова) [3].

Қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық деңгейі ерлі-зайыптылардың рөлдерін жүзеге асыру үдерісінде ері мен әйелінің өзара әрекет сферасын қалыптастырады. Арнайы әдебиеттерде, ерлі-зайыптылардың рөлдік өзара қатынастарының кеңдігіне байланысты, көптеген рөлдерді жіктеулер көрсетілген. Ағылшын зерттеушісі К.Киркпатрик рөлдердің негізгі үш түрін бөліп көрсетті: дәстүрлі рөлдер (әйелді-ана рөлі, қүйеуі- әке рөлінде), жолдастық рөлдер (серіктестер рөлі), жұптар рөлі [4].

Ерлі-зайыпталар қарым-қатынасы құндылықтарының сәйкес келуі және белгілі-бір отбасылық аймақта қаншалықты деңгейде жауап беретіндігі туралы жұптардың ойы сәйкес келуімен сипатталады. Отбасылық қызметтер, тұлғаның санасында қалыптаса отырып, отбасылық құндылығына сәйкес қалыптасады. Отбасылық құндылықтың сәйкес келмеуі, ерлі-зайыптылардың рөлдерін дұрыс бөле алмауына алып келеді. Ереже бойынша, қүйеуі мен әйелінің отбасы құндылықтарында келісім болмауы, олардың айырмашылығы мен ата-аналық отбасында тәрбие алудың байланысты болады. Ерлі-зайыптылардың рөлдік мінез-құлықтарының адекваттылығы олардың рөлдік мәселедегі рөлдік күтіміне байланысты болады. Отбасындағы негізгі қызмет ретінде рөлдік бағдар ерлі-зайыптылардың өздеріне «қүйеуі» және «әйелі» деген дәрежені иемденген сон қалыптасады.

Ерлі-зайыптылардың әлеуметтік-мәдени деңгейі жұптардың рухани өзара әрекеттесуінен қалыптасады. Ері мен әйелінің құндылық бағдары, өмірлік мақсаттары, әлеуметтік мінез-құлықтардың қалаулары, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеуден, рухани сәйкестілігін анықтауға болады. Құндылық бағдары мен негізгі қызығушылықтарының сәйкес келуі, кіші топ сияқты отбасында құндылық-бағдар бірлігінің қалыптасуына алып

келеді. Ерлі-зайыптылардың бағдары, бағалауы және ой-пікірлері бірлескен іс-әрекетте негізі мақсат құруға көмектеседі [5].

Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасының үйлесімділігіне келетін болсақ, бұл жерде үйлесімділік қарым-қатынастың көрсеткіші болып табылады. Үйлесімділік ерлі-зайыптылардың көз-қарастырының, қызығушылығының, ойларының, бағалауларының, рөлдік-күтімдерінің бір-бірімен сәйкес келуімен шартталады. Үйлесімді отбасы қарым-қатынасының деңгейі жоғары, психологиялық атмосферасы жағымды, бір-біріне сыйластықпен қарайтындығымен анықталады. Сонымен, үйлесімділікті ерлі-зайыптылар қарым-қатынасының көрсеткіші ретінде алатын болсақ, оған әсер ететін факторларды талдайық.

Үйлесімділік жалпы әлеуметтік психология ғылымында, сонымен бірге отбасы психологиясында маңызды феномендердің рөлін атқарады.

Н.Н. Обозов үйлесімділікті адамдардың қарым-қатынас көрсеткіші ретінде, онда қатынасты мүмкіндігінше қанағаттанарлықтай қолдану, тұтастылықты, бірлікті сезіну, түсінушілік ретінде анықтайды [6].

Үйлесімсіздік мінездемесі және көріну деңгейі бойынша бірдей болмауыда мүмкін: ол ерлі-зайыптылардың арасындағы шиеленістерден, ұрысудан пайда болады. Алайда, жұптардың бір-бірінен қашуын үнемі үйлесімсіз көрінісі ретінде қарауға болмайды. Үйлесімділік шартты бар адамдардың ұзақ уақыт қарым-қатынас құрғанынан «психологиялық тою» болады. Андре Моруаның айтуынша, адам барлығынан шаршайды, тіпті махаббаттанды. Отбасын зерттейтін ғалымдардың айтуынша, қарым-қатынас адамдардың «жалғыздық» құқығы бар екенін сезінгенде ғана тұрақты болады дейді, яғни эмоционалды, тұрмыстық байланыстардан демалу керек [7].

Психологиялық зерттеулерде негізгі зейін некеден қанағаттану мәселесіне қойылады. Мамандардың көбісі оны жұбайына және өзінің некесіне деген қатынасқа ішкі субъективті баға ретінде анықтайды. Ал, үйлесімділіктің негізгі көрсеткішінің бірі – некеден қанағаттану. Осы некемен қанағаттануға байланысты толық анықтаманы С.И.Голод былай деп береді: «Некемен қанағаттану адамның түрлі кездесулерден және осы іс-әрекет сферасындағы тәжірбиесіне байланысты қалыптасқан отбасы туралы ойлардың адекватты орындалуының нәтижесі» [8].

Сонымен, некемен қанағаттану адамның түрлі кездесулерден және осы іс-әрекет сферасындағы тәжірбиесінің арқасында қалыптасқан отбасы туралы ойлардың адекватты орындалуының нәтижесі және ерлі-зайыптылардың өзін-өзі бағалау деңгейінің сәйкес келген жағдайда қалыптасады.

Адамның мінезі тек басқа адаммен қарым-қатынасында ғана емес, сонымен қатар өзінде деген қарым-қатынасымен анықталады. Әр адам саналы болсын, бейсаналы болсын өзін қоршаған ортамен салыстырып отырады және соның нәтижесінде өзінің ақыл-ойы, сыртқы келбетіне, деңсаулығына, қогамдағы орнына байланысты пікір пайда болады, яғни, «өзін-өзі бағалау жинағы» пайда болады. адамның мінездік ерекшелігінен өзін-өзі бағалау деңгейін білуге болады.

Адамның өзін-өзі бағалауына балалық шактан әсер ететін келесідей факторлар бар – атапана қатынасы, құрдастар арасындағы орны, мұғалімдер қарым-қатынасын айтуға болады. Қоршаған ортадағы адамдардың өзі туралы ойларын анықтай отырып, өзін-өзі бағалау қалыптасады. Адам бірінші қоршаған ортасын, содан кейін өзін бағалауды үйренеді. Тек 14-15 жасында ғана адам өзіндік талдау жүргізуге, өзін бақылауға және рефлексияға, өзінің нәтижелерін бағалауды үйрене отырып бағалайды.

Өзін-өзі бағалау адекватты (адам өзін дұрыс бағалайды) немесе жоғары немесе төмен болады. Бұл әрине адамның алдына қойған мақсатына жету жолындағы қыындықтарды жеңуге әсер етеді. Талаптану деңгейі – адамның өзінің мүмкіндігін бағалай отырып, мақсатқа жету талпынысын айтамыз. Талаптану деңгейіне өмірлік жолдағы талаптану пен сәтсіздік, нақты іс-әрекеттегі сонымен қатар, ерлі-зайыптылар өзара қатынасындағы сәтсіздік пен талаптану динамикасы әсер етеді. Талаптану деңгейі адекватты немесе адекватты төмен, адекватты

жоғары болу керек. Негұрлым өзін-өзі бағалау адекватты болған сайын, талаптану деңгейі соғұрлым адекватты болады.

Талаптану деңгейі тәмен болған жағдайда адам өзінің мүмкіншілігіне сай емес қарапайым тапсырмаларды алатын болса, оның өзін-өзі бағалауының тәмендігін көрсетеді немесе өзін-өзі бағалауының жоғарылығын көрсетеді (бұл кезде адам өзінің мүмкіншілігін көріп, жасай алатындығына көзі жетіп бірақ, аз күш жұмсап іс атқарғысы келеді). Жоғары талаптану деңгейі өзінің мүмкіншілігі келмуіне көзі жетпеседе жоғары талаптары мен мақсаттарды қояды, оның нәтижесінде сәтсіздікке ұшырап, фрустрацияға алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайда өзіне деген сенімділік өзара әрекеттегі қатысуышылардың ызасына тиіп, жанжалға ұласуы әбден мүмкін [9].

Өзін-өзі бағалаудың психологиялық тәмендігі, адамның әлеуметтік талаптануының тәменгі деңгейімен сипатталады.

Негұрлым талаптану жоғары болған сайын, соғұрлым адамның қол жеткізген жетістіктері мен нәтижелері жоғары болу керек.

Өзін-өзі бағалаудың тәмендігі өзіне деген сенімділіктің, өзінің тұлғалық қасиетіне жағымсыз баға беру, неврозға бен депрессияға бейімділікпен сипатталады.

Адамның өзін-өзі бағлауына байланысты ол қоршаған ортамен белгілі-бір қарым-қатынасқа түседі және сол қатынаста талаптану деңгейі өзін-өзі бағлауына байланысты өзгеріп отырады. Енді, жоғарыда айтылған ойдан қорытынды ойымыз, адамның өзін-өзі бағалау деңгейі ерлі-зайыптылар қарым-қатынасына әсер етеді ма, әсер етсе қаншалықты деңгейде көрініс табады деген сұрақтар туындаиды. Осы сұрақтарымызды эксперименттік зерттеу жұмыстарды жүргізу арқылы келесідей нәтижелерге қол жеткіздік.

Ерлі-зайыптылар қарым-қатынасына өзін-өзі бағалаудың әсерін анықтау барысында тұлға аралық қарым-қатынасты анықтау мақсатында Т. Лиридің тесті, А.Н. Волокованың «Некедегі рөлдік күтім және талаптану» әдісі, В.В. Столиннің, Т.Л. Романова мен Г.П. Бутенконың «Некеден қанағаттану» әдісі, М. Рокичтің «Құндылық-бағдар» әдісі, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында «Отбасындағы ерлі-зайыптылардың өзін-өзі бағалау» зерттеу әдістері қолданылды. Таңдау тобы – 35 жұп болды. Зерттеу ұзақтығы 45 күн.

Зерттеу барысында ерлі-зайыптылардан екі топ құралды: үйлесімді және үйлесімсіз.

Үйлесімді-үйлесімсіз жұптар жоғарыда көрсетілген әдістемелердің мәліметтеріне сүйене отырып анықталды.

Үйлесімді жұптарға некеден қанағаттану деңгейі жоғары немес орта, көбінесе рөлдік күтімдері сәйкес, құндылық бағдарлары, көз-карастары, бағдарлары сәйкес келген жұптарды жатқыздық. Ондай жұптар саны 24, яғни 67%.

Үйлесімсіз жұптарға жоғары жан-жалдылық, құндылық бағдарларының, рөлдік күтімдерінің сәйкес келмеуінен анықталды. Ондай жұптар 11, яғни 33%.

Біз зерттеудің екінші сатысына көтерілмес бүрын үйлесімді топты екі топқа бөлеміз. Сонымен, үйлесімді топ 47% құрайтын ерлі-зайыптылардың идеалды үйлесімді 28% және 19% құрайтын орта үйлесімді топтарға бөлдік.

**Сурет №1. Ерлі-зайыптылардың үйлесімді және үйлесімсіз қарым-қатынасының сандық диаграммасы**



Ерлі-зайыптылардың өзін-өзі бағалау деңгейлерін анықтау барысында біз М.Рокичтің әдістемесін және әңгімелесу әдісін қолдандық. Сонымен, әр түрлі жұптардың 29 адекватты өзін-өзі бағалайды, 19 өзін-өзі жоғары бағалайды, 22-нің өзін-өзі бағалауы төмен деген көрсеткіш алдық. Ол өзін-өзі бағалау деңгейі ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасына әсер етеді деген сөз.

Эксперименттік қорытындысы бойынша, ерлі-зайыптылар арасында қарым-қатынастағы үйлесімділікпен өзін-өзі бағалау арасында байланыс бар деген қорытындыға келдік.

Ерлі-зайыптылардың біреуінде өзін-өзі бағалау төмен болған жағдайда, отбасындағы үйлесімділік көрсеткіші төмен болады.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің өзін-өзі бағалауының адекваттылығы екіншісінің өзін-өзі төмен бағалауын «жұмысартып», орта үйлесімді ерлі-зайыптылар деп аталуға мүмкін береді.

Ерлі-зайыптылардың екеуінде өзін-өзі бағалау төмен болса немесе керісінше жоғары болса отбасында жан-жал көп болады және некеден қанағаттануы төмен болады.

Ерлі-зайыптылардың өзін-өзі бағалаулары жоғары және адекватты болса, онда ерлі-зайыптылар қарым-қатынасаңдағы үйлесімділік жоғары болады.

Сонымен, ерлі-зайыптылар қарым-қатынасының үйлесімділігі мен өзін-өзі бағалау арасында байланыс бар деген қорытынды алдық.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Алёшина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовицкая Е.Н. Социально-психологические методы исследования супружеских отношений.- М.,1987.
2. Андреева Т.В. Семейная психология: учебное пособие.- СПб.: Речь, 2004.
3. Бейлькин М.М. Об интимном вслух. - Челябинск, Юж.- Урал. кн. изд-во, 1998.
4. Берурова Г.А. Методологические основы деятельности практического психолога: Учебное пособие. – М.: Высшая школа, 2003.
5. Бо Ф. Отношения между людьми. Пер. с франц. И.Кружилина, М.Малеева.- СПб: Питер, 2003.
6. Бодалёв А.А. Восприятие и понимание человека человеком. – М., 1982.
7. Бодалёв А.А. Основы социально-психологической теории – М.: Высшая школа, 1995.
8. Голод С.И. Стабильность семьи: социальный и демографический аспекты. Л.,1984
9. Бэндлер Р., Гриндер Д., Сатир В. Семейная терапия. Воронеж: НПО «МОДЭК», 1993.

*Ихсанов А.А.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«Философия» мамандығының  
1 курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі:  
филос. ғ.к., доцент Мамешева Г.Х.*

## АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ БЕЙБІТШІЛК МӘДЕНИЕТІ: МӘСЕЛЕНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТИ

Мәдениеттің идеясын, мақсаттарын, принциптері мен алғышарттарын зерттейтін философиялық пән мәдениет философиясы деп аталады. Мәдениет философиясы мәдениетке, оның формалары мен мән-мағынасына философиялық талдау жасайды. “Мәдениет философиясы” терминін XIX ғасырдың басында неміс философи А.Мюллер енгізді. XX ғасырдың басында Мәдениет философиясы мәдениет эволюциясының әр түрлі кезеңдерін зерттеуге бағыт алды. Осыған орай мәдениет феномендерін зерттеуде ерекше тәсілдерді қолданып, онымен айналысатын арнайы ғылым саласын қалыптастыру идеясы туды. Мысалы, неокантшылдар В.Виндельбанд пен Г.Риккерт «мәдениет туралы ғылымдар» мен «табигат туралы ғылымдарды» ажыратуды ұсынды. Осылайша олардың тұжырымдамасы мәдениет пен табигат арақатынасы мәселесін, сондай-ақ мәдениеттің құндылықтың мәнін айқындады. Мәдениеттің теоретикалық ілімдерінің көптігі оны пайымдаудың барлық баламаларын көрсетеді. Олар әр түрлі ғылыми теориялар негізінде Мәдениет философиясының принциптері мен тәсілдерін айқындайды. Мәдениеттануда «дәуір мәдениеті», «этнос мәдениеті», «ұлттық мәдениет», «христиандық мәдениет», «мұсылмандық шығыс мәдениеті», тағыда басқа ұғымдар көп кездеседі. Осы секілді ұғымдар әр түрлі мәдени тұстастықтарды тарихи, әлеуметтік, философиялық көзқарастар тұрғысынан жіктеу нәтижесінде тізбектеледі. Білімнің гуманитарлық саласы мәдениеттің алуан түрлілігін белгілі бір жіктелімге енгізіп, мәдениеттің тиологиясына немесе философиясына әкеледі. [1]

Ақпараттық қоғам - өндіріс пен ғылыми-техникалық және басқа ақпаратты қолдануды қоғам дамуының басты факторы ретінде қарастыратын әлеуметтік және футурологиялық тұжырымдама; өндірістің жоғары деңгейімен және ақпарат пен ақпараттық қызметтер мүддесімен сипатталатын қоғам. Әлемнің мәдениетті елдер қатарында болған компьютерлік революция адам жан дүниесінің, қоғам идеологиясының, білім мазмұнын анықтау мен жаңа ақпаратты білім технологияларын құрастыру жолдарының өзгеруіне әкеліп соқтырады. [2]

Ақпараттың қоғамдағы бейбіт мәдениетін атап өтпестен бұрын, оның қысқаша тарихына тоқталсак:

Ақпараттық қоғам тұжырымдамасы З. Бжезинский, Д. Белл, А. Тоффлер негізін қалаған постиндустриалды қоғамның бір түрі болып табылады. «Ақпараттық қоғам» ұғымынан басқа әртүрлі авторлар әркелкі атаулар қолданады: «ағартылған қоғам» (К. Флекснер), «қатер қоғамы» (У. Бек), «посткапиталистік қоғам» (П. Друккер), «ашық қоғам» (Дж. Сорос). 1950-1970- шы жылдары техниканың, компьютердің қарқынды дамуы, жалпы FTT салған жол арқылы адамзат баласының жаңа дәуірге аяқ басқандығы айқын байқалды. Адам баласының толық "техникаландырылған" және «ақпараттандырылған» әлемде өмір сүру, тіршілік ету мәселесі философтарды да толғандырмай қоймады, соның әсерінен «ақпараттық қоғам» тұжырымдамасы пайда болды (Тоффлер). [3]

XX ғасырдың 70-80-ші жылдарында болашақты супериндустриалды, технотронды, кибернетикалық, ақпараттық қоғамдар шеңберінде қарастырған бірнеше тұжырымдама пайда болды. Оларға мынадай екі алғышарт тән: 1) қоғамның негізгі факторларының бірі ретінде ақпараттық техника аталады, соның арқасында "ақпараттық қоғам" ұғымы біртіндеп басқаларды ығыстырады; 2) ақпараттық қоғамды техносфераның, қоғамның тарихи, мәдени

және әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекше кезеңі ретінде қарастырады. Тоффлердің айтуынша, техникалық өзгерістер үш кезеңнен өтеді: біріншісі аграрлық мәдениетпен байланысты, екіншісі - индустріалды, үшіншісі - ақпараттық. Жер, еңбек, капитал, шикізатқа қарағанда ақпарат аса маңызды мәнге ие болады, ал бұқаралық стандарттандырылған өндіріс информтика мен супертехнологияларға сүйенетін қолөнері, ой енбегі негізінде жасалатын жеке "кәсіптік" жаңа жүйемен алмастырылады. Мұндай өндірістің соңғы өнімі стандарттандырылған миллиондаған бірдей тауарлар емес, жекелеген, қайталанбас тұтыну және қызмет өнімі болып табылады. Қөптеген авторлардың пікірінше, мұндай қоғамды орнатудың ең жақсы тәсілі бюрократия емес, адхократия (қандай да бір нақтылы міндетті шешуге бағытталған уақытша ұйым). Тоффлердің пікірінше, ақпараттық қоғамға тән ең басты белгілер мыналар:

- экономикалық және әлеуметтік өмірдің барлық қырын бұқаралық және стандарттық сипаттардан арылту;
- қоғамда болып жатқан өзгерістердің қарқындылығы, инновациялардың жоғары деңгейлілігі. Қалыптасып келе жатқан ғаламдық ақпараттық қоғамда ақпараттың рөлі мен мәні артып отыр. Ақпараттық технологиялардың төңкерістік іс-әрекеттері ақпараттық қоғамда таптарды әлеуметтік жіктелмеген "ақпараттық қауымдастықтармен" алмастыруға алып келеді (Е. Масуда). Тоффлер дәстүрлі епетейсіз корпорацияларға "шағын" экономикалық қалыптарды - үйдегі жеке индивидуалды қызметті, "электронды коттеджді" қарсы қояды. Олар ақпараттық қоғамның инфо, техно және адам тұрмысының басқа да салаларының жалпы құрылымына енгізілген. Теледидар, компьютер қызметі және энергетика синтезі негізінде "Ғаламдық электрондық өркениет" жобасы - «телекомпьютерәнергетика» жасалуда (Дж. Пелтон). "Компьютерлік төңкеріс" біртінде дәстүрлі баспаны "электрондық кітаптармен" алмастыруда, идеологияны өзгертіп, жұмыссыздықты, бос уақытын қызықты өткізуге айналдыруда (Х. Эванс). Әлеуметтік және саяси өзгерістер ақпараттық қоғам теориясында "микроэлектронды төңкерістің" тікелей нәтижесі ретінде қарастырылады. Демократияны дамыту болашағы ақпараттық техниканы таратумен байланыстырылады. Тоффлер және Дж. Мартин оның басты рөлін азаматтар мен үкіметті тікелей байланыстыратын, шешім қабылдауда олардың пікірін есепке алатын телекоммуникациялық "кабельдік желіден" көреді. Ақпараттық қоғам тұжырымдамасы технологиялық детерминизмнің әлсіздігін, қоғамды компьютерлендірудің жағымсыз қырларын алға тартқан гуманистік бағытты ұстанатын философтар мен ғалымдардың тарапынан сынға ұшырады. [4]

Осы орайда Қазақстан Республикасында 2004-2006 жылдарға арналған 'Мәдени мұра' мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 'Шікі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары' Қазақстан халқына Жолдауына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 6.5.2-тармағына сәйкес әзірленді.

Осы Бағдарламаны әзірлеу мәдени мұра саласында қалыптасқан ахуалға негұрлым белсенді де сындарлы ықпал ету қажеттігінен туындағы.

Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі сан ғасырлық дәстүрлерді сақтау мен одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін қолдан келгенше қамтамасыз етумен, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашумен, кесенелерді, ескі мешіттерді, ежелгі кенттерді тұмшалаумен, қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жандандырумен, олардың негізінде жаңа тарихи-мәдени мұражай-қорықтардың құрумен сипатталады.

Қазақстанның ұлттық тарихы үшін орасан зор мәні бар қөптеген тарихи, археологиялық және сәулет объектілері шүғыл көмекке мұқтаж. Олардың арасында - Оңтүстік Қазақстандағы Арыстанбаб кесенесі, әзызлорда облысындағы Асан-Ата және Айқожа кесенелері, Алматы облысындағы Жаркент мешіті, Оңтүстік Қазақстан облысының Тұрбат ауылындағы тарихи-сәулет ескерткіштері, 'Әзірет Сұлтан', 'Жидебай-Бөрілі' қорық-мұражайларының тарихи-сәулет

және археология ескерткіштері, Маңғыстау қорығы және 'Ордабасы' қорығы және т.б. секілді тарих пен мәдениеттің қайталанбас ескерткіштері бар.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ тілді оқырман үшін философия, тарих, зангерлік және басқа салалардағы әлемдік ғылыми ой-сананың негізі қаланған еңбектерді, сондай-ақ көркем әдебиетті басып шығару іс жүзінде тоқтап қалды.

Осымен байланысты өскелен ұрпақты қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиелеу және тарихи, мәдени мұраны жан-жақты зерделеуде ақтаңдақтарды жабу, сондай-ақ қазақ халқының сан ғасырлық рухани тәжірибесін қорыту мақсатында мемлекеттік тілде тарихи, көркем, ғылыми толық дестелерді шығарудың мәселелері ерекше өзекті болып отыр.

Құжаттық мұраның бірегей үлгілерін сақтау, сондай-ақ оларға еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында өткеннің көрнекті ғалымдарының, ойшылдарының, оның ішінде: әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидың, М.Қашғаридың, С.Бақырганидың, А.Йұғинекидің, М.Дулатидың, Ә.Жалайыридың, З.Бабырдың және басқалардың мұрасын зерделеуді жалғастыру қажет.

Әлемдік мәдениеттің көрнекті ойшылдарының, әдебиетшілері мен қайраткерлерінің таңдаулы шығармаларының кең ауқымын қазақ тілді оқырманға таныстыру және гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау мақсатында әлемдік ой-сананың таңдаулы жетістіктерінің негізінде іргелі әдеби-көркем және ғылыми басылымдарды өзірлеу, шығару қажет.

Философия топтамасында қазақ халқының бай философиялық мұрасынан мағлұмат беретін шығармалардың таңдаулы үлгілерін тұтас біріктіруге тұнғыш қадам жасалып, «Қазақ халқының ежелгі уақыттан бүгінгі күнге дейінгі философиялық мұрасы» дестесі шығарылады. Ұлы Дағындық көрнекті ұлдары - Қорқыт ата нақылдарынан басталған, Абай мен Шәкәрімнің дүниетанымында жалғасын тапқан философиялық көзқарастар әлемдік ізгі рухани мәдениеттің інжу-маржандары болып саналады. «Әлемдік философиялық мұра» дестесі Батыс пен Шығыстың ежелгі уақыттан бүгінгі күнге дейінгі көрнекті ойшылдарының философия тарихы туралы іргелі еңбектерін, аса танымал шығармаларын қамтиды, олардың алдында философиялық мектептер мен бағыттардың қысқаша сипаттамалары, авторлардың өмірбаяны берілген.

«Тарих ғылымы» топтамасындағы» Қазақстанның тарихы жөніндегі жазба деректер» жобасы Қазақстанның ежелгі уақыттан бүгінгі күнге дейінгі тарихы бойынша жазба деректердің мемлекеттік тілдегі бірнеше дестелерін басып шығаруға дайындықты көздейді, олардың ішінде Геродоттың, Птолемейдің еңбектері, сондай-ақ аса маңызды араб, парсы, түркі тілді, қытай, монгол, орыс және батыс жазба деректері қамтылған.

«Әлемдік тарихи ой-сана» дестесіне әлемнің көрнекті ойшылдары мен ғалымдарының адамзат өркениеттерінің, мәдениетінің, елдер мен халықтардың даму проблемаларына арналған трактаттары кіреді.

Ақпараттың қоғамдағы мәдени орны айрықша айқын екенінің тағы бір дәлелін ислам мәдениетінің алтын ғасырында өмір сүрген Әбу Насыр әл-Фарабидың қалдырған еңбектерінен де көруге болады. Оның мәдениет, өнер жайында жазған әрбір еңбектері мен трактаттарында өскелен ұрпаққа деген терең ойлы тәлім-тәрбиелік мағынасы бар күнды дүниелер бар. Бейбітшілік заманға өткен ғасырлардың қаншама ұлы философтарының пікірлері мен пайымдаулары қолдау тапты.

Ислам мәдениеті, сондай-ақ парсы және сирия мәдениетінен, аз болса да грек мәдениетінен бастау алды. Олардың мәдениеттері ғылым мен медицина саласында аз септігін тигізген жоқ. Сол кездегі ашылған мешіттердің орны бөлек. Араб, сирия парсы және тағы да басқа елдерінің сәүлетшілері бірігіп мешітті салдырды. Мешіттер діни сенімді артып, Аллаға деген құлшылықтарын арттырды.

Қазіргі бейбіт заманда мешіттердің сол уақыттан бері сақталып келуі, діни сенімнің мықтылығын, тағы бір тұстан бұрынғы сәүлет өнерінің жақсы дамығанын көрсетеді.

Қорыта келе, бұрынғы философтардың пікірлері мен қозқарастарының нәтижесінде қазіргі бейбіт заманға көп көмегінің тиғенін айтуға болады. Солардың қалдырған іздері қазіргі таңдағы түрлі бағдарламаларға түзуге септігін тигізуде. Мұндай бағдарламаны іске асыру ұлттың рухани-білім беру және зияттық-мәдени деңгейінің көтерілуіне, өскелен ұрпакты әлемге ортақ құндылықтар, қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиелеуге, қоғамды одан әрі топтастыруға ықпал етеді. Нәтижесінде, философия, тарих пен мәдениет секілді түрлі салалардағы маңызды ескерткіштер мен басқа да көне мұралар қайта жаңғыртылады. Ақпараттардың арқасында мәдени инфрақұрылым кеңейтіледі, тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау мен кеңінен таныстыру жөніндегі қызмет жанданады. Көне деректер базасы жасалады, елдің қорларында, мұрағаттары мен қоймаларында сақталған аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-музықанттардың фоножазбалары қалпына келтіріліп, қазіргі заманғы аудиотаспаларға көшіріледі. [5]

Міне, ақпараттың қоғамдағы мәдениетпен байланысының ерекше екенін көріп отырмыз. Ақпараттың да, мәдениеттің де дамуы ұлы ойшылдардың арқасында екенін ұмытпағанымыз жөн.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1) Габитов Т.Х. «Мәдениеттану». — Алматы, 2003.
- 2) З. Бжезинский «Второй шанс». – США, 2007.
- 3) З. Бжезинский «Великая шахматная доска» (The Grand Chessboard). – США, 1997.
- 4) Э., Тоффлер «[Шок будущего](#)» (Future Shock), — М.: [ACT](#), 2008.
- 5) Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 2, 23-құжат

*Қалниязов А.К.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
«дінтану» мамандығының магистранты  
Ылымы жетекші:  
филос.ғ.д., профессор Байтенова Н.Ж.*

#### **ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМІНДА КӨРІНІСТЕРІ**

Әр мемлекеттің экономикалық, парасаттылық және мәдени-экономикалық қарым-қатынасы өркендеп отырған кезде өркениет кеңістігінде мемлекет, халық, адамдар арасында түрлі мақсатты көздейтін бүліктер туындауда. Ел арасындағы бүліктерді тудырмау мақсатында өркениетті елдермен біріге отырып, ел ішінде тұрақтылықты сақтау жағын ойлауымыз керек. Әрбір адам, белгілі бір қоғамның мүшесі болып қана қоймай, ол сонымен бірге ұлттың (этностиң) да мүшесі болып саналады. Ұлт мәдениеті ұлт мүшелерінің бәріне ортақ. Бүгінде әр ұлттың өзіндік мемлекеттік статус алып, егеменді ел болуымен байланысты ұлт мәдениетінің өткені мен бүгінгісіне және болашағына көз жіберуі аса маңызды болып отыр. Еліміз көп ұлтты және көп дінді мемлекет болғандықтан, әр түрлі сенімдегі діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністік, төзімділікті нығайтуды, олардың мемлекетпен өзара келісімді қамтамасыз ету болып табылады. Қоғамда экстремистік, оның ішінде діни экстремистік әрекеттер үлкен қауіпті тудырады. Діни экстремизм мен терроризм мемлекеттің ішкі және сыртқы жағдайларына зиянын тигізеді, сонымен қатар адам өміріне қауіп төндіреді. Дін адамзаттың асыл иғімұрраттарын, адамгершілік, рухани мол мұрасы мен құндылықтарын қабылдаудың ең пәрменді тәсілі ретінде қызмет етіп келеді. Адам бойындағы қалыптасқан барлық ізгі адамгершілік қасиеттер орнығында діннің атқаратын рөлі зор. Біз діни құндылықтар туралы білмейінше, халықтың мәдени тұтастығын қалыптастыруғы құндылықтар рөлін анықтай алмаймыз. Діни

құндылықтар – ұлт үшін немесе жеке адам үшін қасиетті сенімдер жүйесі. «Дін – бүгінгі күні жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамуына үлкен әсер етіп отырган әлеуметтік феномен деп айтуға толық негіз бар....Біздің еліміздің ерекшелігі біз көпэтностық, көптілді және көпконфессионалды болғандықтан, бүкіл постсоветтік кеңістікте сияқты, Исламмен қатар басқа діндер де жаңғырып, дами бастады» [1]. Сондықтан қазіргі таңдағы дәстүрлі діндер мемлекеттің, елдің тұрақтылығын сақтауына негіз бола отырып, діни конфессиялары арасында рухани келісімді, халықтар арасындағы бірлікті нығайтуға себеп болады.

Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияларың келісім, диалогты ғасырлар бойы әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды [2]. Діндер адамзат тарихында ізгіліктің құралы болғаны анық. Бірақ саяси күштер дінді саясаттың құралы етіп алғып, қатыгез саяси мақсаттарын жүзеге асырады. Технология мен ғылым дамыған кезде діни экстремизм деген ұғым жиі қолданылуда. Діни экстремизм дегеніміз – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атынан мемлекетке қарсы жасалған немесе бағытталған құресі. Сөйтіп, олар өз билігін орнатуға немесе айтқанын орындатуға ұмтылады. Дініміздің бүрмалап әртүрлі жаңаңылтықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, ділімізден, мәдениетімізден, қазакты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, жеккөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып, ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді турде жұмыс жасап жатқандығы – осының дәлелі. Сонымен қатар, көптеген діни ағымдардың пайда болуына байланысты, қоғамда кері саяси ұғымдардың пайда болуы, адамның сана сезімін улайтын, әлемдік діндердің атын жамылып теріс бағыт беретін діни секталардың экстремалды түрде қаптауы халыққа зиянын тигізіп жатыр.

Жалпы экстремизм мәселесі, оның түрлі көріністерінде, әлем бойынша өзекті тақырыпқа айналып отыр. Әлемдік тәжірибеде экстремизм әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни, экологиялық және басқа да өзекті мәселелерді шешу барысында әрбір қоғамда, мемлекетте жанданады. Қарап отырсақ, экстремизм экономикалық жақтан дамыған және саяси тұрақты елдерде де белен алады. «Экстремизмнің бірінші белгісі адамның надандыққа, көрсөкүрліккә негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды турде талап етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқи жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді.... Экстремистердің екінші себебі, олардың ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады.... Экстремистік көріністің үшінші түрі, сырт көзге байқалмайтын, адамдарға деген күдік пен сенімсіздікten туады» [3]. Қазіргі уақытта ел мен ел, мемлекет пен мемлекет, адамдар арасындағы араздасу, бүліктердің туындау себебі жалған діндердің орын алуы басты себеп болып отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанға қарсы жасалынған терроризмді, оны ымырасыз басып-жаншуға мемлекеттің мұмкіндігі жетерлік. Мемлекеттің қолында күш те, қуат та, жігер де бар. Біз лаңқестікті түбірімен жоқ қыламыз. Мен сондай-ақ барлық қазақстандықтарды қырағылыққа шақырамын. Егер лаңқестікке қатысты деректер байқалатын болса, онда дереу тиісті құқық қорғау органдарына хабарлау қажет. Біз деректерді анықтап, барлық бағыттар бойынша жұмысты қүштейтеміз» деуі елінің болашағына аландайтын азаматтарымыз беріліп қана қоймай, онымен күресу жолдарын анықтау керек. Экстремизмнің негізгі белгілері, біріншіден мемлекетте әр ағым өз диктатурасын орнатуды ашық деп жариялады, бұл еліміздегі азаматтардың саяси және азаматтық құқықтарын кемсіту болып табылады. Екіншіден, еліміздегі конституциялық құрылымды үзілді\кесілді мойындауы, оны зорлықтың қүшімен жоюға және билікті заңсыз

басып алуға ашық түрде насихаттайды. Үшіншіден, заңсыз қарулы жасақтарда ашық және жасырын түрде құрады. Төртіншіден, елдегі әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тіл және діни алауыздықтарды қүшайтеді, сонымен қатар, осы аталған ерекшеліктер бойынша азаматтардың құқығын шектеуді мақсат етеді. Ал бесіншіден, елде белгілі бір ұлттық немесе діни конфессиялардың тоталитарлық режимін орнатуға ұмтылады. «Діни экстремизм» дегеніміз – қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару. Дәстүрлі діндерге жат идеяларды адамдар арасына белсенді түрде насихаттау болып табылады. Сондай-ақ, зайырлы мемлекет ішіне іріткі салу, қарсы әрекет ету. Қоғамға белгілі бір діни конфессия бойынша өз түсініктерін, өз көзқарастарын насихаттай отырып, саяси ағымдарын ел арасына құштеп енгізуі, олардың қоғам арасында өсуі елімізге қауіп тудырады. Жоғарыда аталған іс-әрекеттерді жасаушыларды «экстремистер» дейді. Қазіргі жаһандану заманымызда экстремистер өз мақсаттарына жету үшін «қанды террорлық» әрекеттерін қолдануы, «бұлікті тудырушы» көзқарастары үшін әлем жүртшылығын аланытуда. Жалпы, экстремизмнің қай түрі болса да әлемге, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, елдің аумақтық тұтастығына, азаматтардың құқына және бостандығына үлкен қауіп төндіреді. Әрбір мемлекет, халық үшін діни экстремизмнің қауіпті түрлерінің бірі – діни ұранды бүркемелеп ұлттар және діндер арасына от қойып, шағыстыру. Оның арты ел арасында үлкен қақтығыстарға әкеледі. Діни экстремизмнің негізгі мақсаты – өз дінінің басқа діни конфессияларға басым екендігін мәжбүрлеп мойындану. Одан қалса, халыққа өз діндеріне сай құқықтық нормаларды жасай отырып, бөлек мемлекет құру.

Діни экстремизм – діни фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылықтарын көрсету. «Діни экстремизм» әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарастарына сәйкес қайта құруға ұмтылады. «Діни экстремизм» – террористік іс-әрекеттердің туындауына себеп болатын саяси құрал. Жаһандану заманында «діни экстремизм» қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге жетіп отыр. Қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықтармен біріге отырып жан-жақты қүшайтуіміз керек. Бүкіл әлемдегі кез келген мемлекет бұл «қоғамдық қасіретке» қарсы құресті жеке жүргізу қындыққа соғады. Сондықтан, 2006 жылы 8 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясы «Ғаламдық террормен құрес» стратегиясын қабылдады. Аталған құжатта БҰҰ-на мүше мемлекеттер экстремизм мен терроризмнің барлық пішіндерін бір жақты айыптайты, соған қарсы тығыз ынтымақтастық арқылы әрекет етуге дайын екендіктерін көрсетеді. Елімізде «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабында: «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы» деп аталады. Соған қарап отырып, еліміз экстремизм мен терроризмге қарсы басқа мемлекеттермен бірігіп қүресуге дайын екендігін көреміз. «Экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Олар қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Экстремистер адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады» [4]. Экстремизм және терроризм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау мақсатында барлық мүмкіндіктерді пайдаланады, оның ішінде әлемде ең қымбат – адам өмірі, оның денсаулығы мен қоғамдағы құнделікті іс-қимылын жоюға дейін барады.

Бүгінгі таңда экстремистік іс-әрекеттер – бүкіл әлемді аландаған мәселе. Өкінішке қарай, кейінгі кездері лаңкестердің салатын бүліктері елімізде қайталануда.

Дінді сұлтауратып жасалатын қатыгездік пен қанішерліктің дінге қарсы бағытталған қылмыс ретінде бағалаған Әбсаттар қажы: «Исламда бір адамның қанын мойынға жүктеу – бүкіл адамзатқа жасалған қастандықпен тең. Өзін-өзі жарып жіберумен айналысатындарды «шейіттер» деп атап жүр. Бірақ олар шейіттер емес, олардың ислам туралы түсінігі мүлде басқа, жаңсақ. Оларды тіпті мұсылман деуге болмайды», - дейді. Қатыгездік пен қанішерлік ислам ауылынан аулақ жатқанын көлденен тартқан қазіргі кезде қай жерде лаңкестік әрекет орын алса

да оны исламмен байланыстыра қарау үрдісі өріс алып бара жатқанына алаңдатады. Дәстүрлі діндердің бірде біреуі қатігездікті насиҳаттамайды.

Діни экстремистік топтардың іс-әрекеттері төмендегідей көрініс табады:

1. *Исламга (басқа дінге) үйрету деп экстремисттік идеялар таратылады;*
2. *Діни (исламдық) тәртіп үшін куресуге шақыратын топтар, партиялар үйымдастырылады;*
3. *Билік жасынан қарсы әрекет жасалғанда жасырын жағдайға көшеді және өздеріне халықтық мұдделер үшін куресушілер тобын құрайды;*
4. *Басқа экстремисттік үйымдармен тығыз байланыстар орнатылады және бірігеді, шет ел орталықтарымен байланыста болып және олардың көмегімен билікке қарсы джихад (сөғыс) жариялады.*

Сонда байқап отырсақ, экстремизм мен терроризмнің шығу себептерін талдауы барысында саяси, экономикалық, әлеуметтік, этникалық, діни-конфессионалдық көзқарастары мен қайшылықтардың еркін соқтығысында деуге болады.

Әлемдегі жаһандық мәселелерді шешу шешу барысында күш біріктірмесек, бұл қауіп-қатер өсуі мүмкін. Осы кезде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің бірден-бір негізгі бағыты болып табылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтенова Н.Ж. «Зайырлы мемлекет жағдайында дінтану пәнін оқытудың кейбір өзекті мәселелері» // «Зайырлы мемлекеттегі дін» Алматы қалалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. Алматы, 2006 ж.
2. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар Алматы, 2010 ж.
3. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ж.
4. Назарбек К. «Ислам экстремизмнің идеологиялық тамырлары» // Тәуелсіз Қазақстанның 20 жыл дамуындағы мәдениеттанулық ғылым. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 30 қараша, 2011 ж.

*Қалыбаев Т. С.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
«дінтану» мамандығының  
1 курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі  
филос.з.д., профессор А.Т. Құлсариеева*

#### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ДІНТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

«Дінтанудың» зерттейтін пәні діндер екені белгілі, бірақ діндерді зерттеуде дұрыс бағдар алу аса маңызды. Мысалы, атеистер діндерді тек сынау-мінеу сипатында қарастыратын болса, ал дін өкілдері өзге діндерді сынауға бағыт алады. Ал біздің мақсатымыз діндерді шынайы, турашыл түрде бағалау.

«Дінтану» жеке ғылым саласы болып ЖОО оку жоспарына жақында енген пән. Бұл пәннің көкейкестілігін келесі мәселелерден көруге болады:

1-шіден, дін адамзат қоғамының тарихындағы барша кезеңінің ажырамас бөлшегі болып табылған. Діннің аса маңызды қоғамдық құбылыс екенін, тіпті атейст ғалымдардың өзі мойындайды. Ендеше, мұндай қоғамдық құбылыстарды ғылыми зерттеу аса қажет.

2-шіден, «дінтанды» игеру мен оқыту – бұл ағартушылық ғылымдар саласына маңызды үлес қосады. Ол өз ұлттымыздың және барша әлемнің мәдениет жетістіктерін игеруге жағдай жасайды, жастарымызға саналы таңдау жасауға көмектеседі, рухани мұддені, құндыштық, қасиеттілік жайлы бағдарды қалыптастырады.

3-шіден, «дінтанды» діндер жайлы қажетті білімдер мен мәліметтерді, олардың қызметі мен қоғамдық сананың түрі ретінде орынын, діни әлеуметтік-тарихи жайттарын тануға; діннің пайда болуы мен қалыптасуын, оның құрылымы мен элементтерін, әлемдік, ұлттық, бейдәстүрлік діндердің типологиясын зерттеуге; халықаралық діни ұйымдарды және олардың қоғамға рухани, дүниетанымдық ықпалымен қатар, саяси, бітімгершілік, экологиялық қозғалыстарға ықпалын тануға зор мүмкіндіктер береді.

4-шіден, «дінтанды» оқыған студент дүниетанымдық сұхбаттарды жүргізу дағдысын қалыптастырады, ой-танымы өзгеше адамдарды түсіну өнерін игереді. Ал бұл қабілеттер, діни сенімі әртүрлі және дінсіздік дүниетанымдағы қоғам өкілдері арасындағы қатынастарды түсіну мен үйлестіруге, қоғамдағы азаматтық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі;

5-шіден, дінтанды мемлекет пен дін аралық қатынас мәселелерін түсінуге, діни сенім бостандығы және діндер мен діни ағымдар аралық қақтығыстарды өткеруге, Қазақстандағы діни өмірді қалыпты сақтауға қатысты сұрақтарды іс жүзінде шешу механизмдерін қарайды;

6-шыдан, «дінтанды» оқушылар ішінде діни, яки дінсіздік жолын таңдамағандарға көмек көрсетуге арналған. Бұғаңға құні ел азаматтарының жаңа діни ұйымдардың миссионерлерімен, насиҳатшыларымен кезікпегендері кемде-кем. Қазақстанда мұндай дін ағымдары өте көп. Және олардың әрбірі өздерін бірден-бір ақиқатты жеткізуши, адамзатты құтқаруши, адамдардың қындықтарын шешуге және керемет жетістікке жетуге көмекші санайды. Басқаша айтқанда, нарықтық бәсеке тек экономика саласында ғана емес діни-рухани салада да орын алуда. Яғни, біз «діни нарық» жағдайында өмір сүріп отырғандықтан, олар жайлы жете білім игерген тұтынушы болғанымыз жөн. Әрбір тауар алушы кісі оның сапасын, тауардың жалған өндірушінің еместігін анықтауға тырысады. Бірақ, сапасыз зат алсаңыз тек ақшаңыздан ғана айырыласыз. Ал рухани жалған өнімдерді алсаң, басыңызды бәйгеге тігесін: өз отбасынан, денсаулығынан, бар мүлкінен, қоғамнан, жұмысынан, тіпті өмірінен де айырылуың мүмкін.

Қазақстан қазіргі құні мәдени жаңғыру мен көркею кезеңін өткеруде. Қоғамды рухани қүйзелістерден құтқаратын рухани тірек іздеу ісі қолға алынуда. Мұндай тіректің бірі дін болып табылары анық. Ел басқарушылары ислам дінінің қоғамдағы бұрынғы ықпалы мен күшін қалпына келтіру жолын қарастыруда. Қазақстан дін басқармасы да үлкен белсенділік көрсетуде – діни насиҳатын, дүниетанымын, дәстүрлерін, мерекелерін белсенді түрде өмірге ендіруде. Кез-келген іс-шара бойынша бата беру, дұға оку және т.б. рәсімдерді өткеру міндетті бола түсіде. Елімізде өзгеше дін жүйелері құрылуда. Аталған екеуінің қатынасында туындаған мәселелер, шынында айналасындағы адамдардың да мұдделерін қамтиды. Жағдайдың күрделенуіне әкелетін негізгі жайтың бірі, Қазақстандағы көпишілік тұрғындардың елдегі діндердің тарихы мен қазіргі жағдайы жайлы өте аз мәлімет білуінде. Діндер жайлы білімдердің жетіспеуі қазіргі діни мәселелерде сауатты бағыт ұстану мүмкіндігін бере бермейді. Сондықтан Қазақстандағы діндердің пайда болуы мен қалыптасуы жөнінде қысқаша тарихи анықтама беру, діндердің қазіргі құні өз белсенділігін танытып жатқан негізгі бағыттарын сипаттау жөн.

Бұрынғы Кенес Одағында «дінтанды» пәні «ғылыми атеизм» аясында қаралып, ол пән елдегі барша оқу орындарында оқытылған. Ондағы «дінтанды» негізінен дінге философиялық, тарихи және жаратылыштану ғылымдары тұрғысынан сын жасауға арналған еді. Сынап-мінеу мақсатында ғана жасалған зерттеу ғылымның негізгі ережесін -туралық талабын бұрмалайды, шындықтан ауытқуға әкеледі. Діннің өздері қалаған бір тарихи «қырын» алып, басқа жайттың бәрін ескермеу жолымен жүрген атеистер, сол арқылы, ғылымдағы туралық талапты әдейілеп бұрмалаған.

Дінге қарсы насиҳат жасаушылар тек Кеңес Одағымен шектелмейді. Батыс Еуропа елдерінде де дінсіздік насиҳатын жүргізушілер аз болмаған. Сондай-ақ, АҚШ елінің Кеңес Одағына қарсы және өздеріндегі жұмысшы тапқа, яки «қара тобырға» қарсы жүргізген «рухани соғыс» бағдарламасы болғаны белгілі. Онда, адамдарды абырайсыз, ар-ождансыз жабайы тобырға, құл мен күнге айналдыру үшін оларды иманнан, діннен айыру керектігі де қарастырылыпты. Олар, «сары басылымдар»(желтая пресса) арқылы дәстүрлі дінге қарсы насиҳат жүргізе отырып, дінсіз тобырды ар-ождан жайлы ойлануға мүмкіндік бермейтін азғындық насиҳаттар жүргізді: бос қиялға жетелейтін фантастика, қаракүшке, нәпсіге, байлыққа табынуға әкелетін кинолар мен хабарлар. Кеңес Одағынан шыққан елдер ішінде Қазақстанға да, осындаи «батыстық азғындық насиҳаты» дендеп енді. Біздің елдің зиялышының біразы АҚШ пен Батыс елдерін өзіне ақылшы, көшбасшы санаған соң, әлбетте, атеизм санасынан арыла алмауына қоса, «батыстық тобырлық сананы» сініре бастады.

Қазіргі кезде «ислам терроршысы», яки «уаххабшы» деген түсінік қалыптасқан. Өйткені олар ислам дінін террорға жол ашатын дін сияқты көреді. Ал шындығында, әлемдегі барша қылмыс пен террорды түгел есептеп, оның қаншасы ислам діні өкілдері қолынан жасалатынын сараптар болсақ, онда керісінше, мұсылмандардың қылмысқа баруы өте сирек кездесетінін айқын көруге болады. Дұрысында, шынайы ғылым өкілі ретінде пікір айту үшін, дінтанушы әсірелеуден, үшқары пікірден сақтанып, болған оқиғаларды жан-жақты объективті тексеріп, нақты жағдайдың шынайы себеп-салдарын ашып бере алуы тиіс.

Діннің адамзатқа тән нәрсе. Әлемдік діндер түрлі дәстүрлік өзгешеліктерге ие болғанымен, рухани ұмтылыстары жағынан, наным-сенім, дүниетаным жағынан ортақ ұқастықтарға ие. Дін барша адамзат баласынына ортақ қажеттіліктерден шығатындықтан да, бүгінгі әлемдік діндердің ұқсас жақтары өте көп. Мысалыға,

- жоғары, мәңгі, ғажап нәрсеге деген талпыныс пен сүйіспеншілік;
- қарабас қамынан, нәпсікұмарлықтан, арсыздықтан бас тарту;
- адам жанын, рухын мәңгі жасайды деп санау;
- осының бәрі әлемдік діндерге ортақ сипат. Діндердегі негізгі ұстанымдар сенім арқылы анықталады, Мәңгі және Шексіз әлемдік бір бүтінге ұмтылыс арқылы көрінеді.

Сену, яки иман – бұл барша діннің өзегі іспетті. Ол арқылы адам Мәңгілікке, ақыл мен сезімдер жете алмас бійктеге, ақыл мен сезімдерді үйлесімге келтіретін ләzzатқа жетеді.

Әлбетте, әр адамның сену қабілеті де әртүрлі. Сену бағыты да түрлі адамдар көп. Біреулер киелі, қасиетті нәрселерге сенгенімен құдайға сене бермейді. Енді біреулер Құдайдың жоқ екеніне сенеді. Ал діни сенім бұлардан көп өзгешелікке ие. Діни сенім діни сезімдер тудырып, адамның көніл-күйіне жақсы ықпал етеді. Діни сенімдегі адамдардың рухани сезімдерінде мынадай ортақ сипаттар болады:

- 1) Құдайға деген сеніммен, үмітпен, сүйіспеншілікпен өмірге жарқын жүзбен қарап, бақытты өмір сұру;
- 2) Қайғы-қасіретке, зұлымдықтарға, басқадай тағдыр тауқыметтеріне төзім көрсетіп, оларды рухани сын ретінде қабылдау;
- 3) Өз нәпсісімен күресу, керексіз құмарлықтардан арылу, ізгілік үшін күресіп, керек болса сол жолда өзін құрбан ету.

Діни сенім адамға үміт береді, ал үміт пен сенім әлемге деген сүйіспеншілікті оятады.

Б.Паскаль адамдарды үш топқа бөліпті: «Біреулер Құдайды тапқан, әрі оған қызмет етуде; олар ақылды және бақытты жандар. Екіншілер Құдайды таппаған, әрі іздемейтіндер; олар есуас, әрі бақытсыз жандар. Ушіншілер Құдайды таппаған, бірақ іздеу үстінде; олар ақылды, бірақ бақытсыз жандар.»

### **Колданылған әдебиеттер тізімі:**

1) Байтенова Н.Ж. (құрастырушы), Затов К., Рысбекова Ш., Бейсенов Б., Борбасова К., Құрманалиева А., Мейрбаев Б. Қазақстандағы діндер. – Алматы, 2008. - 399 б.

- 2) Гараджа В.И. Религиоведение: Пособие для студентов педагогических вузов. – М.: АО «Аспект Пресс», 1994. – 286 с.
- 3) Горелов А.А. История мировых религий: учеб. пособие / А.А.Горелов. – М.:Флинта: МПСИ,2005. – 360 с.
- 4) Данильян О.Г., Тараненко В.Г. Религиоведение: Учебник – М.:Изд-во Эксмо,2005.- 480с./ Сөзбасы. 7,8,9-бет/ Предисловие, стр.7,8,9./
- 5) Осы кітап. 287-бет/ -. Раздел 8. Религия в России: история и современность.
- 6) Осы кітап. 12-бет / отрывки в разделе1. Религиоведени как область гуманитарного знания 1.1. Предмет религиоведения и его структура /
- 7) ҚМДБ Аппарат жетекшісі, дінтандышы, Қайрат ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ: Кеңес кезеңі қайта келмек пе? / Ислам және өркениет газеті. 21 қыркүйек, 2011 ж../
- 8) ҚМДБ Бас Мұфтиі, Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ: 7 бапқа қатысты мәлімдемесі Ислам және өркениет газеті. 21 қыркүйек, 2011 ж./

*Камалова Ф.Б.  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
«дінтану» мамандығының  
1 курс магистранты  
Ғылыми жетекші:  
филос.г.д., профессор  
Байтепanova Н.Ж.*

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ИСЛАМ

Қазақ даласында исламдану үрдісі Қазақ хандығы құрылғанға дейін басталды, сондықтан, бізге Қазақ хандығы өз бастауын алатын бұрынғы мемлекеттер: яғни, Моғолстан, Әбілқайырхан хандығын қарастырган жөн. Зерттеушілер қазақтардың исламга келуін әр түрлі пайымдайды, бірақ, соның ішінде ең негізгілерін атап өтүге болады: исламның келуі; жоғарғы тап пен биліктің исламды қабылдауы; елдің исламды ресми дін ретінде қабылдауы; халықтың басым бөлігінің исламдануы.

Қазақ хандығы тарихына көз жүгіртсек, хандардың исламға деген көзқарасы әр алуан болатын. Олардың кейбірі исламды жоққа шығарса, енді бірі заңды түрде қол астындағы халыққа дінді қабылдатқан, сөйтіп олардың дағдыланған өмір салтын өзгерткен. Онсыз да жай таралып отырған исламдану үрдісінде дінге деген алуан-түрлі көзқарас айқын көрінді, сондықтан қазақта дін ұғымы екі түрлі сипат алады. Ол: исламдың және мұсылмандыққа дейінгі кезең.

Қазақ этногенезінде ерекше рөлді Моғолстан атқарды. Қазактар мен моғол арасында өте тығыз этникалық байланыс болды. Дулат пен Қаңлы тайпалары Ұлы жүзге, ал Керейіттер Орта

жүздің құрамына кірді. Басқа тайпалар Моголдардан кетіп Әбілқайыр ханға қосылды. Қарлұқтар Исан Буги хан кезінде көшіп кетті. Уайс ханнан кейін бұлғақтар қарлұғтармен бірге Әбілқайырхан хандығына қосылып, Түркістанға бет түзеді. XV ғ. екінші жартысында қазактар мөголдар арасында өмір сүрді. Олардың шаруашылықтары қазақтардікімен бірдей болатын. Сондықтан, исламды енгізу бойынша мөғол хандары ұстанған саясат тікелей қазақтарға да әсерін тигізді. XV ғ. екінші жартысында Әбілқайыр ханның билігіне наразы болған Жәнібек пен Керей бастаған халықтың басым бөлігі Шудан асып қоныстанды. 50-жылдардан бастап, 1530-жылға дейін қазақтар мөголдар арасында өмір сүрді. Қазақтар мен мөголдарды бөліп тұрған араздыққа қарамастан, мысалы, 1483-1486 жж. Түркістан үшін шайбанидтармен болған шайқас, бұл халықтар негізінен өзара тату өмір сүрген. XV ғ. бір мемлекет біртіндеп жойылып, оның орнына екіншісі бой түзеді.

М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди» бойынша мөголдар исламды XVI ғ. екінші жартысында қабылдады. Бұған Ақсақ Темірдің 1352-53 жж. исламға бет бұғраны куә. В.П.Юдиннің еңбегінде де XIV ғ. Ақсақ Темірмен бірге мөголдардың бір тайпасы (чорас тайпасы) исламды қабылдаған [1, 384 б.]. Осыған қарал, мөголдардың барлығы дінді қабылдады деуге болмайды, хандардың исламды қабылдаған уақыты бұқара халықтың исламдануының бастамасын білдіреді. Ұлық Ұлыстың, яғни қазақтардың, исламдану үрдісінің басталғанын Өзбек ханның дінді қабылдаған уақытынан бастап, яғни 1313 ж. бастап санаса болады.

1408 ж. билік Мұххаммед ханға көшті. Ол өзі билік құрған 8 жыл ішінде қол астындағы халықтың басым бөлігіне дінді қабылдатқанымен танымал болды. Қол астындағыларды мұсылманша киім үлгілерін қатаң талап еткен ол заң шығарып, бастарына сәлде кимегендердің басына шеге қағу керектігі жайында заң шығарды.

Уайс хан (1418-1429 жж.) алдыңғы ханның дәстүрін жалғастырды. Ол әскерлерін ислам заңы бойынша соғысуларын талап етті. Уайс хан әскерлеріне мұсылмандарға қарсы соғысуға тығым салып, оларды кәпірлерге, яғни қалмақтарға қарсы бағыттады.

Мөголдар мен қазақтарда биліктегілер мен қарапайым халық арасында материалдық қана емес, сонымен қатар, діни мәдениетте де ара-қашықтық болды. Билік басындағылар исламды өз еріктерімен қабылдаса, халық та оны өз еркімен қабылдады деуге болмайды. Жоғарыда атап өткендей халықтың діни санасы баяу дамыды. Тарих зерттеушісі Д.Х.Кармышева атап өткендей, «Көшпенді билердің исламды қабылдауынан, мұсылман дінін барлық қоғам сатысы қабылдады деуге болмайды. Қарапайым халық ата-баба дәстүрін ұзақ ұстанды. Сол себептен XIV ғ. ортасында хорезмдіктер шағатайлыштарды мұсылман қатарына қабылдамады». Осы пікірді исламды зерттеуші О.А.Сегізбаев та қостайды. Ол қазақтардың исламды қоғамның билік құру құштерімен байланыстырады. Сөйтіп, хандар, сұлтандар, билер, бектер исламды қабылдағанда жаппай халық бұрынғы сенімді ұстанған. Қоғам кедей мұсылман еместер мен бай мұсылмандар болып екіге бөлінді. Халықтың әлеуметтік бөлінуі «қоғамның бай мен кедейлері арасында қайшылықтарды тудырды». Исламның жоғарыдан төменге қарай енгізілгенін дінтанушы Ричард Фольц та растайды. Ол исламға келушілердің әр түрлі әдісін қарастырады. Исламды қабылдағандардың бірінші тобына халықтың мемлекеттен материалды түрде тәуелділері (шенеуніктер) жатады. Билердің діні, мәдениеті мен құндылықтарына қосылуы оларға нақты материалды және әлеуметтік басымдылық берді. Екінші топқа саудагерлер жатады. Орта Азия халқы осы кезеңде мұсылмандармен саудаға тәуелді болады. Үшінші топқа исламдық жолда тәрбиеленген жоғарыда аталғандардың екінші ұрпақтары жатады. Сонымен, халық басшылары қарапайым халыққа қарағанда исламдық жолға тез түсті. Әдеттегі билік басындағылардан басқа сол кезде қожалар көзге көріне бастады. Қожалар VIII ғ. араб шапқыншылығынан кейін қалған араб ұрпақтары. Олар қоғамда ерекше орын алады және халықтың сый-құрметіне ие болды. Қарапайым халық қожалардың ер адамына «төре» деп, ал әйелдеріне «пошшо-айым» деп құрметпен қарады. Қожалар тек қожаларға үйленуге тиіс еді. Әйтсе де ер адамдарға тоқалдыққа қарапайым халықтан алуға рұқсат етілді. Олар салықтан және соғыстан босатылды. Олар материалды жағдайы қандай болса да құрметке ие еді. Одан

басқа да әлеуметтік факторлар болды. Мысалы, көшпендей және отырақшы халық арасында шиеленістер болып түрді [2, 152 бб.]

Юнус хан көшпендейлерді қалада тұрақтауға мәжбүрледі. Басшылардың көшпендейлерді тұрақты болуға мәжбүрлеуі ешбір нәтиже бермегі. Көшпендейлік мұсылман мәдениетінің енуіне де ықпалын тигізді. Қазақ хандығы құрылған тұста қазақтарға көршілес халықтар әсер етті.

Қазақтардың жонғарлармен ұдайы соғысы ұлттық және рухани сананы бекіту қажеттігіне алып келді, бұған ислам діні әсер етті.

XVII ғ. жонғарлардың шапқыншылығынан қазақтар исламға одан бетер жақындай түсті. Жонғарлармен шекара жасауға талпынған қазақтар ислами сана-сезімге бойлай берді. Және де саяси тұрғыдан мұсылман болу қазақ халқы үшін басқа мұсылман көршілес мемлекеттерден жонғарларға қарсы көмекке иек артуға болатын еді.

XVI ғ. Тәуекел хан мұсылман ретінде Барак ханға жонғарларға қарсы құрес үшін көмек сұрады. Бірақ Барак хан олардың бірлескен құштерінің аз екендігін айтып, оған көмек бермегі. 1763 ж. қазақтар құрылтай ашып, қытай тарапынан төнген қауіпті талқандап Орталық Азияның мұсылман елдерінен қытайға қарсы одақ құруды ұйғарды.

XVII ғ. Қазақ хандығында исламның нығаюына жонғарлармен соғыс нәтижесінде болған кейір саяси өзгерістер әсер етті.

XVII ғ. бойы Ташкент қазақтардың қолында болды. 1652-1718 жж. Тәуке хан Ташкент төнірегінде Ангрен өзені жағасына өз шатырын тікті. Қазақтардың қолында Орталық Азияның маңызды мұсылман орталығы – Әндіжан болды. Махмуд ибн Уәли былай деп жазады: «Қала ғалымдар мен ұлы шейхтар жиналатын орынға» айналды, онда көптеген медреселер ашылды. XVII ғ. жонғарлар Тянь-Шань қырғыздарына шабуыл жасады. Қырғыздар Ферғанаға қарай ығысты. Мұнда олардың дініне өзбек халқы қатты әсер етті.

Кезінде жонғарлар дінді халықты біріктіру үшін пайдаланды, ал жонғарлар мен қалмақтардың арасында ынтымақтастық өссе берді. Әсіресе олардың ортақ мұддесі – екі халық арасында жатқан Қазақ елінің жерін жауладап алу болатын. Олар өзара ынтымақтастығын қанша жасырығысы келсе де, қазақтар жағдайды жақсы түсінді. Еділ қалмағының ханы Аюқ пен жонғар ханы Цеван Рабдан бір-біріне туыс болатын және де оларды біріктірген олардың ортақ діні – буддизм еді.

Жонғарлармен соғыс мұсылмандардың пүтқа табынушылармен құресі ретінде қарастырылды.

1720 ж. «Ақ табан шұбырынды» Ұлы жұт кезінде жонғарлар қазақтарды онтүстікке – Самарқан, Бұқара, Ташкент, Хиуаға қарай ығыстырды. Бұдан қазақтарға мұсылмандықтың әсері болды. 1730 ж. Соңында Ұлы жұз бен Жолбарыс хан жонғарға бағынып, оған салық төлей бастады.

Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қыын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген. Жеткіншек кезеңі 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. [2]. Жеткіншектердің өзара қарым-қатынастарының агрессивті міnez-құлық себептерін анықтауда балаларды қайта тәрбиелеу, қоғамдық орындарда тәртіп сақтау және заң нормаларын ұстау, оқушылардың күнделікті әдет-дағдыларына сіңіру мемлекеттік міндет ретінде қарастырылып отыр. Бұл істі шаруашылық, әкімшілік ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, мектептер мен отбасылардың бірлесе отырып атқаруы қажет. Жалпы білім беретін орта мектептерде тәрбие жұмыстарын одан әрі жетілдіру, оқушылардың тәртіп бұзушылығын болдырмауды алдын-алудың формалары мен әдістері белгіленген. Ал психолог зерттеуші А.Ұ.Ескендерова [3] (2003) «Тұрлі факторларға байланысты жеткіншектерде агрессивтіліктің пайда болуының психологиялық ерекшеліктері» атты зерттеуінде агрессивтіліктің пайда болуының себептерінің бірі - отбасында да, мектепте де, араласатын

ортасында да ынтымақты қарым-қатынас орнатылмауынан жеткіншектерге еріксіз күш қолданып, жазалауынан деп түйіндейді. Жеткіншек жасындағы агрессивті мінездегі құлқының пайда болуы негізгі өзекті мәселенің бірі болып отыр. Агрессивті жеткіншектерде кездесетін жағымсыз мінезд-құлыш ерекшелігінде қарым-қатынасқа түсде болатын мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға нақты көмек көрсету мектептегі психологиялық қызметтің маңызды негіздерінің бірі болып саналады.

Агрессивті мінезд-құлышты балалардың ең негізгі себептерін көптеген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жеткіншектердің бойындағы бірнеше өзгерістерін көреміз. Бұл тақырып төнірегінде шетелдік, ресейлік және казақстанның педагог-психолог ғалымдары К.Хорни, К.Лоренц, Э.Фромм, Д.Доллард, С.Розенцвейг, Р.Бэрон, Д.Ричардсон, И.С.Кон, А.Г.Ковалев, А.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, Е.И.Головака, А.А.Бодалев, И.П.Блонский, И.А.Невский, Н.Д.Левитов, Семенюк Л.М қазақстандық ғалымдарымыз Х.Т.Шеръязданова, А.Ескендирова, Д.К.Казымбетова, А.Т.Ақажанова, Г.А. Уманов, Э.И. Шнибекова, Г.А. Дусманбетов, Л.К., Керімов, Г.А., Бекмұратова т.б. ғалымдардың еңбектерінде агрессивті мінезд-құлышты балалардың жалпы ерекшеліктері мен олардың психикалық дамуын жан-жақты зерттеп көрсеткені бізге белгілі. Қарым-қатынастың бұзылу себептерін анықтап оны түзету жолдарын ұсынғандар Э.Берн, Дж.Морено, Д.Карнеги. Олар әлеуметтік ортаға адамның икемделуіне негіз болатын себептер және факторларды анықтап, қарым-қатынас функциялары мен түрлерін сыйыптастырып жүйеге келтірген.

Агрессивті мінезд-құлышты жеткіншектерді тәрбиелеу мәселесі мұғалімдердің, ғалымдардың, педагогтардың, психологтардың және мектеп инспекторларының назарында болуы керек. Агрессия сезіне түсіндірме сөз беріп кетсек, латын тілінен аударғанда "агрессия" "шабуыл" деген мағына береді. Қазіргі уақытта "агрессия" деген ұғым кең мағынада қолданылады. Аталмыш құбылыс жағымсыз эмоциялармен және жағымсыз мотивтермен сонымен қатар жағымсыз нұсқаулармен және бұлдіруші әрекеттермен байланыстырылады. Психологияда агрессия деп өзгелерді өзіне бағындыру немесе олардан басым болу мақсатында шынайы іс-әрекетте немесе қиялдауда көрініс табатын үрдісті айтады. Агрессивті мінезд-құлышты балалар қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған тез ашууланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінезд-құлқында психопатиялық формалары кездесетін балалар жатады. Ашу-ызаның бара-бар көріні балалардың көпшілігінде, әсіресе психикалық зақым алған не болмаса қазаны басынан кешірген балаларда қындық тудырады. Мұндай балалар елеудің екі түрінің біреуіне ғана қабілетті келеді: ашу немесе агрессия олардың әрекетінің көпшілігінде «бұзып шыға» бастайды, не болмаса бұл сезімдер депрессия, ашушандық пен өзін-өзі төмен бағалаудың артқы жағында жасырын жатады. Есімі әйгілі балалар психотерапевті В.Окландер [4]: «Бала өзінің ашуын ұғынуы тиіс, бұл оның сенімділік пен психикалық тұластықты менгеру жолында жасаған алғашқы қадамы болады, ол өзінің қорыққан сәттерде ашу—ызаны басып тастап отыруын немесе оларды жанама түрде шашуын қоюуы қажет, өйткені бұл баланың өзін зақымдауы және айналасындағыларды эмоциялар оқшаулануға апарады» деп пайымдады. Н.В. Макшанцеваның [5] ойынша агрессивті мінезд-құлыш дегеніміз - әлеуметтік психологиялық қоғамнан алған жағдайды қасиеттердің ауытқуы дейді. Агрессивті мінездегі жеткіншектермен жұмыс жүргізуде міндетті түрде олардың қоршаған ортасы мен қарым-қатынасына, тәрбиесіне көніл бөлу керек. Осы көзқараста жұмыс жүргізген біраз ғалымдар Н.Н. Верцинской, А.И. Кочетов т.б. олар осындаған мінезде қоршаған ортасы мен қарым-қатынас жасайтын жеткіншектерді төрт бөлікке бөледі. Қарым-қатынастың бірінші түрі - инертті - бұл топқа әлсіз мінезді мектеп оқушылары кіреді, яғни олардың жалпы дамуы шектеулі, өмірге деген тәжірибесі өте аз болады. Екінші түрі қарым-қатынастың тобына қабілеттілік деңгейі жатады. Жеткіншектер үнемі өздерінің іс-әрекетін қоршаған әлеміне қабілетті етіп көрсетеді. Қарым-қатынас үшінші тобына қарама-қайшылыққа бейімділік тобына жатады. Мұндай топтағы жеткіншектер көніл-күйіне байланысты кейде жағымды кей кездері жағымсыз мінездерімен жүреді. Олар жалпы ортақ көніл - күйіне тез беріледі, егер көпшіліктің көніл-күйі жоғары болса

бірге жоғары болып, тәмен болса бірге тәмен болады. Қарым-қатынас төртінші типі - тунысынан жанжалдылық тобы. Мұндай жеткіншектермен әгойст, өкпешіл өзін-өзі ұнатпайтындар және т.б. Олар үнемі келесідей мінез-құлқымен бейнеленеді - окуға деген зауқымы жоқ, мектепке мұғалімге, ортасына ата-аналарын жақын тартпау, әлсіздік, ашуланшақтық мінездері көрінеді.

Жалпы, қарым-қатынас деген ұғымға сөздіктерде мынандай анықтама беріледі: «Қарым-қатынас – бұл адамдар арасындағы іс-әрекетпен, мағлұматтармен, эмоциялармен, дағдылармен, еңбек нәтижесімен өзара айырбас болатын өзара байланыс және өзара әрекет процесі» [6]. С.И.Ожеговтың [7] сөздігінде қарым-қатынас ұғымы өзара келісім, іскерлік және достық байланыс арқылы анақталауды. Қарым – қатынас – бала өміріндегі бірінші адамзатты акт болып саналады. Қарым-қатынассыз адам психикасы қалыптасуы мүмкін емес. Қарым-қатынас депривациясы баланың ақыл-ой және дене дамуының кешеуілдеуіне, түрлі ауруларға, девиантты мінез-құлқықта және т.б. жағымсыз құбылыстарға әкеліп соғады. Әрбір бала өз бойында айналадағылармен қарым-қатынас тәжірибесін жинақтап толықтырады. Оның қазір не істей алатыны, қолынан не келетіні – барлығы ересектермен қарым-қатынаста, ал кейін балалар қоғамында дамиды. XX ғасырдың басында ағылшын психологы және философы У.Джеймс адам үшін ең қорқынышты жаза, ол қоғамда өмір сүре отырып, басқа адамдардың оны елемеуі деген болатын. Агрессивті мінездегі жеткіншектерге көптеген психологиялық мінездеме бере отырып, Е.В. Заика, Н.П.Крейдун, А.С. Ячина [8] есімді ғалымдар осындай тұлғалы балаларды үлкен екі топқа бөліп көрсеткен. **Бірінші топқа** болашаққа деген ешқандай болжам жасамайтын, жанұясына эмоционалды қарым-қатынасты араласпайтын социометриялық статусы тәмен қоршаған ортасына үнемі жан- жалға түсіп өзін тәмен деңгейде бағалайтын балалар жатады. **Екінші топқа** келесі сапаларды жатқызады жоғары мінезді шынайылыққа бейімделмеген, тәмен емес топқа үндемейтін әлсіз топтарды жатқызады. Агрессивті бейімдеушілік қарсы тұлғасына бағытталғанда туындаиды. Әлеуметтік пассивтілік түрдің бәсендесуі тұлғаның қоғамдық өмірде әлеуметтік мәселелерге салғырт қарауынан болады. Осы бәсендесуге С.А. Беличеваның [9] пікірі бойынша окуға деген ниеттің болмауы да жатады. Тәжірибелі педагогтың жүргізген жұмысы жеткіншектермен байланысты, яғни мінез-құлқытың бәсендесуі әлеуметтік қоғамда бәсек болғанымен сипатталады. Педагог-психологтардың мәлімдеуінше қоғамдық өмір нормативінен алшақтау ол өте зиянды, себебі қалыптасып келе жатқан тұлға бойынша агрессивті мінез-құлқық дамиды. Мінез-құлқытың бәсендесуі жеке адамның іс-әрекеттері мен қарым-қатынасына үлкен мән беріледі. Себебі осы ерекшеліктердің астында адам бойындағы негізгі қасиеттер жасырын жатыр. Сыртта жүріп жатқан түрлі ерекшеліктер жеткіншектердің психикасында болып жатқан түрлі құбылыстарды дәлелдейді. Сондықтан балаға қандайда бір баға қоярда және шешім қабылдамас бұрын ол баланың бойында агрессивті мінез - құлқытың тудырмайтындағы жас жеткіншектің әлеуметтінен өтетін шаралар қолдану керек. Қарым-қатынастың әлеуметтік мәні оның қоғамдық тәжірибе мен мәдениет формаларын беру қуралы болуында. Қарым-қатынастың психологиялық мәні осы процесте бір адамның субъективті әлемі басқа адам үшін ашылып, сезім, ой, өзара іс-әрекет етушілердің мінез-құлқының өзгеруімен анықталады. Адамның ең алғашқы белгілі бір нормадан ауытқуын адамның психикасын ауытқуы деп қарауға болмайтын атап өткен жөн. Мінез-құлқы түрі әлеуметтенудің қорытындысынан пайда болады, дәлірек айтқанда адамның биологиялық қажеттіліктері түрлі әлеуметтік құрылым негізінде нақты бір формаға келеді, сондықтан агрессиялық себептерді талдау кезінде әлеуметтік процестерді менгеру керек, яғни тұлға өміріндегі қоғамдық өзгерістерді қалыптастыру үшін осы жол өте маңызды. Жеткіншектіктерді агрессиялық жолға түсірмес үшін кейінгі өмірінде қарым-қатынастың даму процесі келесі негізгі бағыттарда жүргізіледі: қарым-қатынас мотивтерін дамыту; қарым-қатынас құралдарын дамыту; қарым-қатынас түрлерін жетілдіру. Осындай мінездің қалыптасуында негізгі себептерді талдау кезінде А.И.Селецский мен С.А.Тарапухиндер [10] «өмірдің сәтсіз шарттары мен тәрбие барысында денсаулық жағдайының босаңсуынан, отбасы ішілік тәрбиенің толық

жетілмеуінен, білімділіктің төмендеуінен, айналасындағы қоршаған ортасымен қарама-қатынастың төмендеуіне және жан-жалды міnez әрекеттерінен көріп отырады. Сондай – ак, Б.Ф.Райскийдің [11] пікірімен келіспей қоюға болмайды. Себебі, Райскийдің көзқарасы бойынша жағымды еріктіліктің қалыптасуына кері әсерін тигізетін жеткіншектердің агрессивті міnez - құлқы. Ол әсіресе бала міnez-құлқындағы кездесетін жағымсыз құбылыстарды жас ерекшелікте кездесетін қателіктер деп көрсетсе, В.П.Кашенконың пікірі бойынша агрессивті міnez-құлқытың себептерін қоршаған ортасынан іздеген жөн дейді. Себебі, жеткіншектер жақсы-жаман болы, дамуы тікелей осы әлеуметтік жағдайына байланысты дейді. Ғалымдар жеткіншектер бойында қалыптасатын агрессивті міnez-құлқының себебін тапқан. Ол отбасында мектепте, қоғамда, тәрбие факторының негізі болып табылатын «жағымсыз әлеуметтік жағдай» В.Н. Соколова, Г.Л. Юзефович, В.А.Васильева, Ю.А.Васильев сынды бір қатар ғалымдардың тұжырымдауынша агрессивті міnez-құлқының туындаушиның ең маңызды бір себебі ол отбасынан айырылған балалардың өз басынан бір функциясын жоғалтуы, яғни мемлекеттің қамқорлығына көшкен балалар деп атаған. Егер отбасы ішілік қарым-қатынас жоғалатын болса онда отбасы тәрбиесінің құлдырауынан басқа еш өзгеріс болмайды. Есейген балалардың өз өмірінде орын алған мәселелердің басым көшілігін үлкен адамдарға тәуелсіз шешу қажеттілігі орын алатындығы психологияда дәлелденген. М.И.Лисина [12] ғалымдардың зерттеулерінде бұл мәселені автономия қажеттілігі және оның түрлері деп белгілейді. Психолог Л.М.Зюбин : “Баланың міnez-құлқы, оқу үлгерімінде айтартылғатай кемшіліктер болса ондайда психологтардың ақыл кенесі керек”, - деген. Д.Б.Элконин мен Т.В.Драгуновалар [13] өсіп келе жатқан жас жеткіншектекке ең керегі қарым-қатынас екенін атап көрсетті. Ал арасы қатынасының қуәгері – адам деп анық айтқан. Сондықтан агрессивті міnez-құлқыты жеткіншектердің қарым-қатынас жасау ерекшеліктері қалау-тілектерін басқарып, теріс жақтарын дәлелді ұғындырып, назарларын қоғамдық мәні бар істерге жұмылдыру қажет.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін». Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Редакциясын басқарған процессор А.В.Петровский Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. Алматы «Мектеп» 1987.
3. Ескендирова А.У. Психологические особенности проявление агрессии у подростков в зависимости от различных факторов. Автореф. Алматы, 2003.
4. Окландер В. Окна в мир ребенка: руководство по детской психотерапии. М., 1997.
5. Макшанцева Н.В. Отклонения в поведении подростков // Социс. 1991, -№8.
6. Большой толковый психологический словарь: В 2Т. / Сост. А. Ребер.- М.: Вече, 2000
7. Ожегов С.И. и Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук. Институт русского языка им. В.В.Виноградова. - 4-е изд., дополнение. – М.: Азбуковник, 1999.
8. Заика Е.В., Крейдун Н.П., Ячина А.С. Психологическая характеристика личности подростков с отклоняющимся поведением // Вопросы психологии. - 1990. -№4.
9. Беличева С.А. Основы превентивной психологии. - М.: Социальное здоровье России, 1993.
10. Селецкий А.И., Тарарухин С.А. Несовершеннолетние с отклоняющимся поведением. - Киев: Вище школа, 1981.
11. Райский Б.Ф. Условия и причины возникновения и развитии отклонений в поведении детей и подростков. - Вол-д. :ВГПИ, 1986- 88с
12. Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. М., 1986.
13. Драгунова Т.В. Подросток. Москва 1984 г

## **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ БАТЫС ПЕН ШЫҒЫС ДИАЛОГЫ**

Жібек жолы – ұлы мәдениеттің бастауы. Жібек жолы – барышылық пен молшылықтың бастауы. Салтанаты жарасқан керуен қазақ даласын шарлады. Бұл жолмен халықтардың мәдениеті, әдебиеті, философиясы, ән мен күйі тарады. Жібек жолы деп аталуының басты себебі: қытай жібергін осы жолмен Батысқа тасыды. Сондықтан «Жібек жолы» деп аталып кеткен еді. Тарих ұлы Жібек жолы әлем мәдениетінің жетістігі болғанын айғақтайды. Жібек жолы қазақ жерінде отырықшылықтың орнығып, қала мәдениетінің дамуына орасан үлес қости. Жібек жолында керуендер жылдың төрт мезгілінде ел-елді аралап, халықпен байланыс жасады.

Н. Алдабек «Ұлы Жібек жолы б.з.б II мың жылдай бұрынғы көне замандар мен ортағасырларда Жерорта теңізі (Батыс Еуропа) мен аспан асты елі Қытай арасындағы Еуразия құрлығын басып өтетін, төрткүл дүниенің түкпір-түкпіріне тараған, ең бастысы Шығыс пен Батыстың арасын байланыстырып келген көне керуен жолдарының желісі болған» – деп жазады [1].

К. Байпақов атап өткендей, «Ұлы Жібек жолы 2 мың жыл бойы өмір сүрген. Ол әлем тарихында дара ерекше құбылыс болды, Тынық мұхит пен Атлант мұхитының арасындағы көптеген халықтарды біріктірді. Жібек жолы деген ат толық мағына бермейді. Жібекпен сауда жасау б.з.д. II және б.з.д. I мыңжылдықта ғана болды.

Ұлы Жібек жолы әр түрлі сауда, мәдени жаңалық және жаңа ойлардың тарапу жолы, Еуразиядағы қошпелілер мен отырықшы халықтардың даму жолы болды. Жібек жолы өркениет жолы болды» [2].

Өркениет Шығыстан басталған. Шын мәнінде, Шығыс мәдениетінің, өркениетінің тамыры тым теренде жатыр. Сонау ежелгі Шумер мәдениетінен бастау алады. Рухани ілімдердің Батысқа Шығыстан тарағаны белгілі. Мәдениеттанушы, ғалым Т. Ғабитов «Батыс пен Шығыс – географиялық атау емес. Мысалы, Марокко – Атлант мұхитының жағалауында орналасқан мемлекет. Бірақ бұл мемлекет шығыстық бағытты ұстанады. Шартты түрде жер бетіндегі халықтар Батыс пен Шығыс адамы деп бөлінеді. Олардың арасын бөліп тұрған не? Менің ойымша, құндылық бағдарлары. Батыс адамының белсенділігі табиғатты менгеруге, бағындыруға бағытталды. Батыстың ұлы ойшылы Фрэнсис Бэкон: «Табиғат – адам әрекеті басталған жер. Адам табиғатты бағындырып қана өзінің табыстарына жетуге болады» деген пікір айтады. Батыс адамының ең рәміздік, символикалық бейнесі Фауст. Фауст кім? Ол өзінің жаның, рухын әзәзілге сатып, жер шарын гүлденген баққа айналдырығысы келеді. Егер Фауст мен тойдым, маган ештеңенің керегі жоқ десе, онда оның женілгені. Адамның қажеттіліктерін толық өтеу мүмкін емес. Батыс адамы өзінің мақсат-мұддесін Фаустың «қанағатсыздығымен» байланыстырады. Табиғатты бағындыруға ұмтылу – Батыс адамының бірінші ерекшелігі. Шығыс адамының белсенділігі – бірінші өзін-өзі женуге бағытталған. Батыс адамы жауды алыстан іздейді. Айналасындағы адамдардан жаманшылық жасайды деп қауіптенеді. Шығыс адамы жамандықты адам өзіне-өзі жасайды. Барлық нәрсе адамның ішкі әлемімен байланысты деп түсінеді. Батыс өркениетінің екінші негізі – құқық. Әлгі индивидуалист адамдар бір-бірімен келісімге келеді. Барлығы құқыққа бағынады.

Ф. Энгельс «Ортағасырда ирландықтардың ата-бабалары адам етін жеген» деп жазады. Ал ол кезде мұсылман елдерінде Ислам ренессансы өркендереп, әл-Фараби, ибн Синалар тамаша трактаттар жазғаны белгілі. Терең ойлы ғұламалары бар Шығыс құлдық санадан азат еді.

Құлдықты ойлап тапқан негізінен Батыс. Өркениеттің аграрлық толқыны Батысқа құл иеленушілікті алып келді. Көшпенділерде құлдық болған жоқ. Рас, көшпенділер үй қызметшілерін ұстады. Бұл типтік түрде емес, яғни тұрмыстық құлдық деңгейінен аспады. Құл иеленуші қоғамға Рим империясына соққыны Аттила берді» дейді [3].

Шығыс Батысқа, керісінше, Батыс Шығысқа өзара ықпал етіп, бірін-бірі толықтырғаны тарихтан белгілі. Батыс пен Шығыстың қарым-қатынасын, бір-біріне ықпалын зерттеу гуманитарлық ғылымдарда, әсіресе, мәдениеттануда өте маңызды. Адамзат әлемі біртұтас, десе де, ғылыми тұрғыда мәдениетті Батыс пен Шығысқа бөліп жіктейміз. Батыс пен Шығыс – адамзат мәдениетінің екі тармағы, өмір сүру ұстанымымен, рухани-материалдық құндылықтарымен ерекшелене тұра адамзаттың біртұтас әлемін құрайды. Көптеген Батыс ориенталистері отарлау саясатын бүркемелеу үшін өз еңбектерінде, көбінесе, Шығыс халықтарын сауатсыз, қаранды, надан, нашақор ретінде көрсеткені белгілі. Олар «Батыс болмаса, өркениетке иек артқан Шығыс жоқ» дейді.

Өркениеттің «сызып қойған» шекарасы жоқ, сондай-ақ оның қай жерден аяқталарын да ешкім білмейді. Ғылымға өркениет теориясын ғалымдар А.Тойнби, О.Шпенглер, Н.Я. Данилевский енгізді. Жыл өткен сайын қоғам жаңаруда. Адамдар түрлі ақпаратпен қаруланып, олардың ақыл-санасы, сана-сезімі, ойлау жүйесі мен көру ауқымы дамып, өзгеруде. Ғалымдарға сенсек, «өркениеттің формасы» сөзсіз өзгереді.

Мәдениеттанушы, ғалым Т. Ғабитов: «Өркениет жедел хат секілді тез жетпейді. Элвин Тоффлердің ілімі бойынша толқынмен келеді. Өркениеттің үш толқыны бар. Біріншісі – аграрлық толқын, яғни егіншілік пен малшаруашылығының пайда болуы. Көптеген Шығыс елдері өркениеттің аграрлық толқынында қалып қойды. Екіншісі – индустріалды толқын. Шындығын айтқанда, Шығыс адамы индустріалды толқынды қабылдай алмады. Әртүрлі себептермен «ғыйқтап қалды». Өнеркәсіптік революцияға тосырқай қарады. Осы индустріалды толқынмен қаруланған Батыс бүкіл әлемде үстем күшке айналды. Бірақ Батыстың ішінде ішкі қайшылықтар туды. Рухсыздық орын алды. XX ғасырдың ортасында өркениеттің үшінші толқыны – ақпараттық толқын пайда болды. Ақпараттық толқын адамзат санасына үлкен әсер етті» дейді [4]. Расында да, батыс әлемінің беткетұтар ғалымдары «Рухсыздық Еуропаны кезіп жүр. Біз оның елесімен күнде кездесеміз» деп дабыл қағуда. Тіпті «Шығыс бізге қарағанда негізгі тамырынан ажыраған жоқ, олар өзінің дәстүрінен ажыраған жоқ», – деп мойындана қояды.

Олжас Сүлейменов «Батыс та жоқ, Шығыс та жоқ, тек күннің атуы мен батуы бар» дейді. Бәлкім, көрнекті ақын айтқандай, Батыс та, Шығыста жоқ болса, жоқ шығар, бұл қолдан жасалынған, халықтар арасына «шекара» қою-ақ болсын, шартты ұғым-ақ болсын, бірақ сол батыстықтар мен шығыстықтардың болмысында жер мен көктей айырмашылық бары анық.

Батыстың әлемге билігін жүргізіп тұрғанын, әрине, жоққа шығара алмайсың. Бұл «саяси ойын» Шығысты жалықтыра бастады. Өзінің ұлттық мәдениетімен қаруланған Шығыс халқы бұл «ойынға» оңайлықпен мойынсұнар емес. Бұл тұрғыда Жібек жолын зерттеу, ондағы Батыспен қарым-қатынасты зерттеп, зерделеу, сөз жоқ, өте маңызды іс. Жібек жолы – Шығыстың тарихы ғана емес, болашаққа бастар бағдаршамы. Шығыс әлем картасындағы «жүрісті» өзгертуге шындал кірісті. Бұған біз өмір сүріп отырған заман күэ. Бүгінгі Шығыс пен Батыстың сұхбаты, шынында да, күрделі. Откен тарихты өзгертеуге болмас, бірақ бүгінгі «тарихты» жасау осы заманың қаһармандарының қолында.

Бүгінгі Батыс адамы мен Шығыс адамының басты ерекшелігі неде? Біздіңше, Батыс адамы картадағы орнын әлі де «кенейткісі» келсе, Шығыс адамы әлі өзін-өзін тануға, іздеуден жалығар емес.

Батыс тарихты бүрмалағысы келеді. Шығысты мойындей тұрып, көзге ілгісі келмейді. Ал Шығыс «өліспей беріспеймін» деп қасарысып, өрге ұмтылуда. «Бағдаршамның жасыл түсі» Батыс адамына көбірек жанса, мұны «жолы болғыш» деп емес, өткеннің «мықтап қаланған фундаменті» деп қабылдаған дұрыс шығар. Қалай десек те, біздің заман өзгерістер заманы.

Осы орайда «Шығыс мәдениетін» және бір рет бағамдаудың сәті түсіп тұр. бір тоқталып өтелікші. «Шығыс мәдениеті» дегенде ойға «Мың бір тұн» ертегісі оралады. Таңғажайып қала, таңғажайып сәулет өнері. Бағдат шаһары сән-салтанатымен көз алдыңдан өтіп жатады. Бұл – түркі жұртының ортақ мұрасы, әлем әдебиетінің жаунары. Басқасын айтпағанда, осы бір ғана ұлы туындының өзі Шығыс халқының ұлылығын, парасатын, байлығын, ақыл-ойының терендігін дәлелдеп берген. Зерттеушілердің пайымдауынша, Батыс эллиндік өркениеттің нағызы мұрагері емес. Фалымдарға сенсек, көне гректің ежелгі пәлсапасы Батысқа араб тіліндегі аударма арқылы «сіңіскен». Тіпті батысты зерттеп жүрген шығыстық фалымдар «Батыс әлем аренасына өзінің төл мәдениетімен шыға алған жоқ. Олар әдеби-мәдени дүниелердің бәрін, тіпті діннің өзін өздеріне бейімдеп, өңін айналдырып, өз қалыптарына кигізді. Сосын «Біз бармыз» деп айқай салды» деп тұжырымдайды.

Шығыс мәдениетінің Батысқа көп ықпал тигізгенін жаздық. Батыс мәдениеті де Шығыска айтарлықтай әсерін тигізгені жайлы тіс жармай кетуге әсте болмайды. Шығыс халықтарының арасында өзінің ұлттық құндылығынан, салт-дәстүрінен ажырамаған қытай деседі. Сол Қытай өз дәстүрін дамыта отырып, Батыстан үйренді. Қытай фалымдары Батысты зерттеуді бұдан қаншама ғасыр бұрын қолға алды. Қытай даналығы «Өзіңнен ақылы асқан адамнан, ұлттан үйренуден ешқашан арланба!» дейді. Жаһандану ғасырында ұлттардың мәдениеті бір-біріне ықпал етіп, дамиды. Бір ұлттың құндылығы – жалпы адамзаттың құндылығына айналады.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Алдабек Н. Ұлы жібек жолы және қазіргі замандағы Орталық Азиядағы интеграциялық үрдістер// Ақықат 2008. № 12
2. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 203 б.
3. Габитов Т. Мен экстремистік топтардан қауіптенем// Алматы ақшамы №113. 16 қыркүйек.

*Мантаева Т. С.,  
Маханбетжанова А. А.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Дінтану және мәдениеттану  
кафедрасының магистранттары*

### **РУХАНИЯТТЫ ДАМЫТҚАН ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ**

Жібек жолы – ұлт пен ұлтты байланыстырған ұлы жол. Жібек жолы Шығыс пен Батыс халқын байланыстырды. Жібек жолы тек қана «сауда-саттық жолы» болған жоқ, халықтар арасын байланыстырып, олар бір-біріне экономикалық, әлеуметтік, мәдени тұрғыда ықпал етіп, бірін-бірі өсірді, дамытты.

Біздің пайымдауымызша, мәдениетте «ескі» не «жаңа» деген ұғым болмауы тиіс. Мәдениет біреу, ол – мәдениет. Мәдениет – ұлттың мұрасы, құндылығы, дәстүрі, тарихы. Рас, онда «ескі» мен «жаңа» жарыстыру, әрқашан бейгеге қатар салу бар. Ұлы Жібек жолы арқылы Батыс халқы ұстанатын дін Шығысқа, Шығыс халқы ұстанатын дін Батысқа тарады.

Фалымдардың, ойшылдардың философиясы, жаңалығы, қысқасы ақыл-ой еңбегімен айналысатын адамдың еңбегі осы ұлы жібек жолы арқылы тарағ жатты. Батыс ақындары Шығыс шайырларына таңдай қақты. Шығыстық дүниетанымның терендігі, астары оларды ойға қалдырды. Шығыс фалымдары «Батыс философтары Шығыс ойшылдарының пәлсапасының өңін айналдырып, өзімізге қайтарды» деген пікірді жиі айтады.

А.Мамраимов «Соғыс өрті қайнап, өзендер ағысын өзгертіп, теңіздер кеүіп жатса да, Ұлы Жібек жолы өзінің таңғаларлық тауарларымен, кезбе әртістердің өнерімен және тамаша адамдардың өзара кездесулерімен жалғаса берді. Ұлы жол таланттарды туғызбай қоймады. Себебі бұл жермен жер жүзінің барлық адамдары жүріп өтетін. Жолды сауда ағыны десе болғандай еді. Озық ойлар мен пікір алмасулар географиялық жаңалықтар жерді игерудің жолдары мен әдіс тәсілдері қалалар салу, сәулет өнері, т.б. жөнінде дамылсыз пікір алмасулар жүріп жататын. Әртүрлі халық бұл жерге өз өлеңдерін, әндерін, билерін музыкасын, әдет ғұрпын, салт дәстүрін ала келетін. Осының нәтижесінде адамзаттың ғасырлар, мыңжылдықтар бойы жинаған тәжірибелері байи түсті» деп жазады [1].

Жібек жолы бойында Әл-Фарабидың, Ибн Синаның трактаттары, Жүсіп Баласағұнның «Күттү білігі», Кожа Ахмет Яссайдің «Диуани хикметі», Рудаки, Фирдауси, Бирунидің пәлсапалық дүниелері әлемге тарады. Ал Батыстан Шығысқа Аристотель, Сократ, Платон, Демократиттің ғылыми дүниелері жетті.

А.Маханова «ХI ғасырдағы Түрік жұртының әйгілі ақыны Ахмет Иұғінеки өзінің «Ақиқат сыйы» шығармасында өнер-білімнің алмасуын былайша көрсетті:

Білімдінің сөзі үгіт, насихат, үлгі-өнеге,  
Білімдіні азиат та, араб та мақтады  
Малы жоққа-білім таусылмайтын мал,  
Қаржысы жоққа-білім таусылмайтын қаржы».

Ұлы жібек жолы халықаралық қатынас тілдерінің қалыптасуына да септігін тигізбей қоймады. Соғды тілі Ұлы жібек жолы бойындағы елдердің көбіне ортақ тіл болды. Ол еларалық қатынас құралына айналды. Сондықтан түріктер соғды тілін менгеріп алды. Махмұд Қашқари «Түріктер соғдыша, ал соғдылар түрікше біледі» деп жазды.

Соғды тілімен қатар түрік тілі де маңызды халықаралық қатынас құралы болды. Махмұд Қашқаридың көрсетуінше, Шын, Машын халықтары түрікшені жақсы білді. Түрік тіліне әлемдік діндер ілімдеріне қатысты қаншама шығармалар аударылды. Ұлы жібек жолы арқылы түрік тіліндегі шығармалар өзге елдерге тараптады»-деп жазады [2].

К.Байпаков, А.Нұржанов «Жәлеледдин Руми (1207-1273) өзара мәдени алыс берістер мен өзара түсінушілікті асқан шабытпен жырлады. Руми былай жазды: «Кейде түрік пен үнді оп онай ортақ тіл табыса кетеді. Кейде екі түрік бір бірін жаттай сезінеді. Ендеше жанмен ұғынысу тілі дегеніміз-мұлде бір басқа нәрсе; бір тілдестіктен жанмен ұғынысу тілі қымбат». «Дін жүргегі» атанған абзат ақын Конье қаласында қайтыс болған кезде оны ақтық сапарға шығарып салуға мұсылмандармен қатар христандар да, иудеилер де буддаға табынушылар да бірлесе қатысқаны тектен тек емес-ті»-деп жазады [3].

Жібек жолы – әлемнің, түріктің, қазақтың тарихы. Тарих – адамның, әлемнің тағдыры. Адамның тарихы секілді жолдардың да тағдыры бар. Олар да «сөйлейді», пайда болады, өмір сүреді, өзінің миссиясын орындаиды. Олар да «өледі», жоқ болады. Сол жолдардың бойында талай сыр, құпия, жұмбақ қалды. Сол «жұмбақтың» қазір тарихшылар жауабын іздеуде. Бүтінде Шығыс пен Батысты байланыстырган Жібек жолына деген жаңаша көзқарас, зерттеу қолға алынды.

Өкінішке қарай, қазір қазақ мәдениетінің дамуына шығыстық мәдениетке қарағанда батыстық мәдениеттің ықпалы басымырақ. Оның обьективті себептері өте көп. Біз талай жыл Ресейдің ықпалында болдық. Біздер Шығыс ғұламаларының еңбектерін зерттеп, ғылымға енгізу орнына Батыс философтарын дәріптедік.

Тәуелсіздігімізді алып, тамырымыздан тануға ұмтылып жатқан кезде «Біз кімбіз?» деген сауалға жауап іздедік. Сол сауалдың негізгі жауабы «Қазақ – өзінің шығыстық түп-тамырыңа орал!» еді. Тәуелсіздік алғалы өз мәдениетіміз берін әдебиетімізді, жалпы ұлттық құндылықтарымызды түгендей, түркі жұртына ортақ ғұламалар мен қазақ ойшылдарының еңбегін зерттеп, зерделей бастадық. Соғыс жылдары мәдениеті «данғазаланып» кеткен Батыс Шығыс мәдениетіне қайта ден қоя бастады. Осыдан жарты ғасыр бүрынғыдай Шығысқа

«екінші сортты халық» деп емес, өздерімен терезесі тең халық деп қарай бастады. Фалымдардың зерттеуіне сенсек, қазір Батысқа қарағанда Шығыс дамып жатыр. Бұған басқа-басқа бір Малайзияның өзі мысал бола алады.

Қорыта келе Ұлы жібек жолы әр түрлі елдердің өзара білім алмасуына орасан үлес қосты. Бүгінде Әл-Фараби, Ибн Сина, Платон, Аристотель, Сократ еңбектері бүкіл адамзатқа ортақ мұра.

#### **Колданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мамраимов А. Ұлы жібек жолындағы киелі жерлер. 2009.- 11 б.
2. Маханова А. Ұлы Жібек жолы 2009.- 118-119 б.
3. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 203 б.

*Махамбетова А. С.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Дінтану және мәдениеттану  
кафедрасының  
1-курс магистранты*

### **ИСЛАМ ТЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ МАТУРИДИ ЖӘНЕ АШҒАРИ ПІКІРЛЕРІНІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ**

Абу Мансур әл-Матуридиді Абу Хасан әл-Ашғаридің шығыс аналогы ретінде бағалау айтуға ғана оқай. Бір қырынан қарағанда, екі теологтың арасындағы қатарластық пен үйлесімділікті көруге болады. Атап айтқанда, Матуриди де, Ашғари де бір дәуірде өмір сүрген, екеуі де мұғтазилиттерге қарсы құреспен. Әйтседе, Абу Хасан әл-Ашғари дүниеге келіп, өмір сүрген ортасы - Басра қаласы бүлік пен бидғаттар ордасына айналған еді. Фықых пен хадистерді қatal сынға алған мұғтазила топтаратының идеялары Басра аймағында басымырақ болатын. Ал Абу Мансур әл-Матуридидің ғылым мен білімге сузындал өскен жері - Саманидтер билік құрган өлкө - оқу мен білімнің, жақсылықтың қазынасы, исламның алынбас биік қамалы ретінде танымал еді. Мауараннahr төңірегінде де мұғтазила бағытының идеяларын қолдаған топтар болды және Абу Мансур әл-Матуриди өзіндік көзқарастарымен оларға қарсы төтеп бере алды. Екі теологтың да қарсыластары бір болғандықтан, мақсат пен міндеттері де сырттай біркелкі болып көрінуі мүмкін. Алайда, бұл көрініс оларға ортақ ерекшелік емес, сол дәуірде жүргізілген пікірталастың бір бөлігі болатын. Бұндай пікірді У. Рудольфтің ғылыми еңбектерінде көздестьреміз [5, 246 б.] .

Екі ғұламаның құран мен хадис аясындағы сенім, ақиқатқа жету жолдары, Аллахтың заты менен сипаты, күнә мәселелері туралы пікірлері де өзгеше. Абу Хасан әл-Ашғари: «Аллаh тағаланы тану үшін шарифат негіздері керек, ақыл жеткіліксіз» - десе, Абу Мансур әл-Матуриди тобы Имам Ағзам Абу Ханифа іліміне сүйене отырып, «Аллаh тағаланы тану үшін адамның ақылы жеткілікті» - дейді [1, 78 б. ].

Жалпы Абу Мансур әл-Матуриди шарифаттың нұсқауымен ақыл-ойға сүйенеді. Ал Абу Хасан әл-Ашғари болса, нақли дәлелдерді көбірек ұстанып, оны іске асыруға тырысты. Абу Мансур әл-Матуриди құран аяттарына сүйеніп, «Аллаh тағала адам баласына ойланындар, пікір жүгіртіндер, ақылдарынды қолданындар»-деген өснег қалдырды. Бұл тұжырым ақылдың және ойланудың ғылым мен білімнің негізі екенін көрсетеді.

Дегенмен, екі ғұламаның да сенімдік ұстанымы ортодоксальді мұсылмандық сенімді құрайды. Қос ғұламаның сенімдік көзқарасындағы көп ерекшелікке қарап, зерттеушілердің бір тобы екі мәзіннің арасында үлкен айырмашылықтар бар деп түйін жасаса, келесі топ айтарлықтай өзгешелік көрмей, тек ұқсастықтарын анықтап жатады. Әсіресе, Тадж ад-дин ас-

Субки аса маңызды емес, жанама мәселелерге көп көңіл аударып, екі теологтың доктриналарының айырмашылығын 13 (хилафатта) пунктте: алтауы мәндік (магнаи), ал жетеуі (лафзи) сөздік мағынасы жағынан бөліп қарастырады. Ал әл-Байади бұл тізімді 50-ге дейін жеткізеді. Эйтсе де, әл-Байади де қос ғалымның ілімдеріне емес, кейінрек пайда болған екі мектеп арасындағы пікірталастарға тоқталады.

У. Рудольф атап көрсеткендей, зерттеуші ғалымдардың басым бөлігі екі пікір болмысының айырмашылығын көрмейді. Абу Хасан әл-Ашғари алғашқыда мұғтазила бағытын ұстанған ғалым болған, кейінрек ханбалиттерге бас ұра қосылуға талпынды. Ал Абу Мансур әл-Матуриди шығыс ханафи мектебі идеясымен өсіп, өлгенше сол бағыттың көрнекті өкілі ретінде танылды. Матуриди ешқашан суннаға тиесілігін ресми дәлелдеген емес. Сондықтан да ол мұғтазила бағыты өкілдерімен нақты да сенімді тұрғыдан айтыса білді. Келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, екі ғұламаның туыстас мектеп өкілдері деген пікір жаңсақ деп санаймыз.

Енді Абу Мансур әл-Матуриди мен Абу Хасан әл-Ашғари көзқарастарының кейбір негізгі айырмашылығы мен ерекшеліктеріне тоқталайық:

1) Абу Мансур әл-Матуриди: «Аллаһ тағаланы адам баласы білуі тиіс, сонымен қатар, бұл ақыл арқылы іске асқаны жөн»-дейді.

Абу Хасан әл-Ашғари пікірінше: «Аллаһ тағаланы тану үшін шаригат негіздері керек, ақыл жеткіліксіз» [5, 82 б.].

2) Абу Мансур әл-Матуриди жаратылған заттың жақсылығы мен жамандығы туралы тұжырымында заттардың мәнін үш топқа бөледі. Олар:

- а) адам ақылының өзі жақсылықты тани білуі;
- ә) адам ақылының өзі жамандықты тани білуі;
- б) жақсылығы мен жамандығы жасырын болған дүниелер.

Осы сияқты мәселеде жамандық пен жақсылықтың тарапын тек шаригат шешеді. Абу Мансур әл-Матуриди Имам Ағзам Абу Ханифа пікірлерін растай отырып, былай дейді: «Ақыл барлық нәрсені шешіп тұрса да, адам баласы үшін шаригатты жіберген Аллаһ тағаланың әмірінен ұзақтамауы тиіс. Ақыл діни заңдылықтардың мәнін шешуде тек жалғыз өзі мәселені шеше алмайды. Өйткені діни заңдылықтардың үкімі мен шешімін тек жаратушы Аллаһ тағалағана бұйыра алады».

Абу Мансур әл-Матуридидің бұл таңдаған жолына, Абу Хасан әл-Хасан әл-Ашғари былай қарсы пікірін білдіреді: «Заттың жамандық пен жақсылық тараптары жоқ. Әдемілік те, жамандық та шаригаттың көзқарасы бойынша анықталады» [3, 54 б.].

Жақсылық Аллаһ тағаланың әмір еткендігі үшін жақсылық болып саналады. Ал жамандық болса, жаратушы Аллаһ тағаланың тыйым салғандығы үшін жамандық. Бұл мәселеден Абу Мансур әл-Матуридидің мұғтазила топтары мен ашғарийа топтарының аралығындағы бейтарап бағытты ұстанғандығын байқауға болады.

3) Жабр (зорлық) мен ихтийар (ерік, қалау) мәселесі. Абу Хасан әл-Ашғари пікірінше пендениң фіғлдерінің (іс-әрекеттерінің) Аллаһ тағала тарапынан жаратылғандығын айта отырып, тек қана касб (орындау) ету пендеге тән екенін айқындаиды. Пендениң жауапкершілігі, сауап пен жаза да осы касбка (орындауға) байланысты. Ал Абу Мансур әл-Матуриди болса, Аллаһ тағала барлық тіршілік иелерімен бүкіл іс-әрекет, заттарды жаратты. «Іс-әрекеттерді Алладан басқа біреу жаратты» - деген пікірдің қате екенін айта отырып, Аллаһ тағаланың хикметі, тек қана пендениң ихтийары (қалауы) арқылы орындалатынын, қайырлы істерге сауап, жаман істерге жаза берілетіндігін еңбегінде ашық жазды. Негізінде пендениң амәл-әрекеттері жаратушы Аллаһ тағала тарапынан жаратылған. Бұған дәлел құран көрімнің мына аяты: «*Алла сендерді де жасаган нәрселеріңді де жаратты*». (Сағфат сүресі, 96-аят). Мұғтазила пікірі бойынша: «пенделердің істерінің орындалуы Аллаһ тағаланың берген бір күші арқылы, пенделер тарапынан жаратылады»-дейді [4, 67 б.].

Бұл жерде Аллаһ тағаланың жаратқан амалдар мен пенденің жаратқан амалдары қарама-қайшы келгендіктен Абу Мансур әл-Матуриди бұл теорияны қабыл етпейді. Бұл тақырыпта Абу Мансур әл-Матуриди пікірі Абу Хасан әл-Ашғари пікірімен сәйкес келеді. Пенденің касбы (орындау) бар, бұл касбын орындауға пенденің өзінде еркі болады. Адам осы касбы (орындауы) арқылы сауап пен күнәні жасайды. Алайда Абу Хасан әл-Ашғари адамның бұл касбы Аллаһ тағала тарарапынан жаратылып, пенденің еркімен бірлесетін құбылыс деген пікір білдіреді. Дәл осы тұста Абу Мансур әл-Матуриди бұған келіспей, адамның касбы Аллаһ тағаланың пендеге берген бір қуаты арқылы іске асады. Адам баласы осы қуат арқылы өз ісін қаласа іске асыра біледі немесе керісінше қаламаса іске асырмайды. Бұл касбты орындауда адам баласының өз еркі біледі. Сол сияқты сауап пен жаза да осы жүйеге сай келеді. Бұл жағдай Аллаһ тағаланың адам баласының ісін жаратуы мен адамның осы құбылыстарды орындауда еркіті еkenін көрсетеді. Абу Мансур әл-Матуриди қорыта келе касбтың (орындау) құлдық қуаты мен әсері арқылы орындалатынын айтады. Имам Ағзам Абу Ханифаның иститаша ұғымы мен Абу Мансур әл-Матуриидің касб қуатының сәйкес келетіндігін ұмытпағанымыз жөн.

4) Матуриидің Аллаhtың іс-әрекеттері хақындағы көзқарасында өзге каламдық мектептің өкілдеріне қарағанда біршама айырмашылықтар бар. Ашғари: «Аллаһ тағаланың жасаған іс-әрекетінен себеп іздеуге болмайды. Өйткені, Аллаһ жасаған іс-әрекеті үшін жауапқа тартылмайды. Жасаған іс-әрекеті үшін жауапқа тек адамдарғана тартылады» деп білді.

Бұл мәселе бойынша Матуриидің пікірі өзгеше. Оның пікірінше: «Аллаh бей-берекет әрекет етпейді. Аллаhtың әрбір ісі хикметке толы... Аллаh хикметті мәжбур немесе зорығып жасамайды. Өйткені, Ол нені қаласа, соған қол жеткізеді. Осы себептен де Аллаhtың тек өте лайықтыны жасауы уәжіп деп айта алмаймыз. Аллаh жаратылғандардың алдында белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға міндettі емес. Аллаhtан бір нәрсенің жасалуын уәжіп көруіміз, Оны жауапқа тартуымызбен бірдей ұғым. Ал, Аллаh мұндай кемшіліктен ада».

Осы мәселе бойынша Матуриди Аллаh пендесіне күші жетпейтін нәрсені жүктемейді және оны күші жетпейтін іске жауапты қылмайды. Себебі, Құранда былай дейді: «Аллаh кісіге шамасы келмейтінді жүктемейді...», («Бақара» сүресі, 286-аят). Ал Ашғари пікірінше, Аллаh қаласа, пендеге күші жетпейтін нәрсені бұйырып, оған жауапты етуі мүмкін.

5) Матуриди «иман кемімейді де артпайды да» десе, имам Ашғари «иманың кемуі де, кемелденуі де мүмкін» деді. [1, 79 б.]

Матуриди қазір мұмін болған адамды мұсылман атаймыз, бірақ та өлер алдында кәпір болса, күпірлікке кірген болып табылады деп тұжырымдаса, әл-Ашғари күпірлікпен өлген адам өмір бойы кәпір болған болып саналады, өмірінің соңында мұмін болып өлген адамның хәлі де осылай (өмір бойы мұмін болған) деп пайымдады.

Матуриди: «Инша аллаh мұмінмін» деуге болмайды, бұл өзінің иманына шубә келтірушілік деп мәлімдесе, имам Ашғари бұлай айтуға рұхсат етеді. Осы себептен де, Матуридия мәзhabындағылар: «Дінің не?» деген сұраққа, «Әлhamду лиллаh, мұсылманмын» деп жауап береді. Ал, Ашғария мәзhabындағылар: «Инша аллаh, мұсылманмын» деп жауап қайырады.

Имам Матуриди «иман мен Ислам» бір деп жарияласа, имам Ашғари «екеуі екі бөлек, Ислам сеніммен бойызыну, ал иман сенімін амалмен дәлелдеу» деп түсіндіреді.

Ашғари жан алқымға келгенде жасалған тәубе қабыл болмайтынын мәлімдесе, Матуриди мұндай тәубеге келу дұрыс деп ұйғарады. Бірақ, жан алқымға келгендегі иманың жарамсыз еkenін түсіндіреді. Осы тәріздес айырмашылықтар қос теологтың ілімінде көп кездеседі.

Пікірізді түйіндей келе, екі ғұламаны біріктіретін калам ілімі, бірақ әрқайсысы бұл ілімді өзінше түсіндіргенін анғардық. Ашғари - калам ілімі мен оның қағидаларын керемет менгерген ғалым. Калам ілімінің мазмұны мен тәсілін сунниттік қатаң дәстүршілдік қозқарастарды қорғау мақсатында пайдаланғаны байқалады. Ал Матуриидің түсіндірмесі

өзгеше, мутакаллимдердің әдіс - тәсілдерін қолдана отырып, калам іліміндегі дәстүршілдік діни көзқарас пен рационалдық ойдың тепе-тендігін сақтап қалуға тырысты.

Қазіргі таңда матуридия теологиялық ілімі біздің рухани дүниемізде ерекше орын алған. Сол себепті бұл теологиялық бағыттың өзектілігі мен өміршең екенін ескергеніміз жөн болар.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Н. Байтенова. Қазақстандағы діндер. Алматы, 2008.
2. Абу Муъин ан-Насафи. «Ат-Тамхид фи Усул ад-Дин». - Каир, х. 1407. / м. 1987.
3. M.S. Yazıcı oğlu. Maturidi kelam ekolünün iki büyük siması: Ebu Mansur Maturidi ve Ebül Muin Neseifi. - Ankara, 1985.
4. M.S. Yazıcıoğlu. Maturidi ve Nesefiye göre insane hürriyeti kavramı. M.E.B. Yayınları. -İstanbul: 1992. - 144 s.
5. Рудольф У. Эл-Матуриди и суннитская теология в Самарканде // Пер. с нем. яз. - Алматы: Фонд «XXI век», 1999.- 286 б.

*Маханова Н., Женісқызы А.  
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ,  
психология бөлімінің  
І курс магистранттары  
Ғылыми жетекшісі:  
психол. ғ. д., профессор Бердібаева С. Қ.,*

### **ТҮЛГА ДАМУЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

Қазіргі нарық заманы қойып отырған талаптардың бірі өзіндік бағалау жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл күндері өтіп жатқан еліміздегі түбекейлі өзгерістер тұлға құрылымының дамуына психологиялық түрғыдан жаңа сипатта қарауды қажет етеді. Өзіндік бағалау тұлғаның өмір сүріп отырған ортасына, сондай-ак, оның өз-өзіне деген қатынасына байланысты болады.

Тұлға дүниетанымы қоршаған шындықты бейнелеу нәтижесі екендігі белгілі. Тұлғаның өзіндік бағалауы осы шындықты қабылдап, өзіндік санасы мен «Мен» бейнесінің қалыптасуы болып табылады.

Ал, бағыттылық қажеттілік пен дәйектілік жиынтығы арқылы тұлғаның қызметін бағыттайтын ұғым. Ол адамның дүниетанымын білдіретін мұдделерінен, бейімділік, сенім, мұрат секілді ой нысандарымен сипатталады. Өзіндік бағалау- еңбек, таным және қарым-қатынастың күрделі өнімі болып табылады.

Кеңес психологиясында Л.Б. Божович [1] өз еңбектерінде басқа адамды тану өзін танудың алдын орайды және ол үшін қайнар көз бен тірек қызметін атқарады деп тұжырымдады. Басқа адамдармен өзін салыстыру, қатар қою өзіндік бағалаудың критерийі болып табылады. Тұлға өздерін басқалармен салыстыра отырып, өзгелерде бар қасиеттерді өзінен байқайды да, өз әрекет- қылықтарын, қасиеттері мен құрылымдарын ұғынады.

Көптеген зерттеулерде көрсеткендегі өзіндік бағалау тұлғаның өз мінез-құлығы мен іс-әрекетін талдау және бағалау негізінде қалыптасады. Бұл жағдайда тұлға қасиеттері ашылады.

Балалардың өзіндік бағалауының дамуы белгілі зерттеуші П.Р. Чаматаның [2] пікірінше, екі кезеңнен өтеді. Бірінші кезеңде бала өзін бағалауда өз әрекеттері мен қылықтарын бағалаумен шектелсе, екінші кезеңде тұлғаның ішкі қалпы мен қылықтық қасиеттері өзіндік

бағалау аймағына енеді. Екінші кезеңнің қалыптасуы жеткіншек кезеңде басталып, барлық өмір ағымында әлеуметтік тәжірибелі жинақтау және интеллектік дамуында жалғасын табады.

Тұлғаның бүкіл өмірінде қалыптаса отырып, өзіндік бағалау оның дамуында маңызды функция орынданап, адамның әртүрлі іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының реттеуші болып табылады. Тұлғаның өзіндік бағалауы қарым-қатынасқа, басқа адамдарға қатынасына, іс-әрекет жетістігіне және тұлғалық дамуына тәуелді болып келеді. Тұлғаның өзін дұрыс бағалауы рухани қанагаттануды береді.

Батыстық және американдық психологияр өзіндік бағалауды әлеуметтік ортаға тұлғаның бағдарлануын қамтамасыз етуші механизм ретінде қарастырады. Бұл жағдайда әлеуметтік орта адамға, оның қажеттіліктері мен ұмтылуарына жау ретінде түсінілді. Бұл көзқарас белгілі ғалым З.Фрейд және неофрейдистерге (К. Хорни, Э. Фромм, Г. Салливен) тән. Олар өзіндік бағалау ішкі қозулар мен сыртқы тыйымдар арасындағы шиеленістен тұрады деп есептеген. К. Хорни пікірінше тұлғаның құрделі ішкі шиеленістері өзін асыра бағалау және өзін төмен бағалаумен байланысты туынтайтының [2]. Белгілі неміс психологы К. Левин және оның шәкірттері өзіндік бағалауды мотивтер, қажеттіліктер, талаптану деңгейі және олардың арақатынасында менгеруді ұсынды.

Тұлғаның өзіндік бағалауының қалыптасуы және тұлға дамуында оның рөлі американ психология К. Роджерс тұжырымдамасында ереше мәнге ие болады. Оның пікірінше, тұлға құрылымының негізгі буындарының бірі өзіндік бағалау және өзіндік сана болып табылады деп есептеген. К. Роджерс еңбектерінде өзіндік бағалау қоршаған ортаға бағдарлануды қамтамасыз ететін, ішкі талаптарды сыртқы жағдайлармен келістіруші ретінде анықталады.

Өзіндік бағалау обьективті, адамның ішкі дүниесінің өзгерістеріне сәйкес қозғалмалы бола отырып, тұлғаның жеке қасиеттері дамуының реалды деңгейін тұрақты бейнелейді. Л.И. Рувинский пікірінше, өзіндік бағалау бұрын бар деңгейді тікелей жою арқылы емес, оны қайта құру арқылы туынтайтының деп тұжырымдайтының [3] .

Тұлғаның өзіндік бағалауы құрделі және ұзақ процесс нәтижесі болып табылады. Өзіндік бағалау қалыптасуы үшін әртүрлі факторлар әсер етеді. Ол факторларға: айналадағы адамдардың бағасы, белгілі бір қасиеттері көрінетін іс-әрекет нәтижелері, адам өз жетістіктері мен кемшіліктерін талдай алуы, өз рөлі мен орнын түсіну жатады.

Өмірде адамның тұлғаралық қарым-қатынасы және белсенді іс-әрекет барысында басқалармен байланысы ауқымды болған сайын, солғұрлым ол өзін басқалармен салыстыра, теңестіре отырып, бағалауы мен өзіндік бағалауды бекіту мүмкіндігі жоғары болмақ.

Дегенмен де, өзіндік бағалау айналадағы адамдар бағасы негізінен туындаста және оның салдарынан өз әрекеті мен мінез-құлығының нәтижесін бағалай алмаса, онда дұрыс өзіндік бағалау қалыптаспайды. Адекватты және тұрақты өзіндік бағалау қалыптасуы үшін тұлға өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлығын интеллектік мүмкіндіктері арқылы бағалауы тиіс. Әрбір адам түрлі өмірлік жағдайларда өзін түсініп, айналасындағылардың бағасын салыстыра, өзі туралы өзінің обьективті пікірлерін туыннатуды қажет.

Тұлғаның өзіндік бағалауы көзқарастарға және құлықтық нормаларға тәуелді болып келеді. Осы көзқарастар мен құлықтық нормалар тұлғаның айналадағы шындықты дұрыс қабылдап, белгілі бір қатынас туындауына мүмкіндік береді.

Тұлғаның өзіндік бағалауы жас ерекшеліктерге байланысты болып келеді. Егер, кіші мектеп жасында баланың өзіндік бағалауы мұғалімнің және балалардың өзара бағалауынан туындаста, ал, жеткіншек шақта тұлғаның өзіндік бағалауы басқалардың бағалауынан ажыратылып, «өз көзімен» көру мүмкіндігін иеленеді.

Тұлғалардың бірін-бірі қабылдауының жастық және жекелік ерекшеліктерін айқындастын зерттеулерінде белгілі ғалым А.А. Бодалев көбінесе ересек сыналушылар тұлғаның сенімдері, еріктік сапаларын, еңбекке қатынасын маңызды қасиеттер деп есептеген [4] .

Кеңес зерттеуші Е.И. Савонька [5] пікірінше, өзіндік бағалаудың мінез-құлықты реттеуші ретіндегі қызметі тұлғаның психикалық ерекшеліктерімен қатар дамиды және әрбір жас ерекшеліктік деңгейде сапалық өзгешеліктерді игереді. Бұл қызметтің дамуын зерттеушілер тұрақты өзіндік бағалау қалыптасуымен байланыстырады. Себебі, өзіндік бағалау тұлғаның өзіне қатынасын білдіре отырып, оның мінез-құлығына ықпалын тигіздеді.

Тұлғаның өзіндік бағалауы дамуында тұлғаның жетістіктері мен сәтсіздіктерінің «қасиеттік» себептерін түсінуін ұйымдастыру маңызды болып табылады. Өз қасиеттерін түсіну мінез-құлық пен тұлға қасиеттері арасындағы тікелей байланыстарды айқындаумен сипатталады.

Тұлға белгілі бір әрекеттерді орындауда өз мүмкіндіктерін толық менгерген жағдайда іс-әрекет нәтижесі ойдағыдан болады. Кей жағдайда тұлғалар мүмкіндіктерін асыра бағалаушылықтары кездеседі. Бұл жағдайда адамда межелеген істің орындалмауында көрінетін фрустрация көрініс береді. Ал, бұл жағдай тұлғаның қалыпты психикалық жағдайына кері әсерін туғызыу әбден мүмкін.

Өзіндік бағалауда өзіндік бақылау өзін ұнату емес, ол тұлғаның өзіндік санасы мен өзіндік жетілу процесін дамыту процесі ретінде қызмет етуі қажет.

Тәжірибелік іс-әрекет тұлға сапасын қалыптастырады және дамытады. Өзінің мүмкіндіктерін және қасиеттері күнделікті өмірден тыс айқындауға ұмтылу дұрыс емес, адекватты емес өзіндік бағалауға алып келуі мүмкін.

Көптеген зерттеулерде өзіндік бағалау адамның өз әрекет-қылығын талдау және бағалау негізінде қалыптасады деп көрсетеді. Өзіндік бағалаудың көзқарастарға, құлықтық нормалар мен үлгілерге тәуелділігі балаң жастық шақта көрінеді. Себебі, осы кезеңді адамның дүниеге көзқарасы қалыптасуымен сипаттайды.

Балаң жастық шақта мінез-құлықтық норма негізінде өз мотивтері мен қатынастарын негіздеуге тырысады. В.С. Мерлин [6] өз зерттеулерінде балаң жастық кезде тұлғаның психологиялық құрылымын руханилық тұрғыда бағалай бастайды деп есептеді.

Тұлғалардың бірін-бірі қабылдауының жастық және даралық ерекшеліктерін айқындауши зерттеулерінің бірінде белгілі ғалым А.А. Бодалев адамдардың қандай бітістері мен әрекет-қылықтары маңызды екендігін айқындауда, сыналушы жасы негұрлым жоғары болған сайын, солғұрлым сенімдер, адам қабілеті мен дүние танымы туралы ойлар көптеп кездесетіндігін көрсетті [4]. Сыналушылар еңбекке қатынасы, адамның еріктік тұрпатын сипаттаушы қасиеттерге мән беретін болып шықты.

Тұлғаның өзіндік бағалау ішкі сезімдерден туындаиды. Кез-келген іс-әрекет барысында өзінің таным әрекетіне қанағаттануына, талапқа сай тапсырманы орындауына орай тұлғада жағымды эмоциялар көрінеді. Өзіндік бағалау деңгейі – генезис табалдырығының өзара байланысқан, бірізді туындаушы болып табылады. Олар сапалық тұрғыда ерекшеліктерге ие. Әрбір генетикалық соңғы туындаған өзіндік бағалау деңгейі бұрын қалыптасқанды жоюмен емес, көрісінше оны қайта құру негізінде жасалады.

Өзіндік бағалау–тұлғаның өзіне сынды көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігі болып табылады. Өзіндік бағалау тұлғаның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімдігін дамыта отырып, рухани қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Өзіндік бағалау тұлғаның өзін қоршағандармен қарым-қатынасы, өзіне сын көзben қарауы және талап қоя білуі, жетістікке немесе сәтсіздікке қалай қарайтыны арқылы белгіленеді. Сондықтан, тұлғаның жетістікке жету немесе сәтсіздікке ұшырау деңгейі өзіндік бағалаудың көрсеткіші болып табылады.

Өзіндік сана адамның өзін практикалық және танымдық іс-әрекеттің субъектісі ретінде ұғынуы және бағалауы болып табылады. Осы ойда, интеллекттік дамуды қарастырғанда өзіндік сана рөлін айқындау қажеттігі туындаиды.

Өзіндік сананы зерттеуші В.В. Столиннің еңбектерінде «Мен» және «өзіндік сана» тұлғаның өзіндік бағалауын түсіндіруші ұғымдар болып табылады. Өзіндік сана өте курделі мәселелердің бірі [7].

Практическую реализацию евразийской стратегии Н.А. Назарбаева мы видим и в следующих идеях Президента. В Послании Президента народу Казахстана в феврале 2007 г. были определены конкретные направления по динамичному обновлению Казахстана в новом мире. Одним из ключевых направлений является утверждение позиций Казахстана как центра межкультурного и межконфессионального согласия в развитии «диалога цивилизаций».

В Послании 2008 года Президент сделал акцент на повышении качества жизни казахстанцев. И основной темой Послания «Рост благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики» стало совершенствование социальной политики государства. Опираясь на достигнутые экономические успехи, Глава государства отметил необходимость перехода к качественному и количественному развитию системы социального обеспечения [11].

Задача сохранения мира и согласия в стране определена Президентом РК Н.А. Назарбаевым в его Послании народу Казахстана «Через кризис к обновлению и развитию» в качестве основного условия преодоления «жесточайшего в истории планеты кризиса». Президент подчеркивает, что курс государства, определенный Стратегией развития страны до 2030 г., остается прежним: «...процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев остаются важнейшей триединой задачей для нашего государства» [12].

В Послании 2011 года «Построим будущее вместе» было обращено внимание на социальную политику государства. К сферам, которые будут развиваться, согласно Посланию, относятся системы образования и здравоохранения, языковая политика, занятость населения, модернизация объектов жилищно-коммунального хозяйства, обеспечение населения качественной питьевой водой и повышение качества жизни через увеличение доходов. То есть уделяется больше внимания на решение каждодневных житейских проблем казахстанцев.

Свою роль в деле консолидации казахстанского общества должна играть Доктрина национального единства, принятая в апреле 2010 года. Особую важность представляет заявление Президента Казахстана о том, что Доктрина национального единства нацелена на то, чтобы стать настольной книгой каждого казахстанского политика, руководством действий для каждого депутата, управленца, ученого и журналиста. С ней должны сверяться любые политические документы и законы.

Миссия этого документа исключительно важна - разработать общие принципы построения процветающего Казахстана как общего дела всех жителей Республики, вне зависимости от их этнической принадлежности. Очень важно, что в Доктрине делается попытка четкого определения терминологии, в том числе и самого понятия "национальное единство", которое, обладая определенными универсальными характеристиками, в то же время, несет в себе и уникальные казахстанские черты.

Под национальным единством понимается целостность существования этнических общностей в составе единого государства, высокая степень самоидентификации граждан страны с Республикой Казахстан, с существующей системой ценностей и идеалов [13].

Стратегия «Казахстан-2030», актуальность которой с каждым годом растет; успешно реализованная программа «Путь в Европу», результатом которой стало председательство республики в ОБСЕ в 2010 году и проведением Саммита организации 1-2 декабря в Астане; «Дорожная карта», в ходе которой был проведен капитальный ремонт многих

коммуникационных объектов, зданий; новый «Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года», в котором были поставлены задачи на грядущее десятилетие и другие – всё это результат работы многих экспертов и специалистов, будучи озвучены Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, получили поддержку в народе. Последнее не только будет способствовать консолидации казахстанского общества на основе общности целей и задач, но и качественно изменит жизнь казахстанцев к лучшему при поэтапной реализации этих задач.

Координируемая Президентом работа по заложению основ консолидации в долгосрочной перспективе должна привести к намеченной цели. При реализации всех программных и стратегических задач и целей Казахстан войдёт в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран, станет реальным региональным лидером, займёт достойное место на мировой арене.

#### **Список использованной литературы.**

1. Кадыржанов Р.К., Нысанбаев А.Н. Институт президентства как субъект модернизации и консолидации современного казахстанского общества // Казахстан-Спектр. – 2007. - №3
2. Назарбаев Н. А. Идейная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана // Стратегия независимости. Алматы. 2003. С. 84-120
3. Национальный совет по государственной политике при Президенте Республики Казахстан. Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан. - Алма-Ата, 1996. - С.25-26
4. Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан – Алматы: ЮРИСТ, 2009. – 20 с.
5. Казахстан – 2030. – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – С.3-37
6. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира: приоритеты и пути их реализации». - Алматы. – 2006.
7. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» — стратегия очередного этапа развития страны // Послание Президента РК Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» — стратегия очередного этапа развития страны: Материалы «круглого стола» (11 апреля 2007 г.). — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007. С. 5-60
8. Концепция достижения качественно нового уровня конкурентоспособности и экспортных возможностей экономики Республики Казахстан на 2008-2015 годы. – Алматы. – 2008.
9. Нысанбаев А., Маинин Т. Нурсултан Назарбаев: Казахстан – территория мира и согласия. - Алматы. – 2005.
10. Стратегия «Казахстан-2030» в действии: десять лет успеха. Выступление Президента Нурсултана Назарбаева на конференции, посвященной 10-летию Стратегии «Казахстан-2030г. Астана, 12 октября 2007 года // <http://www.kazpravda.kz>
11. Назарбаев Н.А. Рост благосостояния граждан Казахстана — главная цель государственной политики. Послание Президента народу Казахстана // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
12. Назарбаев Н.А. Через кризис к обновлению и развитию. Послание Президента народу Казахстана // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
13. Доктрина национального единства // Юрид. газета. от 28 октября 2009 года.

*Тоқсанбаева Н.Қ  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
професоры, псих. ғ. д.,  
Есбергенова Г.Б., Шалхарбекова Н.А.,  
Жалпы және этникалық психология  
кафедрасының докторанттары*

## ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СЕБЕПТЕРИ

Біз ХХІ ғасырда ғылыми-техникалық прогресс пен компьютерлендіру ғасырында өмір сүріп отырмыз. Адамзат өзінің дамуында көп ілгері жылжыды.

Жасөспірім бойында ес біле бастағанан қалыптасатын қызғушылық, кей жағдайда есейе келе үлкен өкініштерге әкеліп соғып жатады. Олай дейтініміз - кей ата-ана ойнап жүріп қасындағы баласының қолына іліккен ойыншығын алғып келген баласына қайдан алдың? – не болмаса «апарып бер» деген сұрақ – бұйрықтың орынына керісінше баласына, жат әрекетін макұлдағандықтан танытса, ол баланың санасына сенім ұлатып келесі сондай іс-әрекетті қайталауына жол ашады.

Олардың әртүрлі іспен шұғылданбауы немесе жан-жағындағы қоршаған ортасының, айналасындағы достарының немесе біреудің қорқыту, үрейлету қасақана қылмыс жасауына итермелеу арқылы түсіп кету болып жатады.

Девиантты міnez-құлышты жасөспірімдердің типтік өзгешеліктері эмоциялық түрғыдан ашуланшақ, білектің қүшіне сену, білекті баланың алдында жалпақтау, мейрімсіздік, дөрекілік қиқарлық, сезімшілдік, менмендік қызықтарымен сипатталады.

Я.И.Гилинскийдің позициясы бойынша, девиацияның көзі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің, әртүрлі әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі айырмашылығының жоғарғы дәрежеде болуында [1].

Ауытқымалы міnez-құлыштың жалпы зандылықтары ретінде девиациялардың әртүрлі формалары арасындағы өзара тұрақты байланыс деректері баяндалады. Бұл байланыстар бір құбылыс басқасын қүшеттегін әлеуметтік патологияның бірнеше формаларының индукция түрінде болуы мүмкін. Мысалы алкоголизм бұзақылықтың қүшеюіне әсер етеді. кейбір жағдайларда керісінше, кері корреляциялық тәуелділігі (адам өлімі, өз-өзіне қол жұмсау деңгейі) қондырылған.

Девианттылықтың байқалуының барлық формалары экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, мәдениеттілік және т.б. көптеген факторларға тәуелділігі де бар.

В.Н.Иванов девиацияның мынадай себептерін белгіледі: бұл маргинализация ұғымында көрініс алған қоғамның әлеуметтік қарым-қатынастарындағы өзгерістер, яғни әртекті әлеуметтік патологиялардың «тұрақсыздығы», «арақашықтығы», «көшүі», «тарауы» [2].

Әлеуметтік күтілетін жағдай мен әлеуметтік қажеттіліктер деңгейінің төмендеуі маргиналдардың әлеуметтік міnez-құлышына тән ерекшеліктің бірі. Бұның қоғам үшін ең қатерлі ізі – оның рухани өмірде, тұрмыста, өндірісте байқалатын қарапайымдылығы болып табылады. Анық және жасырын формаларда өсіп жатқан жұмыссыздық қоғам маргинализацияның қүшеюінің негізгі әлеуметтік көзі болуда.

Басқа себептер тобы әртекті әлеуметтік патологияларды таратумен байланысты. Жекеклеп алсак, психикалық аурулардың, алкоголизм, наркоманияның кең етек жаюы, түрғындардың генетикалық қорларының нашарлауы. Сонымен қатар түрлі әлеуметтік ауытқулар: қанғыру, қайыр сұрау және жезөкшелік формаларындағы әлеуметтік паразитизм кейінгі уақытта кеңінен тараған. Осыған ұқсас әлеуметтік ауытқуды өмір сұру қалпына қалыптастыратын прогрессивті орнықтылық. Бұл паразитизм әртүрлі формаларда қауіпті.

Осындағы әлеуметтік мәселелер (наркомания, алкоголизм, агрессия, бұзақылық т.с.с.) бізді көбіне не себепті болатыны жайлы ойландырады. Неге бала алғашқыда ашық, мейрімділікке ұмтылған болады, кейін өсе келе, міnez-құлыштың асоциалды типін менгереді. Біздің қоғамымызда қайырымдылық, мейрімділік, бір-біріне құрметдеген ұғымдар жетіспеушілігі көбіне бала тағдырына немқұрайлы катынасты орнатады. Балаларды мектеп-интернаттарына,

балалар үйіне, сонымен қоса арнайы мектептерге жіберу мұғалдімдерді мұлдем толғандырмайтын да болды.

Осыдан деңсаулық сақтау, білім беру және басқада қатысты мекемелердің үйымдары сәйкес шараларды қабылдау қажеттігі туындаиды. Балалар мен жасөспірімдер арасында алдын-ала қолданылатын шаралар жұмыстарын үйымдастыру үшін, жедел түзету, оның нәтижелілігін бағалау үшін әрқашан жағдайларды тексеріп отыру қажет. Ол үшін мектеп психологтары өз орындарында қауіп факторларының мониторингісін өткізу қажет.

Қазіргі кездегі девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге тән ерекшелік, олардың шамамен 90%-ға жуығы мектеп, оқу бағдарламаларында үлгермеушілер. Бұлардың көпшілігінің ақыл-естері бар, дендері сау оқуға қабілетті. Бірақ араларында кездесіп қалатын бірлі-жарым жасөспірімдердің ақыл есінде көзге көріне қоймайтын ақаулары бар, сол себептен олар, үлгермеушілер қатарында қалып қойады

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерге мінездеме бергенде, олардың енбекке қатысы туралы өзгешеліктеріне де көніл аудару қажет. Қын оқушылардың 94%-ы өзін-өзі күту, тұрмыс енбектерін тиянақты атқаруға әдет-дағдылары жоқ болса, олардың 32%-ы бұл енбек түрінен әр түрлі сұлтаулар айтып, бойларын аулақ ұстауға тырысады.

Девиантты мінез-құлық категориясын туындаатын себептер мыналар болуы мүмкін:

1. Басқа мемлекеттердің идеологиялық және моральдық теріс әрекеттері. Қазіргі заманда жастарға қатты әсер ететін фактор - бұқаралық ақпарат құралдарының кең таралуы (әсіресе теледидар арқылы батыстық, яғни Батыстың «әдемі» өмірі жайлы мифтер, т.б.) таратуы.

2. Адам санаында және өмір салтында дәурені өткен жаман әдет қалдықтарының қалып қоюы. Мұндай элементтер: ұлтшылдық, шовинизм, басқыншылық, бюрократизм және т.б.

3. Адамның әлеуметтік прогрестегі пассивті ұстанымы. Адамның қоғамдық қатынастарға және енбекке салғырттық сияқты жаман қызықтарға бой алдыруы.

4. Тұлғаның өз даму қатарынан артта қалуы, адамдармен дұрыс қарым-қатынасқа түс алмауы. Баланың тәрбиесіздігі, әдепсіздігі, дөрекілігі және т.б жағымсыз мінез-құлық бітімдері олардың ортадағы өмірін қындаатады.

5. Балалар мен жасөспірімдерге қоғамдық тәрбие берудегі кемшіліктер мен қателіктер. Мектеп өзінің тәрбиеленушілеріне ерте бастан әлеуметтік қажетті кәсіп таңдауына көмектесуі керек. Тек сонда ғана тәрбиеленушінің қоғамдық өмірге деген қызығушылығы артуы мүмкін.

6. Мектептегі және отбасындағы тәрбиедегі кейбір жетіспеушіліктер. Мұнда кейбір жасөспірімдер педагогикалық ұжымда жүргізіліп жатқан тәрбиелеу іс-шараларына жете бағынбайды, сөйтіп ал өзінің интеллектуалды даму жолынан қалып қояды [3].

Жанұядағы, мектептегі тәрбие жұмыстарынан кеткен қателіктер, кемшіліктер, жинақталып келіп қоғамдық тәрбиедегі қателіктері байланысып балалардың тәртібін одан әрі шиленістіре береді. Жанұядағы кеткен кемшіліктер мектеп жағдайында одан да бетер күрделендіре түседі. Себебі мектепте де баланың жеке басын сыйламаушылық кездеседі. Мектеп мұғалімдері мен жасөспірімдердің қарым-қатынастары ақыл айту мен ұрысу мен ар-ожданына тиу тәрізді педагогикаға жат әрекетімен сипаталынады.

Белгілі педагог А.В.Сухомлинский кезінде баланы тәрбиелеудің екі қайнар көзі бар екенін атап көрсеткен болатын.

Біріншісі – оқушыға, тәрбиеленушіге, саналы түрде әсер ету.

Екіншісі – баланы коршаған «күрделі» орта деген [4].

Девиантты мінез-құлықты балаларды тәрбиелеу процесін үйымдастыруда педагогтар оқушылардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескере білулері қажет. Себебі педагог қандай да бір ықпалдар жасамасын, олар баланың ішкі жан дүниесімен сабактасып жатуы тиіс.

А.В.Сухомлинский көзімен қарайтын болсақ бірінші деп, тәрбие жан-жақты, нәтижелі болу керек.

Екіншіден баланы «қоршаған ортасы» өмірдің көлеңкелі жақтарының әсер етуі – белгілі мөлшерде стихиялы сипат алады.

Адамның қоғамдық белсенділігі, оқуға, спортқа, көркем өнерпаздыққа деген қызығушылықтарын арттырады. Қоғамдық жұмыспен айналыспайтын жасөспірімдер жағымсыз істерге жақын жүреді.

Жасөспірімдердің психикасы, жас балалардың да, ерсектердің де психикасынан өзгешелік бар, импульсивтік, жоғары әсерленгіштік, қызбалықа тез түсіп, көңіл қүйінін тұрақсыздығы, өз-өзіне, сенімсіздік өз әрекетінің дұрыстығына жиі күмәнданду тән. Олардың бойындағы психикалық қасиетер мәселен, мақсаттылық пен табандылық, тұрақсыздыққа өз-өзіне сенімділік пен сыйламаушылық, сенімсіздік пен жабырқаушылыққа жиі алмасып отырады. Бұл жағдай бала бойындағы тұрақсыздық құбылмалдығын көрсетеді. Бұл сияқты құбылмалы психикалық қасиетер- жасөспірімдердің девиантты әрекеттер жасаудың өз әсерін тигізбей қоймайды. Бұл оның айқын дәлелі. Кез келген жасөспірім өз бетінше әрекет етуге, өзін-өзі реттеуге тәрбиелеуге, қабілетті өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде таныла отырып, тәрбиеленудің тек объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісі болып танылады сондықтан жасөспірімді жай оқытып және тәрбиелеп қана қою аз. Сондай-ақ оны өзін-өзі тәрбиелеу мен саналы түрде айналысуға үйрету қажет. Көптеген жағдайлар сыйнаптас балаларымен өзіне деген нашар қарым-қатынасын, жақын қабылдап, қатты қүйзеліске түсетін оқушылар да табылады. Сыйнаптастарына қанағаттанбағандықтан, олардың қоғамға жат әрекетінен көрініп, кейде кері әрекеттерге ұрындырады көбінесе, сабака үлгермеушілік, жат қылыштар жасаудың себепші бола алады. Осылың байланысты педагогикалық мәселелердің маңызды жақтары туындейді. Жекеленген баланы сыйнапта ешкім жақсы көрмейді, ешкім достасқысы келмейді. Достарымен қатынасының болмауы ол баланың жеке басына көптеген кері әрекетерін ұялатып, ол тәртібінің өзгере бастаудың көрінеді. Жекеленіп қалған жалыздық шеккен балалар девиантты мінездіктердің құлықты балалар санын толықтырады.

Жекешеленіп бөлектенген балалар өзіне жақын ортанды тағы да басқа жақтан іздейтіндіктен қоғамда жолықкан кездейсоқ достарының да өзі сияқты болмасына кім кепіл.

Кей кездері мұғалімдердің балаға сенімсіздікпен қарауы үлкен зиянын тигізеді. Соның нәтижелері баланың өзінің қоршаған барлық дүниеге қалай болса, солай қарап, мұғалімнің талабын тыңдамай, тік мінезділік, дауыс көтерушілік, ашу шақыруушылық сияқты қылыштарымен көзге түседі.

Біздің пікірімізішіе, балаға мұғалім тарапынан бақылаудың болуы, болса да нашар болуы тағы да оның тәртіпке зиянын тигізбей қоймайды, бір қараганда сабактан қалу, үйге берілген тапсырманы орындауда, сабакқа кешігу, сылтау ретінде өтірік айту түкке тұрмайтын айғақтар сияқты көрінген мен оның болашаққа тигізег зияны мол.

Мұғалімдердің мұндай әрекетке өз дәрежесінде назар аудармауды бала бойына еркіндікті дамытып, жауапсыздыққа, немісіз қаралып, деген сенімін артыра түседі.

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің девиантты мінездіктердің құлықты болуының басты себебі – баланың пайдалы іспен айналыспауды десек, жоғарғыда айтып кеткендей оның бос сандалыстан көп өкініштерге ұрындырып жататыны айтпаса да түсінікті. Осы орайда В.М. Бехтеревтың «Баланы тәй-тәй басып қолына затты мықтап ұстай бастағаннан бастап-ақ үнемі еңбекке үйрету керек» – деген пікірі мен келісуге болады. Мектептен тыс уақытта кітап оқу, үйрімеге қатысу, көркем өнерпаздар үйрімесіне қатысу не болмаса спорттық көптеген түрлерімен айналысу – қазіргі кезде жасөспірімнің әрекетінен қалып бара жатқан құбылыс әрине бұл жерде бір бала өзіне пайдалы іспен айналыспай, бос сандалыс пен күй кешеді деген жаңсақ пікір тұмасы керек [5].

Бала ағзаның құлдырауына әкеп тірейтін нәрсенің бірі ішімдік болса, ол өткен ғасырлардың аяғындағы көрнекті дәрігерлердің тәжірбесімен дәлелденген. Ағза қаншалықты жас болса, оның әсері де соғұрлым жоғары болады. Әсіресе кері әсері 12-13 жас аралығында

жасөспірімнің ағзасына әсері зор. 12-13 жасөспірімнің арақтың әсерінен есту қабілеті төмендейді, бойында немқұрайлық пайда болады, окулықты нашар менгереді.

Сонымен ішімдік жасөспірімнің сана-сезімінің жетіліуіне, қалыптасуына зор зиянын тигізеді. Бұл оның айналасындағы болып жатқан оқиғаларға өз түрғысынан баға беруін төмендетіп, мектептегі сабакқа бармауын, қалыптастырады. Бос жүріске, кездейсоқ ортаға әуестендіреді. Мұндай әрекеттер баланың девиантты мінез-ұлықты боуына бірден-бір себептер бола алады.

Жастық шақ баланың сана сезімінің жан-жақты толысып дүниеге көзқарастың өзгеріп үлкен өмірге дайындағының аяқталатын кезеңімен тығыз байланысты. Жасөспірімдердің жастық шаққа өтер кезендері ( 9-13) оның өміріне көп өзгерістер әкелері хақ. 12-13 жастағы балалар ағзасын толық қалыптасатын бұл оның сыртқы бет келбетінде көп өзгерістер енгізеді. Сондықтан жастық шақ өтпелі кезең аталағында кейде ата-аналар мен педагогтар үшін «қыын» баланың қалыптасуына әср етсе «қыын» жас деген атауға иеленеді.

Сонымен қорыта айтқанда, өтпелі кезенде жасөспірімнің еліктегіш келетіні, жақсыға ұмтылу, ұқсағысы келетіні, қайталағысы келетіні белгілі. Өтпелі кезеңнін «құйын» сияқты өткінші елестерге толы болуы бала өміріне қауіп төндірері де сондықтан.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гилинский Я.И. Девиантное поведение подростков: состояние, проблемы, перспектива //Бюллетень Защиты прав Ребенка.-СПб.,1994.-С.7-12.
2. Уманов Г.А. Причины преступности несовершеннолетних.-Автореф.дисс.канд.пед.наук.-М.,-1965 – 16 с.
3. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы.-Алматы:Мектеп,1976 -215б.
4. Қайырова Ж.А. Мінез-құлық ауытқушылығының себептері //Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика.-2005.-№4.-Б.6-52 .

*Туленова С.М.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«Мәдениеттану» мамандығының  
1 курс магистранты*

### **ЖАСТАР МӘДЕНИЕТИНІҢ БАТЫСТЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫҚ КӨРИНІСІ**

Кез-келген елдің болашағы, қоғамның қозғауышы күші – жастар. Әсіресе жаңадан тәуелсіздік алып, аяғынан тұрып келе жатқан мемлекеттің болашаққа байыппен қарауы үшін үлкен әлеуметтік күш болып табылатын жастар мәселе сініне баса назар аударуы қажет. Еліміз Тәуелсіздік алушмен «айқара ашылған» есігімізден мемлекетке сырттан кіріп жатқан әр түрлі Батыстық жіне Шығыстық діни секталар мен мәдени бағыттардың онсыз да жетпіс жыл бойы бодандықта болған рухани санамызды одан сайын азғындағып жатқаны белгілі. Олай болса мемлекеттегі жастардың дәстүрлі мәдениетіне қауіп төндіріп отырған Батыстық және Шығыстық мәдениеттерге тарихи түрғыда шолу жасап, ел жастарының ол үрдістерге жүтүлмай ұлттық мәдениетін қалай сақтап қалу керектігін қарастырып көрсек.

Қазір әлем ғалымдары үшін күн тәртібіндегі басты мәселе – 1914 жылдан басталып, бүгінге дейін жалғасып келе жатқан «мәдени төңкерістің» зардалтарынан сақтану немесе алдын алу шаралары болып отыр. Өйткені, Батыс Еуропа мен АҚШ-та толығымен жеңіске жеткен бұл «төңкерістің» зардабы қазір бізді де шарпып жатыр. Енді бұл үрдістердің түп-төркініне терен үнілсек.

1923 жылы Карл Маркстың ізбасарларының бірі, Коминтернің агенті, венгр Дъердь Лукач пен неміс компартиясының бірнеше мүшесі Франкфурт университетінде кейіннен «Франкфурт мектебі» деп аталып кеткен «Жаңа марксизм институтын» құрды. Бұл институттың айналасына Карл Маркс теориясын терістейтін Макс Хоркхаймер, Антонио Грамши, Эрих Фромм, Вильгельм Райх, Герберт Маркузе, Теодор Адорно сынды ғалымдар топтасты. Сөйтіп, Хоркхаймердің басшылығымен Франкфурт мектебі марксік теорияны мәдени терминдерге аударуға кірісті. Таптық құрес туралы оқу құралдары лақтырылып, оның орнына жаңалары келді. Бұрынғы марксшылдардың жауы – **капитализм** болса, жаңа марксшылдардың, яғни бұлардың басты жауы – **батыстық христиандық** пен **europanық мәдениет** болды. Ертедегі марксистер 1789 жылғы Париждегідей, 1917 жылғы Петербордағыдан салтанат құрып тұрған құрылымды құшпен өзгерту арқылы билікке келуді ойласа, жаңа марксистер өз көздегендеріне зорлықсыз, ондаған жылдар төзімділікпен еңбек ету арқылы жетпек болды. Женіс – Батыс адамының бойында иненің жасуында болса да, рухани құндылық қалмағанда ғана қолға келеді. Ал, ол – жаңа марксизм барлық бұқаралық ақпарат құралдарын, өнер көрсететін, тәрбие беретін қоғамдық институттарды жаулап алса ғана мүмкін болады. Мемлекеттік жүйе сол кезде барып соғыссыз, өзі-ақ құлайды...

Алайда, 1933 жылы мемлекет басына Адольф Гитлердің келуіне байланысты, негізгі құрамы еврейлер мен марксистерден тұратындықтан, бұларға өз идеяларын қаттап, АҚШ-қа қашуға тұра келді. Профессорлармен бірге Еуропаны кейіннен осы мектептің жетекші өкілдерінің бірі болған бітіруші студент – Герберт Маркузе де тастан шықты. Колумбия университетінің көмегімен Нью-Йоркке орналасып алған қашқындар – өз құштері мен білімдерін осы елдің мәдениетін терістеп, бұлдіруге жұмсай бастады. Сол «франкфурттықтар» ойлап тапқан жаңа «қарудың» түрі – *сыни теория* деп аталды. Теорияның атауы салмақты көрінгенмен, оның түбінде батыс өркениетінің ұстанымдарымен еш сәйкеспейтін әрекет жатты. Аталмыш теорияның қағидалары – оны батыс мәдениетінің барлық элементін (христиандықты, капитализмді, отбасы беделін, патриархатты, иерархиялық құрылымды, салт-дәстүрді, сексуалдық шектеулерді, наным-сенімді, патриотизмді, ұлтшылдықты, этноцентризмді, конформизмді және консерватизмді) сынайтын теория ретінде белгілі қылды. Мысалы марксшылдар сол сынни теорияға сүйене отырып, Батысты тарихтағы барлық өркениеттер мен мәдениеттерге жүргізген геноциді үшін айыптаудан танбады. Сыни теория бойынша, батыс қоғамы – нәсілшілдіктің, ксенофобияның, гомофобияның ордасы екен. Соңдықтан олар барлық батыс мәдениетін зорлықшыл, өшпенделік мәдениеті деп айыптауды. Эрине мұндай мәдениеттің өмір сүрге хақысы болмайтындықтан, оған қарсы мұлдем басқа – қазіргі заман адамын азат ететін, жаппай тенденциялық ұсынылды. Сырттай қарағанда, «жаңа мәдениеттің» құндылықтары адамзаттың бостандығы мен тенденциялық қозметтің көздейтіндікten, әлдеқайда тартымды көрінгенімен, іс жүзінде мұлдем басқаша болатын. Бұл жердегі бостандық ұғымы – адамдарды құллі міндеттенн (балаларды – ата-ана алдындағы, ата-ананы – бала алдындағы, әйелдер мен еркектерді – жанұя алдындағы, азаматты – өзге азаматтар мен мемлекет алдындағы) азат ету деп түсіндірілді. Ал, барлық дінді, идеологияны, өнерді, нәсілдер мен халықтарды тен деп жариялау – бірінші кезекте ұлттық (қара нәсілділер), сексуалдық (гомосексуалистер), әлеуметтік азшылықтан тұратын маргиналдық топтарды зандастыру деп тәпсірленді. Соның салдарынан, олар қоғамдық санаға ықпал ету мүмкіндігін алды. [1]

Эрих Фромның «Бостандықтан қашу» [2] және Вильгельм Райхтың «Бұқараның психологиясы және фашизм» [3], «Сексуалдық революция» [4] кітаптары жоғарыда аталған сынни теорияның негізгі жемістері еді. Десе де, франкфурттықтардың ең атақты кітабы – Теодор Адорноның «Авторитарлы тұлға» [5] еңбегі болды. Бұл өз кезегінде Карл Маркстың экономикалық детерменизмін жоққа шыгарған, мәдени детерменизмге негізделген франкфурттықтардың қасиетті кітабы болды. Оның басты идеясы «Егер христиандық немесе әсіре капиталистік отбасында тек қана патриот, дәстүрлі дінді ұстанатын эке билік етсе, ол жанұяда тәрбиеленген балалар нәсілшіл, фашист болып өседі деп, нық сеніммен айтуға

болады,» - дегенге саяды. Бұлардың тағы бір жетістігі – мәдени гегемонияға апатартын жол – философиялық пікірталаста емес, психологиялық қайта тәрбиелеуде жатыр деген тезисі болды. Ол тезис – американлық балаларға мектепте ата-анасын нәсілшіл, шовинист, гомофоб қызып көрсетіп, оларға жана өнеге керектігін түсіндірді. Франкфурт мектебінің осындай идеялары 1940-1950 жылдардағы педагогикалық колледждерде кеңінен таралды.

Жаңа марксшылдар үшін өздері шовинизм мен әлеуметтік теңсіздіктің инкубаторы әрі диктатураның қарапайым мысалы ретінде санаған *отбасы институтының* құртудан өткен маңызды мақсат болған жоқ. Марксшылдық үшін отбасы институты – түрөн түспеген тың тақырып та емес еді. Сонау Карл Маркстың өзінен бастап, Фридрих Энгельс, Эрих Фромм, Вильгельм Райх, Теодор Адорноға дейінгі осы идеяның негізін салушылар – жанұяда әке билік ететін дәстүрлі патриархалды отбасына кәрін төгіп келген-ді. Сөйтіп, патриархалды отбасын жою, яғни әкені жанұядығы тағынан түсіру үшін франкфурттықтар – жанұя басшысы әйел болып табылатын мартиархалды отбасын, сондай-ақ, жанұядығы әйелдер мен еркектердің қызметі ауысып кететін «андрогиндік теорияны» ұсынды. Нәтижесінде, әйелдер қаһарман атанып, алдыңғы қатарға шығарылса, еркектердің беделі төмендетіліп, нәулетек, нәумезге айналдырылды...

Батыстың бүгінгі рухани, демографиялық дағдарысы туралы сөз еткенде, біз Франкфурт мектебін осы «қылмыстың» басты құныкері ретінде қарастыруымыз керек. Лукач, Грамши, Адорно, Маркузе және жалпы жаңа марксшылдар Американың мәдени және интеллектуалдық тарихына зор нүқсан келтіргенін жоққа шығаруға болмайды. Большевиктер сияқты олар шабуылдан Қысқы сарайды алмаса да, өз идеяларын қоғамға террор арқылы қүштеп таңбаса да, қарапайым жүртты ақылымен тәнті ететін Маркс секілді ой алды болмаса да, есімдерін американлықтардың ете аз бөлігі білсе де, қоғамда олардың барлық идеялары қуатталып, салтанат құрды. Ал американлық элита (біздің элита секілді) – франкфурттықтардың кім екенін білмесе де, олардың теориялары мен идеяларын қос қолдарын көтеріп қолдады. [6]

Осылайша, бұл нағыз мәдени төңкеріс болды. Қазір ол Батыста толық жеңіспен аяқталды. Қоғамда «жаңа мәдениет» үстемдік құрып, батыстықтар үшін қалыпты болған құндылықтар шетке ығыстырылып шығарылды. Енді бұқаралық ақпарат құралдары тұтастай «жаңа элитаның» бақылауында болып, дәстүрлі жанұялар келмеске кетті. Қоғамда салтанат құруышы негізгі идеология – феминизм болып, христиансыздандырылған мектептер мен колледждерді бітірген миллиондаған қыздар күйеуге тимеуге, ана болмауға бел байлайды.

Батыстың бұлайша азып-тозуына жаппай жүргізілген дінсіздендеру науқаны себеп болды. Мәдени төңкеріспен бірге айналымға енген «жаңа дін» – революциялық катехизисе негізделген. Бұл катехизис Чарльз Дарвиннің адам маймылдан жарапан деген ілімін негізге алды. Яғни оның өзінің «Галамда Құдай, абсолюттік құндылықтар жоқ, санадан тыс күштерге сену – ақымақтық,» - деген секілді негізгі қағидалары болды.

Мәдени революцияның катехизисі – «Көне христиан әдебі – некесіз жыныстық қатынас пен гомосексуалдық байланыстарды айыптайды. Өйткені бұл әдептің негізінде жоққа сенушілік, христиандық екіжүзділік, діни догма және жабайы дәстүрлер жатыр. Діни әдеп – адамға қысым жасайтын қатал болғандықтан, бақытқа бастайтын жолдағы кедергі болып отыр,» - деп түсіндірді. Соның салдарынан мектептерде пасха аптасы, Файса пайғамбардың шегеленген және арылған күні сияқты атаулы күндер, діни рәсімдер атальп өтілмейтін болды.

Шынына келгенде, мәдени төңкеріс – барлық наным-сенім мен барлық діндерге бірдей жағдай жасауға ұмтылмайды. Ол жаңа этикалық гегемонияға бастайды. Мектептерден Библияны, әулие әкейлердің кітаптарын, діни символдар мен картиналарды лақтырып тастағаннан кейін, ол жер – мәдени төңкерішілердің ойлағанындей, жаңа сенімді, субмәдениетті оқытып, насиҳаттайтын орынға айналды. Нәтижесінде, Батыстың қазіргі қызын халіне себепкөр болған дінсіз үрпақ өсіп шықты.

Азуын айға білеген АҚШ пен әлемге өркениеттің ұрығын сепкіш Батыстың бұл мүшкіл халі бізге сабак болуға тиіс. Себебі, енді сол бүлініп, денатурализацияланған батыстың

антиэлеуметтік субмәдениеттерінің тасқыны үшінші әлемнің дамушы елдеріне оның ішінде Қазақстанға ағыла бастады. Мұндай жағдайда постиндустриалды қоғамда, посткеңестік мемлекетте тұратын халықтар **өз тарихы мен мәдениетіне** қайта жүгінуге мәжбүр болады. Өйтпеген жағдайда «мәдени төңкеріс» жеңіске жетуі мүмкін. Сонымен қатар Батыстық мәдени төңкеріспен қатар шығыстық (арабтық) діни мәдениет те қоғамда кең белен алыш, белгілі бір денгейде мемлекетке қауіп төндіруде. Сондықтан, «Ауырып – ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген халық даналығын жадымызға тұтып, мұндай рухани кеселдердің алдын алыш, етек-жеңімізді қымтап, жинақы болғанымыз дұрыс.

Ал енді Шығыстық дәстүрлі мәдениет деп отырғанымыз әрине Батыстағы сияқты емес, рухани, бірақ біздің менталитетімізге жат діни құндылықтар. Әртүрлі діни ағымдар кесірінен аталмыш жастардың ары-бері жағындағы күн кешіп жүрген жастардың мәселесіне келейік. Дербес ел болғанда ата-баба дінін ұмытқан жастар түбі шікі, бағыт-бағдарлары мен мақсаттары мемлекеттік құрылымызға қарсы қауіп төндіретін «Хизбут-Тахрір», «Таблиғи-Жамағат» секілді, ата-баба дәстүрі мен тіліне төнген тажал араб шовинизмі уаххабшылар секілді діни ағымдардың миссиясына ұйып, тұнық ой-санасын ылайтай бастады. Бұл турасында Елбасының өзінің «Сындарлы он жыл» кітабында: «Діни қауымның белгілі бір белгіті қауымның діни төзімсіздік идеясын ту ететін шет елдегі ислам орталықтары миссионерлерінің ықпалына ілігеді. Мұндай ахуал біздің елдің онтүстік өнірінен айрықша байқалып отыр. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарының аймақтарында астыртын ұйым құрған «Таблиғи Жамағат» радикалды қозғалысының үгіт-насихат әрекеттері анықталған. Сондай-ақ, «Хизбут Тахрір» ұйымы да белсенділік танытып отыр» [7] деп жазды. Бұл исламның фундаментализм ағымдары халықтың діни сауатсыздығы, әсіресе этникалық идентификацияның негізінде жатқан дәстүрлі дінді білмеуі - Қазақстандағы негізгі ұлт қазақ халқын өз іштерінде діни ағымдарға бөліп, этнографиялық негіздерін ыдыратып жіберетін үлкен қауіп. Ал бұл мәселеде белсенділік көрсететін өрімдей күш-жігері, қуаты тасыған жастарды тартуда. Осыдан 4-5 жыл бұрын уақытта баспасөз беттірінде 500 мыңдай қазақ жастары исламдық емес діни ағымдар шырмауында кеткен деген мәліметтер болды. Ал «қой терісін жамылған қасқыр» болған бұл исламдық (радикалдық, экстремистік) ағымдардың шылауына кеткен қазақ жастары қаншама!

Жоғарыда аталған Батыстық мәдени төңкеріс пен Шығыстық діни мәдениеттің Қазақстанның жастар мәдениетіне тигізер ықпалы мен зияны орасан болмақ. Елдің болашағының бар-жоғын жастарының тыныс-тіршілігінен білеміз демеп пе еді әл-Фараби бабымыз. Кез келген елдің болашағы жастар. Келешекте еліміздің рухани құндылықтары мен дүниетанымы бекіген, экономикасы дамыған, саяси тұрақты, әлемдегі басқа елдердің арасында мәндай алды мемлекеттің бірі болып тұруын жасайтын қазақ жастары.

Иә, тәуелсіздікке қол жеткіздік, бабаның қаны, ананың жасы сінген қазактың дарқан қасиетті даласының, ондағы бар байлықтың болашақ иесі, тірегі – жастар десек, сол байлыққа мұрагер қазақ жастары ұлттың консолидацияның, идентификацияның әлсіздігінен еліміздің шаңырағын өзгелердің позициясына ойыстырып қойған жайы бар. Оған мысал, нигилистер, космополиттер, әсіре батысшылдар, түбі шікі діни ағымдар, мұның ешқайсысына жатпаса да ұранышыл, өз-өзінен дүрлігіп жүрген жастар.

Халқымыздың ұлы перзенті, академик М.О.Әуезов: «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деп бекерге айтпаған болар. Осындағы салмақты ойдың құнын түсіріп, ұсақталып бара жатқанымызға не себеп? Себеп – қазақи тәрбие, ұлттық салт – дәстүрлеріміздің шеттетіліп, ұлттық характер, ұлттық психологияның өзгеруі дер едім. Ұлттық ерекшеліктердің басты белгілерінің қатарына психология мен тіл жатады десек, ұлттық тіліміздің өз Отанында өгей баланың күйін кешіп, шұбарланын жатса, тілмен тікелей қатынастағы сананың уланып, ұлттық психологияның өзгермейтін несі қалды? Сана мен психология бар жерде эстетикалық, этикалық сезімдер, қасиеттер қалыптасады. Ана тіл – ар өлшемі. Ендеше, ана тілді шұбарлау – көңіл

тұнығын лайлау, туған тарихын құрметтемеу, ата- баба рухының қарғысына ұшырау. Ана тілін, ата салты мен халықтық қасиеттерді ардақ тұтқандар ұтады.

Қорыта келгенде, өз үрпағының өнегелі, өнерлі, еңбек сүйгіш, ұлтжанды патриот болып өсүін армандаған халқымыздың үрпак тәрбиесіне байланысты жарасымды салт – дәстүрлерін қайта жаңғыртсақ, қазақ елінің нағыз ұлтжанды, нағыз қазақ жастарын тәрбиелейміз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Бьюкенен Дж.П. Батыстың ажалы. // Жас қазақ, №30. -2006. 3-бет.
2. Э.Фромм. Бегство от свободы (1941) / Перевод Г. Ф. Швейника. -Москва: АСТ, 2011. - 288 с. - (Philosophy).
3. Вильгельм Райх. Психология масс и фашизм. — СПб., 1997. - 380 с.
4. Вильгельм Райх. Сексуальная революция. — СПб., М., 1997. - 352 с.
5. Теодор Адорно. Исследование авторитарной личности. - М.: Серебряные нити, 2001. - 416 с.
6. Бьюкенен Дж.Патрик. Смерть Запада. М., 2004, с. 44, 78, 280.
7. Н.Назарбаев. «Сындарлы он жыл». - Алматы., 2002 ж.

*Сейітнұр Ж.С.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
доценті, психол.г.к.  
Турдалина А.Т.  
магистрант*

#### **ЕС ТУРАЛЫ ЗАМАНАУИ МОДЕЛЬДЕРДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

Қазіргі таңда ес жөніндегі монистік және плюралистік (көптік) дәстүрлі теорияларды жалғастырушы жаңа теориялар пайда болды. Мысал келтіретін болсақ, монистік көзқарас коннекционизмде («нейрондық тор») жемісті дами түсүде. Қысқа мерзімді ес пен ұзак мерзімді естің бірыңғай ортақ механизмдерді принципті түрде болуы мүмкін емес жайлы түсінік ақпараттық тұрғы-багыт аясында дамуда және осы көзқарасты көптеген нейро- және патопсихологтар қолдан отыр.

ХХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап коннекционистік көзқарас қарқынды дамуда. Осы көзқарасты қолдаушылар – естің элементі гомогенді бірлік болып табылады дейді, ал білімнің құрылымдық сипаты – логикалық тұрғыдан ажыратылмайтын әртүрлі компоненттерден тұратын торлы жүйе екендігін алға тартады. Мұндағы қурауыштар (компоненттер) басқа қурауыштардан тек байланыстардың саны және сипаты бойынша ғана ерекшеленуі мүмкін. Осылайша модельдеудің қажеттігінің дәлелі – біз қурауыштардың не болып табылатындығын білмейміз, бірақ есте сақтау және «білімдердің» иррадиациясы нәтижесінің негізінде тек байланыстар жайлы ғана мәліметтер ала аламыз. Осы байланыстар алдын ала белгіленген операциялармен пропозициялық (пайымдық) жүйе құруға мүмкіндік туғызады. Коннекционистік модельдердің көмегімен категорияларды анықтау кезінде жекеленген қурауыштардың үлесі – тұрақты емес екендігін көрсетуге болады, әрі олар зерттелінушінің қандай да бір міндетті атқару барысындағы қолданып жатқан қурауыштарға (компоненттеріне) да тәуелді болады екен.

Естің екі жақтылығы (дуализм) теориясын қолдаушылардың алға тартатын дәлелі мынадай: егер қысқа және ұзак мерзімдегі естер біртұтас естен туындалап отырған болса, онда олар ортақ заңдылыққа бағынар еді. Сәйкесінше, бірдей факторлар – аз ғана және ұзак кешіктірілу кезіндегі тіркеулер жағдайындағы мнемикалық нәтижелерге өте ұқсас әсер етуі тиіс еді. Сонымен қатар, дәл осындай бірнеше «сыни» (критикалық) факторлар анықталды, оларға-екі стимул (яғни, таралған және шоғырланған үйренулер) арасындағы құрылымдар саны,

аралық интервалдардың ұзақтығы т.с.с жатқызылады. Негізінде, қайталау саны (бір немесе бірнеше) – 2 с кешіктіру кезінде қайта жаңғырту нәтижесіне әсер етпейтіндігі анықталды, ал 8 с кешіктіру кезіндегі қайта жаңғыртуның өнімділігі – қайталау санына тәуелді болады екен. Осыған ұқсас мәліметтер жіктеу- шоғырлау үйретуінде де орын алады. Азгана кешіктіру кезінде осы фактор іске асыру нәтижесіне әсер етпейді, ал 10 секундтан кейінгі кешіктіру кезінде ол айтартлықтай нәтижелерге ие болады.

Естің екі түрі болатындығына дәлел ретінде электротірету бойынша эксперименттерді де келтіруге болады [1, 151 б.]. Зерттелінушілердің мұндай топтары бұрын болған оқиғаларды еске түсіре алмайды, бірақ тек тітіркеніс (өте күшті әсер) күйінен кейінгі кезде ғана сұрау жүргізілсе, салыстырмалы түрде оқиғаларды еске түсіруі мүмкін. Естің әр алуан түріндегі мүмкін болатын механизмдері мен темпоральды шекарасы жайлы түсініктерге біз кейінірек тоқталамыз.

Мнемикалық жүйе туралы біздің түсініктерімізді ұлғайтуға әсер еткен психологиядағы қуатты бағыттардың бірі когнитивті психология болып табылады. Жалпы тарихи түрғыда қарасақ, кибернетиканың пайда болуынан кейін естің екі түрі болатындығы жайлы идея қайта жаңғыра түсті. 1948 жылы Н.Винер есті- ағымдағы және тұрақты деп ажыратты. Бұл идеяны XX ғ. 50-60 жылдары психологтар қолдана отырып, қысқа және ұзақ уақыттағы ес түсініктерін бекітті. Шамамен сол уақыттарда, жедел және жұмысшы ес, каталог жәшіктірі, тіркеушілер мен буферлер ұғымдары да пайда болды (Б.М.Величковский, 1982; Р.Л. Солсо, 2000;).

1958 жылы британдық психолог Д. Бродбент «Перцепция және коммуникация» атты әйгілі мақаласында ақпаратты когнитивті өңдеу моделін (*Бродбент моделі*) ұсынды, осы модель бойынша, сигналдардың әртүрлі модальдығына сәйкес келетін перцептивті ақпараттар параллелді түрде сенсорлық тіркеушілерге келіп түседі. Ол сонда өте қысқа мерзімде (бірнеше жүздеген миллисекунд) сақталады, кейіннен басқа блокқа беріледі де, әрі жүйелі түрде өңделіп, тартымды қүйге қайта кодталады. Өңдеудің осы блогы шектеулерге ие, бірақ ондағы ақпараттар айтартлықтай дәрежеде ұзақ (бірнеше секундқа дейін ) сақталуы мүмкін; ол қысқа мерзімдегі еске сәйкес келеді. Ақпараттың қысқа мерзімді естен ұзақ мерзімдегі еске өтуі оны өңдеудің терендігі мен сапасына байланысты болмақ.

Есті зерттеудегі заманауи алғашқы модельдердің бірі - *Во және Норман моделі*. У.Джеймстің естін дуалистігі жайлы идеясын толығымен қайта жаңғыртқан модельдердің бірін Н.Во және Д.Норман 1965 жылы ұсынды. Аталған авторлардың ойынша, біріншілік естегі ақпараттар бірте бірте өшудің есебінен емес, келіп түскен басқа ақпаратпен ығыстырылудың, яғни интерференцияның есебінен жойылады екен. Мұнда интерференциялық элементтердің санына байланысты біріншілік есте сақталатын ақпараттың қолемі қалай өзгеретіні эксперименталды түрде зерттелді.

Зерттелінуші 16цифран түратын тізімді- секундына 1 немесе 4 цифр жылдамдықпен оқыды. Соңғы цифrlар тест түрінде болып, екі рет қайталанды: яғни бір түрғы бойынша сериялардың барысында (1 -15) және серияның аяғында іске асырылды. Зерттелінуші тесттік цифrlардың алдында бірінші серияда берілген цифrlарды еске түсіру керек еді. Серияда тесттік цифrlар неғұрлым ертерек пайда болса, соғұрлым олар интерференция санына ұшырап отырды. Егер біріншілік естегі ақпараттар интерференция нәтижесінде жойылады деген идея дұрыс болса, онда іске асыру нәтижелері интерференция санының функциясы болып табылуы тиіс. Авторлар интерференция санына қатысты бірте бірте төмендейтін қисық алды.

Ес туралы бұл модельдерге толықтыруды американдық психологтар Р.С. Аткинсон мен Р.М. Шиффрин ұсынды ( *Аткинсон- Шиффрин моделі*). 1968 жылы Аткинсон және Шиффрин естің тек құрылымдық емес, сонымен қатар динамикалық аспектісін қосымша элементтер енгізе отырып, көптік модель жасады. Олардың модельдеріне сәйкес ақпараттар бір блоктан екінші блокқа жай ғана өтіп қоймай, басқа кодтарға ауысу арқылы көшіріледі екен. Ақпараттар алдымен көптеген сенсорлық тіркеушілерге келіп түседі, мұнда әрбір стимул біріншілік белгілердің жиынтығымен сипатталып, кейіннен қысқа мерзімді қорға өтеді, «мұнда

ол бірнеше уақыт аралығында сақталады, оның ұзақтығы индивидтің ерекшелігіне байланысты болмақ» [2, 29 б.]. Қысқа мерзімді қорда ақпаратты қамтамасыз ету үшін зерттелінуші – 30 секунд аралығында азгана мөлшердегі элементтерді (7-9 цифр) сақтап тұруға қабілетті «өздігінше қайталауға арналған сыйымдалық жасайды». Авторлар қысқа мерзімді қорда ақпараттың қайталауын қамтамасыз ететін айрықша «есту вербальды- тілдік жүйені ескеріп өтті. Буферге келіп түсетін элементтің әрбірі, буфердегі алдын орналасқан элементтерді ығыстырады» [2, 37 б]. Буферге келіп түсетін элементтерді бақылауға мүмкіндік бар. Сол себепті қысқа мерзімді қорды «жедел ес деп қарастыруға болады» [сонда, 31 б.]. Қысқа мерзімді қор (ҚМК) ұзақ мерзімді қормен (ҰМК) тікелей байланыста болады, ол жақтан ағымдағы мәселені шешуге арналған ақпараттар және «вербальды ассоциациялар » келіп тұрады. ҰМК-дан ақпараттарды алу сәйкесінше стратегия таңдауды қажет етеді. Ақпараттар ағынын басқарудың негізгі операциясының бірі – оны ҚМК қайталау болып табылады. Қысқа мерзімді қордан - ұзақ мерзімді қорға ақпараттардың өтуі ерекше концептуалды кодқа қайта кодталудың нәтижесінде іске асырылады, ол ақпараттың ұзақ мерзімде сақталуын қамтамасыз ете отырып, оны құрылымға жіктейді.

Осы модельдерден кейін ғылымның даму логикасына сай есті зерттеулердегі функционалдық көзқарастардың маңызын түсіну орын алды. Мұнда негізгі критерий ретінде ақпаратты сақтаудың өнімділігі және ұзақтылығы сияқты параметрлер қолданылған естің модельдері қарастырылды. Компьютерлік метафоралар қолданылған ес модельдерінің табысты дамуына қарамастан, адамдар мен компьютердің ақпаратты өндеудегі ұқсастықтары бірдей емес. Ең алдымен зерттеушілер мнемикалық жүйе жұмысының – мотивация, интенция, қызығушылық, көңіл аудару, материалды ойлану сияқты ауыспалы нәтижеліліктері тұрақсыз фактілермен кездесуіне тұра келді. Сол себепті есті модельдеу үшін тек нәтижелілік (сақтаудың көлемі, ұзақтылығы) өшемі ғана емес, сондай-ақ, функционалдық критерийлерді де қарастыру қажеттілігі туындағы.

Жалпы компьютерлік идеологияның дамуын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Ең алдымен ақпаратты өндеудің екі түрі, яғни қысқа және ұзақ мерзімді түрі ажыратылды. Кейіннен сенсорлық тіркеуші мен қысқа мерзімді ес арасындағы айырмашылықтар анықталды. Әрі соңғысы қысқа мерзімді естің ішінде құрылымдық және функционалдық компоненттер (ҚМК және қайталау буфери) ажыратылды. Осылайша естің бастапқы құрылымдық модельдеріне бірте бірте функционалдық компоненттер енгізіле бастады. Функционалдық компоненттерді енгізу қажеттілігін психологиятар мойындағы бастады. Мұндай бағыттағы зерттеулермен шұғылданған ғалымдар дүниежүзіне есімі белгілі мамандар – ағылшындық Аллан Бэддли мен Грэм Хитч (Бэддлидің фонологиялық немесе артикуляциялық ілмек моделі). 1974 жылы олар Аткинсонның «есте сақтау қорындағы ақпараттар белсенді күйде сақталатын» көзкарасын және Крейктің «ақпарат ізінің беріктілігі кодтау процесіне тікелей байланыстырылғы» жайлы идеяларын біріктіре отырып, жедел естің моделін жасады (толығырақ: [3]). Жедел ес деп – арнайы модальды емес, мультимодальды болып табылатын ақпаратты сақтау және өндеу жүйесін түсінеміз. Бұл жүйе үш құрауыштан, яғни орталық атқарушы процессордан және екі «бағынушы жүйеден» құралады, олардың бірі артикуляциялық ілмектен тұратын вербальды материалды өндейді, ал екіншісі кеңістіктік матрицадан тұратын кеңістіктік қарау есіне қатысты қызмет атқарады [3, 50-51бб.]

Аталған модель бойынша, артикуляциялық ілмекте ақпараттың кейір мөлшері автоматты тұрғында қамтамасыз етіледі. Бұл мөлшер (үш цифрлы) вербальды материалды өндеуге арналған уақытқа тәуелді болады, әрі вербальды материалды өндеуге арналған уақытқа тәуелді болады, әрі 1.5-2 секундты құрайды. Сондықтан «естің сыйымдылығын стимулдар мөлшері арқылы немесе жалпы қайталау ұзақтығы арқылы көрсетеді» [3, 52-53 бб]. Бэддли - сөздердің ұзақтығына байланысты оқу жылдамдығы мен есте сақтау мәндері арасында ұқсас сыйықты функцияларды анықтады.

Келесі зандаудың анықталды:

$$S = c + \kappa R$$

Мұндағы, S- естің сыйымдылығы; R- оқу жылдамдығы; c және  $\kappa$ - коэффициенттер. Көптеген эксперименттер нәтижесінде артикуляцияны басу (немесе артикуляциялық ілмек қатысын қажет ететін мәселелерді атқару) жедел ес сыйымылығының төмендеуіне әкеп соғатыны анықталды. Зерттелінушілер мәтінді оқып, цифрларды есте сақтау керек еді. Үш цифrlар мәтінді түсінуге кедегі жасамады, ал цифрлардың көп мөлшері – есие сақтауды нашарлата түсті. Авторлар бұл жайтты келесідей түсіндіреді: үш цифrlар автоматты түрде жатталады, ал ақпараттың көп мөлшерін өңдеу үшін орталық процессордың араласуы қажет етіледі. Орталық процессор сақтау сыйымдылығын, әрі қайталау операциясын да жоғарлатуы мүмкін. Жалпы фонологиялық ілмек тілді менгеруде маңызды орын алады екен.

Ес туралы қазіргі заманғы модельдерді ұсынған Ресейлік ғалымдарға тоқталатын болсақ, Д.А.Ошанин және В.П.Зинченконың жедел (оперативті) ес моделін айта кеткеніміз жөн [5]. Д.А.Ошаниннің теориясында қарау модальдылығындағы жедел естің аналогы - жедел бейне идеясы дамыттылды. Жедел бейнелер қандай да бір нақты саланы іске асыру кезінде жинақтала береді. Оның құрамы сенсорлы ақпаратқа изоморфты емес: мұнда нақты іс әрекет жағдайындағы объектінің сипаттамаларына айтарлықтай мән берілген.

В.П.Зинченко және оның әріптестерінің зерттеулерінде дәлелденгендей, перцептивті бейненің қалыптасу процесі уақыт бойынша айқындалып, белгілердің бөлінуінен бастап, бейнені құрастырудан аяқтайтын перцептивті іс әрекеттердің реттілігінен тұрады. Осы бейнелер – нақты атқару іс әрекетін басқаратын жедел қызметін атқарады.

Адам психикасындағы бірегей құбылыс ретінде ес зерттеу нысаны ретінде сонау антикалық дәуірден күні бүгінге дейін жеткен ең негізгі психологиялық ұғым десе де болады. Есте қалдыру, сақтау, қайта жаңғырту, тану, ұмыту, еске түсіру сияқты психикалық үдерістер адамзаттың үлкен қызығушылығын туғызуда. Құнделікті өмірден бастап арнайы оқыту барысында алған білімдерді сақтайтын жүйенің сырын ұғынуға ұмтылуың теориялық әрі практикалық маңызын айтып жатудың өзі артық. Егер мына әлемді, табиғатты Жаратушы белгілі бір тәртіппен жаратты деген постулатты мойындағаның өзінде де, дәл осы тәртіпті, терең реттелген құрылымды табу, сырын ашу – ғылымның міндеті болмақ. Оны түсінуге мүмкіндік беретін жорамалды модельдерді жасау ғалымдар үшін өте маңызды. Сезіммен ғана емес, ақыл-оймен де ұғынып жететін дүниелер бар. Демек, формальды болса да бақылаған әмирикалық деректерді ретке келтіретін схемалар керек. Есті зерттеудегі пайдалы моделдерді арнайы қарастырудың бір себебі осында жатыр.

Адамзаттың соңғы уақыттардағы жеткен технологиялық жетістіктері (компьютердің пайда болуы) ес теориясын жасауға мықты негіз болды. Психологиядағы когнитивтік революция психикалық процесстердің микродинамикасы мен микроқұрылымдарын эксперименттік зерттеуге үлкен мүмкіндік берді. Адам мында алған білімдердің қалай көрініс табуы мен қалай орналасуын, қалай сақталуының сырын білсек күллі оқыту жүйесін оңтайтын құруға жол ашылмақ. Алайда ес дегеніміз не деген қарапайым сұраққа бірден дұрыс жауап беру онай шаруа емес. Бұл өте құрделі психикалық процесс болып шықты. Бүгінгі таңда зерттеушілердің басым бөлігі есті біртұтас, өзара байланысқан блоктардан тұратын мнемикалық жүйе екендігін мойындаиды. Негізгінен төрт мнемикалық процесстерді бөліп көрсетеді: кодтау (еске кіргізу), сақтау, қайта жаңғырту және ұмыту. Бұларды біз ғылыми тұрғыда жеке бөліп алып қарастырғанымызбен, шынайы өмірде оларды ажыратуға болмайды. Есті когнитивтік өңдеу шенберінде алсақ, дискретті және континуалды бағыттар бірін – бірі толықтырып отырады. Сондай-ақ, бұл түсініктерге біз танымдық жүйе ретіндегі тұлға ерекшеліктерін қосатын болсақ, онда субъектілерді ғылыми айналымға енгізе аламыз. Осыны есте ұстай отыра, мнемикалық жүйені жан-жақты терең зерттеуге болады.

### **Колданылған әдебиеттер тізімі:**

- Солсо Р.Л. «Когнитивная психология». - М.: Тривола, 2002.- 600 с.

2. Аткинсон Р.С. «Человеческая память и процесс обучения». Прогресс-1980.- 528 с.
3. Баддли А., Айзенк М., Андерсон М. Память.- СПб.: Питер, 2011.- 560 с.
4. Величковский Б.М. «Современная когнитивная психология», М. МГУ, 1982. – 336 с.
5. Зинченко В.П., Величковский Б.М., Вучетич Г.Г. «Функциональная структура зрительной памяти». М., 1980.- 271 с.

**Тұрсунбаева С.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«Философия» мамандығының  
1 курс магистранты**

## **ШЫҒЫС МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Медицина өте ежелгі мамандықтардың бірі, ол өте бай емдеу тәжірибесін жинақтайды. Философия да, медицина да адамзаттың рухани-практикалық табысы. Медицина – адам денсаулығын сақтауда қолданатын практикалық іс-әрекет және теориялық ілім, аурудың алдын алу әдістері мен емдеу шаралары.

Шығыс медицинасы Тибетте, Қытайды, Кореяда, Вьетнамда, Жапонияда мыңжылдықтар бойы қалыптасқан емдеу тәжірибелері, тәсілдер мен шеберлік негізінде жинақталған ескі дәстүрлерге бай. Олардың негізгі ерекшелігі, сырқатты емдеу процесінде өз организмінің ресурстарын жұмылдыруға белсенді түрде ұмтылдыру, медикаменттерді аз мөлшерде қолдану болып табылады. Ежелгі шығыс медицинасының қалыптасуына әсер еткен философиялық негіздер, емдеудің тәжірибелік әдістері – инемен емдеу, күйдіру, ине шаншу, массаж, аурикулоптерапиямен және емдеу-сауықтыру шаралары – гигиеналық өзіндік массаж, ци-гун тыныс алу гимнастикасы, тай-цзи-чжуань шығыс гимнастикасымен бірлесе жазылған.

Жалпы алғанда шығыс медицинасы мен батыс медицинасын салыстыра кететін болсақ: батыс медицинасы – бұл жеке мүшелердің медицинасы. Гепатолог дәрігер тек кана бауырды ғана емдейді. Сонда біздін бауырымыздын болек басқа жакта болғаны ма? Эрине жок. Бауыр басқа жүйелермен, мүшелермен тығыз қарым-қатынаста. Олардың бері де бір-біріне әсер етеді. Батыс медицинасы қан қысымын қалпына келтіре алмайды. Жасанды жолмен түсіреді, не көтереді. Дәрінің асері таусылған кезде, бері де баяғы «газ қалпына» түседі. Батыс медицинасы сусамырмен (сахарный диабет), сары аурумен (гепатит), асказандағы жараны, қан қысымын, дисбактериоз, қояншық, кательлі ісік (рак) т.б. толып жатқан ауруларды жөндеп емдей алмайды. Химиялық онімдер – адамның мүшесіндегі аурудың салдарынан болған өзгерістерді ғана емдейді. Осы өзгерістердің себебін емдемейді.

Шығыс медицинасы – денсаулық туралы ілім. Шығыс медицинасы ауруды жену, онымен күресу керек деп есептемейді. Шығыс медицинасы бойынша – ауру деген белгі. Ағзаңыз сізге бірдененің дұрыс болмай жатқанын хабарлайды. Қытайдың қалыпты медицинасы жеке мүшеге ғана маманданған дәрігерлерді – дәрігер санатына қоспайды, олар адамды жүйе мен мүшелерге жіктемейді. Онда адамды толығымен бірден емдейді (рух, жан, тән). Шығыс медицинасының негізі – ағзаны бөлінбейтін біртұтас деп қарайды.

Егер сіздің танауыңыз дұрыс болмаса, онда ішегінізде кінәрат бар. Егер де жанарыңыздың көру қабілеті азайса, онда көбінесе бұған бауырыңыз кінәлі. Біздің ағзамыз біртұтас, бірімен-бірі шырма-шату байланысып жатқан бөлінбейтін жүйелер мен жасушалар жиынтығы. Осы жүйеде өмірсүргіштіктің мол қоры бар, егер де табиғаттың зандылықтарын сақтасақ – ағза өзін-өзі жазып алады.

Біздің бауырымыз 300 жыл өмір сүруге қабілетті. Өкпеміздің оннан бір бөлігі сау болса, онда оттегімен толықтай қамтамасыз ете алады. Өкінішке орай, біз осындағы мүмкіншілікті химиялық дәрі-дәрмекпен күртудамыз.

Тарихи тұрғыдан қаастырғанда Қытай медицинасы батыс медицинасына қарағанда әлдеқайда ертерек дамыған. Осымен, «Көктемгі және күзгі кезеңдердегі» (б.з.б 770-476 жж) және «Қақтығысушы империялар» (б.з.б. 475-221 жж) династияларының билігі кезінен бастап 2000 жыл бойы Қытайда медицинаға байланысты «Нэй-цзин» атты еңбек сақталып келеді. Сондықтан «Нэй-цзинді» медицина саласындағы ең байырғы еңбек деп санауға әбден болады. Бұл жазбада ғасырлар бойы жиналған Қытай дәрігерлерінің тәжірибелері баяндалған, Қытай емдеуінің дәстүрлі теориялық жүйесі дәлелденген, дәрілік шипасының негіздері келтірілген, инемен емдеу тәсілдері және акупунктура жазылған.

Қытай медицинасы мен батыс медицинасын салыстыратын болсақ Қытай медицинасына негізделген емдеу тәсілдерінің бірқатар артықшылықтары анықталады. Мысалы, ішек-қарын қуысына оталау кезінде немесе хирургиялық араласулар кезінде толық наркоздық әсерге қол жеткізу үшін ұйықтататын заттарды Қытай хирургі және акупунктура маманы Хуа Туо 1700 жыл бұрын пайдаланған. Хуа Туо біздің заманымыздың 112-207 жылдар аралығында өмір сүрген, ол өзінің аса ауқымды оталаулары кезінде баршаға белгілі «Ма-фэй-сан» атты шай қоспасын қолданатын. Ал, Чжан Чжуанчин дәрігер (б.з. 150-219 ж.ж.) «Суықтың әсер етуі негізінде әр-түрлі ауруларды қаастыру» атты еңбегін жазды, онда қазіргі кезге дейін өз маңыздылығын жоғалтпаған Қытай медицинасының ерекше диалектикалық диагностикасының мәселелерін қаастырған. Превентивті медицина Қытай медицинасында маңызды орынға ие болып келеді. Аурулардың алдын алу Ежелгі Қытайдан бері келе жатқан емдеу тәсілдерінің негізгі түрі болып табылады. Мысалы, «Нэй-Цзин» кітабында жызлған сұхбаттардың бірінде адам өзінің денсаулығын қалай сақтауы керектігі баяндалған. Сондықтан Қытай тарихында гигиеналық шаралар мен паразиттермен құрес маңызды рөл ойнаған. Тан династиясы (б.з. 618-907 ж.ж.) кезінде дәрігерлер алапес (проказа – теріні, көзді, жүйке жүйені және кейбір ішкі органдарды зақымдайтын созылмалы жұқпалы ауру) ауруы жұқпалы екендігін біліп, осы дертке шалдыққан ауруларды сау адамдардан бөлек ұстап, оқшаулаған. Шешек ауруына қарсы сақтандыру егуін алғашқы рет батыстың пайымдауы бойынша ағылшын дәрігері Дженнер (1749-1823ж.ж.) жасаған жоқ. Шешекке қарсы егу алғашқы рет шамамен XXI ғасырда Қытайда қолданылған, мәселен шешек ауруына шалдыққан адамдардан алынған қан сарысуын сау адамдарға профилактика, яғни алдын алу шарасы ретінде енгізген. Қытайдың «Шешекке қарсы егулер туралы жаңа кітап» атты кітабы иммунология саласындағы жаңашыл еңбек XVI ғасырда Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінде белгілі болған. Жалпы Қытай медицинасы басқа мемлекеттерің медицинасының дамып, қалыптасуына үлкен әсерін тигізген. Цин (б.з.б 221 - 26 ж.ж.) және Хань (б.з.б 206 ж. - б.з. 220 ж.) династиялары кезінде Қытай, Корей, Вьетнам және Жапония дәрігерлері арасында емдеу тәжірибелерімен және білімдерімен алмасу үрдісі өте тығыз жүріп жатты. Кейіннен бұл тәжірибелер араб елдеріне, Ресейге және Түркияға тарапалды. Дәстүрлік маңызы бар дәрілік терапия бойынша «Бэн-Цзяо Ган-Му» атты кітап көптеген тілдерге аударылды, соның ішінде латын, корей, жапон, орыс, ағылшын және француз тілдеріне аударылып, батыста кең тарапалды.

Алғашында Қытай медицинасы төрт негізгі саладан тұрған. Мәселен, Инь (б.з.б. 1324 - 1066 ж.ж.) династиясынан бастап Чжоу династиясына (б.з.б. 1066 -1221ж.ж.) дейін диетология (инь-ян-и), сыртқы медицина мен хирургия (вай-га) және ветеринария (шоу-и) арасындағы айырмашылықтар байқалып келген. Ал Тан династиясынан Сун династиясына дейінгі кезеңде Қытай медицинасы ары қарай дами бастады. Нәтижесінде 11 түрлі бағыттары қалыптасты [6,1276.]

Шығыс философиясы бойынша: Адам Ци энергиясы көмегімен Космоспен байланысты.. Бұл энергияны адам тыныс алу арқылы ауадан және тағам арқылы жерден алады. Ежелгі Қытайда емшілерде аурудың пайда болуы, оларды емдеу туралы ұғым қалыптасқан. Қытай философиясы, барлық шығыс медицинасы сияқты Ци энергиясының екі түрін қаастырады: ЯН және ИНЬ. Адамның денсаулығы ЯН және ИНЬ заттарының тепе –тендігіне байланысты, ал аурудың басталуы осы заттардың бір-бірімен байланысының бұзылуынан делинген. Әлемде

барлығы ИНЬ және ЯН арқылы анықталады, олар бір бірінсіз өмір сүрмейді, сондықтан шығыс медицинасында патологиялық жағдайды емдеу барысында алдымен ИНЬ және ЯН арасындағы байланысты қалыптастыру керек, содан кейін ауру органға тікелей әсер етеді.

XIX ғасырдың ортасынан бастап батыс отаршыл державалардың ықпалы әсерінен Қытайда дәстүрлі медицинаның маңызы құлдырай бастады. Жоғарғы билік басындағы лауазымды тұлғалар өз қалаудын батыс медицинасына қарай аударды, ал қытайдың дәстүрлі медицинасы талай сынауға және кемсітушіліктерге ұшырап, өз ықпалын жоғалта бастады. Тіпті Гоминьдан үкіметі кезінде қытай медицинасын ашық түрде басып жаңыды. Тек билік басына Мао Цзедун келген соң ғана Қытай медицинасы қайта жаңғырып әлемге әйгілі болды. Бүгінгі кезде Қытай медицинасының болашағы дәстүрлі Қытай және қазіргі кездегі батыс медицина әдістерінің ұштасуында екендігін Қытай Халық Республикасы бүгінде мойындалап отыр. [5,114б.]

Қазіргі кезде Қытай медицинасы мамандандырылған 9 салаға бөлінген: терапия, сыртқы медицина, гинекология, педиатрия, офтальмология, ларингология, ортопедия, массаж және акупунктура. Осы салалардың әр қайсысы өзіне тиесілі аса үлкен ауқымдағы білім мен тәжірибелерді қамтиды. Олардың ішіндегі батыста кең тараған саласы бұл инемен емдеу, акупунктура саласы болып табылады. Әр түрлі дәрілер мен акупунктуранны қолдануды тағайындаумен қатар медицинаның әр түрлі салаларында пайдаланылатын Қытай медицинасында басқа бір қатар әсер етудін әдіс-тәсілдері бар [6,208б.].

Ежелгі Үнділік дәрігерлердің дәстүрлік медицинасының негізгі бағыттары аюрведалық еki көне жазбаларда көрсетілген. Олар: «Чарака-самхитта» (жана дәуірдің I-II ф.ф.) және «Сушрута-самхитта» (б.д.д. IV ф.). Алғашқы кітап Чарака-Самхита негізінен ішкі ауырлар туралы, оларды емдеу тәсілдері мен қолданылатын 600-ге жуық өсімдіктен, жануарлар ағзаларынан, минералдан жасалған дәрі-дәрмек сипатталады. Аурулардың пайда болу себептері бұрынғы заманда қалыптасқан жоғары күштерден деген ұғымнан ғөрі қоршаған ортамен тығыз байланысты делінген және адам денсаулығы үш заттың: ауаның, оттың, судың бір-біріне әсер етуі деген [1,756.].

Сушрута-Самхита кітабінда ауырудың түрін анықтау үшін сырқат адамнан сұрау жүргізу. Денесінің қызыуын, тері және тіл түсі, өкпе дыбысы және аурудың дауысының өзгеруіне көніл бөлу керек екендігі жазылған. Сруштаның кітабында қабынудың үш түрі сипатталады, бірінші ауыртпалықты сезіну, екінші өте қатты шаншу, ісік пайда болу қызу көтеріду, функционалдық бұзылыстар, үшінші ісік азайады да ірің пайда болады. Емдеу әдістері Үндіде тамақ ішуді реттеу, дәрі- дәрмек қолдану және оташылдық әдістер қолданады [1,76 б.].

Үнді жерінде дәрігерлік қызметтің негізінде діни-философиялық ілімдер болған, ал олардың ішінде ерекше орын алған йога ілімі. Бұл діни философиялық, моральдық-этикалық ілімдер және түрлі дene шынықтыру жүйелерді біріктірген.

Йоганың мақсаты – тән мен жанның үйлесіміне жету, дene шынықтыру арқылы жансаулығы мен сергектігін жетілдіру. Йога ілімі еki деңгейден тұрады. Хатха-йога және раджа-йога. Хатха-йога – практикалық йога. Онда денені және психикалық шынығу жолдарына ерекше мән береді. Раджа-йогасы – жанарудың сегіздік амалы арқылы рухты тазарту, босату, бостандыққа жеткізу. Йогтар пікірінше, көптің әуесқойлығы үшін істелінген құмылдар организмнің күш-куатын текке таратады, адамды босқа шаршатады. Еңбастысы, тұп мақсатқа – Абсолютпен араласуға кесірін тигізеді. Керісінше, адам сезімінің, ақылдың, дененің берекесіз белсенділігін тежей алса, онда «Мен» өзін жарқыраған, өлмейтін сана ретінде түсінуге көтеріледі [2,30-31 б.].

Ал Тибет медицинасының ерекшелігіне тоқтала кетсек: Тибет медицинасы ағзаның өзін-өзі реттеуіне, іштегі болып жатқан ағымға араласпайды, ол тек қана ағза өзінің ауырған жерін өзі емде алуына мумкіншілік туғызады [4,18 б.].

Тибет медицинасының өнімдері мен шөптері, оның жақсылығы – адам ағзасының жұмыс қабілетін қалпына келтіруінде. Тибет медицинасының өнімдерін колданғаннан кейін, олар біздің ағзамыздың – біртіндеп жастық шағын, өзінің қалыпты денсаулығын, қалыпты қалпын

еске алуына және осыған бет бұрына мәжбүр етеді. Осы өнімдердің өздері, осы бағытта жұмыс жасай бастайды [3,85б.].

Осы уақытқа дейін тибеттік медицина, әсіресе практикалық және клиникалық аспектіде, Батыста жоғарғы табысқа жете қойған жоқ. Дегенмен қазіргі ауқытта қытай медицинасының жетістігіне сүйене отырып, тибет медицинасының батыстық тәжірибешілері өз қызметтері үшін заңдық және құқықтық базаларды күшайтуді көздел отыр.

Қазіргі уақытта тибет медицинасының ілімі төңірегінде утилитарлы-прагматикалық және мәдени-гуманитарлық екі негізгі зерттеу бағыттары қалыптасты. Бұл екі бағыт ғылымның дамуының түбекейлі екі бағытына сәйкес келеді: утилитарлы-прагматикалық бағыт тибет медицинасының бейімделген түрінің дамуына сәйкес, ал мәдени-гуманитарлық бағыт оның классикалық нұсқасының дамуына сәйкес келеді [4,109б.].

Батыс медицинасы адамның рухани дүниесін діни салаға жатқыза отырып, оған көп көңіл бөлмейді, ал шығыс дәстүрінде рухани және материалдық дүние тығыз байланысты. Әлемге әйгілі бірнеше мыңжылдықтар бойы қалыптасқан аюрведалық, қытай және тибеттік дәстүрлік медициналық жүйелер дінмен тығыз байланысты: аюрведалық және тибеттік медициналық жүйелер буддизммен байланысты, ал қытай медицинасы даостық және конфуциандық көзқараспен байланысты.

Бірақ екі медициналық жүйедегі дәрігерлер ауру адамдарға көмектесуге тырысады және ұқсас этикалық принциптерге сүйенеді. Сондай-ақ екі жүйеде де емдеу барысында ұқсас міндеттерге сүйенеді: егер батыс медицинасында фармакологиялық дәрілерді беріп, физикалық терапия, емдік диета, психотерапия және т.б. қолданса, дәстүрлі медицинада дәрілерді табиги өнімнен қолдану, рефлекстерапия, күйдіру және қан ағызы, массаж, физикалық жаттығулар диета және т.б. қолданылады.

Қытай дәрігерлерінің пайымдауынша – тіріге, тірі ғана көмектесе алады. Осыны мыңдаган жылдар бойы адам емдеудегі қорланған тажірибелер нақтылы дәйектермен далелден отыр. Бұны Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының марапаттаған медальдары да нақтылауда.

Шығыс медицинасында созылмалы ауруларға ұшырағандарға емдік дәрілер бірден тағайындалмайды. Алдымен барлық ағзаны – ішектен бастап әр жасушаны, тұтіктерді, кан тамырларын т.б. тазалап алады. Тазаланбаған жағдайда, кабылдаған дәрі-дәрмектерді ішек жақсы сіңіре алмағандықтан тұтіктерге, қан тамырларына және жасушаларға толықтай бармайды, бұл дегеніңіз – сіздің сатып алған кымбат дәрі-дәрмектеріңіздің жартысынан астамы бекер рәсua болып, улken және кіші дәретіңіз арқылы далаға кетеді.

Шығыс медицинасында емдеу үш кезеңге бөлінеді: Бірінші кезең – ағзаны тазалау; Екінші кезең – ағзаны жетіспейтін микро-макро элементтермен толықтыру; Үшінші кезең – ағзаны қайта қалпына келтіру. Осының бәрі «Тяньши» өнімдерінің көмегімен іс жүзіне асады. Созылмалы ауруда осы шартты катаң сақтау қажет. Бұл емдеудің айырмашылығы – аурудың алдын алады. Шығыста, дәрігер науқастың ауырып келуін күтпейді. Егер де дәрігер аурудың белгісін күттіп, сонда ғана емдей бастаса, ондай дәрігердің мамандық дәрежесі томен деп есептейді. Олар аурудың алдын алады [6,253б.].

Қытайда онкологиялық клиника деген атымен жок. Себебі, Қытайда ауырардан бұрын үш жыл емделсе, бізде өлуге үш күн қалғанда ғана емделеді. Қытайда адамның орта жасы 93, бізде болса орта жас әйелдер 62, еркектер 58 жыл.

Шығыс медицинасы адамның құрылымында төрт деңгейді көрсетеді: физикалық деңе, эмоционалды деңгей, психикалық, меридионалды жүйе. Шығыс дәрігерлерінің пікірінше, ауру біздің санамызда пайда болады, содан кейін материалдық деңгейде қалыптасады. Бірақ физикалық деңенің сырқаттануы кезінде міндетті түрде психикалық және эмоциялық деңгейде бұзылулар болады, сондықтан емдеу барысында адам деңесінің барлық деңгейінің байланысын ескеру керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Биғалиева Р.К.Бүкіләлемдік медицина тарихы: Оқулық. – Алматы, 20047 – 390.бет.
2. Молдабеков Ж., Қасабек А. Шығыс философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. -302.бет.
3. Баторова С.М., Яковлев Г.П., Николаев С. М., Самбуева З. Г. Растения тибетской медицины: опыт фармакогностического исследования. – Новосибирск: Наука, Сиб. Отд. – 1989. – 159 с.
4. Гармаева Ч. Ц. Историография тибетской медицины. Изд-во БНЦ СО РАН. – Улан-Удэ, – 2002. – 200 с
5. Хоушен Л., Пэйюй Л. Секреты китайской медицины. 300 вопросов о цигуне. Новосибирск, 1995, 410с.
6. Сельченок К.В. Тайны восточной медицины. Воронеж, 1994, 446с.
7. Минву Ч., Синъюань С. Китайская цигун-терапия. Киев, 1996, 278с

**Умбетова Г.Т.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«философия» мамандығының  
1 курс магистранты**

### **ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА МӘСЕЛЕСІ**

Адам табиғатына, өмір жолына философиялық талдау, жасау дегеніміз оның белгібір қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар тоғызындағы іс-әрекетіне, бағыт-бағдарына, қиял-ойларына баға беру. Әрбір жеке адам тағдыры мындаған байланыс жолдарымен ұлт тағдырына қабысып жатады. Осы себептен, жеке бастың болмысы өзіне де, қоғамға да тәуелді. Адамдар бір тарихи жағдайда бір-біріне ұқсамайтын, әртүрлі қимылдарға бой ұруы мүмкін, біреулері өздерінің жеке мұддесінің қамымен болып жатқан өзгерістер әлеуметтік статусына қауіп төндірмесе біржакты қолдау жолына түседі, екіншілері, дүние не болса ол болсын бас сауға деп сырт қалудың амалын іздейді, үшіншілері, құнделікті күйбен тіршілікті қанағат тұтып, болып жатқан оқиғаларға мән де бермейді, тағы біреулері болашақты шамалы да болса болжауға, оқиғалардың шын мәнін түсінуге, олардың өзі үшін де, халық үшін де пайда не зиян екендігін түсінуге тырысады. Бұлардың ішіндегі соңғылары әлеуметтің ең белсенді, саналы тобын құрып қоғамдағы қарым-қатынастарға елеулі әсер етеді. Сандарының аздығына қарамастан олар белгілі бір дәуірдің саяси әлеуметтік философиялық, идеологиялық басты ағымдарына бағыт беріп, сол кезеңнің мән-мазмұнын сипаттайды. Бұл топқа жататын тұлғаларды дәуір, қоғамдық қарым-қатынастар дүниеге келтіреді, бір жағынан, ал екінші жағынан олар қоғам дамуының болашағына зор ықпал жасайды.

ХХ ғасыр басында ғұмыр кешкен аттың төбеліндей ғана қазақ интеллектуалдары бүкіл қазақ халқының мұддесін өз мұддесіндей сезініп, елдің көпшілігі, өтіп жатқан оқиғалардың артын күтіп, демін ішіне тартып үнсіз, қимылсыз отырған жағдайында бүкіл жүкті арқалап айқасқа шығуға талап қоюға мәжбүр болды. Бауырластарына біреуі «Оян қазақ!» деп жар салғанмен; екіншісі маса болып ызындалап, тыныштық бермей; үшіншісі ерлік, елдік көрсеткен заманын есіне салып, намысын оятуға, жігерлендіруге тырысса да болмаған соң, Міржақып Дулатов сөздерімен:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі

Пайдалан шаруаңа жараса ағаш!, – деп өздерінің бар қажыр – қайраттарын азаттық пен басқа халықтармен терезесі тендік үшін құреске салды. Құрес идеясы, болашақ қамы үшін айқасып-арпалысу, ел болу барлық тілектің ең маңыздысына айналды. [4, 29-30 бб.].

Жұсіпбек Аймауытов сөздеріне құлақ салсақ «Қазақтың өткендеңі өмірі мінсіз, кірсіз көрінеді, оған бұрынғы өткен қарттар да, байлар да, батырлар да, ақындар да, бақсылар да бұл заманда болмайтын жат адамдар болып көрінеді. Нағыз өмір. Нағыз дәурен соларда болған, «адам» деп, «ер» деп ауыз толтырып айтуда солар жарайды. Бүгінгілер немене? Адамгершілік, ар-ұяты жоқ қыбырлаған қоңыздар, қорсылдаған доңыздар... «сықылды» көрінеді» [1, 279 б.].

Оның бұл Мағжан көзқарасы туралы айтқан сөздері қазақтардың елден ерекше кемістігін, немесе, ойшылдың басқадан ерекше ескіге жабысып, болашаққа аяқ басқысы келмейтіндігінің күесі болмаса керек. «Отаршылардың қазақ табиғатын, тұрмыс ерекшеліктерін есепке алмай, өз жүйесін, өз түсінігін күшпен, жойқын озбырлықпен ендіруге тырысқан әрекеттері қаймағы бұзылмай отырған, өзінің ішкі заңдылықтары, ерекшеліктері бар өмірдің быт-шытын шығарды. Елдің емін-еркін мал жайып, экологиясын бұзбай, көздің қарашығындағы сақтап келген жерін қалай болса солай тілгілеп, келімsectерге тартып әперді, тілін, дінін, ділін бұзды» [3, 279 б.].

Қазақтардың еншісіне тиген болыс, ауылнай сайлаулары әлеуметті қырқыстырып, партияларға жіктеп, ру-руға, ауыл-ауылға талас-тартыс, арызdasу, жауласу сияқты саясаттанудың ең сұрқия, сорақы әдегтерін қалыптастыруды. «Ел арасында өтірік, өсек, ұрлық-зомбылық өрбіді, бір-бірінің үстінен шағым түсіріп, уезд, облыстағы орыс шенеуніктеріне пара беріп, сottатып, Сібірге, итжеккенге айдатып, елдікті, адамгершілікті аяқта таптап, ғасырлар бойы ұстанып келген, әлеумет өмірін реттейтін құндылықтарды, заң-жоралғыларды құрдыма жіберді. Мағжан сияқты ұлтжанды, сезімтал, намысқой ойшыл ешинарсені көрмеген, сезбеген, қайғырмадан түр-әлпет көрсете алмады, әрине, күніренді, күрсінді, намыстанды, ашынды. Қандастарының қытығына тию, намысын ояту мақсатымен ащы-ащы өлеңдер жазды. Бұлайша, көзінді бүркелеп, сағым қып күнелткенше, біреуге құйрық, біреуге құл болып тәнірге табынғандай табынғанша жоқ болғаның артық дегенге дейін барады». [5, 11-109 бб.]

Адамның өзгеруі бірден болатын процесс емес, өйткені тарихта ешнәрсе де бірден болмайды. Өмірге аяқ басқан әрбір ұрпақ өзіне дейін тұрақталған мәдени және әлеуметтік ортаға тап болады. Осы орта оның басқа адамдарға, қоғамға көзқарасын, қатынасын тәрбиелейді. Ол өзінің іс-әрекетін, дүниетусінігін оған дейін қалыптасқан салт-дәстүрге, жөн-жоба, қағидаларға сәйкестендіреді. Дәстүрлі қоғамдарда ұжымдық сана жеке адамдардың саналы түрде қабылдаған ережелерінен тұрады. Ф.Ницше негізін салған философиялық жекешілдік түсінігі ұжымның, мемлекеттің мұддесін өз мұддесінен бөлектеп қарамайтын шығыс адамы үшін абстракциялық дүние. Адам қазақ қоғамында бүкіл әлеуметке өзін-өзі қарсы қоятын өз бетінше өмір сүретін бастама бола алмайды. Бұл жағынан алғанда қазақ философиясында адам субъективтік көзқарастан алшақ, тұлғаның қоғамнан тәуелділігін жақтайтын объективистік ілімнің пәніне айналады. Яғни, қоғамда өмір сүріп, қоғам заңдылықтарынан дербес, тәуелсіз ғұмыр кешу мүмкін емес.

Ендеше ержүрек, сырт күшке мойынсұнып үйренбеген, қазақтардың майдаланып, ізгіліксіз қасиеттерге бой түзеуі дәстүрлі қоғамның ішкі әлемінің, құрылышының уақыт талаптарына төтеп бере алмай құлдырау жолына түскендігін көрсетеді. Ал бодандық зұлматы бұл құлдырау процесін жеделдете түсітіні әлем тарихында жиі кездескен жағдай. Ал қоғамның азып тозуы құлықтылыққа, психологияға, менталитетке өзінің кері әсерін тигізбей қоймайды. Екі ғасырлық бодандықтан титықтап, есенгіреген, қансыраған елдігін ұмыта бастаған әлеумет XIX ғасырға қарай адамдықтың сапасын жоғалтуға жақындал қалды. «Даланың этности тұтастандырған заңының, ұлтты біріктіргіш дәстүрінің шырқы осылай бұзылуы мүн екен, кешікпей-ақ өзінің жағымсыз нәтижесін көрсете бастады.

Қазақ «адам боламын» деп ұшып тұра келгенде, желкелеп орға лақтыратын патша шенеуніктері мен олардың қазақ арасынан жандайшаптары жоқ. Жаңа Ресей өкіметі арқылы жетілген Еуропа қатарына кіруге мүмкіншіліктер пайда болды.

Қазақ үшін Еуропа халықтары сияқты даму жолымен жүзделген жылдар жүрүдің қажеті жоқ, тек солар салған жолдан ауытқымай, ондаған жылдарда олардың деңгейіне жетіп алуға негіз бар. Бірақ Сұлтанмахмұт Қазақстан шынайы егемендікке ие болған XX ғасырдың басы

емес, аяғындағы көптеген қоғам қайраткерлерінің, басқа ел тәжірибелерін ешбір өзгертпестен әкелеміз де қолдана саламыз, сөйтіп, мұратқа жетеміз деген жаңсақ пікірлерін қолдамас еді.

Абай, Шәкәрімдерден тәлім алған Торайғыров Еуропадағы, Ресейдегі тәжірибені, ғылымды екі жікке бөліп қарайды. Бірі – дene азығы да, екіншісі – жан азығы. Дене азығы, дейді ойшыл – адамның күн көрісін жеңілдететін әртүрлі заттар. Оларға пароход, отарба, телефон, телеграф, ұшақ, электр және пар қуатымен жүргізілетін машиналар жатады.

Адамның дұрыс, өркениетті өмір сүруі үшін бұлар қажет, қазақ өз тұрмыс салтының басқашалығына мензеп, жаңаша түсініктегі дene азығынан қашқақтамауы қажет.

Ал ар азығы - әділдік дейтін болсақ, бұл жерде мәселе басқаша. Мұны Еуропадан іздеудің қажеті жоқ, бұл онда табылмайтын, жоғалған, құнын жойған дүние. Ар азығы жетіспеген жерде дene азығы қаншама көбейгенімен адам баласының бақытсыздығы азаймайды. Адамды бақытқа жеткізеді деген өнерлер, оларды бір-біріне жау етіп, бірінің-бірі қанын ішетін жойқын қақтығыстарға, соғыстарға итеріп қайғы-қасірет әкелуде. Ендеше, дene азығы мен ар азығы бірдей дамып, бір-біріне сай болмаса, ондай мәдениет пен өркениеттен де қайран жоқ. Тек дene азығын дамытып, мәдениетті материалдық дүние мәдениетімен шектейтін түсініктерге Сұлтанмахмұттың жаны қарсы. Бұл жерде оның көзқарасы ғұлама философтар саналатын Жан Жак Руссо, Толстойлармен біртекті. «Міне, Жан Жак Руссо, Толстой секілді данышпандардың көңілдері қарайған себебі осы. Негұрлым дene азығы - өнер өскен сайын адам баласының бақытсыздығының өскендігінен» [2, 115 б.].

Тарих тек тарихтан үлгі алғысы келгендерді ғана үйретеді деген нақыл сөз бар. Қазақ елі егемендік алса да 100 жылдан соң жер тағы да саудаға түсіп жатыр. Ата-бабалардан жеткен бір ақыл бар: Дұшпан астындағы атынды сұраса аяма, бере сал. Қыл құйрықты Қамбар ата аман болса, сен үшін тағы бір тұлпар туады. Дұшпан қойнындағы қатынды сұраса да, таршылық етпе. Тек дұшпанға бір сүйем жер беруші болма. Өйткені халық көбейгенмен жер үлкеймейді.

Саудаға түспейтін тағы да бір киелі нәрсе бар. Ол – тәуелсіздік. Осы екі қасиетті ұғымның айналасында XX ғасыр басындағы қазақ ойшылдарының табиғат, ел, отан, адам жөніндегі ойлары шоғырланған.

Әрине, туған жер мен ел тәуелсіздігі деген мәселелердің басқа дүниелермен қабыстырмаса да өзіндік маңызы зор. Ал егер де туған жерге қожалықтан айырып, жат жүртқа тәуелді еткен жағдайдың адам санасына, ұлт рухына жасаған кері эсерлерін сөз етсек, оны жалғыз-ақ сөзben ақырзаман деген ұғыммен жеткізуге болады. «Есіктен кіріп төр менікі» деген патша отаршылдары мен Кеңес жандайшаптары қазақ жеріне иелік етумен тынбай, үйреншікті тіршілік тынысынан, өмір салтынан, қоршаған ортага сүйіспеншілік сезімінен айырып халықтың психологиясын, менталитетін, мінез-құлқын өзгертті.

Ата-баба жолынан, ана мейірімінен, ел бірлігінен айырылған ұлт тозғындыққа ұшырай бастады. Табиғат, адам, қоғам дейтін диалектикалық тізбектің дәстүрлі ұғым мен мәдениет құндылықтарының негізінде қалыптасып келген жүйесі шытынап, қирай бастады. «Өзінің табиғи-тарихи болмысын жоғалтқан халық бәрінен де айырылмақ» [6, 107 б.].

Тарихи даму процесінде сыйылып алға шығып, өркениетті аталған елдер, ұлыстар өлшемдерімен бағалағанда, өз ұлтының жетістіктері, артықшылықтары өзге ұлттың жеткен биігімен салыстырғанда кешегі, ескірген күннің сарқыншактарында болып көрінуі әбден мүмкін. Бірақ әр ұлттың өз әлемі, өз орбитасы, өз космосы, өз тағдыры бар. Барлық ұлттарды бір қалыпқа салып, бір өлшемдермен қарастыруға болмайды.

Әсіресе, кешегі дәурен құрған, бар байлықтары құм астында қалған көшпендерлер өркениетінің құндылықтары, отырықшы халықтардың мындаған жылдар бойындағы жетістіктерінің, жәдігерлері мен мұндалап, өзінің мәңгілігін көрсетіп бой түзеп тұрғанда, көшіне ілесе алмай қалғандығын айғақтайтын сияқты болуы мүмкін.

Және де ұлттың бірегейлігі оның басты қазынасы, өміршендігінің негізгі күәсі. Ал ұлттың бірегейлігі «ұлт әлемінің жекелігі» (Н.Бердяев) тек өмір тәжірибесінің өзгешелігімен ғана емес, оның генетикалық кодының басқашалығымен де айшақталады. Табиғаттың сезім тербететін

әсемдігі, үйреншіктілігі, көктемтегі гулеп шыққан қызғалдақ іісі, жаңбырдан кейінгі жауқазын дәмі, қансонардағы аңшылық, саятшылықтың өшпес әсері, «қараңғы тұнде қалғыған тау» жас кездегі ойнаған ақсүйек, жүзік салу ойындары алтыбақан тепкендегі айтылған ән, қызыбозбала айтысы, яғни қалыптасқан тарихи болмыстың суреттері, дыбыстары, иістері одан туатын ассоциациялар шексіздігі әрбір ұлт адамының ішкі дүниесін, салт-санасын, өмірдегі астамшылықтар тізбесін құрайды.

Осы себептен өз халқының ішкі дүниесін жанылмай, жан-тәнімен түсінетін қазактың Абай, Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып, Сәкен, Ілияс, Мұхтар, Сұлтанмахмұт сияқты асыл азаматтары жаманын жасырмай, жақсысын асырмай, объективтік түрде бәріне ортақ бір мақсатпен елінің жарқын болашағына септігін тигізу ойымен өмірлерін сарп етті.

Ұлы мұддесі бар адамдар тарихта ұлы болып қалады, ұсақ мұдделі жандар тарихта тәлім-тәрбие алмайтын, істеріне жиіркене қарайтын пендeler санатына қалады. Мұдделердің сан түрлілігіне байланысты, әлеуметтік болмыста толассыз, ұдайы талас-тартыс жүріп жатады. Ендеше талас-тартыс, қайшылық табиғаттың да, қоғамның да негізгі заңдылықтарының бірі.

Бірақ XX ғасыр басында ғұмыр кешкен қазақ зиялыштарының басым көпшілігі адам мен адам, адам мен қоғам диалектикасын таптық көзқарасты қолданбай-ақ этикалық, құлықтылық принциптердің, қағидалардың қарама-қайшылығы, айқасы ретінде зерделеді. Адам келбетін адамгершілік философиясының өлшемдері арқылы анықтайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 316 б.
2. Байтұрсынов А. Қалам қайраткерлерінің жайынан // Ұлттың ұлы ұстазы. Құрастырған
3. Узенбаев В.К. – Алматы: ОТҚ, 2001. –316 б.
4. Дулатұлы М. «Оян қазақ!» - Алматы: Алтын орда, 1991. – 80 б.
5. Дулатұлы М. Біздің мақсатымыз / Бес томдық шығармалары. 2 т. – Алматы: Мектеп, 2003. – 29-30 бб.
6. Дулатұлы М. Қирағат кітабы / Бес томдық шығармалар жинағы. 4 т. – Алматы: Мектеп, 2003. – 11-109 бб.
7. Батыс философиясының антологиясы / Аудармашылар: Әбішев Қ., Сәбит М., Қодар Ә., Сағиқызы А. – Алматы: Фонд Сорос – Қазахстан, 2002. – 464 б.

**Шадаева Д.Ж.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
«философия» мамандығының  
1 курс магистранты**

#### **ЖАҢАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

XXI ғ. жер шарын мекен еткен мемлекеттердің, ондағы халықтарға осы кезеңге дейін қауіп төндірген отаршылдық саясат, жер, қазба байлық үшін соғыс я, болмаса ұлт, нәсіл аралық қақтығыстар емес адамдардың өз танымдарымен, қажеттілігімен қол жеткізген жетістіктері өздеріне соққы болып тиуде. XX ғ. – тарих сахнасында дүние жүзілік соғыстармен, FTP, адамзат баласының жер бетінен айға сапар шегуімен ерекшеленеді. Ғылымның қарқынды дамуын, қажеттіліктердің қанағаттандырылуын "өркениет, жаһандық дүмпү" деп бағалады. Расында, бұл құбылыстыруды жетістік деп танысақ болады. Алайда біз атап өткен өркениет, жаһандану үғымдары қоғамның сұраныстарына жауап беріп қана қоймай мемлекеттің ішкі саясатына, ұлттық құндылықтарына, тілі мен дініне етене араласып, түпкі мақсаттардан тайдыруға бағытталған. «Жақынырақ қарастырғанда, егерде бұл мәдениеттер көптеген ғасырлар бойы өзін мойыннатпаған болса, дүниежүзілік мәдениеттің «құрамына» кірмеген мұндай ұлттық мәдениеттердің өзіндік мазмұнына немқұрайды қарайтынын көруге болады.

Өзін дүниежүзілік деңгейде енді ғана көрсетіп келе жатқан ұлттық мәдениетке деген көзқарас оны ең жақсы дегендеге экзотикалық, із қалдырмастан ағып өте шыққан бірдене ретінде қарастыру» [ 1, 347 б ].

Бұл алдыңғы қатарлы алып державалардың жаңа отарлау саясатыма әлде мемлекеттерді құртуға бағытталған жаңа саясатпа? Не десекте бүгінгі таңда өзге мемлекеттермен қатар Орталық Азияда 20 ғ. сонында тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақ еліне де қауіп төнуде. Социалистік жүйеден демократиялық жүйеге өту, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу қоғам үшін түсініксіз дүние болып сипатталды. Экономикалық додаға, өрекниеттер бәйгесіне қосылу, дамыған, тіпті дамышу мемлекеттермен әлемдік аренада бір ізben қатар жүргү мүмкін болмады. Олай айтуға себеп, біріншіден, КСРО құрамында болған әр мемлекет жоспарлы шашыранды экономикамен күн кешті, екіншіден ата заңдан жұтанданып жалпы одақтық бір заңмен өрнектелді, үшіншіден дін, тіл, төл мәдениеттен алшақ кетіп, ортақ халықтық нормалармен ерекшеленеді, төртіншіден өндіруші емес тұтынушы елге айналды, өндірседе техниканың бір бөлшегін ғана жасап, сұранысқа ие бола алмады, бесіншіден халықтың басым көпшілігі ауыл шаруашылықпен, шикізатпен шектелді. Тәуелсіздік халық арманы болғанымен алға қойған нық әрі нақты жоспар болмады. Тізімді ары қарай тізбектей берсек ұшы-қыры жоқ тізім айттар едік. Бұл проблема әліде болса шешімін толық таппай келеме деген аландашылық бар. Себебі, Әлихан Байменовтың «Дала мен Қала» газетіне берген сұхбатынан анық аңғарсақ болады. Газетте былай делінген: «Кеңес одағы ыдырап, әр ел өзіне қолайлы саяси экономикалық жол іздел жатқанда, бізге елдің әрбір саласын менгерген қызыметкерлер ауадай қажет болды. Сол кезде қандай өзекті болса, әліде сондай» [ 2, 4 б ]. Міне сол бір дүрбелең заманда шығысын алпауыт қаһарлы Қытай, батысын-солтүстігін аюдай ақырған Ресей, онтүстігін өзімен тағдырлас елдер шектеген, сусыз тақыр жерден жарып шықын гүл секілді тәуелсіз Қазақстанда мемлекет ретінде өзін әлемге жар салды! Ал, Түрік елі төрткүл әлемде бірінші болып тәуелсіздігін таныды, мұның өзі еркіндіктің бірден-бір дәлелі болатын.

Қазақстан мемлекеті үшін ең басты мәселе дүние жүзіне қай бағытпен танылу проблемасы тұрды. Себебі, өзінің төл мәдениетімен, тілімен сыр шерту тиімсіз болды. Осыған орай XX ғ сонында Қазақ елі тарих беттерінен таныс халық билігіне жол ашты. Тотолитарлық жүйеде өмір сұрген халық үшін сез бостандығы, еркіндік, халық билігі, тандау құқығы сынды, ұғымдар сенгісіз әрі билікке деген үреймен сипатталды. Неге дейсізбе, онда белгілі саясаттанушы Әзімбай Фалидың мына бір сезіне тоқталайық: «Бізде басқаруши буынның бірнеше тобы келгенін айтып өткен жөн. Алғашқылары Кеңестік режимнің өкілдері....Олардың көбі бұрынғы бюрократиямен жұмыс істеп үйренгендейтін де, біраз істерде өзіндік кедергілер де болды»- деп, атап көрсетті [ 3, 4 б ]. Ашығында тотолитарлық жүйемен күн кешкен билік үшін демократиялық жүйеге тез төсөліп кетті десек артық айтқандық болар. Дегенменде, бір партиялық жүйеден көп партиялық жүйеге, сайлауға, БАҚ-на сез бостандығын, шет елдермен тығыз байланысқа, шағын және орта бизнеске жол ашты. Одақ кезінде тарихии оқиғаларға байланысты қазақ жеріне өзге ұлттар қоныс аударғандықтан дінге шектеу қойылмады.

Мұның өзі тәуелсіз жас мемлекет үшін ез уақытында тиімді саясат тұрғысынан бағаланды. Бүгінгі таңда дін саясатына сын айт羞ылар еліміздің 20 жылдық өміріне шегініс жасап, сол кезеңдегі саяси жағдаймен баға берсе өз сұрағына биліктен емес, өмірден жауап алар еді.

Мүмкін бұлай дабыл қағудың қажеті де жоқ шығар, бірақ, "өркенитті елміз" деп ұрандатқан Батыс елдерінің даму стилін өз мемлекеттімізден көру ақылға сиымсыз. Британдық зерттеуші Ш. Акинердің пікірінше қазақ қоғамының бір тектілігі совет үкіметінен қалған үрдіс дейді [ 4, 67 б ]. Онсызда тарих беттерінде өкінішпен айттар тұстарымыз көп-ақ. Шапқыншылық заманында өзге ұлттармен ассимиляцияға ұшырауымыз, екі ғасырға жуық Ресей патшалығының қол астында күн кешуіміз, 70 жыл бойы тотолитарлық жүйенің қурсауында ашаршылықпен ұлт зиялышарына төнген нәубетті өткери өзің түгіл өз жауыңа тілемейтін оқиғалар. Талай тарланмен боздақтың қанын төгіп тәуелсіздіктің ак таңына қол

жеткізіп, онсызда шұбарланған тілге, Наурыз айында ғана есімізге алатын төл мәдениетпен үлттық санаға сызат түсіретін Батыстың жаһандану үрдісімен болашақты улау келер үрпаққа өз қолымызбен қиянат жасаумен тең.

Бүгінгі таңда ғалымдардың Батыс туралы пікірлерінде екі ұдайылық түсінік қалыптасқан. Бірінші топ батыс елдерінің гүлденуін алға тартса, екінші топтағылар гүлденудің салдары қоғамдағы адами құндылықтардың жоғалып бара жатқанын көрсетуде. Бізді де алаңдатып отырған соңғы жағдай. Себебі, батыста кең етек алған индивидуализм, сан салалы мәдениеттің түрлері, шоу бағдарламалар, киім киу стилдері біздің қоғамға, әсіресе кейінгі буынға қатты әсер етуде. Соның себеп салдарынан қоғам рухани жұтандануға бет түзеп барады. Тіпті батыс өз қоғамына өзі алаңдаулы. Отбасы, ата-ана сүйіспеншілігі сынды маңызды түсініктер қызметін жойып, қоғам құлдыраудың аз-ақ алдында тұр. Бір жыныстылардың отбасы құруына рұқсат беріліп, оларды заңдастырғанда. Кәміллеттік жасқа толған әр бір азаматқа ата-анасы жеке бастың құқығына нұқсан келтірсе сот алдында жауапқа тартуға құқығы бар. Тастанды балалардың саны артуда. Егерде отбасын құрған саналы екі адам бір-бірін түсіне алмаса екі жаққа айырылысып кетеді, мейлі арада бала болсада. Ал, бала тағдырын сот шешеді. Батыстың шоу бизнеспен сусындалған теле арналар бір бөлек. Осы бағдарламаларды көрген жастардан не болашақ күтүге болады? Неге десек, БАҚ-нан көрсетіліп жатқан кино, сериалдардан өзімізге алар тәрбие, тәртіп, өнеге жоқ. Мазмұнын байқасақ махаббатты жеңіл жүріспен сипаттап, байлықтың, ақшаның соңында әулет қырылып, ата-анаға құрмет көрсетпей, мәдениетсіз қоғамды бейнелеп, одан қалса адамды қойشا бауыздан, өмірін ойыншыққа айналдырған сценарилер. Олардың қатарына шекараны талап етпейтін адамзатты жаулаушы нашақорлық, жезекшелік, алькоголизм, заңсыз қара сауда сынды тирандарды қосыныз. Бұл дамыған «өркениетті қоғам» емес құрдымға кетіп бара жатқан қоғам. Әліде болса бал қаймағы бұзылмай отырған біздің мәдениетке осы ортадан не алмақпсыз? Төл тарихымыздың қай тұсынан мұндай бассыздықты көріп едік. Жетім мен жесірін жылатпай Тәуке хан Жеті жарғыға өзгеріс енгізгенде болатын. Өлім заңын құн заңымен алмастырып Қазақ қоғамы 18ғ өркениетке бет бұрыс жасаған. "Балалы үй базар, баласыз үй мазар" деп дана халық тегін айпаса керек. Әр туылған балаға азан шақырып ырымдап ат қойып ел алдында еңсесін биік ұстады. Баланың көп болғанын Жаратқанның сиы деп бағалап үрпағының кемелденуіне жол ашқан. Өзіннен жасы үлкен адамға ізеттілік көрсетіп, қарсы келмеген. Ал, ата анаға деген сиы құрмет жоғары бағаланды. Ата анаға қарсы сөйлеу деген баланың санасына мың ойлансада кірмеген жағдай. Дәл осылай мақтан тұтар мәдениетімізді саралай берсек ұлылардың үрпағы болып жүргенімізге еңсемізді биік ұстап куанамыз. Осы арада «Үлгі тұтар мәдениетіміз, салт дәстүріміз тұрғанда неге сиқымсыз санамен тәрбиесіз батыс мәдениетіне тәнтіміз», болмаса «Біз осыншалықты еліктегіш халықпрыз ба», «Үлттық санаға жұтаң қоғамбыз ба» сынды занды сұрақтар тұатыны хақ. Шындығын айтсақ біздің қоғам сиқырға толы породокстермен бейнеленген болса керек. Сөз жүзінде мәдениетімізді мақтауда, мақтануда алдымызға жан салмаймыз. Ал, іс жүзінде бәрі керісінше. Тек санымызды соғып қайран қалың елім қазағым-ай деп өкінуден артыққа бара алмай отырмыз. Мұндай тұстарымызда жоқ емес, бар, з.ғ.д., КР ҰҒА академигі, КР еңбек сінірген қайраткері Сұлтан Сартаевтың: «Қыздыр шашты жалбыратуды сәнге айналдырып алған. Қазақта шашты жаю деген болмаған. Тек ері қайтыс болған әйелдер бір жұма бойы шашын жинамаған. Бүгінгі қыздар темекі шегеді.... Олар келешек ана, біреудің жарығой. Ана, жұбай, келін деген әдепті емес, әдептің өзі болуы тиіс. Өйткені табиғат солай етіп жаратқан» деген сөзінен анық аңғаруға болады [ 5, 6 б ]. Бірте бірте қоғамға еніп келе жатқан індеттер саны өте көп. Адамзат болашақта өзгемен емес өзімен күрес жолында құрбан болмаса игі.

Бүгінгі таңда батыстық оку стилін қабылдадық, 12 жылдық мектеп, кредиттік технология дегендей. Өркениеттің ыстық оты оку жүйесінде шарпып барад. Қазіргі студенттер кітап оку, ғылым жолында іздену секілді ұғымдарды интернеттің ләззатына айырбастаны. Әдеби кітаптарды оку, оның ойлы, тәрбиелі мазмұнымен сусындау тіпті ойдада болмаса керек. ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Қ.Қ. Мәдібаева ханымның бір сұхбатында:

«Жедел, жүрдек, екпінді заман алдамшы, айныған, арзан қызықтарың мың құбылтады. Кеше ұялы телефон, бүгін өрмекші тармақ ғалам тор, резенке адам, ертең... Ертең бірденге шығады. Сөйтіп, кітап біздің ат ізін салыспай кететін алыс ағайынымыз сияқты көңілден өшеді ме деген қауіп бар. Өкінішті. Кітаптың жанға құяр кәрі бөлек. Ол адамның жанын жамандықтан алыс алып жүретін шын досы еді... Жастарды кітапқа баулу отбасында бағыт түзүі керек еді. «Ер Төстікті» білмей өскен ұрпақ қазір ата ана болып отыр. Осы жағы қауіпті» - деген болатын [ 6, 7 б ]. Расында бұл ұстаздың ұлтына деген жанашырлығы. Бүгінгі ұрпақ қыын қыстау заманда елдің арман тілегімен қоғам санасында пайда болған Ер Төстік, Ер Тарғын сынды образдарды емес бертін келе халық жанашырлары Абай, Ыбырай, Шоқанды ұлтын ұлықтаған үш бәйтерек пен бес арыстың кім екеннін білемекен? Олардың азаттық үшін өз өмірлерімен қоштасқанын саналы түрде салмақтай аларма екен? Жоқ, әлде интернет торы санамен қосып жүректіде жауларап алғанба? Соңғы уақыттары Дәл осылай жанға жара салар сұрақтарды жалғастыра берсек бір кітап жазуға болары хақ. Айтайын дегенім ертенгі күні сол жас маман нарықтық экономиканың бір жемтігі болып кетеме деп қорқамын.

Не десекте бұл 21ғ қазақ елінің бастан кешіріп отырған өмірі. Дәл осы ізben жүре берсек, жалаң мақтанышпен айтқан «бір Қазақ елінің жеріне бес Франция сияды» дегендей, ертең жерімізде бес өзге мемлекеттің пайда болмасына кім кепіл?! Қазақ халқы, тілін дінін, төл мәдениетін құрметтемеиінше ел ұлт болудан қалар, ал қадірін түсіне білсек жаһандық құбылыстар біз үшін жай әнгіме болары хақ. Сан ғасырлар бойы армандаған елдікті қолдан бермесек, елімізді қуыршақ елге айналдырып алмасақ сол біз үшін жеңіс болмақ.

#### **Колданылған әдебиеттер тізімі:**

1. А. Косиченко «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан халықтарының дәстүрлі мәдениетінің өзектелінің». Алматы, 2006 ж,- 347 б
2. Ә. Байменов. Сұқбат. «Дала мен Қала» газеті № 11, Алматы, 2012 ж, - 4 б.
3. Ә.Фали. Сұқбат. «Дала мен Қала» газеті № 11, Алматы, 2012 ж, - 4 б.
4. Г. А. Бейсенова. «Культурная и национальная идентичность в контексте глобализации». Халықаралық конференция жинағы. Алматы, 2009 ж,- 67 б
5. С. Сартаев. Сұқбат. «Қазақ университеті». Алматы, 2012 ж,- 6 б.
6. К. Қайсақызы. Сұқбат. «Қазақ университеті». Алматы, 2012 ж,- 7 б.

**Швыдко К.А.**  
**КазНУ им. аль-Фараби,**  
**докторант 1 курса**  
**специальность «философия»**  
**Научный руководитель:**  
**д.филос.н., профессор Карабаева А.Г.**

#### **А. ВЕБЕРН И Э. ГУССЕРЛЬ: ТРАНСЦЕНДЕНТАЛЬНАЯ ФЕНОМЕНОЛОГИЯ И ОБРЕТЕНИЕ ДИССОНАНСОВ.**

«Не знаю, насколько это вам всем известно, но я хотел бы поговорить вот о чем: как возникло то, что мы называем музыкой? Как люди использовали данный природой материал? Вы знаете, что звук не есть что-то простое, что он представляет собой нечто составное. Вы знаете, что каждому звуку сопутствуют обертоны, фактически простирающиеся в бесконечность. И вот интересно проследить, как человек использовал это явление, чтобы получить то, что ему было необходимо для создания музыкального образа; проследить, как он поставил себе на службу эту тайну природы» [1, с. 17].

Из этого утверждения следует что в каком то смысле развитием музыки является в том числе и открытие всё новых и новых обертонов, не отдаляясь далеко от мысли Веберна, что уже

само по себе может считаться истинным, если мы вспомним всё ключевые пункты истории развития музыки.

«Как возникли эти звукоряды? Они – следствие освоения обертонов. Как известно, сперва идет октава, затем квинта, затем терция через октаву и далее септима. Что здесь выясняется? Что квинта является ближайшим тоном, отличным от основного, то есть что она состоит с ним в наиболее тесном родстве. Отсюда можно сделать вывод, что сам тон находится в таком же отношении к тону, лежащему на квинту ниже. Таким образом, мы имеем своего рода параллелограмм сил, «равновесие» восстановлено, силы, тянувшие вверх, и силы, тянувшие вниз, равны. – И вот любопытно, что тона европейской музыки происходят от первых тонов этого параллелограмма сил: с (g, e) — g (d, h) — f (c, a). В обертонах трех наиболее тесно соседствующих и родственных тонов, таким образом, содержатся все семь тонов гаммы. Как видите, этот материал находится в полном соответствии с природой. Наш семиступенный звукоряд следует объяснять именно так, и, надо полагать, именно так он и возник» [1, с. 18].

Хочу заметить, что кроме всего остального в данном утверждении мне видится отличный пример дефиниции «гармония», и когда речь идёт уже о двенадцатиступенном звукоряде, описанном в первой главе, дело обстоит совершенно таким же образом. Итак, раскрыв своё понимание музыкальной материи, автор переходит к раскрытию понимания музыкальной мысли. Но сначала подытожим: сперва, был освоен семиступенный звукоряд, и на его основе возникли образования, которые вышли за рамки церковных ладов. Далее мы видим, как из числа этих звукорядов постепенно все более выделяются два и как они вытесняют остальные – те два звукоряда, которые имеют структуру нынешних мажора и минора. Примечательно то, что выделение этих двух церковных ладов было обусловлено в конечном счете потребностью в убедительном заключении, потребностью в вводном тоне, отсутствовавшем в других церковных ладах. Вводный тон был потом перенесен и в другие звукоряды, в результате чего они уподобились тем двум. Таким образом, альтерации нанесли миру церковных ладов последний удар, и ему на смену пришел двуполый мир нашего мажора и минора.

